В этой поэме со всей силой сказывается спокойное объективное отношение эпоса даже к главному герою былины. Высоко оценивая врожденную смелость и отвагу Саина, эпические певцы всем ходом поэмы осуждают отрицательные качества героя, расходящиеся с народным представлением о богатыре: заносчивость, нетерпимость в спорах, недостаточное уважение к советам старших, преобладание личных интересов над интересами рода. По мысли поэмы Саин приобретает качества настоящего батыра лишь после этого жестокого урока.

4. ЛИРИЧЕСКИЕ БЫТОВЫЕ ПОЭМЫ

Ряд казахских эпических поэм составляет особый раздел эпоса – лирические бытовые поэмы.

Все сказанное выше о происхождении, бытовании и формальной стороне эпических поэм относится целиком и к этому виду эпоса.

Отличие этих поэм от героических заключается в трех главных признаках.

Во-первых, основной темой этих поэм является тема любви, страданий и борьбы за свое счастье двух молодых людей в отличие от героического эпоса, где основной темой является борьба батыра за общие интересы народа.

Во-вторых, обычаи, быт и родовые взаимоотношения, не имеющие решающего значения в героических поэмах, органически входят в фабулу лирических бытовых поэм. Вечная тема любви трактуется в них с большим своеобразием, зависящим от условий кочевого быта и обычного права, господствовавшего в родовом обществе. Так, в основе драматического конфликта поэмы “Козы-Корпеш и Баян-Слу” лежит обычай “эже-кабыл” – предназначение родителями своих еще не родившихся детей для брака или кровной дружбы. В основе же драматического конфликта поэмы “Айман-Шолпан” лежит обычай “барымты” (набега) и пленения женщин, как мести врагу или оскорбителю. Вся фабула поэмы “Кыз-Жибек” основана на обычае “левирата” – унаследования жены и невесты умершего ближайшего родственника.

Третьим отличием этих поэм от героических является реалистическая трактовка образов. Если в героических поэмах батыр уже пяти лет отроду совершает военные подвиги, если весь его образ условен и приподнят над действительностью, то в бытовых поэмах люди остаются людьми со всеми присущими им качествами. Бытовым

поэмам свойственны усложненные психологические мотивировки поступков героев и ситуаций поэмы. Так, в “Козы-Корпеш и Баян-Слу” отец Корпеша – Сарыбай, ожидающий рождения единственного ребенка, умирает на охоте, потрясенный видом убитой косули, в утробе которой оказались два нерожденных детеныша. Характеры героев бытовых поэм обрисованы так ярко и убедительно, что этому может позавидовать и письменная поэзия.

Из лирических бытовых поэм до нас дошли поэмы “Козы-Корпеш и Баян-Слу”, “Кыз-Жибек”, “Айман-Шолпан”, “Сулу-шаш” и другие, менее значительные.

КОЗЫ-КОРПЕШ И БАЯН-СЛУ

Самая популярная лирическая бытовая поэма “Козы-Корпеш и Баян-Слу” имеет много записанных вариантов. Первые записи произведены в прошлом столетии русскими исследователями, собирателями казахской старины. Таков стихотворный вариант В.В. Радлова, прозаический вариант Е.А. Кастанье³¹. Недавно обнаружена в архивах Пушкина краткая запись содержания этой поэмы, сделанная для него неизвестным собирателем фольклора во время поездки Пушкина в Оренбург. Талантливый сибирский поэт Г.Н. Тверитин³² сделал самостоятельное поэтическое переложение всей поэмы на русский язык. Среди многих записанных и не записанных вариантов широкий известностью пользуется вариант этой поэмы, исполненный знаменитым акыном-импровизатором Жанаком в начале прошлого столетия. В его варианте поэма наиболее полно отображает кочевой быт народа-скотовода, наиболее талантливо воспета необыкновенная любовь Козы-Корпеша и его невесты.

Их соединила воля еще до их появления на свет. Отец Баян – Карабай и отец Корпеша – Сарыбай подружились на охоте, поклялись соединить ожидаемых детей в браке. Но Сарыбай внезапно умер, и отец Баян, видя в этом плохое предзнаменование и не желая отдавать дочь сироте, откочевывает в далекие края. Его приемные дочери Ай и Тансык, прощаясь в своей “коштасу” с родиной и новорожденным Козы-Корпешем, клянутся вырастить его невесту Баян в любви к нему. Проходят годы, Баян

вырастает в красавицу, ждущую, под влиянием песен Ай и Тансык, прихода своего жениха. Но воля жадного и злобного отца уже определила судьбу Баян: Карабай обещал ее в жены силачу Кодару, спасшему в пустыне от жажды его девяностотысячные табуны. Образ Кодара олицетворяет в поэме силу скотоводческого труда, он – спаситель и хранитель табунов, интересная параллель Микуле Селяниновичу³³ русского эпоса, олицетворение земледельческого труда. Но, восторженно воспевая Кодара как пастуха-героя, поэма вместе с тем издевается над его притязаниями на Баян.

Баян, ни разу не видевшая Козы-Корпеша, но заочно полюбившая его, живет в непрерывном ожидании встречи с женихом. Этой любви и описаниям страданий и приключений Козы-Корпеша, ищущего свою невесту, посвящены лучшие строфы поэмы. Когда влюбленные наконец нашли друг друга, Карабай и Кодар вероломно убивают Козы-Корпеша. Баян, не вынеся этого, убивает Кодара и, опустившись в могилу Козы-Корпеша, падает на кинжал.

Злоба людей преследует их и за гробом: сторонники Кодара разделили их могилы могилой Кодара, и между цветами, выросшими на могилах влюбленных и тянувшихся друг к другу, появился разделяющий их шиповник, выросший на могиле Кодара.

Жанакровский вариант поэмы дает замечательные цельные и разносторонне очерченные образы скупого (Карабай), мстительного неудачника в любви (Кодар) и трогательных влюбленных (Баян и Козы-Корпеш). Широко и картинно изображен в поэме кочевой быт казахов, сложные взаимоотношения людей в родовом коллективе, много места в поэме занимают красочные описания природы.

Эта поэма сложена формой “олен” – четверостишиями со строкой в 11 слогов, с рифмой “рубайи”. Но эпическое повествование, изложенное этим размером, часто прерывается вставленными в него традиционными бытовыми и обрядовыми песнями. Ни в одной казахской народной поэме не использованы так широко малые формы казахского фольклора, как в этой поэме: здесь и свадебные песни “жар-жар”, песни прощания “коштасу” и извещения о смерти “естирту”, и песни-плачи – “жоктау”, причем содержание

всех этих песен органически связано с сюжетом, и они представляют самостоятельные поэтические произведения.

Поэма воспевает трагическую участь молодежи, обреченность ее в условиях господства родовых обычаев, в условиях власти родителей. Народность поэмы заключается в том, что она утверждает любовь как независимое, свободное чувство, утверждает право молодежи на борьбу за личное счастье, вопреки позорным обычаям и установлениям мрачного прошлого.

КЫЗ-ЖИБЕК

Одна из самых выразительных и блестящих по форме лирических бытовых поэм “Кыз-Жибек” представляет собой поэму об идеальной девушке-невесте. Этой теме подчинена вся сюжетная, образная и психологическая структура поэмы.

Поэма начинается историей длительных поисков джигитом Тулегеном достойной себе невесты, которую он находит в лице необыкновенной красавицы Кыз-Жибек, в свою очередь отвергшей до него множество женихов. Для приготовлений к свадьбе Тулеген возвращается на родину, где его в течение года удерживает отец, не согласный на этот брак. Все это время Бекежан, джигит из рода Жибек, преследует ее своей любовью и, отвергнутый ею, предательски убивает в безлюдной степи спешащего к невесте Тулегена. Шесть гусей, свидетели этого убийства, извещают о несчастье Жибек, и братья Жибек, по ее требованию, убивают Бекежана.

Жибек (эта идеальная, по мысли эпического певца, невеста), потеряв любимого жениха, сохраняет верность его памяти и переносит всю силу своей любви к Тулегену на младшего брата его – Сансызбая, который, по обычаю, должен унаследовать невестку. Но здесь ее любовь подвергается еще большим испытаниям: калмыкский хан Корен осаждает аул Жибек, вынуждая ее родителей отдать красавицу ему. Жибек всеми средствами оттягивает срок этой насильственной свадьбы, поджидая приезда Сансызбая, который с помощью Жибек убивает Корена и соединяется с любимой.

В поэме в романтических тонах оправдывается древний обычай левирата, по которому жена или невеста умершего

переходила к его ближайшему родственнику. Этот обычай, имеющий много мрачных сторон, – насилие над волей вдовы, лишение ее свободы выбора, обречение на брак со стариком или даже с младенцем – в данной поэме идеализируется. По смыслу поэмы умер Тулеген, но не умерла любовь Жибек к нему. Тулеген воскресает для Жибек в лице своего младшего брата Сансызбая, воскресает в плоти родной и близкой погибшему ее возлюбленному. По существу же, в этом образе поэма внедряет в сознание молодых людей верность не столько погибшему жениху, сколько его роду, уплатившему калым за невесту и потому имеющему на нее право родовой собственности. Вот почему борьба Жибек за соединение с Сансызбаем, а следовательно, и верность роду жениха, составляет один из самых значительных сюжетных ходов поэмы.

Кроме главных персонажей, поэма создает интересный образ Бекежана, неудачного любовника, мстительного и коварного, и двойной образ любопытной пары – друзей-акынов, посредников в любви Тулегена и Жибек. Акын из рода Тулегена – Шеге – сопутствует тому в поисках невесты, он же песней благословляет их союз и выступает заступником Тулегена перед упрямым отцом. Акын из рода Жибек – Каршига – также всячески способствует этому браку, расхваливая молодых людей поочередно одного перед другим. Он же устраивает первое знакомство молодых людей, описанное в поэме с изумительной поэтической силой: Каршига ведет Тулегена по степям за откочевавшими караванами Жибек, причем в пути они обгоняют ряд красавиц, одну ослепительней другой, в каждой Тулеген видит Жибек, пока не убеждается сам в ее несравненной и непревзойденной красоте. В этой оценке, лучшей в поэме, краски расточаются с великолепной щедростью, создавая изумительное нагнетание образов красавиц и увенчиваясь обаятельным образом Жибек.

Среди всего эпического наследия казахской старины “Кыз-Жибек” выделяется своими высокими поэтическими достоинствами, гармонически подчиняя богатую форму сложной и мастерской композиции поэмы. Казахский эпический стих достигает здесь высокой своей образности, звучности и выразительности. Эти свойства и определили самую широкую популярность поэмы в памяти народной,

сделав образ Жибек национальным образом девушки-невесты.

АЙМАН – ШОЛПАН

Поэма “Айман-Шолпан” названа так по именам героинь ее – родных сестер. Имя слагателя этой песни не дошло до нас, и поэма долгое время бытовала, как и подобные ей другие виды народного эпоса, изустно, от лица анонимного певца-сказителя.

Судя по именам таких действующих лиц поэмы, как Котибар, Есет и других, живших в середине прошлого столетия, возникновение поэмы также нужно отнести ко времени не ранее середины XIX века.

“Айман-Шолпан”, уступая по своим художественным качествам таким шедеврам казахского эпоса, как “Кыз-Жибек”, “Козы-Корпеш и Баян-Слу”, все же является одной из самых популярных поэм. Популярности ее, очевидно, способствовала реалистическая жизненно-правдивая особенность ее образно-сюжетной основы.

Одним из действующих лиц является старый Котибар.

В поэме изложен в основном бытовой эпизод из жизни Котибара. Поэма рассказывает о родовой борьбе Котибара с баем Маманом. Сам Котибар изображен здесь как яркий носитель противоречий феодально-родовой старины, участник тяжбы за господство среди смежных родов. Его набег на аул Мамана, насильственный увод дочерей Мамана – Айман и Шолпан, а также попытка его жениться на красавице Айман против ее воли, и наряду с этим тонкая и умная борьба Айман за спасение себя и сестры переключают всю сюжетную и драматическую линию поэмы в план чисто бытовой драмы или еще точнее – бытовой трагикомедии.

В поэме замечательно правдиво и художественно четко очерчены характеры ее героев, их борьба и вся сложность людских взаимоотношений.

Особо выделяется здесь образ Айман, так умело, последовательно и решительно борющейся за личную свободу и спасающей свою молодость и свое независимое чувство любви к жениху.

Мастерство сюжетного построения поэмы сказывается в хитроумной борьбе и конечной победе пленницы Айман над сильным и грозным Котибаром.

5. ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕСНИ

Кроме героических былин и лирических бытовых поэм казахский эпос включает в себя и множество исторических песен. Этот вид повествовательной песни получает свое широкое развитие в XVIII–XIX столетиях. Военная колонизация степи царизмом и насилия, учиняемые ставленниками этой власти – ханами, султанами, волостными управителями, вызывали частые восстания казахского народа. Почти вся вторая половина XVIII и вся первая половина XIX веков прошли в непрерывной вооруженной борьбе народа с его угнетателями. Восстания вспыхивали то в одной, то в другой части казахских степей и гор, и эти героические порывы борющихся масс запечатлены в целом ряде исторических песен: о Сырыме, об Исатае и Махамбете, о Бекете³⁴, о Жангоже³⁵.

Эти исторические песни ведут свою традицию от более древних образцов – от песен о битвах и набегах времен междоусобной борьбы среднеазиатских и сибирских племен. Исторические события – битвы казахов с калмыками в 1729 году и следствие их – страдания казахского народа во время массового переселения с берегов Сыр-Дарьи в сибирские степи – отражены в целом цикле повествований об “Актабан-шубырынды” (“пешие скитания”). Множество исторических песен рассказывают о походах Есима, Аблая, Кабанбая и других исторических личностей, живших в XVI–XVIII веках. Кроме этих песен особый цикл составляют исторические песни о народных бедствиях и потрясениях, вызванных длительной враждой адаевцев (один из казахских родов) с туркменами.

Эти песни свидетельствуют о вражде и раздорах между соседними племенами, между целыми народами, которых вовлекли в истребительные войны между собою феодальные верхи каждого народа – ханы, беки и иные правители.

Все эти песни, как ранние, так и позднейшие, основаны на действительных исторических событиях, а главные действующие лица их носят подлинно исторические имена. Авторами их являются в большинстве современники этих событий. Изложение событий обычно следует хронологическому порядку виденного и пережитого авторами. Жанровое отличие этих исторических песен от героического эпоса заключается в том, что в них объективный тон эпического повествования заменен субъективной оценкой, ярко окрашенной эмоциональным восприятием событий.

Запись сохранившихся исторических песен до сих пор не закончена. В 1938 году закончена запись одной из наиболее старинных и обширных (более 1000 строк) исторических песен – песни об Есимае, повествующей о борьбе Есимае против ханов соседних среднеазиатских племен. Лишь недавно казахским филиалом Академии наук найдена историческая песня об Ораке и Мамае³⁶, в 10 000 строк. Песни о Карасае и Казы³⁷ (сыновья Орака), песня о Казтугане³⁸ также записаны лишь в 1939 году. Эти песни еще не изучены и не исследованы, а из записанных ранее исторических песен изданы далеко не все.

Наиболее известными нужно считать песню о Бекете³⁹, песню о походах Аблая, менее распространена интересная историческая песня о Жангоже.

Песня о Бекете повествует о подлинных исторических событиях, о восстании народа в шестидесятых годах XIX века в Западном Казахстане. Бекет – смелый сын многочисленного казахского рода шекты – вступил в борьбу с султаном-правителем Арыстаном⁴⁰, ставленником царского правительства, возглавив казахов, восставших против непосильных поборов, против насильственного отбирания земель, против угнетения со стороны султана. Султан выслал в степь войска, но Бекет неожиданным набегом на его ставку разгромил его войска и убил самого Арыстана. Против повстанцев были высланы царские отряды, с которыми Бекет вел длительную и ожесточенную войну. Султаны и степная знать, не надеясь на помощь царских войск, обещали громадные деньги за голову Бекета. Подосланный ими бывший друг и сверстник Бекета

Шернияз коварно выдал властям народного героя, который был сослан в Сибирь на каторгу.

Поэма о Бекете воссоздает эти исторические события и образ народного героя. Вторая часть поэмы описывает заточение Бекета в Оренбурге, ссылку его на каторгу, куда за ним героически последовала его молодая жена, побег с каторги, и возвращение Бекета, и казнь изменника Шернияза. Страдания Бекета, сцены прощания его с матерью и женой, мужественная помощь его жены в побеге с каторги составляют занимательную романтическую часть данной исторической песни.

Имя слагателя этой песни, бытовавшей среди казахов, неизвестно. Существует ряд ее вариантов.

6. ПЕСНИ-ИМПРОВИЗАЦИИ – АЙТЫС

Айтыс – это публичное состязание казахских акынов, поэтический турнир импровизаторов.

Из всех народных песенно-поэтических жанров айтыс издавна вызывал наибольший интерес казахского слушателя, существуя и в наши дни в форме шуточного состязания в среде колхозной молодежи и акынов.

Широко известны старинные состязания знаменитых акынов с акынами-женщинами: Боздака с Акбалой⁴¹, Биржана с Сарой, Сакау с Токжан⁴², Мурата с Жантели⁴³; акынов между собой – Шортамбая с Орумбаем, слепого Шоже с Кемпирбаем, Кулмамбета с молодым Джамбулом⁴⁴ и т.д. Насчитываются сотни записанных айтысов.

Наиболее знаменитые состязания акынов остались в народной памяти в форме особого вида поэм, рассказывающих об этих айтысах с приведением подлинных песен, спетых состязавшимися. Согласно древней традиции, из соображений объективности, а также потому, что скромность и достоинство победителя не давали ему возможности воспевать свою победу, такая поэма должна была складываться побежденным акыном. Поэтому в известной поэме “Биржан-сал и Сара” рассказ о самом состязании сложен побежденной Сарой, причем в дальнейшем бытовании поэмы в ней появилась вступительная глава, спетая акыном Арипом⁴⁵, в которой изложена биография Сары.

Поэмы об айтысе обращают особое внимание на причины поражения данного акына. В названной поэме Сара, почти победив Биржана в долгом логическом и поэтическом споре, была вынуждена замолчать, когда Биржан в стихах потребовал показать ему жениха такой красивой девушки и такой блестящей поэтессы. Сара, учитывая, какой козырь она может дать Биржану, показав

ему ненавистного горбуна, навязанного ей волей рода, признала себя побежденной.

Содержание айтыса составляет поэтический спор на определенную тему. Иногда это был спор о превосходстве одного рода над другим, когда на состязании присутствовали родовые старейшины-правители, бай, би. Иногда – о праве и положении женщины, если в состязании участвовала женщина-акын. Спорили в стихах также о силе любви, о способах ее выражения, состязались в знании загадок, стран, народов, в познаниях вообще. Нередко айтыс переходил на темы личных недостатков и пороков самих состязавшихся.

Особый, социально значимый смысл имеют айтысы на темы спора о достоинствах двух родов. Каждый из акынов должен был восхвалить свой род, своих знаменитых и богатых людей, земли, горы, табуны своего рода и, наоборот, – остро и метко осмеять и унижить все, что восхваляет противник. Любопытно, что при таком состязании доставалось родовым верхам, баям и правителям обоих родов: каждый из акынов, осмеивая род противника, с беспощадным сарказмом нападал на горделивых баев и родовых старейшин, высмеивая их пороки, перечисляя их злодеяния, насилия, алчность. В сравнении с этим первая – похвальная – часть состязания бледнела, и слушатель – народ – запоминал лишь изобличительные песни, бичующие пороки социальных верхов.

Этот род айтысов был самым популярным. Здесь как бы существовала молчаливая договоренность между состязавшимися акынами, и сама форма айтыса давала возможность акыну высказать все, что думал народ о своих баях и биях, так как для достижения победы акын и должен был проявить наибольшее остроумие и меткость. Порой такие айтысы заканчивались тем, что разъяренный бай выгонял плеткой своего акына, не сумевшего защитить его от убийственных насмешек акына-противника.

На увеселительных вечеринках казахской молодежи айтыс нередко переходил в массовые состязания многих пар. Любовь народа к состязательным песням и высокая оценка дара импровизатора служила могучим стимулом каждому из акынов для совершенствования своего

дарования. Не случайно поэтому, что тип казахского народного певца – поэта, акына и жырши – во все времена был типом импровизатора. Народ считал акыном того, кто способен экспромтом создавать острые и меткие стихи. Степень одаренности акына показывали его импровизации, создаваемые перед слушателями на неожиданные для поэта темы. Лишь пройдя множество таких публичных испытаний на айтысах, акын получал народное признание. Это было суровой и прекрасной школой для поэта. Почти все народные поэты – акыны – начинали свой творческий путь с айтысов. Состязание молодого поэта с кем-либо из признанных авторитетов решало его дальнейшую судьбу. Суд слушателей и оценка старшего акына утверждали за молодым дарованием звание акына.

Эта традиция поэта-импровизатора, владеющего обширными запасами фольклорных памятников, и выдвинула после Октябрьской революции группу талантливых акынов, создателей революционного советского фольклора казахского народа.

Пьесапар





АҚАН – ЗАЙРА

**Ақындар, әншілер өмірінен алып
жазылған алты суретті күйлі пьеса**



Адамдары

Ақан – ақын, сері, әнші.

Зайра – Керей ішіндегі азырақ рудың байлау бір жерінің қызы. Мұсылманша жақсы оқыған, қиссашыл.

Шаймардан – қыз ағасы. Зайраның иесі де сол.

Біржан
Ыбырай
Нұржан
Шолақ

} ақын, әншілер. Біржан кәрі ақын.
Өзгелері бір құрбылас жастар.
Нұржан кітапшыл, молда сөзді.

Шери – Торсан байдың саудагер баласы.

Торсан – қырда саудасы мол жүрген, тұрмысы қалашалау, саудагер бай.

Аклима – Шеридің үлкен қатыны.

Айша – Шеридің қарындасы, қалаға аралас. Азын-аулақ орысша біледі.

Бәкен – Торсанның кіші баласы. Әке ығындағы үндемес бала.

Төре – Абылай тұқымы, орысша әпесерлеу. Ояз тілмашы.

Ояз – Торсан, Шери тамыры.

Қулар – Торсан ауылының әртүрлі кем-кетігін мазақ етіп, бай ауылын күлдіріп жүретін қулары. Сақау, қыли, сыбызғышы, бөйітші...

Ботпай – Торсанның әрі туысы, әрі ақылшысы.

Досмұхамбет – Торсан балаларының ақыны. Шарғи кітапшыл.

Алтынай – Зайраның шешесі.

Бәйбішелер, бөгде адамдар, қыз-қатын, нөкер жігіттер, бәйге атқа шапқан балалар.

Бірінші сурет

Айлы түн. Көп ауыл арасы. Әр жерде, алыстан шашырай жанған оттар елестейді. Бүкіл сурет бойында бір жердегі от сөніп, екінші жерден басқа оттар жылт-жылт етіп тұрады. Жайлау түні. Алыста көл тұнжырайды. Аздап шашыраған жас тоғайлар қарауытады. Жан-жақтан күзетші айтақтары, жылқышы айғайы, күзеттегі қыз-қатын әндері естіліп, қалып тұрады... Бәрі де алыстан келген сорандап, талмаурап жеткен дыбыстар. Бәрінде де арман сазының белгісі, ұйқылы-оюу күйі бар сияқты. Осындай түн тынысының ортасында көп жастың асыр салған ойын-күлкісі біліне қалады. Желікті күлкі, шұбар топ: әні, әзіл-күлкісі араласқан күйде сахнаға жақындап келе жатады. Аздан соң алды жүгіре, ойнай келіп көрініске шығады. Топ ортасында Зайра. Қасында қыз-келіншек, араларында домбыралы ақындар, сал жігіттер. Бұл топта Нұржан, Ыбырай, Шолақ бар. Бұлардан оқшауырақ екі домбыраның үнін қосып, Ақан мен Біржан шығады.

К ө р і н і с

З а й р а. Ақан қайда? Қайда жүр Ақан? Ойын не қызбайды осы?!

Қ ы з д а р. Бәсе, Ақан, Ақан келсе екен.

З а й р а. Думан тобы әнші-ақын. Қызық құмарту қызсын. Келіндерші, бір сергіп шаттанайық...

Ш о л а қ (*Біржандарға*). Мен білсем, Біржан аға, сендер қызбай ойын қызбайды.

З а й р а. Біржан аға, сіз шау боп қалғансыз ба, немеңе?

Д а у ы с т а р. Ақан, Ақан, Ақан келеді.

Б і р ж а н. Е, Ақан келсе көңілді ойын, көрікті жыр келеді.

З а й р а. Ақан кешігіп келді, ойын бұзар аламыз.

А қ а н. Жазалағың келсе кінәламай жазаласаң да құлақ қақпаспын, Зайражан.

Қ ы з д а р. Ойын бұзарына ойын бастар айтқызайық... Жарастықты, көңілді ойынды Біржан әнмен бастасын. Ақан ән салсын... Ақан ән салсын...

А қ а н. Шын ба, не бұйырасың, Зайражан?

З а й р а. Түн неткен рақат, қиял түні еді. Мына сұрғылт жүзді ай жігіт кіміне табысқалы жасырына түн қатып, асығып барады. Есіңді тонайтын түн, бірақ бекем бол.

А қ а н. Айлы түн ғана емес, саялы түн, қалғыған сай, мұңлы дөңдер біздің ән-сауықпен тыныс алсын... Басталсын Зайра жайлауының сырлы түні. Жалғыз жортқан ай, менің мұңдасым, өзіме тілегендей оған да оң сапарын тілеймін. Жалғызға жалғыз дем берсін. Ол менің сүйенішім еді. Оны ұққаның мені де ұққаның болсын, Зайражан. *(Жұрт көтерін қуаныш қошамет етеді.)*

З а й р а. Бір желікті ойын бастау сізге міндет болса қайтеді?

А қ а н. Олай болса, біз бұндайда серек құлақ дейтін бір ойынды ойнаушек... *(Жұрт қостан шу етеді.)*

З а й р а *(күліп)*. Жарайды, ендеше, Ақан. Тым баяу көрінеді. Серегіменен қасқырлықты сол кісіге берейік.

А қ а н. Жарайды ендеше. Мен өзім де тобынан айрылып жалғыз жортқан көк бөрі тәрізді ем *(күліп)*, оған да қуан, бірдемені нәсіп етейін деген шығар. Төрене құлдық.

Ш о л а қ *(ойнақыланып, күліп кеп)*. Олай болса, жас бөрі, көкжал шолақ мен болайын, сері...

Н ұ р ж а н. *(Ле жөнеліп күліп.)* Е, ата ұлына үлесе келгенде қасқырлықты Қарауыл алды. Ал Керей итіңді шығар.

Б і р ж а н. Мен өзім кемпірінің төсегінен суынған, ұйқы қашып, кірпігі қатқан қартаң шал, көрі күзетші болайын. *(Күліседі.)*

Ш о л а қ. Ендеше, мына жер қасқырдың жатағы, басы аман, малы түгелінде ит-құстан аман болатұғын жеріңді тап, көш, Біржан, ешкі-лағыңды айдап. *(Жұрт күледі. Көпшілікті бастап Біржандар кете береді. Қой-қозы және ит пен күзетші билерін билей кетеді. Сахнада Ақан мен Шолақ қана қалады. Бұл уақытта Шолақ екі тақияны қасқырдың құлағындай қып серейтіп, екі шекесіне байлап алған. Білекті сыбанып, балағын түрген, жалаң аяқ.)*

К ө р і н і с

А қ а н (*Шолаққа*). Ал, көкжал жалғызым, сен туғанда неге қуандым? Мен кәрі бөрі жар басында жатайын. Сен енді асырап бақ.

Ш о л а қ. Балақ жағынан бастайын ба? Қалай тиейін?

А қ а н. Қалай бастасаң олай баста. Әйтеуір ағаның қармағы бірдің өзін тілейді. Тек соны ұмытпасаң болды. (*Шолақ жортып жөнеледі. Ақан қасқырдың ұлу күйі сияқты бір күйді тарта отырып үн қосады. Шолақ бір қызды алып қашып өтеді. Арттағы жұрт у-шу боп жатады... Артынан бір жігітті сүйреп алып өтеді. Ол, бірақ бұл, жаңағы қызды тауып алып оңаша кетіп бара жатыр.*)

Ы б ы р а й. Е, тілеуің бергір, тіпті қасқыр қасқырдың ішіндегі ең адамы осылар екен. (*Күледі.*) Құдай қонағы.

А қ а н (*қоса күлін*). Ендеше, жортқанда жолың болсын демессің бе, бар болғыр. (*Күліседі. Сол уақытта Шолақ тағы да арттағыларды шулатып, иттерін үргізіп, азан-қазан қып, Зайраны алып қашып келеді.*)

К ө р і н і с

Зайра мен Ақан қалады. Шолақ қайта жортып кетеді. Енді көпке шейін оралмайды. Қуғын шу басқа жаққа, алысыраққа ауысып кеткен сияқты.

Енді анда-санда алыстағы ауылдардың айтағы естіліп тұрады.

З а й р а (*күлін*). Шолақ, қомағай қасқырмысың қалай? Жанекем қызынан сау-тамтық қалдырар емессің ғой.

А қ а н (*тұрып, жақындап кеп*). Көбін не қылайын, іздегенім бірің де...

З а й р а (*кекетіңкіреп*). Бірі болса іріктісін алайын деген шығарсың?

А қ а н. Ойын қасқыр десең де аузыңа құдай салған шығар. Шын қасқыр болмақ ойым бар. Сондықтан тілегенімді алмай, ілгенімді алушымен.

З а й р а. Ойыннан от шығарайын деппең?

А қ а н. Ойыннан шыққан от емес. Екеуіміз тегі отпен ойнармыз деймін.

З а й р а. Мен енді сенің оң көзіңе ілінбей-ақ қояйын, одан да ойыныңды ойна.

А қ а н. Бұл дауың ба? Байлауың ба?

З а й р а. Ол өзіме істеген хукүмiм.

А қ а н. Ол хукүмдi Құлагердiң тұяғы шешсiн. Мен сенi бүгiн алып кетпекпiн. Бiр шалуға жарайтын керей аты жоқ. Шын қасқыр болам. Атым мына талдың түбiнде тұр.

З а й р а. Ондай ойынға орын жоқ. Уафасыз достық өз өрiсiн өзi тауысқан.

А қ а н. Ей, Зайражан! Құмарпаздан құмарлық жөнiн сұрап нетесiң, маскүнемнен iшкiлiк жөнiн несiне сұрайсың? Би уафадан уафаны не деп тiлейсiң. Бүгiнгi көзi, бүгiнгi тiлегi сенде, сол жетпей ме?

З а й р а. Ей, Ақан, Ақтоқты досым едi, екеумiздi сенiң басың күндес етiп айырып едi. Мен сонда тағдыр iсi осы болды деп тоқтағам. Ендi тағы ма? *(Ақан, Зайра сахнасы екi-екi ауыз кiнә мен талап, сонан соң дуэт түрiнде жарыса айтқан ұғыспау сөздермен ғана бiту керек. Жиыны алты ауыз өлең шамасы болса сол жетедi.)* Тағдыр iсi осы болды деп тоқтағам, ендi қажама!

А қ а н. Шының ба?

З а й р а. Шыным, бұл сөз осымен бiтсiн.

А қ а н *(қолынан ұстап тартып)*. Жоқ, жүресiң! Ақтоқты ғайып болды. Ендiгi жарым сенсiң. *(Тартысады.)* Әкетемiн.

З а й р а. Әкете алмайсың, мен саған ырзалығымды бермеймiн.

А қ а н. Ендеше, қазiр зорлықпен алдыға салып ап кашамын. Ең болмаса масқаралап кетем. *(Жұлқынып сүйрейдi.)*

З а й р а *(бұлқынып)*. Тарт ендi, жеттi. *(Қолын жұлып алады.)*

А қ а н *(сапысын суырып ап, тап берiп)*. Сен менiкi едiң, бiрақ кетейiн депсiң. Ендеше, басқаға бұйыртпаймын, жарып кетемiн. *(Құшақтап шалқайтып ап, сапыны сермей бередi.)*

З а й р а *(қорықпай, мырс берiп күлiп)*. Ей, Ақан, мен әлдекiм емеспiн. Сен ақын ең, қадiрлеушi ем. Абыройыңды төкпейiн, жатқа ұятты қылмайын. Басқа бiр сөз айтайын! *(Босанып шығып.)* Есiңдi жи!

А қ а н. Не айтасың? *(Шолақ жортып келедi.)*

З а й р а. Шолақ, сен Бiржанды мұнда ертiп кел. *(Шолақ кетедi.)*

А қ а н. Оны қайтесің?

З а й р а. Өзгеге салайық, анау аға ақын еді. Екеуіміз соған жүгінейік... Не айтасың?

А қ а н. Естиін. *(Біржан келеді. Бір шетінен Досмұхамбет шығып қарап, тыңдап отырады.)*

К ө р і н і с

З а й р а. Жәнеке, мына Ақан басында мені тастап, Ақтоқтыны әкетіп еді. Ол болса қаза тапты. Мені сонда күйдіріп еді. Басында мені неге еліктірді? Енді бүгін қайта қолқа сапты. Бір тойда екі жар бар ма? Мұның мойнында менің қарызым болса да, оның менде қарызы жоқ еді. Арамызға билік айт.

Б і р ж а н *(Ақанға)*. Сен не айтасың, шырағым?

А қ а н. Не айтайын, осы Зайра сөзіне қарап билік айтыңыз.

Б і р ж а н *(Зайра мен Ақанға кезек қарап тұрып)*. Ендеше ол күнде, Зайражан, сенің басыңды бұл сарапқа салса, ертең бұның басын сен де сарапқа сал. Осында көп дәмелі ақын бар. Солармен бәйгіге түсілсін. Озса, тәңір бұйрығы шығар дегенін қыл. Мінезіңменен орай болса дақ түбі шешілмейтін не қисын бар?

З а й р а. Сөзімді беріп қалып ем, болсын.

А қ а н *(ибамен)*. Мен сізден әділет таппадым, Біржан аға.

Б і р ж а н. Жоқ, мен баса билік еттім. Байлау сол. *(Нұржан, Ыбырай, Шолақ шығады, қолдарында домбыралары. Зайра солармен күлісіп, әңгімелесіп жайды баян еткендей болады. Аналар қуанышты желікті домбыраларын қыздыра бастайды. Ақан мен Біржан екишеле береді.)*

К ө р і н і с

А қ а н *(күліп)*. Япыр-ай, қиюы қашқан дау болса да қиыстырып әкпеттіңіз-ау...

Б і р ж а н. Шырағым-ай, жаман ағаңның алдына дау келмей, билік тимей жүрдағы. *(Бұл уақытта қой-қозы болған жастар тобы шығады. Күліседі. Жұрт бірден бірге жаңа хабар есітіп, бір шеттен бір шетке айтысып жатқан тәрізді. Сонымен қатар Нұржан, Ыбырай, Шолақ екі-екі*

ауыздан Зайраға арналған даттау өлең соғады. Әндері біреу, сөздері басқа-басқа, бұлар домбыраны соқтырта әндетіп тұрғанда қой-қозы сол даттау күйіне қосылып қуана желіге билейді.)

Н ұ р ж а н (өлең).

Жасты жас сүйсе шарғыға муафық, ол сүннет
Уәжип, тең теңін, тезек қабын деген дұрыс нақыл.
Дос ажарын қайырса күфірлік етсе ол пайғамбар
Уағазына хылаф сүю Адам мен Хауа анадан қалған.
(деген сияқты).

Ы б ы р а й. Асыл болсаң таңдап тауып бірді сүй.
Мені сүйе қой деп жалынбаймын, қолайыңа жақпасам мен
екеш мені де сүйме. Тек, қарындасым, басыңды бұлдай
біл. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпегейсің
(деген тәрізді).

Ш о л а қ. Жетеңіз болса ерді сүй. Жұрт жетпей мақтамас.
Жасың да, ақының да, батырың да менмін, мен жарыстан
неге қалам. Сенің бәйгеңе түсуім бақ сынауым, жастығым
саған артқан қарызым, сені осы жерден сынамаймын (деген
сияқты). (Осы үшеуі бастаған хор біраз әдемі. Бұл ән мен
би уақытында Ақан оқшау отырып қалады. Зайра жырлап,
билеп жүрген топтың ортасында жалғыз тұрады. Ақан
қызғаныш күйі сияқты күйде мұңайыңқы отырады. Әндер
аяқтай бергенде бір ерекше топ болып Айшалар шығады.
Қасында Досмұхамбет, Ботпай және бір топ қыз-келіншек.
Таныс емес топтар бірінен бірі іркіледі.)

К ө р і н і с

З а й р а. Таныс болмасақ та, құрбы көрінесіңдер,
ойынымызға қонақ болыңыздар.

А й ш а (күліп, өз тобының дәл ортасында тұрып). Ә,
мен сендерге жат екем ғой. Досмұхамбет, таныстыр енді.
(Осы бір ауыз ән атынан Айша мен Досмұхамбет.)

Д о с м ұ х а м б е т. Мына Зайра Ақанға бой ұрған
сияқты.

А й ш а. Не дейсің? Тамам ақын бастығы Ақан бәрінің
шолуын бір шола ма? Біз кіріссек кем түсеміз бе?

Д о с м ұ х а м б е т. Оны айтасың, әуелі нағашыңның
жесірі емес пе Зайра. Намысты неге жібересің?

А й ш а . Рас-ау, ендеше біз оны ешкімге бұйыртпаймыз. Біздің жесір нағашымның аруағын сындырмасын. Жүр, баста, мен араласам. Ақын құмар болса, сенен қайсысы артық дейсің, шырқын бұз.

Д о с м ұ х а м б е т . Бәсе, мен тең ақынмын, неге оздырмаймын. Тіпті болмаса жатқа жібермеймін. Мақұл ма?

А й ш а . Бұзылғаны рас болса, жазасын тартсын, дұрыс оның.

Д о с м ұ х а м б е т (*мақтау өлеңмен амандаса жырлайды*). Күн астынан шыққан Күнікей сұлу деп рауайлар, рауайларында рауайа қылулар, түннен шыққан түн сұлу болыңыз. Асыл Айша Шери мырзаның қарындасы. Саулығыңа, сапарыңа “құтты қадам”, “сапары мүбәрак” айтамын дейді. (*Екі жақ та күліседі.*)

Б і р ж а н . Қалғанын мен айтайын, мынау Ыбырай сен, анау жас пері Балуан Шолақ... Анау отырған Ақан сері.

А й ш а . Ақан!?. Бұл жүрісім тіпті теріс болмаған екен. Құлақпен естігенді көз көреді деп, сері сіз екенсіз, есенсіз бе?

А қ а н . Шүкір, шырақ. (*Орнынан тұрмайды. Бір-ақ қарап қойып, екінші бұрылмайды.*)

А й ш а (*ыңғайсыздау күйде Нұржанға*). Бұл кісінің үнемі қалпы осылаймекен, көңілсізі несі?..

А қ а н (*қарамастан*). Тегі қуанышымыздан өкінішім көп болатын машығым еді, қарындасым... Зайражан, солай емес пе? (*Зайраға телміре қарайды. Бұл уақытта Нұржан, Ыбырай, Шолақ тегіс Айшаға үйіріліп жайды баян етіп жатады. Біржан мен Зайра Ақанға жақын оқшауырақ*)

З а й р а (*Ақынға*). Мен мұңлы күйінді сөккен кісі емеспін-ді тегінде.

А қ а н . Алдияр, үйтпесең Зайра дерме ем...

А й ш а (*ана жігіттердің сөйлеп тұрған сөздерін тастай беріп, Ақанға жақындап*). Жастық үміт күлкілі болса жарастықтық емес пе. Мұңдылық кісі сүйсінетін күй емес шығар...

А қ а н (*бір қарайды да, жауап бермейді. Айша қиналып, тұтанып қалады. Ақан Зайраға*). Қазым да, төрем де өзіңсің...

А й ш а. Танымай көзіңнің еті өскен екен. Сен менің жеңгемсің... Бұл не қылған топыр, ауылыңа Арқаның бар серісін жиып.

З а й р а. О не дегенің?

А й ш а. Басыңды сарапқа салғаның не. Иең жоқ па?

З а й р а. Мен оң жақтамын. Сыбағама тиген аз күндік жастық еркім өзімде. Оныма қол сұқпа. Және енем емес шығарсың. Кексе қатынша келмей, түріңе лайық жасша кел, таныс бол мына елмен. *(Күліп.)* Есіттік... *(Ыбырай, Нұржан, Шолақ Айшаға үйіріле береді, Айша қарамай Ақанға қарай ентелей басып кеп.)*

А й ш а. Жаңа есіттім, басыңызды бәйгеге тіккен екенсіз.

А қ а н. Бұны не деп ұқсам екен?

А й ш а *(күйініп, шыдамсызданып)*. Сарапқа түспей-ақ осыны талассыз таңдап алатын тұғыр болмас па еді? Сіз соған көнбеспедіңіз? *(Жұрт тегіс екеуін тыңдайды.)*

А қ а н *(Зайраға қарай түсіп)*. Тегіннен алғаннан көрі теріммен алғанды тәуір көруші ем.

А й ш а. Сонда басыңды сарапқа салуың намыскерлігіңнен бе, жоқ, намыссыздығыңнан ба?

А қ а н. Бақ сынауым. Ер қайрағы егес деп білетін дағдым бар еді. *(Айша тұрыңқырап қалады.)*

А й ш а *(өзгеріп бойын жиып)*. Ендеше, дұрыс батамды берейін, жолың болсын...

А қ а н *(азғана мысқыл еткендей)*. Осы қазақта қыз батасында құн болушымеді, шырағым, ә? *(Жұрт ду күледі.)*

А й ш а. Тілеулестігімді де көп көрдің бе?

А қ а н *(мойнын бұра бере жылдам)*. Еп болмаса көп болмас. *(Жұрт тағы күледі, Зайра, Біржан ойнайық, жүріңдер десіп топты бастап жүріп тегіс қайта желігін ойнай, билей ән сала кете беріседі. Жарыс-жарыс, еркек ақындар жарысы! Ақындар бәйгесі деген дауыстар көп естіледі. Зайра Біржанның иығына қолын асқан күйде. Ақан жұрт артынан жалғыздау кетеді. Айша сілейіп мұңлы, ойлы күйде толғанып қалады. Қасында Досмұхамбет.)*

К ө р і н і с

А й ш а (*Досмұхамбетке*). Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас... Неге жауап айтпадың мен үшін.

Б о т п а й. Ей, тәңірі, ақын, бақсы бір. Со да бағыңа сын боп па Айшажан.

Д о с м ұ х а м б е т. Бәсе десеңші.

А й ш а (*жарыса екеуін де қаға беріп*). Бағы бар бұ сын еселі сөзім кеткен соң. Ал мен де сынға түстім. Өйтсе алдыңғыларға қарай (*Аналардың артынан ұмтыла жөнеледі. Ботпай мен қыз-келіншектері ере кетеді*).

Д о с м ұ х а м б е т (*жалғыз қала бере*). Бәсе, жүрген аяққа жөргем ілінбей тұрушы ма еді?

А й ш а (*жарыса екеуін де қаға беріп*). Бағы бар бұ сын еселі сөзім кеткен соң. Ал мен де сынға түстім. Өйтсе алдыңғыларға қарай... (*Аналардың артынан ұмтыла жөнеледі. Ботпай мен қыз-келіншектері ере кетеді*).

Д о с м ұ х а м б е т (*жалғыз қала бере*). Бәсе, жүрген аяққа жөргем ілінбей тұрушы ма еді?

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Шаймарданның үлкен үйі. Қалың жиын. Ортада Біржан, ол ірі ақын. Айналасында өңшең нөкерлі ақындар. Бәрі де сал киімді, үкілі домбыралы. Шетінен бәйгелердей баптанған сылқым серілер. Шымылдық ашыла бергенде өз нөкерімен Айша шығады. Оған жас ақындар түрегелісіп құрметпен қарсы алып, орын беріседі. Айша да би қонақ тәрізді.

К ө р і н і с

1- д а у ы с. Ал енді жиын түгенделді.

2- д а у ы с. Ақындар енді бастаса екен думанын.

3- д а у ы с. Иә, міні, үйдің сырты толған жұрт, ынтығып тұр, түге.

Ш а й м а р д а н. Уа, басталсын, басталсын енді ойын!

Б і р ж а н (*екі-үш ауыз “тойбастарын” айтады*). Шырқаған әнім дабылдай боп шықсын. Алғыр қыран,

дәмелі жігіт болса сол дабыл үнінен тілеп ұшатын шабыт кезі болғанын ұқсын. Міне, мен Зайра көрсеткен бәйге түйеге әнімменен ту тіктім. Бәйгеден жал-құйрығы сүзілген көп сері озып келуге жарағаның осы туды жанап өт *(деген сияқты)*. *(Жұрт біраз іркіліп қалғандай болады. Аздан соң Ыбырай бастап жөнеледі.)*

Ы б ы р а й. Ендеше, іркілетін не бар? Еселі сөзді айту қарыз бопты. Пәленше деп тал бойым ұйымаса да және машығымда өзі іздеп келген болмаса, аяғымнан өзім іздеп бармайтын әдетім болса да, жігітке қыз қолқа салған бәйге екен, сен жүлдеге тиген күнде де, менің ала алмасым екіталай болатыны бар *(деп жұртты күлдіре тоқтаған кез сөз болса)*.

А й ш а *(Ақанға)*. Мынау бір семіз сөз екен. Сіз айтуға лайық па өзі, қалай!.. Бірақ сіз де осы сарында сөйлесеңіз онда бәйге келіседі екен. *(Жолдастарымен күліседі)*.

А қ а н. Менің де жәй көлденеңге айтатын сөзім осылай болушы еді. Бірақ Зайра жолы басқа. Өзге ешкімге айтпайтын сөзді ғана айтармын.

Д о с м ү х а м б е т *(Айшаға)*. Ақан кешеден бері сенің бұғалығың мойныма түсіп қалама деп қашып-ақ келеді-ау, Айша.

Б о т б а й. Бәсе, тіпті ылақпа қашаған екен.

А қ а н *(Зайраға қараған бетінде мыналар сөзін елеместен сөйлей береді. Айша тағы күйініп қалады)*. Бұлбұл бар гүлге ынтық. Паруана бар шамға ынтық, аһ ұрған Мәжнүн бопты Ләйлаға ынтық, соның бәрі ертегі емес, менің мұндастарым, біреу байлығымен мақтанса, біреу бектігімен шіренсе, мен құба төбел қоңыр баяу әнімді өзіне тартқан Зайраммен мақтанар ем. Құрмет сөзімді тыңдар болса, арабтың жаман қара баласы құрлы зар жырын мен де айтар ем. Бір сия қамыс қалам болса да шер бұлағын көрсем барымды жазып шығуға шамасы да жетпес пе еді? *(деген сияқты)*.

Д о с м ү х а м б е т *(Айшаға)*. Мұндасы Мәжнүн болған ырымы жаман екен.

А й ш а. Бүгіннен түңіліп баяғының сағымына құрбан бола ма? Біз ондайын мақтай алмасақ керек, ә?

Н ұ р ж а н *(Зайраға)*. Ол Мәжнүн болам дегенмен сіз Ләйлі болуға көнбессіз. Көрер көзге де көр ақтарған мақтан емес. Дінге де ол қылап. Мен Нұржан басыммен оң көзіңе ілінсем деймін.

З а й р а. Физули, Науаилар зар еткен күллі мүһмин аттарын даттаған жеті ғашық болады. Хайласы шарғи деп оған ұрынғаныңды мақұл дей алмаспыз. Күфірлікке де санауға болар.

Н ұ р ж а н. Е, сен менің бойыма сыймаймекенсің? Мен өзгеден кембедім?

З а й р а. Сен Нұржансың ғой.

Н ұ р ж а н. А, солай ма, ендеше, біз де сөйлеп көрелік. *(Желдірмелете әнмен тақпақтай жөнеледі.)* Надандар тура сөзден баһра алмайды. Шала молда дін бұзады. Шарифат шарты өлшеу біліп, мөлшер тануда. Шектен асқанның бәрі ысыраф. Ислам жолы да, ата нақылы да заманыңның хакімет, заманыңның озығын құрмет тұт дейді. Қобызын бірге құшақтап, ел-жұрттан кетіп қу дала, қу медиенді кезетін, Кербаланың шөлін кезгендей қаңғып кеткен Қорқытты сүй демейді. Зайражан, жетенде болса сөз төркінін танырсың *(деген сияқтыны айтады)*.

А қ а н *(іле жөнеледі)*. Адам құдайдың басыңды жоғары алып жүр деп жаратқан пендесі, төмен қарай тұқырып аяғыңның астындағы жемнен басқаны көрме деген мақлұғы емес. Шашып қойған ырзығы бар. Соны ғана тер, тауық бол десең сен де дүмше молдасың. Мен менсінбейтұғынымды менсінбейім дейім, тілегенім болса бұйырмаса да аламын деймін. *(Зайра күліп мақұлдағандай болады. Нұржан іркіліп қалады.)*

Д о с м ұ х а м б е т. Мыналар ақындыққа таласпай, аударыса-аударыса өртең шығып кетіппіз деген сияқты жарысамыз деп молданың бақшасына түсіп кетті ме немене?

А й ш а. Иә, сіздер ұғымсыз тілмен кітапшылағанды машық қылады екенсіздер, жұрт ұғатын болсын, болмаса орысшалауды біз де білеміз. Конечно, что на самом деле?

Ш о л а қ *(әндете шырқай жөнеліп)*. Тіршілік жастық маған тілеген сый болса, дүниесін азан-қазан қып өтемін. Батырмын, ел шабамын, байлыққа көңіл ауса айдап алам. Балуанмын, егескен балуан кез болғанда қабырғасын сындырғам Ақынмын, әншімін, қыз жүрегінің тамыршысымын, көңілім ауған қиғаш қасты қуанта да, сүйсіндіре де білемін. Есің дұрыс болса сегіз қырлы жігітті тани біл *(деп жұртты тегіс желіктіре, сүйсіндіре тоқтайды)*.

А й ш а. Е бәсе, кісіні шын сүйсіндіретін ақын осындай болсын да. Бері келіңізші, Шолақ. *(Шолақ күліп жақындағанда қасынан орын бергізеді. Және Ботбайға белгі етіп бір топ дүрия сыйлайды.)* Мен таразы басында болсам Шолақты қостар ем.

Д а у ы с. Ендеше, Шолақ озды да.

Е к і н ш і д а у ы с. Бәрінен жақсы айтқан Шолақ болды.

Д а у ы с т а р. Шолақ-Шолақ. Айша тауып айтты. Шолақ озды.

Ш о л а қ. Жоқ, жұрт, даурықпа. Мен оздым деп отырғам жоқ. Біржан аға, байлау сенікі, сен айт. *(Біржан Зайраға, Ақанға қарап, іркіле береді. Ақан баяу, сөйлемейді.)*

З а й р а. Бәйге әлі қызбаған сияқты. Бап іздеп отырған жүйріктер бар. Әлі шаппай отыр деп білем.

Б і р ж а н. Ендеше, мен де шын сынды енді айтайын: бәйге өлең шығар деуге не болмасын. Ән мен өлеңін осы арада қатар бізге шығарған өзіңсің.

А қ а н *(сергіңкіреп)*. Ендеше, әуелі Досмұхамбет сөйлесін.

Д о с м ұ х а м б е т *(бәйітше күйлі әнмен тақпақтан)*. Сөзімді ұғар болса, жүз сомдық ду базардың үлкен көпесі болмаса жарастығы бола ма, жәрмеңкенің Ірбіт шапқан байлар шатыры тігілмей шуы көтеріле ме, кітап тасынып өткен ғұламасы отырмай мәжіліс түзеле ме, жалтырағанмен мыс тиын ақша бола ма? Мысты алтын деп аһ ұрмандар, жаранлар *(деген сияқтыны термелей береді)*.

А қ а н *(күліп)*. Анден артық тақиғажап даңдары уар...

Ы б ы р а й *(орнынан сілкініп тұрғандай қатуланып, Нұржан сөзін бөліп)*. Уай, Досмұхамбет, осы шайлап қалған дуадақша өстіп жаяулай беремісің? Жоқ, бір тоқтаймысың?

Д о с м ұ х а м б е т. Асырып айтсаң, мен қой дедім бе?

Ы б ы р а й. Осы сен тоқтайтын болсаң, мен үндемей-ақ қояйын. Тек осы бауамыңды қойшы, жарқыным. *(Жұрт күледі.)*

З а й р а
А й ш а } Ал, өзің, өзің айт.

Ы б ы р а й. Жоқ, мен жаңа сөз бердім. *(Ақындарға.)*

Бәйге атанып жүріп тай орнына шаппайық. Мен Біржан атаған үлкен өрістен табыла алмай қалдым.

Ш о л а қ. Сонда да... шын қармансаң неге шықпасын.

Ы б ы р а й . Жоға, кел, жігітім, жұрт Шолақ дегенмен, шын Шолақ болайық. Шаманды білген де даналық деген, мен тоқтадым.

А қ а н (*домбырасын безілдетіп отырып, суырып салған өлеңмен осы арада шығарған “Сырымбетті” шырқай жөнеледі*). “Түлеп ұштым Сырымбет саласынан, ғашық болдым ақсұңқар баласына”, мағұшқам дидарыңнан жаратқанның жамалын көрушем, жапанға жалғыз біткен сен бәйтерек ең, қонбаққа бұтағыңа үмітім бар еді. Күнімді түн еткен қайғы назым таңғы сағымнан сезілер деп ем, шерімнен сауыры қалың қара жер тебіреніп аһ ұрғызған жалғыздық зарым, мұңлы шерім тілекке жетер деп едім. Бұл бір фердеден юз фердені би жай демеп пе ед. Енді дертімді шерткізе берме, мені ая, аямасаң да өзінді ая, жамағат алдында ішті ақтармайық. Басымды бұдан әрі саудалама.

А л т ы н а й (*Ақанға*). Қарағым, көп жаса, атағыңа өнерің сай екен. Сазыңды тыңдап бір жасардым ғой. Зайражан, сыйласаң осындай ағаны сыйла. Жап иығына мына тонды. (*Жұрт ұйып қалғандай үнсіз. Зайра орнынан тұрып, Ақанның иығына кестелі тон әкеп жабады.*)

З а й р а. Лаһнте мин рахмет алла һер деген аяттан менің де үмітім бар. Айтқаныңа иланбады деме... Сенің мені тартқан күшің осы емес пе? Жүлде алған желаяғым сенсің. Мақтаймысың. Ақтадың.

Д о с м ұ х а м б е т (*кекетіп, Айшаға*). Дұспалдарын біз сезгеміз жоқ. Тәңірі бір серпілеміз бе. (*Айша тыңдамайды, мұңайып үнсіз қалған.*)

Ш о л а қ (*Айшаға*). Бұлар сол аһ ұрдым, өлдім, талдым демесе көңілдері көншімейтін өңшең бір қаусап тұрған күйрек немелер өзі. (*Айша тыңдамайды.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Олай болса, тәркі дүние боп, шөкиіп жиһан кезіп кетсеші... ғашықтықтан өртенгенін көрейік. (*Күліседі. Айша тыңдамайды. Айша соңғы сөздерін есітіп ашуланып.*)

А й ш а. Қойшы, әрі, құдыққа құлан жығылса, құлағында құрбақа ойнайды деп түге... шын бір кісінің өзіме

осылай дегенін мен неге естімеймін осы? *(Ақанға қарайды. Ол елемейді. Екі көзі Зайраға телміруде. Осы күйлерді байқап отырған Досмұхамбет соға жөнеледі.)*

Д о с м ұ х а м б е т. Мүләйім сөз, маймақ жүрісті тәсіл еткен екенсің. Бір қосағың пері қызы деуші еді. Сол ақыл еткен шығар. Біз сенімен салыспай-ақ ығысайық, үйткені пері досың жалғыз ұлыңды да сенен қызғанғаннан тілін байлап, мылқау етіп кетті деп еді. Мен соны жұртқа білдіруді міндет көрдім. Әйтпесе айтысып салысудан бой тартып ем.

З а й р а } Не деді? Не айтты? Перісі не? Не жұмбақ!?
А й ш а }

Д о с м ұ х а м б е т. Өзі айтсын ендігісін. *(Жұрт аңыра Ақанға қарайды. Онда үн жоқ. Басы төмен.)*

З а й р а. Неге ашуланбайды? Мойнына алғаны ма? Мен не күйге ұшырап барам осы?

Д а у ы с. Ақан неге сөйлемейді. Өзі неге жөнін айтпайды.

– Айтсын.

– Сөйлесін.

А қ а н *(басын аз көтеріп)*. Жұрт өсегін сол жұрттың өзі айтсын. Менің атым бұл күнде талай еріккенге қолжаулық болған. Заманы кетіп бара жатқан Ақан кім аузына қақпақ болуға жарасын. Бірақ өтірікші, өсекшінің ақтаушысы ғана емеспін. Айтушының өзі дәлелдесін.

А й ш а. Бұл жауап емес қой.

Д о с м ұ х а м б е т. Бас алып құлақ тігісі жаман. Тегі осы сөз төркінсіз емес.

З а й р а. Бекер дей алмағаны ма шынымен?

Д а у ы с т а р. Ақанды мойындатты білем.

– Шын болғаны ғой.

– Сүрінтті ме дейім.

Ш о л а қ *(екіленіп, ескектетіп)*. Әттең тәңір-ай, қуушы көңіл аз ба еді осынша? Іштарлық етпесең, біз ұғыссақ етті. Досмұхамбет айтқан мінімекен серінің? Бізге бітпеген қасиеті емеспеді? Өлеңімен, әнімен пері түсіреді екен. Сол кінә боп па? Қазақта ондай кім туып еді дегенге не дер едік. *(Жұрт Ақанға қайта сүйсінгендей болады.)*

Б і р ж а н. Ендеше, не талас бар? Дарыған ақын, ән дарқаны. Тәңірдің берген бағына кім таласушы еді? Мен

ағалық батамды осыған бердім. Байлау сол *(деген сияқты айтады)*.

З а й р а. Ендеше, Ақан, басыңды көтер, бойыңды жи, өзің мұнда, бері кел. *(Ақан тұрып қасына барып отырады)*. Енді басында не ауыртпалық, жүрегінде не мұң бар, өзіңнен естийн.

Д а у ы с т а р. Жарайды, Ақан.

– Сыбаға осыныкі!

– Құтты болсын.

У-шу. Арада қуаныш биі. Жұрт тегіс Ақан мен Зайра айналасына үйіріліп, желікті топ-топ боп, масайрап қалады. Айша, Досмұхамбет, Ботбаймен берірек бөлініп шығады.

К ө р і н і с

А й ш а. Мен мына Зайраны қазақы надан қыз деп менсінбеп ем, мынау серілік заманынан асқан бір мінез екен. Қимаймын.

Б о т п а й. Көргеніңнен көп екен көрмегенің деген.

А й ш а. Дүниені алдым, қазақтан астым деген ағаларым қайда? Ізде шарасын, сөйлесін.

Д о с м ұ х а м б е т. Бәсе, Шери қайда? Мынандай еркелік, серіліктің шырқын бұзса нетеді? *(Досмұхамбет Шаймарданды алып шығып сөйлеседі.)* Сайлаушы оязбен бірге Шери мырза келеді. Осы өлкедегі бар болысқа болыс-биді мырза дегенімен сайлап келеді. Шери осы жолы сені би сайламақ, сәлемі осы.

Ш а й м а р д а н. Жасаған-ай, не дейсің? Шүйінші неге тілемейсің, аузыңнан айналайын. Ендеше, құлы болайын мырзаның.

Д о с м ұ х а м б е т. Жалғыз-ақ мына Зайра мырзаны оң қабақпен қарсы алсын. Мырзаның ниеті үлкенде... Мыналардай бір күндік желік емес. Мынау бақсы-бөлгер ойнағы сияқты топырдан бой тартсын.

Ш а й м а р д а н *(ұмтылып барып Алтынайды ертіп келіп)*. Бес жылдан бері мал-дүниемді шығындап ылғи жеңіліп келем Сарыдан. Ұрлық-қорлығынан жер болып біттік. Енді міне, Шери мырза мені би сайлайды дейді.

Сенің үйіңе түспекші. Ниеті Зайрамен сүйек алыспақ дейді. Тараттыр мына тобырды.

А л т ы н а й. Әкесі, ағасы жоқ. Ертең жатқа кетеді. Бес күндік қонақ, аз күндік дәуренің алдынан шықпай, күліп өткізсін дейтұғым. Топ иесі сенсің. Бірақ обалына қалма тек, жаным. *(Бәрі кетеді).*

Б о т п а й. Осының бәрін үйіп-төгіп, осы қыздың ауыл-отанын алса нетеді. Шериге кім таласар екен.

Д о с м ұ х а м б е т. Ауыл-ауданына қыздың өзін қоса мырзалықпен сөнге қақалтып, осы қызды сол қағып өкпетсе қайтеді?

А й ш а. Болды, осы байлау болсын. Шериді осыған қызықтырып көріңдер. *(Нұржан жақындайды.)*

Д о с м ұ х а м б е т. Сізге айта алмай келген бір сөзім бар еді? Зайраны көре келген қыз көрушілердің көруші бастығы Айша еді.

Н ұ р ж а н. Қарағым, шын айтамысың? Кімге? Ағаңның бірі ме?

Д о с м ұ х а м б е т. Иә, Шери еді.

Н ұ р ж а н. Шери мырза ма? Ойпыр-ау, мені бұрыннан неге қуантпадыңдар?.. Мен құдай көктен тілегенімді жерден берсе... сүйінгеннен басқа не айтатын едім. *(Досмұхамбетті ертіп кете береді. Қуанышты. Сол арада айттыру жай емес. Сайлау. Нұржан соған қызығады. Досмұхамбет Жүсіпке Шеридің сайлаушы оязбен бірге болыстарды сайлап келе жатқанын, бұны биі қойғанын айтады. Сайлау, сайлау. Жүсіп мәз. Бұның айналасы қуанады, ақсақалдар, ру басылар хоры.)*

А й ш а *(арғы топтан жырыла шыққан Шолақ пен Нұржанды екі қолымен қатар құшақтап)*. Ақын тілесем, сендер кімнен кем бопсыңдар. Қыз іздеген сал, сері болсаңдар, менің басым кімнен кем бопты осы! *(Өзі ылғи Ақанға телміре қарайды.)*

Н ұ р ж а н. Қарағым, бір назарыңнан садаға өзге қыз.

Ш о л а қ. Менің шабытымды тартатын, ақ түлкідей ажарлым сенсің. *(Айша екеуінің де мойынан құшақтай береді. Бірақ көзі ылғи Ақанда. Анау өз қызығында. Соны көріп солқылдап жылап жібереді.)*

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ СУРЕТ

Түн. Көл жағасы. Бір жақта жартас. Соның өркеш-өркеш тұмсығы көлге тіреледі. Көл беті ай сәулесімен жарқырап шұбартып тұрады. Ай көрінбейді, тастың тасасында. Сахнаға Ақан, Зайра шығады.

К ө р і н і с

А қ а н. Мені әлі күнге жатырқаған кісі сияқтысың. Япыр-ай, бұрын қалайша жақын сияқтанғанбыз осы.

З а й р а. Бұрынғы күнімді не ұмыттым, немесе ол уақытта Ақтоқтыға ілесе жүріп үстірт еліккен болармын.

А қ а н. Енді маған үйрендің бе өзің? Танып болдың ба? Соны айтшы!...

З а й р а. Таныдым-ау, бірақ...

А қ а н. Иә, ірікпей сөйлеші.

З а й р а. Таныған сайын көңілде жарықшақ бар. Бір жағынан қызығамын да, кітаптағыдай ғашық ғұшірет дариясына шомғым келеді. Бірақ сонымен қатар қобалжұым, тартыншағым да бар, миғұла болдым мен, Ақан!

А қ а н. Ауыл-отаның жалғыз атты жарлығы қосуға көне алмайды, сол қобалжытады ғой.

З а й р а. Ол бір төбе... бірақ толқуым одан да емес.

А қ а н. Енді неден?

З а й р а. Менің жарым я сен боларсың, я сендей болар деп ойлаған емес едім. Қосағым сен болған күнгі өмір маған әлі күнге бұлдыр, мұнар ішіндегі бір нәрсе тәрізді.

А қ а н. Шыныңды айтқаның да жақсы болды. Бұл менен құтылуың ғой. Бірақ мен енді (*мұңайып*) бойымды жия алмаспын, құлап кеттім. Қайраттан да айрылып қалдым. (*Отыра кетін,*) Қайтермін...

З а й р а (*аяп*). Мен дел-салдамын... Жүрегім жыртылып айрылған сияқты бір жағы саған жабысады, екінші жағы сені жатырқайды, қашады... (*Үндемей тұрысқан соң,*) Кешегі жұрт айтқан немеңе? Көзіме көрсетші. Ол не екен білейін. Біле отыра басымды байлайын.

А қ а н. Ол афсана, Зайражан. Сондайға сене ме екен? Жын, пері, шайтан дегенді кім көріпті?

З а й р а. Жоқ олай деме, олар бір адамға көрінеді. Мен

өзім шайтанды әлденеше көрдім. Ылғи аятылгүрсі оқып қана қашырамын.

А қ а н. Жай бір елес қой.

З а й р а. Жоқ, сен мына араға отыр. *(Отырғызып.)* Шерт сазыңды. Мен әдейі осы түнде сенің сырынды білейін дедім.

А қ а н *(шошынғандай)*. Мен сенен айрылмақпын ба әлде?

З а й р а *(Ақанның домбырасына телміре)*. Әуелгі шартым... мынау... *(Ақан аһ ұрып күрсініп, басын төмен салып толғанып қалады. Қолы домбыра тарта береді. Баяу нотыдан бастап бір сарынды өрлете, өсіре береді.)*

А қ а н *(аздан кейін үн қосып өлеңмен шерленеді. Ән барған сайын үлкен мұңлы, шерлі саз бен бір салқын сырлы сарынға айнала береді. Мұнда фатальность, символика және ертегілік фантастика мазмұны бар. Өлең осылай өрлеген сайын қыз да сынып, елтігендей талмауси береді. Көлге, түнге қарап, елес күткендей болады)*. Сүйген жардың мекені алысқа шырқар ма, Иран бағы гүліндей қол жетпесім, саған жетер сапарымды қиындаттың ба? Сейфүлмәлікке берген қиын жолдың ішіндегі оң сапарын бере ме, Зылихадай аһ ұрғанмен мұратхасыл болар ма? Бұрынғы жәрдемші самұрық құс қанатыңды тоспайсың, ғайып тәсір мені не қылсын. Сұңқар боп ұшқан сорлы әнім от мұхитынан өте алмай қанатың шарпылар ма, тұлпар боп жорытқан жел сөзім каф қиясынан аса алмай төрт аяқтан тұралармысың. Ертегі ұшқыр кілемін берген жоқ, дию шамдалын қайда тыққанын мен білмеймін. Маған жәрдемші кім?.. Ынтызарым өзің жәрдем етпесең Шаһбаздан айрылу шерін сардалада жалғыз ұлып, зар қып өтермін. *(Зайра қалғығандай күйге телміріп ұйып отыр. Осы өлеңнің аяқ кезінде көл үстіне жеңіл мұнар түсіп, Зайраның бет алдынан елес ашылады. Алыста бір аққу пайда боп, көл үстін сыза келіп жағаға тоқтайды. Сілкінеді. Пері қызы боп шығады. Билейді. Ақан әні бұл кезде “Хорланға” ауысады. Тәтті мұңлы қоңыр баяу лирикаға айналады. Қыз билей жүре ымдар жасайды. Мың бұралып, поэзия, музыка музалас тәрізденіп қанат қағады, қол бұлғайды. Алысқа шақырған сияқты. Ақанды жалғыз шақырғандай болады. Ақан бұл көрініске сырт беріп отырған, бірақ әні бір мұңлы жоқтау түрінде, соған ғана бой ұрған қалыпта.)*

Бір жансың қол жетпесте қорлығайын,
Мағырып берген екен күн мен айын,
Мұратқа талпынсам мен жетемін бе,
Дариға, арманым көп неғылайын.
Уа, дариға, ләулік тас,
Бағдат-Мысыр, Шын-Машын, іздесем,
Қорлан табылмас!

(деген сияқты ән). (Билеп жүрген қыз Ақанды шақырғандай. Зайра сол кезде ояна береді. Ақанды бұре қысып, қымсына береді. Жабыса түседі.)

З а й р а. Кетемісің шынымен. Кетпе, тастама.

А қ а н *(әнін тоқтата бере)*. О не, не дедің?.. *(Ән тоқтасымен Зайраның көз алдынан пері қызы ғайып бола беріп, тұманға батады. Ақан үндемей сұлық түсіп, сұрланып қалады.)*

З а й р а *(оянып, есін жиып)*. Япырай, тіксіндірді ғой. Қой, мен бой тартам. Мынандаймен мен тең келе алмаймын. Ақан, сен азатсың.

А қ а н. Не дейсің? Не болды саған?

З а й р а. Мен көрдім... білдім, болды...

А қ а н. Мен неге көрмейім?.. Өз ойыңдағы елесің... Қалғыған шығарсың.

З а й р а. Ненің елесі? Неге көрінді, кім ол?

А қ а н. Мен қиналуды, толғануды ғана білдім, басқа ештеңе көрген емеспін.

З а й р а. Жоқ, бүкпе сырынды, түсіндір.

А қ а н. Жел сорым – шер қиялым аулақтатпаса, менің сенен алыстататын дүнием жоқ.

З а й р а. Сол немене? Басқа сүйгенің жоқ па?

А қ а н. Басқа сүйгенім бар... Ол Құлагерім және түйғыным – ақ нажағайым.

З а й р а. Оларыңда не сыр бар? Осы не күй өзі мына жеті түнде? Сенің басыңда не тұман бар?.. Құлагерің, түйғының не?

А қ а н. Тұман жоқ. Басқа сүйгеніңді айт дедің ғой. Бірінің серпіген қанаты, бірінің жүлде әперген тұяғы – менің қос қанатым, қияқ-шалғым сол екеуі. Ендігі қалған тірліктегі күшім мен бағым да, нақсүйерім де солар деп ем. Бірақ саған олар күндес емес.

З а й р а (*өз-өзіне айтқандай*). Мен Бәдиғұл Жамал – Сейфүлмәлік түнін көрмедім бе? Әлде мен талдым ба?.. Ыстық, рақат та сияқты. Жоқ, сонда да бекіне алмайым... баса алмайым...

А қ а н. Сені ұйқы жеңген екен.

З а й р а (*Ақанға*). Сен бара тұршы, мен есімді жинайын. (*Ақан кетеді. Қыз жалғыз ыңырсыды, әндетеді.*) Асықпашы, көлгір. Тоқташы, мені өзіңмен қоса еліктірме, ойландыршы... Елтігендеймін, маспын. Бірақ толған, толған, ояншы ақыл-санам. Иә, шуу, бас, басшы, тартшы қолымнан, бұнда сағым, елес... дерттісі несі? (*Сол кезде арттарынан жастар тобы кеп шығады. Ішінде Шаймардан, Досмұхамбет, Нұржан бар... Ойыншы, желікті.*)

К ө р і н і с

Ш а й м а р д а н (*Зайраға*). Қарағым, сен мұнда ма едің. Мен де, ауыл-отаның да, бұдан арғыны қостамаймыз. Қызық дәурен кешірдің. Енді сайлау, сайлау келді.

З а й р а. Не дейсің?

Ш а й м а р д а н. Біздің сайлау еді өткізетін ұлығын, бай-бағланың бір-ақ адам... Еркің менде болса, менің еркім сонда.

З а й р а (*Нұржанға*). Ұқтыршы...

Д о с м ұ х а м б е т. Асыр-сауық салдық. Ата-ененің жүрелгісі жаңа дәурен енді басталады.

З а й р а. Не дейсіңдер? Менің ұйығаным Ақанның әні емес пе еді?

Ш а й м а р д а н. Біз ақын мен бақсы шықпаған тұқымбыз. Теңің бұл емес. Балалыққа жол жоқ. Теңің мен қосағыңды басқадан күт. Міні, хабары келді.

З а й р а. Ол кім? Не айтар?

Д о с м ұ х а м б е т } Ол Шери, Шери мырза! Шери
Ш а й м а р д а н } мырза!..

Бәсе, бәсеке енді бітеді. Алтайдың ақиығы тілеп ұшты бір сен деп. Қазақ баласының ұсынса қолы жетпеген асыл терегі, Торсан байдың ерке бағлан мырзасы... Шери, Шери мырза!.. (*Топ түгелімен Шери мырза, Шери мырза деп жырлап ойнайды. Ақан салбырап шетте жалғыз қалады.*)

З а й р а (*оңашалау, жалғыз өзі*). Жастық дәурені осы түнмен тарқамақ па? Алдым не, ақ нокта енді менен дәме етті ме? Болмайды. Жолыма суық лебі келеді. Болмайды. Қалай басам?.. Айналам түн, саңылау жоқ. Аяқты қалай басам?.. (*Бұны топ қоршап әкетіп бара жатады.*)

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Үлкен үй. Ауыл күтулі, әбігер. Ерекше қонақтарды тосады. Алдын ала сый-сияпат, ырым-кәделерін алғандар өтіп жатады. Сандық ашып, жыртыс үлестіріп жатқан Досмұхамбет. Бұған таласа келіп, қолынан алалы шапан, тон киген, бұл құшақтаған үлкендер бар. Бастап қант алған, шай құшақтап өрік-мейіз шашып кетіп бара жатқан бәйбіше, жеңгелер бар. Молдық, мырзалық белгісі. Көпшілік қуанышты, желікті. Бәрінің ауыздарында: Шери, Шери мырза, мырза! – дескен сөздер. Ақан көп ақын ішінде, бұлар баяу. Ішінде домбыра соқтырып, жыр айтып отырған Досмұхамбет ғана.

К ө р і н і с

Н ұ р ж а н. Досмұхамбет, іркілме. Мырзаның алдын аршы, жолын тазалай бер. Алғандарың құтты, құтты болсын, құдалар. Бұл заман жаман заман деп кім айтады? Ірбіт шапқан, ой-қырды алған ояз-жандаралмен бастас боп, кезек қонақтасып бас силасқан заман бегі Шери бай, Шери мырза, соның шашқан шашуын терген аға-жеңге, қоңсы-қолаң текке қуанып жүр ме? Қай заманың осыдан артық екен. Осы сөзім рас болса, кәде алушы кәрі-жас, Жүсіпке, Зайраға қайырлы болсын айтындар.

Д о с м ұ х а м б е т (*жұртқа сый беріп жатып*). Алындар, келіндер. Аткөпір қып жүретін біздің мырзаның дағдысы. Ақыным, соға бер. Кәдеге жарайтын, өзің ғанасың. Сенің еңбегінді мырзаның өзі ақтайды. Уай, жұрт, жаңағы мына Нұржанның соңғы айтқанын ұмытпаңдар.

Б і р і н ш і б ә й б і ш е (*Жүсіпке*). Қуаныш құтты болсын. Қол артқан жерің олқы емес.

Е к і н ш і б ә й б і ш е. Тек ұзағынан сүйіндірсін
(*Оқшауырақ тұрған Зайраға бірнешеуі жиылып келгенде.*)
Шырағым, сен талғаған болсаң, ол таңдаған алтын айдар
шоқ белбеу жар осы болады.

Д а у ы с. Іздегеніңе сұраған деген осы. Болмаса кімнің
қолы жетіп еді Шер биіңе.

Е к і н ш і д а у ы с. Ірбіт шапқан, Макаржы барған
бай.

Б і р і н ш і б ә й б і ш е. Осы дуан-дуанның бар
ұлығы ауылына қонған, асына мәз боп жатады деген рас
па екен?

Д а у ы с. Рас емей. Осы күнде де, осы б болыста
сайлауға шыққан оязың Шери ауылында он күннен бері
қонақтап жатыр дейді.

Е к і н ш і д а у ы с. Ендеше ояз ұлық емес, Шери
ұлық та.

Е к і н ш і б ә й б і ш е. Е, Керейдің бар болысын Шери
сайлайды. Сол атаған кісі болады деп отырған жоқ па?

Н ұ р ж а н. Тек қазағымның өмір жасын ұзақ
қылсын...

Б і р і н ш і б ә й б і ш е. Бәсе, қуан, Жүсіп, Зайра
шырағым, сен де қуан.

З а й р а (*қысылған, толқуда*). Не деп шырық көбелек
айналдырып барады мына жұрт. Не дермін, не істеймін.
Менің ырзалығым сұралмай-ақ далада қалғаны ма?

Д а у ы с. Қасында баяғы Абылай тұқымы, қазақ төресі,
ояз, тілмаші, бір төре тағы бар дейді.

Н ұ р ж а н. Келсін ол да. Өзі ылғи Шеридің емеурінімен
жүреді десетін. (*Зайра кетіп қалады.*)

К ө р і н і с

Т ы с т а ғ ы д а у ы с т а р. Мырза.. мырза келеді...
Шери... Шери...

Ү й д е г і д а у ы с т а р. Мырза... мырза кеп қалыпты.
Шери мырза, Шери мырза. (*Жұрт тегіс қақ жарылып тік
түрегеліскен.*) Бай келеді... мырза келеді... Шери мырза.
Қасында төрелер, төре! (*десе береді. Кіріп кеп жұртқа
паңдана қарап төрге қарай басады. Отырысады.*)

К ө р і н і с

Т ө р е (*Шериге, айналадағы жұртты көрсетін*). Сен екеуімізге мыналар дикарша қарайды. О несі екен?

Ш е р и (*күліп*). Бұлар өзі бір қазақы, ескі ел. Адамдар мен әдеттері де баяғы қан жеген ата-аналарынан алыс емес. (*Күліседі.*)

Т ө р е. Қан жеген? Оны неге жеген?

Д о с м ұ х а м б е т. Ас болат дейді ғой, төре-ау.

Т ө р е (*Досмұхамбетке*). Сен бұларға ақыл үйрет, ұрыс! Бізге бұлай сиырша қарамасын.

Д о с м ұ х а м б е т. Рас-ақ... ендеше мына отырғанның бәрі ақын. Білгі “сен тұр, мен атайын”. Енді тіпті осылардың қаңтарылып қалуына жол бар ма, неге сөйлемейсіңдер, түге. Мына Шери мен Төреге сәлем бергендерің қайда?

Д а у ы с т а р. Иә,бәсе, бұл не отырыс?

— Бәсе, мұндайда ақын бастамас па?

— Амандықта қолқа боп па, о несі? (*Шери жолдастарынан Нұржан домбырасын алады. Шолақ та, Біржан да домбыра ұстайды. Нұржан айтуға ыңғайлана береді. Шери мен төре өз беттерімен әзілдесіп отырған. Шери мыналардың әзірлігін елемейді.*)

Ш е р и (*Төреге*). Сіз Зайраны осында шақыртпайсыз ба?

Т ө р е. Уа, уа, бұ не шу... керек, керек, а, өзі неге келмейді.

Ш е р и. Е, белгілі ғой. Ол да бір қараңғылық белгісі. Біресе топыр жиып, ойын-сауық құрады. Онда ұялмайды. А, біресе ұятты кісім болғансып тығылады. Бетін жасырып, көрінуден қашады. (*Күледі. Жолдастары қошаметтейді.*)

Т ө р е (*Шаймарданға*). Ну, Шаймардан, сен Зайраны мұнда шақырт. Бізбен бірге отырсын. Какже иначе. (*Сол кезде Зайра кіреді. Қасында қыз нөкерлері. Ол ұялып қымсынбайды. Мыналармен амандасады. Төре Шериге.*)
Однако, ол қорғанбайды. Это по-европейски.

Ш е р и (*қомағайлана қарап*). Иә, “товар налицо”, а товар жаман емес. Қалай ойлайсыз?

Т ө р е. Сенің көзің өткір деп білем, губа не дура, ха-ха-ха! Ну, ақындар! Бұлар немене ауыздарына су толтырып алғандай?

Н ұ р ж а н. Су толтырып алғандай. Бәсе, ақындар, сендерге не болды, жарқындарым-ау...

Д о с м ұ х а м б е т. Өздері бүгін кірбең бе? Қалай? *(Күліседі).*

З а й р а. Біреудің пысы басып отыр деймісіндер? Айтар.

Б і р ж а н. Бәсе, тіпті бізді қууға айналды ғой мына жұрт.

Ш е р и. Дегенмен кінә сендерде. Алудан сендер, беруден мырзалар кеткен жоқ қой. Жел сөзді сонша бұлдап, езіп ішуші ме едіңдер. *(Төре, Шери қатты күліседі.)*

З а й р а *(қасындағыларға)*. Мен болсам мынадай мінезге қарағанда тіпті айтпас ем. Ақанды танығаным рас болса, бір ауыз сөз айтпас.

Д о с м ұ х а м б е т *(қасында отырып)*. Мен айтады деп білем.

З а й р а. Көрерміз. Ол сен емес.

Д о с м ұ х а м б е т. Ендеше, шырағым, осыны бәйге қылайық. Көрелік. Мені кемсініп жаралауың аз болған жоқ. Бірақ түбінде Ақаныңмен қоса жылап жүрсең менен көрме!

Б і р ж а н *(шырқап жөнеледі)*. Торсанның мырзасы, мырза Шери, қадамың құтты болсын. Бақ қарап, қыдыр дарыған баймысың, керейдегі бір құтым сен. Ойда орыс, қырда қазақ даңқынды естіп, сыртыңнан сусап отыратын, аузынан уызы тамған асылымсың. Саған ұлығы қол артты. Мен не деп іркілейін. Кәрі ағаң алдында қанша айтса да қажымайды *(деген сияқты. Шерилер бұны шала тыңдап өздері күлісіп отырған.)*

Д о с м ұ х а м б е т. Бәрекелде, кәрі шор аяғым, сөйлесең осылай сөйле.

З а й р а *(Біржан туралы)*. Ой, емініп қалған сорлы-ай, қалай бұраса, солай жығылады-ау.

Н ұ р ж а н. Мен сенің арқаңда қалтақтап тіршілік етіп жүрген жақыныңмын. Сенің сөзің ғана емес, жолыңа жан пида деген қарашымын. Біреуді хан, біреуді би, біреуді батыр деп мақтаған заман, ұрлық-қарлық заманы болатын. Адал жолмен, шарифат жолымен, абиұрмен мал алғаннан асқан қас батырым сенсін... бұтына тері шалбары қатып, иығын тар шекпен қажап, жүрген қазақты да би мен текке

бөледің, өлігіне ақырет бердің. Сенің еңбегің ер еңбегі. Шарифат та, жанат та осы.

Ш е р и (*Төреге*). Көрдiңiз бе, бiзге ақша ғана, пайда ғана керек дейсiң. А, ел өзi не дейдi? (*Күледi.*) Жiгiт қадiрiн бiледi.

Д о с м ұ х а м б е т. Атамаңыз, минi, елдiң сөзi осы да...

Ш е р и. Минi. Бұл жақсы айтады...

Ы б ы р а й (*шырқай кетiн*). Әттең, тәңiр-ай, бұл заман жорғалаудың заманы бопты ғой. Бөкен желiсiң болса да бөтен келсiн дейтiндер болар. Сонда да саудагердiң әкесiн өлтiре ақша бер деген жүрiсiмнен тiптi танбаймын. (*Шерилер тыңдамай төремен өзiлдесiп күлiсiп отырады.*) Тиынға сатып алатын ба едiң. Неге құштар болайын. Бұрынғы хан, төреңе де табынған емеспiн. Бұныға да жағынбаймын. Өлгенде ақырет берсе сол өлiктiң көрiне күнәсiн сатып, аларман боп күзге дейiн қудалап, мұңкiр-нәңкiрдiң бауырына апарып тыққан шығар. Ығына алып iлiндiрсе мiнер көлiктiң көзi болсын дегенi шығар. Жақсылық пен жамандық бас қазының алдында өлшенедi деп, көп молда, өздерiң емеспең ұзақша шулайтын. Бұл дүниеде кiсiлiк безбенмен өлшенедi дегенге бiз де көне алмадық.

Ш а й м а р д а н (*кекетiн*). Бәрекелде, бұ сөз боп па?

Ш е р и (*тыңдамай отырған бойында*). Су татыған бiрдеме шығар...

Д о с м ұ х а м б е т. Жаман қыз шешесiнiң артын шұқып ойнайды деп. (*Жұрт тегiс Досмұхамбеттердi қошеметтеп күледi.*) Өлмендер-ау, өлмендер...

З а й р а (*қасындағыларға*). Жағынып, жалтаруды бiлмейтiн, тiптi Ыбырайдыкi дұрыс.

Ы б ы р а й (*Ақанға*). Е, жаратқан бар болғыр, тiптi неге төменшiктейiн.

А қ а н. Жұрт ұнатпай қалды. Бұның ылайық болмады бiлем. Мынау төре Абылай тұқымы. Асылдың жұрнағы емес пе?

Ы б ы р а й. Е, бүйрегiң солай бұрып тұрса өзiңнiң. Шөре-шөреде мен-ақ қалайын тiптi.

Д о с м ұ х а м б е т (*Шериге*). Бұнда ана Ақан отыр. Кеудесiне нан пiскен жiгiт. Соны ғана бiр сөйлетшi, төре... (*Шери мен төре сөйлеседi.*)

Т ө р е. Ей, Ақан, сен немене бағанадан малшайт етіп, мыналарға очередінді беріп отырғаның?

Ш а й м а р д а н. Ия, бәсе, бәсе. Ақан сөйлейтін кез жетті.

Д а у ы с т а р. Ақан айтсын, Ақан аға.

Ш е р и (*Зайраға естірте, Төреге*). Ал Ақаныңның өлетін жері келді, төре. Мен білсем осы кісің ұраныңа табыла алмайды. (*Күліседі*).

Т ө р е. Айтады... баста, Ақан...

Д о с м ұ х а м б е т (*Ақан қолына домбыраны бере беріп*). Бұл кісі азамат қадірін біледі ғой, сіздерді неге сыйламасын.

З а й р а (*Шолаққа*). Ақан жігіт болса, екеумізге де қыл мойынға тақаған жеріміз осы екенін білер.

А қ а н (*Төреге қаран*). Қаракөктің тұқымы асыл задам, атаңның әруағына қоңсы қонған даттаушы жыршың мен болам. Заманның аманында қазақтың тобынан торай шалдырмаған еліне қамқа болған асыл еді. Мен сол абыройдың ығында өсіп ем. Дәулет құсы бастан тайып, қарашы бет-бетімен сай өрлеп қара шаруаң жүдеп тұр еді. Мен елі көшіп, иесі кеткен, көштен адасқан күшіктей атаңның жұртында жүр едім. Сені көргенім де бағым екен... саумысың.

Ш а й м а р д а н. Бәсе, міні дұрыс сөз.

Д о с м ұ х а м б е т. Е, көшелі кісі жол мен жөннен адаса ма? (*Төреге*.) Енді Шериге амандас деңіз.

Т ө р е. Ақан енді желісін үзбей тағы да шап, енді мына Шери мырзаны айт.

Д о с м ұ х а м б е т } Иә, Шериге, Шериге!..
Ш а й м а р д а н }

А қ а н. Мырзаның көп мырзадан салты бөлек. Жұртым болса соны да мырза дей бер деуші еді. Шын мырзалық, шын асыл текті Шериден көрдім. Қазаққа келсе мырза, ұлыққа барса пашоттай, патомствоның өзі ұлық тәңірі гаспадин тең едім деп жаны шыққыр қай қазақ айтады.

З а й р а. Өз қанатыңды өзің қырыққаныңды білмейтін жексұрын, бүдірің жоқ сорлы ма едің?..

А қ а н (*әнін үзбей айтып келе жатып, Зайраның қабағын байқап*). Сүйсінген жерімде келер-кетерімді

білмейтінім де болушеді. Шын мырзаның шұғыласы басқан болар. Ойдағымды ірке алмадым.

Д а у ы с т а р. Бұл таластан тайқып шықты.

Д о с м ұ х а м б е т. Е, әддін білмеген әлек деп неге Ыбырайшыласын.

Б о т п а й (*Зайраға қаран*). Бәсе, иесі келсе, қоңсысы орын босатады деп, осылай болса керек қой.

Ш е р и. Жақсы айтты-ау осы, ә? Зайра, не дейсіз?

З а й р а (*күйінген, қысылған түрде*). Тілегені қарынына, өзі білсін.

Ш е р и. Ха-ха-ха. (*Төре қосыла күледі.*) Оны еске салғаныңыз ақыл-ақ. Бұл айтқаныңыз мынау екен ғой. (*Бумажнигін алып, салмақтап, Ақанға лақтырмақ болады.*)

З а й р а (*ұмтылып тоқтатпақ боп*). Жок, теріс ұқтың, ұят болар. Мен оны айтқам жоқ. (*Шери күліп отырып, лақтырып жібереді. Ақанның алдына барып түседі. Бірнеше ақын ұмтылып ұмсынып қалады.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Жерге түскен жетімдікі. (*Ала бергенде Ақан өзі бассалады.*)

А қ а н. Мен айтып, сен алатының несі. Бермеймін. (*Қалтасына салып алады.*)

Ш е р и. Өзің, өзің ал. Еңбек те, бумажник те сенікі. (*Қарқ-қарқ күліседі.*)

З а й р а (*Ботбай қарағанда*). Намысымнан садаға, ер ме десем тіленшімедің.

Ш е р и (*Шаймарданға*). Ендігі істің беті ашылды. Мә, мынаны сен ки. (*Серілік знагын кигізеді.*)

Ш а й м а р д а н. Мал-басым жолыңа садаға, қарағым, енді өзің билеп төстей бер. Алдыңнан шығар, жолыңнан басын тартар үлкен-кіші жоқ. Сенімен бәс таласатын ақынбеді, әне өзі де мына Зайра алдында абыройынан айрылып отыр.

Д о с м ұ х а м б е т (*Зайра мен Ботбайға жақындан*). Ақын бәсекесі деген оңай ма, ұят та боса тұрат та. Өзі бас салғанын көрмеймісің түйғындай.

Б о т п а й. Ұят-ай...

Д о с м ұ х а м б е т. Япырай, Айшаның данасын-ай.

Ш е р и (*Зайраға*). Мені батыр қылғаныңызды қоясыз ба?

З а й р а (*күлін*). Жатырқасам бүйтер ме ем, о не дегеніңіз.

Ш е р и. Ендеше, ықыласың мен шырайыңыз бізге ауса екен.

З а й р а. Мен сіздің ықтиярыңыздан қайда кетеді дейсіз.

Т ө р е. Уат, уат бұны мен түсінемін.

Н ү р ж а н (*Досмұхамбет иек қаққанда*). Бәрекелде, қуаныш құтты болсын. Екі асыл шырақ жаратқанға біз де маспыз, мына отырған жұрт. Алакөңілі жоқ. Тегіс қуанады, есіктен төрге, сүйінші... Тұғырыңды жаңа тауып қуандың асылым, Шери мырза...

А қ а н (*күйін-жанын, домбырасын тастай беріп, тұрып бара жатып*). Адыра қалсын бүйткен ой-санам. Қайда қаңғып кеткенмін, шоқ-шоқ дейтін жан бар ма маған?

Б ы р а й. Е, балалығыңды жаңа ұқтың ба? Бәрекелдей, мұншалық келтемедің? (*Жігіттері мен екеуі де өкініп, салбырап шыға береді. Арттағылар мәз боп күліседі.*)

Ш о л а қ (*тұтанған күйінде*). Уай, жұрт, әлі сөз байыған жоқ. Енді бұл бәйге базарына барсын. (*Әнші қатарына отырып, Ақанның домбырасын қолына алып.*) Мына домбыраның көмейіне тығылып, айтылмай қалған сөз бар, мен соны жеткіземін. Переселеннің өгізін жүздеп алатын мені де мақтайды қазақ дурак. Кеудеме кірдің тасын көтерсем Мәди дейді. Бетін шаң басқан гауһарды мақтап не қылайық. Жалтыраған тиынды мақтайық. Соны салған қалтаны жақтайық. Зайра қыздың той тарқары сол болсын, қыздың байы жылқы екен сұм, ойбай.

Ш е р и. Мынау не деп қыртады. Шығар мынаны.

Ш а й м а р д а н. Тоқтат былжыраған сөзіңді, қаңғыған неме.

Б ы р а й. Шолақ шынды айтты, қаңғырғамыз жоқ, біз ел сүйген, елмен туысқан ақынбыз, қаңғырған мына саудагер Шери.

Д о с м ұ х а м б е т. Аш көзіңді. Болмаса көрерсің көресіні.

Ш о л а қ. Қысқарт енді, жорға құл, мойыныңды жұлып алармыз.

Ш е р и } Не дейді? Не былжырайды, жоғалт көзде-
Т ө р е } рінді.

(Атып тұрып ұрмақ болады. Төре мылтық суырады.)

Ш о л а қ *(төсін ұрып)*. Әдіре қал атып көр. Кім деп білесің, көзіңді ашып қара.

Ш а й м а р д а н. Шық, кет ауылымнан, кет, өңшен бүлік.

З а й р а. Тимендер ақындарға, бұлар менің қадірлі қонақтарым, үй иесі бізбіз. Апа, айтшы бізбіз.

Ш а й м а р д а н *(Зайраға)*. Шығарма үніңді... жетті.

Ш е р и. Құның төленген, менің алдымнан шығатын сен бе едің. Жетті енді, кетсін мыналар бұл ауылдан.

Ш а й м а р д а н *(Зайраға)*. Шығарма енді үніңді. Боларың болған, масқаралама мені.

З а й р а *(шешесіне)*. Япыр-ай, апатай-ай, шынымен-ақ осы торға шырмалдым-ау. Енді маған ерік бар ма, жоқ па, әлсіз, жалғыз панам.

А л т ы н а й *(бірге жылап)*. Жалғызым, тек бағың ашылмай-ақ та! Күнің не болады?.. Көзім жетпейді. Ерік мен байғұста ма. Көңілім тіксінеді. Я құдай, жалғызымның бағын аш.

ШЫМЫЛДЫҚ

Бесінші сурет

Сахна бір отау, бір үлкен үйдің жартыларынан құралған. Араларында алаң бар. Отау Шеридің үлкен әйелі Ақлиманікі. Сонда Айша, Ақлима. Үлкен үйде Торсан. Оған Бәкен қымыз сапырып беріп отыр.

К ө р і н і с

А қ л и м а *(ашулы)*. Асайын деген екен сенің ағаң. Тәубәсынан жаңылған екен.

А й ш а. Жеңеше-ай, атты алысқа айдадың ғой. *(Күледі.)*

А қ л и м а. Менің енді іркетін дәнекерім жоқ. Қайда әлпі Досмұхамбет! Ай, Досмұхамбет! *(Досмұхамбет келеді.)*

А й ш а *(Досмұхамбетке)*. Немене, келе жатқаны шын ба?

Д о с м ұ х а м б е т (*Ақлима жаққа жалтақтай тұрып*).
Ия, болар іс боп қалып еді, құрғыр. Келіп те қалды тіпті,
несін жасырайын.

А қ л и м а. Шақыр Ботбайды! (*Досмұхамбет шығып кетеді.*) Өткен күннің бәрі ұмыт деген екен. Ірбітке қолын жеткізген, Мақаржіге апарған, банкі ашып берген менің ауылым емеспеді? Менің арқам болмаса ішіп, жеп отырғаны кімнің мүлкі. (*Досмұхамбет, Ботбай келеді.*) Бар, ана атама менің сөзімді жеткіз. Керекуден екі жүз жылқы, үш ақ үймен келген қай келінді көріп еді, бұл өңірдің қазағы менен бұрын, менің шаңырақ түйеме мініп келетін қара қазақтың күң қызы менің теңім боп па? Не қазір алдырмай қайтарсын. Немесе мен бүгін төркініме хабар жібертем. Келіп, бар жасау мүлкіммен мені алып кетсін. Басқа сөзді білмеймін. (*Аналар кетеді. Айшаға.*) Сен де маған дос-ақ екенсің. Қоздырған сен дейді, рас па, шыныңды айт.

А й ш а (*күліп, қысылып*). Ашу алдында, ақыл соңында демеп пе еді. Неге мұнша тарылдың, жеңеше-ай. (*Досмұхамбеттер Торсанға кеп сөйлесіп жатады.*)

А қ л и м а. Жалтарма, сөзіме жауап бер. Саған да менің кәдірім тозған екен. Солай ғой тегі.

А й ш а. Еркелікпен айтып қап ем.

А қ л и м а. Сондағы ойыншықтарың мен ғой.

А й ш а. Жоқ, жеңгем сенсің, басқаның керегі жоқ.

А қ л и м а. Көлгірсіме, алдама.

А й ш а (*күліп*). Шын айтам, жеңеше. Және анау ақындарды тұқыртып кетсін деп бір ашумен айтып қап ем. Алсын деген жоқ едім.

А қ л и м а. Ендеше сөзінде тұр. (*Есік алдынан бір топ қыз, қатын өте береді, арасында осы ауылдың құлары: бірі сақау, бірі қыли, бірі сыбызғы шалған ақын, бірі дуана-бәйітші — барлық тобымен: “Келін, келін келеді! Келін қалды, келін қалды!” десіп, Ақлиманың есігінен өтерде, қымсынып ауыздарын басады.*) Әй, не, есік қақты немелер! (*Сырттағылар тұра қалады.*) Бұ не шу? (*Құлар майыса кеп, екі босағаға барып күлдірмек болады.*) Тарт әрі. (*Аналар тиыла қалады. Ақлима Айшаға.*) Өтірік айтпасаң, ана әкеңе сен де бар. Тидыр, қайтарт. Болмаса төркініме кетемін. (*Айша түрекелгенде.*) Осыны істемесем әкемнен тумай кетейін. (*Тысқа шығып қатындарға.*) Жоғалт көздеріңді.

Қуанғышын бұл немелердің. Кет үйлеріңе. Алғызбаймын. *(Қатын-қыз ығысып жөнеліседі. Ойыншылар қалады. Ақлима соларға.)* Маған күндес болуға жүрегі батып келетін неме ғой. Шери ауылы қалай қарсы алады екен. Көрсетіндер сендер, қарсы алыңдар. Өлер, тірілер жерлерің осы. Бүгінгі керегіме жарамасаң, атау керенді ішкізермін түге. *(Қулар репетиция жасағандай бірі сақауланып, бірі бәйітшілен, бірі қылиланып аз ғана құтыра бастайды.)*

К ө р і н і с

Т о р с а н *(жатқан қалпынан қозғалып басын көтеріп)*. Бір қырсық үшін Ақлимадан айрылып құтымды шайқаушымен? Ақлимадан басқа келінім жоқ. Оның төркіні менің асқар белім. Құтырмасын, құдайын ұмытпасын Шери... Керегі жоқ...

Д о с м ұ х а м б е т. Қатын сөзі бір сәрі. Қай қатын үстіне күндес алғызам деуші еді?

А й ш а. Ақлиманың ашуы үлкен көрінеді. Мен ажарын көріп кеп отырмын. Отпен ойна демесеңші, Ботбай.

Д о с м ұ х а м б е т *(Торсанға)*. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. О да кедейдің баласы. Сүйегінді қорлайын депсең, бай.

Т о р с а н. Көмегім, елім, ұзын арқау, кең тұсауым Ақлиманың ауылы. Маған дәулет бітірген керей ме еді? О несі екен!! Керегі жоқ. Тыныштығым мен амандығымның садағасы. *(Сахна алаңына Шаймардан, Нұржан, тағы бір топ, қыз ұзату, шу, үлкендер шығады. Құдалар. Торсан үйінен Айша, Досмұхамбет, Бәкен шығады. Олар жақындамайды. Құдаларды ешкім қарсы алмайды. Олар аңырған күйде Ақлиманың отауына жақындай береді. Ақлима бұл уақытта астына орындық қойып бергі шетте үйінің алдында отырған.)*

К ө р і н і с

А қ л и м а *(жақындап келген құдаларға)*. Бұл үйге кірмейсіңдер. Үстіме күндес алдырып, тасталған қатын аталып, байтал тапқан күнімде кіргізсем де жетер. *(Құдалар шайлыға береді. Айша кеп Ақлиманың қасына отырады. Құдалар дағдарып, Досмұхамбетке бұрылғанда.)*

Д о с м ұ х а м б е т (*мойнын теріс бұра беріп*). Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар... Е, сорым бар басым.

Н ұ р ж а н (*Бәкен мен Досмұхамбетке*). Мына құдалар бай үйінің өзіне кіретін шығар, әлде. (*Дағдарыс, аналар үндемейді. Құдалар солай қозғала береді.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Бай тыныштық алып жатыр. Кіруге болмайды.

Ш а й м а р д а н. Бұ қалай... енді қайда? (*Досмұхамбет дағдарғандық белгісін жасайды. Қулар оның қозғалысын мазақ етеді.*) Ендеше үй әзірленгенше осында отыра тұралық. (*Өзі бастап жерге отырады. Өзгелер де біртіндеп отыра бастайды. Аздан соң қызыл торғын шымылдық желбіреп келінді әкеле жатады. Мына жақта үн жоқ. Ешкім қозғалмайды. Келін тобы тоқтайды.*)

К ө р і н і с

А қ л и м а (*тым-тырыстан соң қулар мен Досмұхамбетке ым қағып*). Бастандар, қуантыңдар ана бай орынды таңдап келген келінді. Неге тұрсың, түге!

Д о с м ұ х а м б е т (*бастайды, өзге қу қостап, бұзық беташар айта жөнеледі. Әні беташар, бұзылған сөздерді біреу ұлыған, біреу маңыраған, біреу жылаған, біреу күлген, бірі кісінеген тәрізді қып, қым-қуат, шым-шуыт етіп айтады.*)

Өзің жатып күйеуіңді басқа соқпа, келіншек,
Алдыңғы түйең итіншек деп құрт ұрлама, келіншек,
Артқы түйең тартыншақ деп тұр-тұрлама, келіншек,
Кеткен дәурен келмесе, құр-құрлама келіншек.
Айт, келін-ау, айт, келін,
Шымылдығыңды тарт, келін,
Сені тосып отырған
Өзге емес мына қарт келін.
Осы арада аз ғана енді тоқта, келіншек,
Қайда келдің, қайдасың күйің жоқта, келіншек.
Жылаймын деп жалғыз-ақ көзің жасын бұлама.
Мұнда күйеу болмаса өзге жоқ па, келіншек.
Айт, келін, айт келін,

Шымылдықты тарт, келін,
Сені тосып отырған
Өзге емес, мына қарт келін.
Баршаңызға бір сәлем. (*Шымылдықы ашылмай,
бөгеледі.*)

З а й р а (*беташар басталған жерде ұялып, сөздерін
есіткенде шошып тұрған*). Сұмдық-ай, не күйге ұшырап
ем. (*Шымылдықты ұстап босатпай тұрғанда өзгелер ашып
жібереді.*)

Қ у л а р б ө р і қ а т а р ы н а н.
С а қ а у қ у (*қылғынып, бет-аузын бұзып*).

Айпанадан ақ жүзім сіз көйесіз,
Жөн-жосықты биетін сіз төбесіз,
Ақ жүзімді көйгенің осы-ақ екен,
Кәнікі, көйімдікке не бейесіз-ау-өй-өй!

Қ ы л и (*ақшырайып, танауын ежірейтін*). Тайқар
байдың үйіне кіріп келіп ем. Төрде ақ төсектің үстінде
Тайқардай ақ қыз отыр екен. Ол маған қарап жымың ете
түсті, мен де оған қарап жымың ете түстім.

С ы б ы з ғ ы л ы қ у (*жынды сүрей, киімі борша-
борша*).

Пайғамбарым тартқан сыбызғы болсаң,
Көк қойдың өңешімен қапталсаң.
Енді кеп маған тисең,
Сонда сенің не арманың бар, арманың бар-ау.

Б ө й і т ш і қ у.

Көрің қадір құдіретін
Білсін таю сұнғатын
Мұстафаның үммәтін
Әндім шариф қылдіа.

Сүйітші, иә, келін, сүйітші, иә. (*Ақлима күліп отырады.
Өзге жұрт та қошеметтейді, күледі. Зайра жылап бетін
басады.*)

А л т ы н а й. Осы Зайра жаным жылап тұр-ау. Мына біреулер өзі өңшең сайқымазақ па немене, құдай!?

Ш а й м а р д а н (*қарамай*). Оң сапарын берсін. Қайтер дейсің, балдардың ойыны ғой жәй. Құтты орнына қондырсақ болды да сол қызды. (*Шери, төре, ояз шығады. Торсан да үйінен шығады.*)

К ө р і н і с

О я з (*орта жерде Торсанға жақын*). Бұнда не уақиға боп жатыр?

Т ө р е. Міні, ваше благородие, бұның аты қазақ ботқасы. Ә, оны расхлебывать ететін кім? Ол (*күлін*) вопрос!..

О я з (*Шериге*). Әй, Шери, мен сені мұндай лабелас деп ойлағам жоқ. (*Торсанға.*) Ну, бай не ойлайды?

Т о р с а н. Мен ырза емес, төре! Ана келін Ақлима да ырза емес. Мен Шериге ырзалық бермеймін. (*Шериге.*) Білдің бе, міні, алмайсың. Қайт қазір сөзіңнен, қайтар мынаны.

З а й р а (*өзі-өзіне, көзін басып, аһ ұрып*). Сорлы басым қайда кеп ем? Қара жерге кірсем етті.

Т ө р е (*ояз бен Шериге*). Басы әке қарсы, Ақлима қарсы. Хал... өзі бір ойсыз істелген нәрсе. (*Күледі.*)

О я з (*Шериге*). Ну, сен не айтасың?

Ш е р и. Білмейім қандай ақмақтық болғанын. Осы күйден құтылсам екен.

О я з. Ақлиманың ағасы, әкесі почетный, влиятельный адамдар. Оларды ашуландырсаң, үлкен неприятность болар.

Ш е р и. Отказать етем бе?

Т ө р е. Көп қатын алған дейсін.

О я з. Нука мечту, глупость. Көп қатын алудан қашсаң сені біздің бәріміз справедливо істеді дейміз, культурный поступок дейміз.

Ш е р и. Чепуха! Өздері ақымақ болмасын...

О я з. Мало ли бывает шуток.

Т о р с а н. Бол, әй, Шери, аулақ әкет аулымнан мына топырды.

Ш а й м а р д а н. Бұ сөздің беті қалай-қалай шалқып барады өзі. Шырағым Шери, бір деп білегіңнен, ер деп етегіңнен ұстағаным сен емеспең?

Т ө р е. Начинается!

Ш е р и. Керек емес. *(Ілгері Зайраға таман басып.)* Мен ката істеген екем. Айып менен. Бірақ мынау әке, мынау ұлық, барлық игі жақсы мені тыйды. Мен енді... рұқсат еттім. *(Зайра жылап жібереді.)*

Ш а й м а р д а н. Сөз осы болды ма?

Т о р с а н. Болды енді. Тартып сүйген жар болмайды. Ей, Шаймардан, сен мені зорлықпен құда етушімең... Жаным, шаршатпа бізді енді...

Ш а й м а р д а н. Олай болса менің де сөзім қысқа. Менің байлауым міні. Жердің үстімен кеп астымен қайтпаймын. Әкелдің. Енді есебін өзің тап. Әне келінің. Не қылсаң о қыл. Мен, міні, кеттім...*(Өз кісілерімен Зайра қасындағыларға.)* Жүріңдер тегіс! *(Жөнеле беріседі. Нұржан Шери қасында қалады.)* Зайра, қал, шырағым!.. Кімнің жерін жерлесен, соның суын сула. Арсыз болмасаң абұйырлы болмайсың деп тұр ғой мыналар. Жетенде болса соны ұқ.

З а й р а. Қорлық-ай, не болдым, не болдым? Әкет мені. Апатай-ау, қорлады ғой бізді! Қайттім мен енді. Әкет мені.

Ш а й м а р д а н. Жоқ, қал... Маған да керегің жоқ... Жүріңдер, жүріңдер. Өлсең сүйегінді жоқтармын. Тіріде сені, міні, мен де қайта алмаймын. *(Кетіп қалады. Зайра жалғыз тұрып қалады. Шымылдық жерде басылып қалады.)*

А л т ы н а й. Тірідей жер болдың ғой, жалғызым. Бүйткенше өлсең етті, қозытайым... Өлдің енді сен. Мен де өлдім. Жарығым, арманда кеткен жетімегім. Зарлы бейбағым... енді тірі қалма, өл. *(Жылап тұрып Төре мен Шериге.)* Ендігі жалғыз арызым, қор болған жанның соңғы арызы. Ел деп келіп ек қой, мынаны енді қаңғыртпандар. Жетім еді, қарызы бар емес пе? Бұ да адамның баласы ғой. *(Жай тұрған жұрт жағасын ұстаған, мұңайған. Қатын-қыз жылайды.)*

З а й р а *(өзгелерде үн жоқ. Зайра өзіне-өзі)*. Құдайым-ау, не дейсің, апатай! Адасқан ит болған мен сорлыны енді несіне жоқтайсың, неге садаға қып кетпейсің?!

Т ө р е. Қор әйел, күң әйел, мә саған. *(Кері айналып кетеді. Ояз да, Шери де айналып жүре береді. Үміт етіп телміріп тұрған Зайра зар қағып жерге отыра кетеді. Оқ тиіп бүктеліп құлап түскендей.)*

К ө р і н і с

Ботпай мен Айша Торсанға келеді. Екеуі алдында сөйлескен.

Д о с м ұ х а м б е т. Бай, мына істің бір жауабы болады-ау осы! Енді бұның есебін тапқанымыз ақыл болар.

Т о р с а н. Қайт дейсің маған? Керей деген баласы тағы шықты. Мал-дүние судай ақты ғой енді.

А й ш а. Қор етпейік, әке... Шери басы азат қой. Басқа есебі табылмай ма! Жатқа кетпесін...

Т о р с а н. Уа, қайтейін мен. Байды жерден қазайын ба?...

Д о с м ұ х а м б е т. Мына Бәкеніңе әпер. *(Торсан ойланып қалады.)* Жатқа кетпесін.

А й ш а. Менің де ойым сол еді. Ерден кетсе де, елден кетпесін. Бәкен, бауырым болсаң осыны сен ал. Ешкімнен басы кем емес.

Б ә к е н *(ұялып төмен қаран)*. Әкем білсін... білмейім... Ұят болмас па?..

Т о р с а н *(басын көтерін)*. Болды. Шырағым, басымды пәледен құтқар... Осыны тіледім сенен. Ал. *(Сөз шешілген сияқты. Айша мен Досмұхамбет Бәкенді ертіп алып, Зайраға жақындатады. Торсан Зайраға.)* Шырағым, тұр. *(Зайра тұрады.)* Менің аулым деп келген екенсің, мынау да менің балам. Құдай қосса біз қостық. Осыныма ырза бол. *(Бәкеннің қолын Досмұхамбет Зайраға созады. Зайра жылап сол қолымен бетін басып тұрып оң қолын Айшаға ұстатқан күйінде Бәкеннің қолына тигізеді. Бетіне қараған да жоқ. Сол қалпында бұларды алып Айша, Досмұхамбет кетеді. Торсан Ботбайға жұртты көрсетіп бұйрық етеді.)*

К ө р і н і с

Д о с м ұ х а м б е т. Уай, жұрт, мына бай бұйрығы... бұ да той... енді той болады... той. Қызындар... ойнандар. *(Жұрт тым-тырыс.)*

Т о р с а н. Тойын жаса, атын да шаптыр. Жуып-шай енді, түге! *(Жөнеле береді. Жұрт та үндемей тарай береді.)*

Қ у л а р (*шулап*). Уа, той, той! Қуан, кедей, қуан. Ат шабады... ат шабады... Бәйге, бәйге!.. (*Өздері мазақы ойындарын ойнап, билей тарқай береді. Осы шудың аяғына Ақан, Шолақ кеп шығады, қастарында 3-4 кісі. Мына дабырды естіп тұрады. Екінші жақтан Досмұхамбет шыққан. Тыңдайды.*)

К ө р і н і с

А қ а н. Ә, той екен... Зайраны Керей шыны-ақ әкетті де!

Ш о л а қ. Бәйге дейді. Ат шабат дейді.

А қ а н (*ойлана қалып*). Солай ма? Ендеше, қайтейін, төмен болса малым төмен шығар. Бағым төмен емес. Соны көрсетейін. Бәйгесіне Құлагерді қосайық. Зайраға да, Торсанға да бір оқ атып, күйік тастап кетейік.

Ш о л а қ. Бәрекелде... мұның ақыл-ақ. (*Жөнеліседі. Айша шыға беріп, Ақанға телміре қарайды. Ақан елемей өтіп кетеді.*)

А й ш а (*Досмұхамбетке кеп*). Мыналар тағы не қып жүр! Әлі өзеурегені Зайра ма?

Д о с м ұ х а м б е т. Ендігі ісі ерегес. Бағымды жарыстырам Торсан баласымен. Бәйгеден Құлагерді келтірем дейді.

А й ш а. Ендеше, әй, мұнда келіндер! (*Екі жігіт келеді. Досмұхамбет үшеуіне.*) Шеримен тайталасатын, бізге басын июдің орнына асқақ қарайтын кедейді мен көрейін. Бұл мына менің кегім. Құлагерді бәйгеден келтірмендер. Ұқтындар ма. Міні, біздің ауыл осылай жеңіп, осылайша қағады, қарсы келген мен жолда тұрғанды... Танып ал.

А н а ү ш е у і. Құп-құп дегеніңе (*жорықтарымен бекінгендік белгі жасады*).

ШЫМЫЛДЫҚ

Алтыншы сурет

Сахна ойлы-қырлы сар жота сияқты. Аргы көк аспан заднігі мен сол бергі жотаның екі арасынан бәйгеге шапқан аттар өтеді. Авансценаға көк шалғынды кішкене бұлақ ағып түседі.

Сахна ашыла бергенде: “Ұста, ұста! Тоса бер! Тоса бер!” дескен қаскөйлер үндері естіле береді. Бір шеттен: “Қарауыл! Қарауыл!” деп ұран салған бәйге атқа шапқан бала Бөрібайдың үні естіліп келе жатыр. Баланың көк шыт байлаған басы және Құлагердің қос құлағы мен созулы кекілі көрініп өте береді. Сол арада жол кесушілер: “сілейт, сілейт! Қақ! Қақ шекеден!” десіп екі жақтан шоқпар, сойылдарын көтеріп ұмтылады. Тегіс сермейді. Құлагер басы сар жотаға шыға бере құлап түседі. Бөрібай жотаның бергі бетіне ұшып түседі. Досмұхамбет бері шыға береді.

Д о с м ұ х а м б е т. Ойында өрелік жоқ деген... біздің бір осылайша ойнайтұғынымыз да болады... Жат, жануар. *(Қарқылдап күліп.)* Уа, бәйге сенікі. *(Сол кезде: “Керей, Уақ! Керей, Уақ! Қыпшақ! Қыпшақ!” деген ұрандарды айтып 3-4 ат Құлагер келген жолмен шауып өтеді. Аттар шанжау-шанжау өте береді. Әрқайсысының артын ала көп топ болып, қалың ұран шақырған тартушылар дүрілдесін өтіседі. Жылдамдатып Шери шығады.)*

Ш е р и. Алдыңғы атты тер басып кеткен екен, тани алмадым. Іздегенім ылғи Құлагер еді... қай-қай ат өтті осы? Біреуі әйтеуір анық біздің ел аты.

Д о с м ұ х а м б е т. Ойбай, мырза-ау, ендігі алды ырғыздың, керейдің көкжалы ғой. Екіншісі тағы бір дулат... Мынауың мінеки. *(Күліп.)* Мына жерде бір қатты қазық бар екен, соған сүрініп жығылғаны сорлының...

Ш е р и. Уа, қой енді қысыр кеңесті, не қып тұрсың.

Д о с м ұ х а м б е т. Жұмыс бітті деп тұрмын.

Ш е р и. Жоқ. *(Қарап тұрып.)* Мынау артқы аттар шоғы келеді екен. *(Күн салып тұрып.)* Ендігі бөтен аттар екен. Анау сайға, анау тастаққа қарай, теріске салып жіберейік. Істе соны! *(Бәрі бөріктерін сол теріс жаққа қарай сілтей шауып, өзге аттардың бетін қисық бұрып әкетеді. Дүбір, ұрандар алыстап кетеді. Есін жаңа жиған Бөрібай сүйретіле барып, Құлагердің мойнын құшақтай жылайды. Аздан соң Ақан мен Шолақ шауып шығады.)*

К ө р і н і с

А қ а н. Құдай-ай, не дейді? Не дейді? Аһ, дүние жалған! Мынау неткен сұмдық еді! *(Аһ ұрып кеп, талып жығылғандай боп, Құлагердің басын құшақтай, зар еңірей құлап түседі. Шолақ күйіп кеп, баланы тұрғызып алып.)*

Ш о л а қ. Уа, не болды, не болды, жарқыным! Не күйге ұшырадың, сорлы мұндар?..

Б ө р і б а й. Осы арада ұрып жықты, ұрып жықты. Бір қол кісі қаптап тұр екен.

Ш о л а қ. Уа, кім, қандай ғана қырсық? Таныдың ба бірде-бірін?

Б ө р і б а й. Танымадым.

Ш о л а қ. Уа, төбеңнен жорытқыр, тым болмаса қай ел екенін білдің бе?

Б ө р і б а й. Осы той қылған ауыл. Осы иттер. *(Жылайды.)*

Ш о л а қ *(атып тұрып қамшысын білеп тұрып).*

Бөлем керей, осыны ата кегім қылармын. *(Айғайлап.)* Уа, қайдасың, қарауыл! Қарауыл! Құрып кеттің бе? Құрып қалғыр... *(Ашуланып, сапысын суырып шаба жөнеледі.)*

К ө р і н і с

Ақан талмаусып, ыңырсиді берді. Ызақойы бір ерекше зарлы күйге таман айнала берді. Теңселіп, көзін жұмып, толғана отырып сөзсіз жыр шерткен тәрізді. Жассыз жылау, жоқтау сарыны. Сол сағатта қартайып, жүдеп, өңі қуарып, әжімдер тереңдеп, таусылып сөніп бара жатқан, сияқтанады. Андасанда: “Бөрібай, Бөрібай” деп қояды. Кейде Құлагердің басын сипағанда “Бөрібай, Бөрібай” деген сөзбен ұйқасып, алмаса берді. Аздан соң бір топты бастап, ақырын тұлған тұтып Шолақ шығады. Ел есіткен. Шолақпен келген топтың ішінде Торсан мен ояз бар. Артында стражниктері.

Ш о л а қ. Уа, көр, көр міне. Біздің ояз, біздің той иесі бай. Өлтірткен мына, Торсан, сенсің. Алдарыңнан өтілгенім осы. Енді қарауыл құрып кетпесе, бөлем бақал ел шапқандай әлекті салармын.

О я з. Кім өлтірді, кім біледі?

Ш о л а қ. Міне, міне, мына бала адам емес пе?

Б ө р і б а й. Осылар... мыналардың кісілері.

Д о с м ұ х а м б е т. Бала куәлікке жүруші ме еді. Есінен шатасқан ба өздері.

Ш о л а қ (*тепсініп кеп*). Сен не дедің, қайта айтшы.

Т о р с а н. Несі бар еді?

Д о с м ұ х а м б е т. Айттым сол, қайтушы ең.

Ш о л а қ. Мә, айтсаң. (*Қамшымен тартып жібергенде Досмұхамбет тұмақтай ұшады.*) О, жүзің күйгір өңшең.

О я з. Бұ не, мен тұрғанда, шошқалығың бұл. (*Стражниктеріне белгі береді. Шолақ олардың келе жатқанын көрмейді.*)

Ш о л а қ (*Торсанға*). Сауда қылмақ түгілі, дүние алсаң да, көзіңді ағызайын ба?

Т о р с а н. Қысқарт енді, қоңыз тергізіп жіберермін.

Ш о л а қ. Шықсын, шығар онда, бер кезекті жалғыз өзіме, өлігінді бір төбе қып үйіп кетейін.

Т о р с а н. Ашып қара көзіңді.

Ш о л а қ. Ай, доңыз-ай, ызаң өтіп еді. Құнын бір-ақ берейін. (*Тап береді ақырып.*)

О я з. Захватить, арестовать! (*Стражниктер мен көп қазақ барлық жағынан қамай тұра қалады. Солдаттарда жалаңашталған қылыш, тапаншалар. Шолақты арест қып алып кетеді. Бәрі де кеткен. Бұрынғысына ыңыранып теңселген Ақан отыр. Зар үні жым-жырттың ішінде үдеп кетеді. Сонда бір шеттен сенделгендей, есінен айырылғандай боп даланы өз бетімен кезген Зайра шығады. Жібек жібіндей ширатылған бір жіңішке ән, түпсіз терең шер-зар әнін о да сөзсіз термелеп келе жатқан сияқты. Жалғыз күңіренген Ақан енді үнін, зарын өрлете-өрлете өсіре келіп, аяғында ботасы өлген нар інгендей әрі күшті, әрі суық зарлы әнге басады. Азынағандай. Әннің басынан өз әнін тоқтатып, үздігіп талмаусығандай боп тұрған Зайра енді тал бойы ұйып, елти тыңдайды. Ақан Құлагердің туысын, өмірін жəне өлімін айтқан жоқтау зарды ақтарады. Қайырмасында “Бөрібай, Бөрібай!” деп қояды. Зайраның мағынасыз күлімсіреген жүзінде əлденемене, бұлдырға дəмесін артқанның белгісі бар. Əн бойында бір өлі мен тірінің арасындағы жанның кейіі бар).*

З а й р а (*талмаусып*). Жаным-ау, жаратқан-ау. Мен

бармын ба? Жоқпын ба осы? Үйқыдамын ба, ояумен ба? (Көзі көк аспанға телміре береді. Бұның телмірген бет алдынан машықты аққу шығады. Сілкінеді. Қыз болады. “Құлагер” зарына қосшы болған зар-жылау күйін билейді. Шерменен мың бұралып, жүрегі пара-пара боп күйген жанның биі. Зайра соған қадалған күйінде көлденең жүріп, Ақанға жақындай түсіп.) Қайғың мені алсаң басыла ма? Мені мына қорлықтан әкетсең нетті? Кешпессің бе?

А қ а н (бір қарап). Жоқ, менің күнім өтті, бітті. Кесілді жол, ұшты дүние. Бақыл бол! (Зайра жауап қата алмайды. Себебін сұрай алмайды. Басы төмен түседі. Көзі қырда.) Құлагер текке өлген жоқ. Ақанның бағы қайтты. Енді Ақан өлді!.. (Өнін, домбырасын кенеттен ұрып, домбыраны тасқа бір салып талқан етеді. Сол секундта Зайраның көз алдында пері қыз жер астына батып кетеді. Ақан тұрып, жағасын қос қолымен ұстап бір жаққа кете береді. Зайра шатасқандай аласұрып, дағдарып кеп қыз батқан жерге телміріп тұрғанда, сары жотадан Айша бастаған қулар тобы шыға келеді.)

А й ш а (кетіп бара жатқан Ақанның сыртын көріп, ұмтылып басып). Ақан, Ақан сері!.. Ақан! Маған бірде-бір жол оң қабағыңмен қарамай кеткенің бе? Жарайды, мені танымағаның көзіңнің қарайғаны, тіршілікте тұйыққа камалғаның ғой. Өмірде сүйсең, маған сүйенер едің... оған да дәрменіңнің жетпегені ғой... мен құр тұлыпқа мөңіреп жүргенім ғой. (Ақан бұрылмай кетіп қалады. Аз қарап тұрып Айша сұлық түсіп қап, артынан ашумен тез бойын жиып ап.) Ендеше, садағам!.. (Бұрыла беріп Зайраны көреді. Ол кінәлі адам сияқты.) Ә, кінәлі мұндамеді? (Күледі. Сақылдап мазақ ете, ызамен күледі. Сонда бұның қасындағы қулар Зайраны жан-жағынан, жын перідей қоршап алып, бет-ауыздарын неше алуан сұм гримасалар жасап құбыжықтай құбылтып, адам ұқпас сөздерді, баяғы біріншідегі өлеңдері сияқты таласа, жарыса айтысып, сайтанша құтырынып билеп, сақылдап күлісе береді. Билері тәртіпті би емес, қиралаңдап, қисалаңдап неше алуан изломы, изгибы бар шым-шытырық болады. Зайра пері қызын, Ақанды іздегендей аласұрғанда, мынандай гримасалар алдынан құлашты жайысады.)

З а й р а (кенет қышқырып қалып, шатаса бастап). Пері... пері, өңшең пері ойнағы. (Сақылдап күліп, бет-аузын

тыржыңдатып.) Мен де пері!.. (Аналардан асыра құтырынып жөнеледі.)

А й ш а (шошынып шегіне беріп). Тоқта... тоқта!.. (Қулар тоқтай қалысады.) Жынданды... жынданды!.. (Шегіне береді. Зайра ойнақтап-ойнақтап жаңағы “пері ойнағы” деген сөздерін қайталай береді. Бір сәтте жұрттың көз алдында шашы бұрқыраған, киімі дал-дал боп айрылған, нағыз құтырған адам күйіне түсе қалады. Әрі-бері аласұрып кеп, үздігіп құлап түседі.)

ШЫМЫЛДЫҚ



Ақан – Зайра

Алты суретті, он жеті көріністі либретто



Адамдары

Ақан сері – әнші, ақын.

Зайра – байдың қызы, мұсылманша жақсы оқыған.

Алтынай – Зайраның шешесі.

Шаймардан – қыз ағасы, иесі де сол.

Біржан
Ыбырай } әнші, ақындар.
Шолақ

Байсалбай – саудагер бай.

Рамазан – Байсалбайдың саудагер баласы.

Әлима – Рамазанның әйелі.

Айша – Рамазанның қарындасы, аздап орысша оқыған.

Бәкен – Байсалбайдың үндемес кіші баласы.

Төре – хан тұқымы. Әпесер, оязға тілмаш.

Ояз.

Байсалбай ауылының мазақшы қулары.

Досан – Айшаның ақын жігіті, қу, айлакер.

Ояз, келімсектер, әр жастағы жігіттер.

Бірінші сурет

Дала. Айлы түн. Таудың етегі. Ауылдардың арасы. Сахнаның ар жағынан Ыбырай, Біржан, Шолақ, Зайра бастаған бірнеше топ қыз-бозбала шығады.

Ыбырай бастаған топ
Сұлу жаз, жайнаған жас гүлдерімен,
Жұлдызды қара бүліш түндерімен,
Мас болып, тас жүрек тау қалқып тұрған
Бұлбұлдың нәзік тәтті үндерінен.

Шолпыдай сылдыр қағып аққан бұлақ,
Бас иіп қарсы алады жасыл құрақ.
Осындай сәнді түнде сайрандамай,
Сауықшыл жас тұрады қалай шыдап?

Бейнесі жаз жастықтың, жастық шақта,
Нендей құс болса жазғы табиғатта,
Бәрі бар, балы тамар, жайнар, жанар,
Кезіміз шындасақ та, ойнасақ та.

Топтың сол жақ қанаты (*бұрылып қарап*).
Ақан келеді.....
Ақан келеді.....

(*Түн-түгел қарап, күңкілдесіп.*)

Ойынға Ақан
Ажар береді...

К ө р і н і с

Ақан аспанға қарап, топқа бұрылмай, ойқастап өтіп бара
жатады.

З а й р а (*топтан Ақанға қарай шығып*).

Аспандағы алтын айдай,
Беттеп қайда кеттің жалғыз?

Қ ы з д а р, ж і г і т т е р.

Айды қоршар нұр боп жайнай
Жер жұлдызы біз де бармыз.

З а й р а (*Ақанға жақындап*).

Рақат түн, қиял түні.
Ой аспанды өрлеген.
Ай ма, әлде адамзат па,
Кім асығыс кел деген?

А қ а н (*Зайраға бұрылып*).

Айды ұқсаң мені ұқтың,
Ай да жалғыз, мен жалғыз.
Көп жұлдызды көптен мұттым,
Іздегенім шолпан жұлдыз.

Түн тынышы сұлу тәтті,
Ай не деген ажарлы!...
Деме бірақ дәрі тапты
Жан жарасын жазарлық.

Айды сүйіп нұрға бөлер
Алтын күннің сәулесі,
Айдай сүйер сәулесі жоқ
Мен бір жердің әуресі.

Сусаған жан өмір шөлін
Кезуменен жүр әлі,
Емес жырақ, қолда бірақ
Түспей жүрген бар дәрі.

Ы б ы р а й (*Ақанға*).

Табылар дәрі...
Баста бір ойын.

А қ а н (*Біржанға қаран*).

Қыз-жігіттің ақсақалы
Бар емес пе Біржан сал?

Б і р ж а н.

Мақұл, азу тарлан көрі
Көңілін көптің таба алмас.

Ш о л а қ.

Біржан аға! “Серек құлақ”...

Б і р ж а н (*күліп*).

Біліп едім,
Жүргеніңді аңсырап.

Ш о л а қ (*қуанып, ойқастап*).

Көкжал менмін...

Б і р ж а н.

Көп көнсе, мен күзетші.

(Көпшілік мақұлдағанын қимылымен көрсетеді.)

Қой-ешкімді жинайын,
Шыда бірақ.

Топ күліп, билеп тарқайды. Сахнада Ақан пен
Шолақ қалады.

А қ а н.

Қымбатын қамты олжаның,
Жолың болсын, көкжалым.

Шолақ жортып кетеді. Қойға қасқыр тигендей сахна сыртында үрген ит, шуылдаған дауыс естіліп жатады. Ақан сабырсызданып құлақ түреді.

К ө р і н і с

Сахнада билеген Шолақ пен Зайра шығады.

А қ а н (*ұмтылып*).

Сауға!...

Ш о л а қ (*биін доғарып*).

Сенен немді аяйын.

Қалауың болса міне ал!...

З а й р а (*күліп Ақанға*).

Мұнда жатыр екен ғой,

Қасқырлардың тарланы.

Қанекемнің қойының

Сау-тамтығы қалмады.

А қ а н

Іздегенім өзіңсің...

З а й р а

Ойыннан от шығарма.

А қ а н

Сен шамсың, мен көбелек,

(*Теріс қарап күрсініп.*)

Көбелектің ойын от

Айналса да ұғар ма.

З а й р а (*ария*).

Ойыннан тағы айтам, шығарма от,

Болғанда бір жанған от, бұл күнде шок.

Ойнай бер өзге ойынды, сөнген шоқты,

Жаңадан жандырудың қажеті жоқ.

А қ а н (*ария*).

Нұр төккен самауаттан сен бір шамшы,

Мен арзы шұғлаңмен фитнәні аршы

Қол созам қиядағы құшағыңа,

Рақым қып ғаламатпен тартып алшы!

Мен Жүсіп, сен Зылиқа, мен бір Мәлік,

Іздеген Бәддііғұлды жер айналып,

Сен Ләйлі, мен Мәжнүн, ғашық отын

Егерде сөндірмесең кетем жанып.

З а й р а (*дуэт*).

Шыққан жан деген сөз бар қайтқан көңіл.

А қ а н (*дуэт*).

Мен енді сүре алмаймын сенсіз өмір.

З а й р а (*дуэт. Бұлқынып*).

Буынсыз пышақ ұрма, Ақан, жібер!..

А қ а н (*дуэт. Сүйреп*).

Ендеше, төрешіге тұр Құлагер.

З а й р а (*дуэт. Тырмысып*).

Жүрекке жол айтқан ба, тұяқ, білек?..

А қ а н (*дуэт. Сапысын суырып ап, Зайраның кеудесіне оқтанып*).

Ендеше, ол жүректі кетем іреп!

З а й р а (*қорықпай*).

Есіңді жи!..

А қ а н (*қолын түсіріп, талықсыған дауыспен*).

Не айтасың?

З а й р а

Жүгінейік Біржанға.

К ө р і н і с

Шолақ жортып кіреді.

З а й р а (*Шолаққа*).

Шақыр Шолақ Біржанды.

Ш о л а қ (*кетіп бара жатып зрительге*).

Қыз бен жігіт төреші

Іздесе құдай ұрғаны.

Түстері солған, үйлеспей

Қалқан ба деймін жымдары. (*Шолақ шығады.*)

К ө р і н і с

Шолақ пенен Біржан шығады. Досан сахнада көріне беріп
тығылып, құлағын түреді.

З а й р а (*Біржанға. Ария*).

Еліктіріп тастап мені,

Досымды ап Ақан сері
Кетіп еді, енді сүйем
Дегенінің бар ма жөні.

Мұндай сүю маған ерсі,
Бітпейтін дау жүрмей елші,
Екі сүю әделіт пе?
Біржан аға, төре берші!

Б і р ж а н (*Ақанға*).

Сен не дейсің, шырағым?

А қ а н

Өресін тап та, өзің шеш.

Б і р ж а н (*аз ойланып, екеуіне кезек қаран*).

Зайражан, Ақан бәйгеңе
Басыңды тіксе, сен де тік,
Ақанжан, сен осында
Жүрген бір топ ақынның
Бәйгесіне қосыл да,
Жүлденді ал, озып шық!

А қ а н

Егес ердің қайрағы. (*Зайраға қарайды*.)

З а й р а

Біржан сөзді байлады.

К ө р і н і с

Желікті қыз-бозбала шығады. Шолақ айтыс болатынын оларға естіртеді. Көптің қозғалысы, күбірі күшейеді. Сахнаның бір жағынан Досан мен Айша шығады. Көп оларға таңырқап қарай қалады.

Д о с а н (*Айшаны оңашалап құлағына*).

Зайраның көңілі Ақанда!..

Зайраға Ақан берілген.

А й ш а.

Топ ақынның тотысы —

Зайра болса керілген. (*Күліп*.)

Сабыр ет, сыбаға
Алармыз Ақан серіңнен.

Д о с а н

Нағашыңның кесірі
Емес пе, Зайра, сарапқа
Салды басын.

А й ш а

Ендеше, ешкімге ол бұйырмас.
Бұзайық шырқын ойынның,
Тартынба, сенде ақынсып.

(Екеуі топқа жақындайды.)

З а й р а *(Айшаға).*

Жаттық бар ма жақсыда,
Жатырқама, құрбысың,
Болмасақ та жүз таныс,
Қонақ бол мына ойынға.

А й ш а

Мен танымын, нағашы
Жеңгемсің, мына топырың
Ойының ба, тойың ба?

З а й р а

Ол қай сөзің?

А й ш а

Иең бар!
Бұл не топыр, неткен сал,
Маңайыңды қоршаған?

З а й р а

Кекетпе, құрбым, біреудің
Бұл жерде жоғын жоқтама,
Оң жақта, гүлді жас шақта
Сұқпаймын басты нөқтаға.

Д о с а н *(ария).*

Тосырқап тұрсыңдар ма мұны кім деп,
Есімін осылай адам білу сүндет.
Тағрипын танымасаң пәһәм айлап
Баяндау қалын, ақуалын бізге міндет.

Пәрзәнті Байсалбайдың есімі Айша,
Дәулеті дария шалқар, құлаш жайса.
Қол жетпес мәкәни жоқ, төрт ағасы
Тұрады Ғираттағы купес байша.

(Жұрт таңданып күбірлеседі.)

Б і р ж а н *(Айшаға жақындап).*

Жолың болсын, жүріпсің
Текті атаның баласы!

Ы б ы р а й *(Біржанның жалпаңдаңғанын ұнатпай,
көпке).*

Жем асаған сері ғой,
Жалпаңдауын қарашы!

Б і р ж а н *(Айшаға ақындарды таныстырып).*

Балуан Шолақ мына жігіт,
Мынау ақын Ыбырай,
Мен Біржан – сол, қартайған сал,
Мына жігіт Ақан сері,
Жан жолдасы Құлагері.

А й ш а *(Ақанға жақындап).*

Амансың ба, Ақан сері,
Естігенді көрді көз.

А қ а н *(кескініне қарамай).*

Шүкір, шырақ.

А й ш а *(елемегенін ұнатпай).*

Бәйгеге бас тіккен бірақ
Кезеңіне болды кез.
Тілектеспін, уыз батам –
Жарысқанда ылғи оз.

А қ а н *(сүзіле қарап).*

Батасында қыздың хан
Болып па еді, шырағым.
“Ер қайраты егесі“
Деп жарысқа шығамын.

А й ш а

Ант аумаи ат бәйгеден келген емес,
Жалғыздың артына жан ерген емес,
Бәйгеден келгеніне күдіктенем
Тілегің сенің, Ақан, жерден емес.

Арыстан мерт болмай ма айға шапқан,
Қиялға қонар жер жоқ көкке лаққан,
Өмірді сүйген адам сұлулықты
Аспанда айдан емес жерден тапқан.

Табар ең жерді сүйсең жерден сұлу,
Жан-тәнің тілегіңе берген сұлу.
Түбінде бермес опа саған сүйген,
Кезінде қолыңа кез келген сұлу.

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Зайраның үйі. қалың жиын. Іштерінде Біржан, Ыбырай, Ақан,
Шолақ, Зайра. Шымылдық ашылғанда Айша мен Досан шығып
топқа қосылады.

1- д а у ы с

Түгелденді енді жиын.

2- д а у ы с

Бастау керек думанды.

3- д а у ы с

Ақындардың айтысын

Тыңдауға толған жан сыртта.

Ш а й м а р д а н (*Біржанға*).

Кім озғанын байқасын,

Айтысты бастап бер жұртқа.

Б і р ж а н (*ария*).

Мүзбалақ ақиық ем жерге түспес,

Кең қолтық арғымақ ем алқымы іспес,

Алдырған азу тісін тарлан көкке,
Бұл күнде жас ұлғайып болдым түстес...

Тұғырға қонып көңіл дамылдаған,
Аяғым көріліктен мамырлаған,
Түсіңдер топқа, кәне, жас ақындар
Жастықтың жарысынан жаңылмаған.
Әніммен желік беріп, дабыл ұрам,
Ұшыңдар тояттауға өңшең қыран,
Ту тігіп өлеңіммен өз жаныңды
Бәйгеге Зайраменен тосып тұрам.
(Зайраға қарап күледі.)
Осы озып кетпесін.

Ш о л а қ *(Біржанға).*

Ұйғарса халық, соймақ хан
Құрмалдыққа түйесін *(күліп),*
Тапты деп тұр мына жұрт,
Мені сездің сүйесін.

Б і р ж а н

Асықпа әлі, балуан,
Алдыңда қыр бар алуан.

Ш о л а қ

Шабысым ширақ...

Ы б ы р а й *(Шолақтың сөзін бөліп).*

Жоқ, Шолақ,
Аталы сөзге бер қонақ,
Тізгінін тұрған тежеп,
Ақандікі кезек.

А қ а н

Сөйле, Досан,
Мен әлі де тосам.

Ш о л а қ *(ән шырқай жөнеліп).*

Атандым жас күнімнен балуан Шолақ,
Құдайым берді маған күш пенен бақ,
Сұлу қыз, жас келіншекке тыйышсыздаумын,
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ.

Ішінде жиырманың менің жасым,
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын,
Кешегі сентәбірдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.

Талай бар таңдай қағып деген “пай-пай!”
Күшім, әнім, салдығым бойымда сай.
Қызға мен ти деп жалынбаймын,
Бір қызға табылады мендей-ақ бай.
(*Жұрт ду күледі.*)

А й ш а (*Шолаққа*).

Сүйсінерім сендей ақын,
Келші бері қасыма. (*Шолақ жақындайды.*)

Д а у ы с т а р

Ширақ екен Шолақтың
Мына аяқ алысы.

Д о с а н

Бағасын білсе халайық (*табайық*),
Дүрия гауһар сөздерім.
Ірбіт шапқан купестей,
Сөз базарын кезгемін,
Тасынып қалған мұсаннып
Кітабындай сөздерім.
Асылы алтын болмаса
Қажеті жоқ өзгенің.
Барқыт деп, Зайра, түсінбе
Самарқанның бөздерін.
“Баба жадда мән жадда”
Деген расул, қадисын
Болар мақұл сезгенім,
Таразыға тартып көр,
Кем дер болсаң безбенім.

А қ а н (*Досанды бөліп, күліп*).

Әннен артық та қажап даңлары бар.
(*Жұрт күледі.*)

Ы б ы р а й (*кекетіп күліп, Досанға*).

Мұхаммбет үмбетіне жарапазан,
Бір келген он екі айда ораза жан,

Қайырлы болсын малтаңды,
Қою қылып езгенің.
Д о с а н (*тоқтай қап, Ыбырайға ашуланып*).
Сен сөйлесең қой дедім бе!..

Ы б ы р а й
Қас сорлының аты емен,
Қара жарыс керегі жоқ.
З а й р а (*Ақанға қарап*).

Сүзбей күйрық,
Шаппай жүйрік,
Тігіле ме ту тойға?
Тұғыр қосып,
Өзі тосып
Отыр Ақан не ойда?

Бағын сері,
Сынар жері
Емес пе еді бұл жиын?
Сөз өрнегін,
Ән өрнегін
Күтіп мына тұр жиын.
Қанат жазған,
Қалықтап ән
Үшса екен аспанға!
Ағындап сөз,
Көктемгі кез
Ұқсап өзен тасқанға.

Б і р ж а н
Естідің бе, Ақанжан,
Зайра жан сені қатардан
Бөліп алды, шырқар деп,
Сөзіне сәні қатар ән.
Озып бәйге алады
Әнші ақын атанған.

А қ а н (*Зайра наздана қарап, “Сырымбет” әнімен*).
Түлеп ұштым Сырымбет саласынан
Тояттауға аққудың баласынан,
Қуған аққу шалдырмай, талды топшым,
Жанды жүрек таппадым жаны ашыған.

Болат едім, ием жоқ қайрайтұғын,
Қаруым кем, бәйгеге айдайтұғын,
Бұлбұл едім бағым жоқ, бұтағына
Қонып алып шаттанып сайрайтұғын.

Аз қайғыға адам ба-ем бой ұрғандай,
Дертім ауыр қара жер ойылғандай.
Азаптаймын, аяймын десең-дағы
Ықтыярың, білесің ойым қандай.

А л т ы н *(Ақанға)*.

Атағыңа өнерің
Сай екен, сәулем, көп жаса,
Бір жасап көңіл болды шат.
Зайражан, тұр да ағаңа
Ана тұрған тонды жап.

З а й р а *(тұрып, тонды жауып)*.

Жан жараңа қиналған
Түсінем, Ақан, ойланам,
Үмітімді ақтаған
Әніне тоным сыйлаған.

Д о с а н *(Айшаға)*.

Бұйырмасын түсінсем,
Толып жатқан бір жұмбақ.

(Айша тыңдамай, мұңайған басын көтермейді.)

Ш о л а қ *(Досанды қоштап)*.

“Өлдім-талдым” сөздері
Қаусап тұрған бір күйрек.

Д о с а н

Өткен жеті ғашыққа
Сегізінші болып бұл,
Кетпегесін қаңғырып
Зарланады неге құр?

А й ш а *(Досан сөзіне кейіп)*.

Құдыққа құлан құласа,
Құрбақа ойнар құлақта... *(Теріс қарап өзіне.)*
Міне солай сүйгенді

Көре алмаймын бірақ та.
(Ақанға қарайды. Ол елемейді.)

Д о с а н (намыстанып Ақанға).

Пері қызы қосағың ба
Буып тұрған тілінді?
Сөйлеспеуге сақау қылған
Қызғанып ол ұлыңды.
Бүккен сырың өзгеге жат,
Болса маған ұғымды.
Білмегенге көрдім қажат
Естіртуге мұңыңды.

А л т ы н

З а й р а (үрейленіп, қосынан).

Перісі не, бұл не сөз?!

Д о с а н

Өзі айтар жауабын.
(Ақан төмен қарап үндемейді.)

З а й р а (мазасызданып).

Алғаны ма мойынға,
Ашуы қайда Ақанның?
(Жұртта күбір көбейеді.)

А қ а н (басын көтеріп).

Жұрт аузына болып қақпақ,
Ала алмаймын басты ақтап,
Өсекшінің өзі айтсын,
Сыры болса жүрген сақтап.

З а й р а

Бұл не жауап?

Д о с а н (Зайраға).

Демесе бекер,
Қажама жетер.

1- д а у ы с

Ақан көнді.

2- д а у ы с

Жеңілді енді.

3- д а у ы с.

Жеңілсе өлді.

Б ө р і.

Досан жеңгені ме?

Ш о л а қ (*топқа дауыстан*).

Әй, тоқандар бұл не шу!

Әнімен пері түсірсе,

Ақанның ол міні ме?..

Таңданбаған бұның кім

Тіліне де, үніне.

Періні әні мас қылып,

Қасиеті бітті ме,

Осы тұрған біріңе.

Б і р ж а н (*Зайра*).

Озды Ақан дарқан,

Батамды берем, қалқам.

З а й р а

Тілегім еді жеңгені,

(*Ақанға қасынан орын нұсқап.*)

Орның міне кел бері.

Д а у ы с т а р

Жарады Ақан..

Тегін емес терімен

Алды озып бәйгені.

(*Көпшілікте қуаныш. Би. Айша Досанды ертіп жеке-ленеді.*)

А й ш а

Қонып бақыт басыма,

Ғашығын ертіп қасына

Билеп жүр шат боп ана қыз!

Ағаларым қайда жүр?..

Сүйегіме таңба бұл,

Ойынның жылдам шырқын бұз!

Д о с а н

Шаймардан...

А й ш а

Ол кім?

Д о с а н

Ағасы.

Шақырайын.

Ол көнсе.
Бұл істің жеңіл жарасы.
(Досан Алтын мен Шаймарданды топтан жырып алып шығып, Зайраға жақындағанда Шаймарданға.)
Сайлауға ояз шығыпты,
Рамазан қасында.
Ойың болса билікте,
Айшадан, менен жасырма,
Айт шыныңды!..

Ш а й м а р д а н (*елегізін*).
Бар ойым,
Қолтықтаушым келіспей
Оза алмай жүр бойым.

Д о с а н
Айшаның мына ағасы,
Байсақалдың баласы,
Рамазан мырзаның
Би қоюға шамасы келеді...

Ш а й м а р д а н
Онда “шүйінші!”
Десең Досан болмай ма,
Д о с а н (*сынаған қараспен*).
Сыраға бал, сыйға сый,
Сыйламасаң қолдай ма...

Ш а й м а р д а н (*абыржып*).
Не қыл дейсің?..

Д о с а н.
Тарат тез,
Желіккен мына жиынды.
Аяп қалма мырзадан,
Жасат құрмет, сыйыңды...

Ш а й м а р д а н (*жалбарынып*).
Не сыйлайық?..

Д о с а н
Ат-шапан
Демес мырза аламын,
Үлкенде ойы, Зайраға
Айт, қасы пен қабағын
Берсін...

Ш а й м а р д а н

Енді түсіндім...
Билікті қолға тигізсең
Мен көк есек кісіңмін!..
(Алтынға.)

Таратайық топырды,
Үйінді жина, кешікпе!
Тәңірі төрге шығарды,
Тұрған басты есікте.

А л т ы н (мұңайып).

Әкесі өлген, іні жас,
Иесі сенсің, шырағым,
Сен ұйғарған сөзіңнен
Демеймін теріс шығамын.

Ертең жатқа кетеді,
Зайражан аз күн қонағым,
Сайрандап қусын деп едім
Бақытының сонарын.

Атастырып әкесі
Кетсе-дағы біреуге,
Бос санап басын қарағым
Жүр еді жаңа тілеуде.
Өз тұсының қызынан
Өзге еді көңілі,
Сүйе ме, я сүймей ме,
Білмеймін Ақан серіні.

Әйтеуір соған бір түрлі
Ықыласы құлаған.
Көтере көрме обалын,
Тілегін сенен сұраған.

Ш ы м ы л д ы қ

Үшінші сурет

Түн. Биік таудың құшағындағы көлдің жағасы. Сәулесі суға түскен ай.

К ө р і н і с

Ақан мен Зайра шығып, жартасқа қатар отырады.

А қ а н

Бұрын қалай болдық жақын,
Енді неткен алыспыз.

З а й р а

Жақыныңмын яки жатың
Демеймін (*күрсініп*)
Жай... таныспыз.

А қ а н

Ол қай сөзің?

З а й р а

Ойла өзің!

А қ а н

Ой бұлағым сарқылған.

З а й р а

Түсінем.

А қ а н

Онда
Қондыр қолға.
Жанды шөлдеп шарқ ұрған.

З а й р а

Іліксе сағым
Жолыма, бағын...

А қ а н

Сөзің бе бұл байлаған,
Болдың ба ұғып Зайражан?

З а й р а

Ұғам. Бірақ...
Үміт жырақ.
Ой толқыған қорғасын.

Неге мені сүйдің, сері,
Пері жарың болғасын?

А қ а н

Сенбе, Зайра, өсекке,
Кім көріпті періні.

З а й р а

Өзім көрдім...

А қ а н

Оның елес.
Сенен өзге жарым емес.

(Зайра талықсыған кескінмен Ақанның кеудесіне басын сүйейді. Ақан мұңды сазбен ән шырқайды.)

З а й р а

Шертші біраз сазыңды,
Тыңдайын, ұғайын мұң-назыңды.

А қ а н

Қаршыдан әрі асар ма,
Сүйген жардың мекені?
Созған қолым, дарифа,
Оған қалай жетеді?

Ғашықтарым талай бар
Ұшып жүріп табатын,
Самұрық құс маған да
Тоспайды неге қанатын?
От мұхитын өрлеп ән,
Ғашығыма жетер ме?
Қап тауындай бөгеттен
Тұлпар сезім өтер ме?

Құлар ма әлде сұңқар ән
Шарпылып қолда қанаты?
Тұрар ма әлде тұлпар сөз
Тозып тұяқ болаты?

Талғанда көктен тоспаса
Ертегі ұшқыр кілемін,

Таппаса аяп ғашық жар,
Зар ойлаумен өлемін.

Осы кезде көл үстіне түскен мұнардан аққу боп пері қызы шығады да билейді. Оны Зайра көреді, үрейленеді, Ақан көрмейді. “Қорлан” әніне көшеді.

Өзіңсің қол жетпесім Қорлығайын.
Мағрұп берген екен күн мен айын.
Мұратқа жеткен де бар, жетпеген де,
Дариға, арманым көп не қылайын.

Саған Қорлан,
Құмар болған,
Өзіңдей боп жан тумас,
Туа қалса артылмас.
Уа, дариға, ләйлік тас
18 мың ғаламды
Кезсем де сендей табылмас.

З а й р а *(Ақанға жабыса түсіп, жалбарынып).*

Ақан, кетпе анаған,
Тастап мені далаға...

А қ а *(Әнін доғарып).*

Ол не, Зайра, не дедің?
(Пері қызы ғайып болады.)

З а й р а

Осы ма пері дегенің?

А қ а н

Перің не?

З а й р а *(Ақанды тыңдамай, сөйленіп).*

Сұлу тамаша!
Алмаймын бұған таласа,
Мен кетем. *(Түрегеледі.)*

А қ а н *(Зайраның қолынан ұстай тұрып).*

Тоқта, Зайра,
Барасың қайда.

З а й р а

Сүйгенің бөтен,
Жібер, Ақан, кетем!

А қ а н (*жібермей жалбарынып*).

Сені ұйқы жеңген ғой,
Сүйгенім сен, неге керек
Маған қызы перінің,
Жалғыз бөтен шер қиялым,
Бірақ саған күндес емес,
Тұйғыным мен Құлагерім —
Сен жоқтағы серігім.

З а й р а (*Ақанды алақанымен жұмсақ итерін*).

Бара тұршы, баршы, Ақан!..
Жияйын аз есімді. (*Жалынып.*)
Бар, Ақан, бар!..
(*Қысыла дем алып.*)
Тынысым тар,
Деме бірақ есірді!

Ақан қимаған белгімен еріксіз шығады. Зайра жалғыз қалады.

К ө р і н і с

Досан мен Шаймардан шығады.

Ш а й м а р д а н (*Зайраға*).

Мұнда ма едің, қарағым.
Іздеп зорға таптым ғой.
Оң жағында атаның
Бұлаңдап біраз бақтың ғой.
Жаңа дәурен басталды,
Енді доғар оныңды.

З а й р а

Құлағыма қонымды
Ақанның әні еді ғой,
Бұл жат сөзің неткен сөз.

Ш а й м а р д а н

Бақсы, балгер, ақынды

Тудырған тұқым емеспіз.
Теңінді таптық.
З а й р а (*таңданып*).
Оның кім?
Ш а й м а р д а н
Д о с а н (*бір дауыспен*).
Байсалбайдың баласы
Рамазан мырза ол.
Тілекті төңір қабылдап,
Аспанда айға жетті қол.
Күгінейік қонаққа,
Жүр, шырағым, кәне, бол!

Зайраны Досан мен Шаймардан қолтықтап жөнеледі. Зайра аяғын еріксіз сараң басып, ариямен ән айтады.

З а й р а
Жастық дәурен шынымен
Ілінді ме қармаққа?
Дауылы тағдыр айдаған
Ұқсадым ба қаңбаққа?

Өмір түні, төбемнен
Түнеріп енді бастың ба?
Билетпей басты ағызар
Кездестім бе тасқынға.

Жау ма маған маңайым,
Бар ма жаны ашыр жан.
Адастым, кел жол көрсет,
Қайда, қайда, қайда Ақан!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Төртінші сурет

Жасаулы жазғы үйдің іші. Аузы ашық сандық. Басында Досан.
Көпшілік кездеме, шай, қант алып жатады. Топ ішінде Ақан,
Біржан, Шолақ, Ыбырай, Алтын.

К ө р і н і с

Ш а й м а р д а н (*даладан абыржып кіріп*).

Рамазан мырза келді,
Жол беріңдер, көне, бол!..
Анау-мынау қонақ емес,
Нөкерімен сыйлы ол.
Бала-шаға, қатын-қалаш,
Шық далаға, беріңдер жол.

Үйдегілер абыржиды. Біраз жұрт тысқа шығады.

Д о с а н (*сандығын жауып, Шаймарданға*).

Айтқан сөзім келді ме,
Билігіңді берді ме?

Ш а й м а р д а н (*қуанышты кескінмен*).

Келді, берді.

Д о с а н

Сыйла енді.

Даладан дауыс. Жұрт жол ашып есікке үңіледі.

К ө р і н і с

Рамазан, төре, тілмаш кіреді.

Ш а й м а р д а н (*uіліп*).

Құтты қонақ, төрге шық!

Қонақтар көпті көзімен айнала шолып төрге барып отырады.

Т ө р е.

Дикарларша мыналар
Таңданды неге осынша?

Д о с а н (*шағынып*).

Таңданбауға бола ма,
Шахбаздардың сіздердей
Бір жерге басы қосылса.

К ө р і н і с

Нөкерлермен Зайра кіріп, қымсынбай амандасады.

Р а м а з а н (*төреге*).

.....
Дұрыс па сөзім?

Т ө р е (*күліп*).

.....
Өткір-ай көзің!

Ш а й м а р д а н (*ақындарға*).

Қызмет қыл да міндет қыл
Деген сөз бар, ақындар,
Қызмет етіп мырзаға,
Сыйлық дәмін татыңдар.

Қонақтар ақындарға күле қарайды.

З а й р а (*қасындағыларға*).

Бұдан Ақан
Киём шапан демес...

Д о с а н

Оны көрерміз,
Бейне тауық
Тары тауып –
Жем істеуге шеберміз.

З а й р а

Ақан емес, ол өзгең
Күн көрмейді ол сөзден.

Ш а й м а р д а н *(ақындарға)*.

Аузын буған өгіздей,
Жым-жырттарың қай жым-жырт!?
Қошамет сөз қонаққа
Естігелі отыр жұрт.

Б і р ж а н *(айқайлай жөнеліп Рамазанға)*.

Керейде бір тұқымсың қыдыр қонған,
Ақ күмбез алтын сарай тіккен ордаң.
Әкеңе жаста қонған қара арғымақ,
Ұшпай жүр тұқым қуып әлі қолдан.

Аузыңнан уыз тамған асылымсың,
Досқа қорған, дұшпанға басымымсың.
Даңқыңа орыс-қазақ басын иген,
Сыртыңнан ынтық болған ғашығымсың.

Кең қоныс жайлауымсың өрістеген,
Қанама, шалқарымсың, сені ішпеген.
Миуасы салбыраған ағашымсың,
Мен тауық көлеңкеңде жемістеген.

Рамазан мен төре тыңдамай күліп сөйлесіп отырады.

Д о с а н *(Біржанды көтермелеп иығына шапан жауып)*.

Шор аяқ кәрі тарланым,
Шабысыңнан танбадың.

Ш а й м а р д а н

Сөйлес, Ыбырай!

Ы б ы р а й

Тиынға сатып алатын
Құштар емен беделге,
Көне алмаймын қалтаны
Жады қып жүгін дегенге.

Асқақ ән, асау сөзіме
Ақша нөқта бола алмас.

Теңгеге телмір деген сөз
Құлағыма қона алмас.

Он екі мүшем, он қолым,
Жезтаңдай айыр көмейім.
Сау болса, қайыр сұрайды.
Бойыма айып демейім.

Ш а й м а р д а н (*ұнатпай*).

Ол сөздің не керегі.

Р а м а з а н (*қабағын түйін*).

Токтат мына немені!

Ы б ы р а й

Ұнатар еді мақтаса,
Токтадым егер жақпаса.

Д о с а н (*Ақанды көрсетіп*).

Кеудесіне піскен нан
Үндемей мұнда тұр Ақан.

Т ө р е

Майшайт ету незачем,
Келгенінде өшіреді,
Ну нашинай!

З а й р а (*Шолаққа*).

Ақан да
Қызығар ма шапанға?
Жоқ, қызықпас.

Ш о л а қ

Көрерміз,
Кезеңді жерге кез келді,
Өткенде сын берерміз.

А қ а н (*төреге*).

Қазақта кім бар еді ханға жеткен,
Таққа мініп бірнеше атаң өткен,
Тілменен талай шешен тамылжыған
Атаңның әруағын мадақ еткен.

Бұл күнде алтын ордаң азып-тозды,
Жел жетпес арғымақтан мәстек озды,
Асылдың сынығы сен көзге түсіп,
Жадырап жүдеу көңіл арқам қозды.

Атаңа аталарым қоңсы қонған,
Ығыңа паналайтын едің орман.
Аталып ол арманым, жаңа қоныс
Таба алмай, кезім еді жүдеп тоңған.

Тәңірі тілегімді қабыл ойлап,
Панаңа келтірді ме сені айдап,
Жарысқа жанды сала бір түсейін,
Жел беріп көтермеле “Абылай!”-лап.

Т ө р е (*қарқылдап күліп*).

Новый заман
Иесі мына тұрған Рамазан.
Соны мақта...

Д о с а н

Бол жылдам, тұяқ қақпа!

А қ а н (*дауысын үзбей*).

Өзгеден бұл мырзаның артық салты,
Шалқыған шалқар теңіз алды, арты,
Жаннаттай саясында самал соғып,
Сусындап салқындаған тәмәм халқы.

Д о с а н (*Ақанға шапан жауып*).

Жарадың, дұрыс... Ақаным!
Міне, сыйлық шапаның.

З а й р а (*Ақанға кейіп*).

Сорлы ма едің осындай,
Табаныңда бұдыр жоқ.

А қ а н (*күмілжіп*).

Келер, кетер шамамды
Қызғанда сезбей қаламын.

Р а м а з а н (*Зайраға*).

Міні бар ма сөзінің,
Жақсы айтты, менімше...

З а й р а (*күйінген, қысылған түрде*).

Тілегені қарнына
Өзі білсін емінсе!

Р а м а з а н (*бумажегін қалтасынан алып, салмақтап
Ақанға лақтырады*).

А, солай ма,

Зайра жөнін тапты ғой,
Тілегені мынау ғой
Жақсы салдың есіме.

З а й р а

Жоқ, теріске жорыдыңыз. *(Тоқтатпақ болады.)*
Жарамас...

Р а м а з а н

Жоқ, солай болсын.

Д о с а н *(Ақанның алдына түскен бумажникті бас салып).*

Жерге түскен жетімдік...

А қ а н *(жұлып қалтасына салып).*

Қалауын таптың, қар жаңды,
Жүйесін тап та, сен де ал!

З а й р а *(Ақанға).*

Ер ме десем, тіленші!...

Намысымнан садаға.

А қ а н

Сергелдең сорлы едім мен,
Енді тіпті қаңғырдым.
Аңғармай жаудың алдауын
Қапылыста алдырдым.
Алдырдым, Зайра, алдырдым,
Қаңғырдым, Зайра, қаңғырдым!...

(Артымен қоштасып, қолын көтере айқайлап тысқа жөнеледі.)

З а й р а *(түреген).*

Мен де кетем!

Ш а й м а р д а н *(ашуланып).*

Ол не сөз!

Үніңді өшір.

Р а м а з а н *(Шаймарданға).*

Тырп етпе,

Қалыңмалы төленген. *(Ақан шығады.)*

Ш о л а қ *(Зайраға аянышты қарап).*

Не боп кетті қызығым

Келген тойлай!

- Сауда бітпес ақшаның
Көзін жоймай.
Сорлы Зайра,
Бұлқынба, белді байла,
Қыздың байы ақша екен,
Сығыр, ойбай!
- Р а м а з а н (*Шолаққа қаран*).
Мына неме не оттайды,
Шығар үйден үргізбей!
- Ш о л а қ
Ер екенсің, шығарсаң (*қамшысын оқтанып*),
Ту сыртыңды тілгізбей.
- Ш а й м а р д а н (*Шолаққа*).
Шық үйімнен,
Салмай бүлік.
- Ш о л а қ (*Шаймарданға*).
Өз күшігін өзі жеген
Намысы жоқ жаман-шірік. (*Шығады.*)
- З а й р а (*Алтынды құшақтап жылан*).
Түстім бе, айтшы, апа, торға рас?
Төгем бе көзден жасты қан аралас,
Көзімнен ғайып болып ұшқан бағым,
Қонар ма қолға қайта созсам құлаш?
- А л т ы н (*дуэт*).
Жүйемді босатпашы, ботам Зайра!
Еркің жоқ болған іске белді байла.
Күдік көп болса-дағы, алдан бақыт
Тілейік, шыдайықшы, жоқ қой айла.
- З а й р а (*дуэт*).
Не болды, айтшы, апа, ботаң Зайра,
Зорлыққа дейсің қалай белді байла,
Басымнан біржолата ұшты бақыт,
Жолым тар, жан-жағым жар, барам қайда?

ШЫМЫЛДЫҚ

Бесінші сурет

Қайың, қарағай аралас өскен орманның алабы. Оң жақта үлкен киіз үй, ішінде Байсалбай, қасында қымыз сапырып беріп отырған Бәкен, сол жақта отау, ішінде Айша, Әлима, Досан.

Ә л и м а (*ария. Айшаға қаран*).

Болып ем бұған шейін сыйлы келін,
Жүз жылғы, үш отаумен келіп едім,
Банке ашып, Ірбіт шауып байытуға
Себепкер болмап па еді әкем менің.

Әкеме басын иген қазақ, орыс,
Сүйеніп соған ағаң болған болыс.
Ұмытып соның бәрін міне бүгін (*кекетін*),
Тауыпты жұрт жаңартып соны қоныс.

Жоқ, болмас!.. Ол қорлыққа көне қойман,
Шайқармын ерегіссе тоғын тойған,
Жіберіп төркініме ертең кісі,
Сау басын сақиналап салам ойран!

Күшім бар ерегіссе тоғын шайқар,
Болмайды бұдан басқа сөзім айтар.
Атама айтып осы сөздерімді,
Зайраны мен дер болсаң жолдан қайтар!

А й ш а

Ақындарды ағам жеңсін
Деп ем, бірақ жеңгем сенсің.

К ө р і н і с

Сахнаға тойға әзірленген адамдар шығады. Іштерінде дуана, бақсы, бәйітші, ақсақ, соқыр, тағы сондай болған құлар бар.

Д а у ы с т а р

Келін келеді,
Келін келеді...

Ә л и м а (құлақ түрін).

Бұл не шу... (Кекетін, Досанға.)

Тойшылар ма?

(Жекіріп.)

Бытырап, қу!..

Бар жылдам қу!

Досан сыртқа жүгіре басып шыққанда, Әлима,
Айша бірге шығады.

Д о с а н

Кетіндер, түге, кетіндер!

Топ тарап баратқанда Әлима құларды жинап алады.

Ә л и м а

Сендер былай етіндер:

Зайраға алдан барыңдар,

Мазақтап қарсы алыңдар.

Сыраға – бал, сыйға – сый...

(Сұрқияланып.)

Көңілімді табыңдар!

Қ у л а р (шулап).

Жарайды, жарайды.

(Репетиция жасағандай құлар құтырынған қимылмен
сахнадан шығады. Әлима отауының қасындағы орындықта
отырып қалады.)

К ө р і н і с

Досан мен Айша Байсалбайдікіне кіреді.

Б а й с а л б а й (Досанға зілді дауыспен).

Әлима сүйер келінім,

Асқар белім төркіні.

Отыра алмай орнығып,

Үйіме пәле келтіріп,
Тоқтат бар да!
Д о с а н
Қай қатын
Көнуші еді күндеске.
А й ш а (*Досанға сыбырлап*).
Бар тез, жылдам, тілдеспе!
Ойнама отпен.
Д о с а н
Оның да
Жоқ деймісің иесі.
Тіресе табан, кем соқпас
Керейдің де киесі.
Б а й с а л б а й (*ақырып*).
Бар тез, жылдам, сөзді қой,
Көрсетпе көзге, көзін жой!

Досан үйден шығады.

К ө р і н і с

Сахнаның бір жағынан қулар, екінші жағынан Шаймардан,
Зайра, Алтын, тағы бір топ Зайраны ұзатушы шығады. Досан
Шаймарданға қарсы барады.

Ш а й м а р д а н (*қуларға қарап, таңданып, Досанға*).
Біз түсетін үй қайсы?
Құда қайда, бұл қалай?
Д о с а н (*күлкілі кескінмен*).
Түсетін үй көрінбейді,
Құда сырқат еді азырақ.
Ш а й м а р д а н
Қалжыңның ба, шының ба?
Д о с а н
Шыным.
Ш а й м а р д а н (*Әлиманың үйіне бұрылып*).
Қой қылжақты,
Біз мынау үйге кірейік.

Ә л и м а

Жоқ, үстіме тоқал алғызып
Мазаққа көнген күнімде
Кіргізсем де жетер.
Бұнда әзір кірмейсіз.

Ш а й м а р д а н

Ондай қорлыққа
Көне қойман ендеше,
Тең атаның ұлымын.

Әлима қуларға ымдайды. Қулар Зайраның шымылдығын ұстап,
әр дауыспен беташар айтады.

Қу л а р

Айт, келін-ау, айт, келін,
Шымылдығыңды тарт, келін!
Күйеуің қайда қасыңда,
Басың неге салт, келін?

Аяғыңды аттамай,
Енді тоқта, келіншек,
Қайдан келдің бұл жаққа
Күйеу жоқта, келіншек.

Күйеу жоқ деп жалғыз-ақ
Көздің жасын бұлама,
Мұнда күйеу болмаса,
Өзге жоқ па, келіншек.

Айт, келін-ау, айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін,
Күйеуі жоқ қасыңда
Қара басы салт келін.
Баршамызға бір сәлем. (*Шымылдық ашылады.*)

З а й р а (*шошын*).

Ұшырадым не күйге,
Бұл не сұмдық жасаған?!

Сақау (*қылқынып, бет-аузын бұзып*).

Айнадағы ақ жүзім сіз көйесіз,
Жөн жосықты биіетін сіз төйесіз,
Ақ жүзімді көйгенін осы-ақ екен,
Көнеки көйімдікке не бейесіз?

Қыли

Тайқарбайдың үйіне кіріп келіп ем,
Ақ төсегінің үстінде қызы отыр екен,
Ол маған қарап жымың етті,
Мен оған қарап жымың еттім.

Сыбызғышы

Пайғамбарым тартқан сыбызғы
Болсаң, көк қойдың енесімен
Қапталсаң, енді кеп маған
Тілейсің арманың не?

Бөйтші

Көрін қадыр-құдыретін,
Білсін дәйім сұнғатын,
Мұстапаның үмбетін
Андағ тәшрәп қылды иа,
Сүйтті келін, сүйтті иа.

Алтын (*таңырқап, түсінбей*).

Сайқымазақ бұлар кім?
Бұнысы не, бетім-ау!..

Шаймардан

Қалжыңы ғой жастардың,
Оң сапарын берсін де,
Жатты жерге қондырдың.

Көрініс

Рамазан, Ояз, Төре кіреді, үйден Байсалбай шығады.

Ояз (*Байсалбайға жақындап, айнала қарап*).

Бұл не?

Төре

Қазақ ботқасы.

О я з (*Байсалбайға*).

Сіз айтыңыз!

Б а й с а л б а й

Мен айтсам (*Әлимань көрсетіп*),

Әне тұр менің келінім.

(*Рамазанға жекіріп.*)

Әруақ атқан мұндар, сен

Неліктен одан жерідің!

Сен жазды деп жолынан,

Мен бетіммен қаңғырман,

Әлиманьң үстіне

Саған тоқал алдырман,

Жоғалт жылдам!..

О я з (*Рамазанға*).

Сөйле сен!

Р а м а з а н (*күмілжіп*).

Бір білместік іс болды,

Шығам ба әке сөзінен.

О я з (*аз ойланып*).

Заңға-дағы, моралға

Дұрыс мұның, сен бірақ

Рытсырлық көрсетіп,

Мұны болса сол құлақ.

Ол әйел, сен жігітсің,

Әйелді сыйлау борышың,

Табысып бер тұрарлық

Оның жайлы қонысын. (*Ояз кетеді.*)

А л т ы н (*Рамазанға жалбарынып*).

Жас жігітсің, қарағым,

Тілеуің бар алдыңда,

Өзіңдей жасты зарлатып

Айдалада қалдырма!

Екеуі түгіл үш қатын

Мырзалар сендей алады,

Байсалбайды тыңдама,

Тулап қайда барады.

“Долданса қатын — деген бар —
Қайнатады қазанды”.

Р а м а з а н (*Алтынға жекіріп тастап*).

Айтқанымнан қайтпаймын,
Мылжыңдап алма мазамды!

(*Зайраға.*)

“Сүрінбес тұяқ, жаңылмас
Жақ жоқ”, Зайра, жаңылмас!

“Ұят та болса тұрат та”,

Мен сөзімнен арылдым.

(*Шығып кетеді.*)

З а й р а (*жылап жіберіп*).

Ұялсайшы, қара жер,

А, жасаған ажал бер!

Ш а й м а р д а н (*құлай берген Зайраны сүйеп,
Байсалбайға*).

Сөз осы ма?

Б а й с а л б а й

Дер болмасаң зорлығым бар,

Тартып сүйген болмайды жар.

Ш а й м а р д а н

Олай болса, сөзім қысқа.

Көшіп-қонған мен де елмін.

Қайта алып кете алмаймын.

Ауылыңа алып келдім.

Келініңді тастап кетем,

Өлтіргенде иемін,

Керейдің мен сырдырмаймын

Алып қайтып сүйегін.

З а й р а (*Шаймарданға жылап жалбарынып*).

Ағатай-ау, өлдім ғой,

Мені тірі көмдің ғой!

Ш а й м а р д а н

Жетенде болса жылама,

Қайратқа мін, күшің көр,

“Қайта келген қыз жаман,

Қайта шапқан жау жаман”.

Күнде өлгенше бір-ақ өл!

(*Алтынды жетелеп.*)

Қайтайық көне жүр, Алтын,
Енді не бар тұратын!...

А л т ы н (*еріксіз кетіп бара жатыр, жалғыз тұрып қалған
Зайраға*).

Маңдайдағы күндызым,
Шым жібек қызыл қырмызым.
Түстің бе ағып шыныңмен,
Аспандағы жұлдызым!

Ұялы қасқыр ұлыды,
Қамап сені, құлыным.
Күзетшің жоқ, қору жоқ,
Не болар күнің, шыбыным!

Шаймардан Алтынды сахнадан сүйреп алып шығады. Жұрт тарайды. Сахнада Зайрадан басқа Айша, Досан, Байсалбай, Бөкен қалады.

З а й р а (*ария, зарлы үнмен*).

Ебілістей, жасаған, қарғадың ба,
Нәлет қамыт киген ат таңғаның ба?
Он сегіз мың әлемнен орын таппай,
Өлгенімше шыныммен зарладым ба?

Алма бетім, қайғыдан қуардың ба?
Қара көзім, жылаудан суалдың ба?
Түнеріп түн, батып күн, төңірегім
Айналды ма тұманды буалдырға.

Емес пе едім сүттен ақ, судан таза!
Қылмысым не тартарлық мұндай жаза,
Көп залымның біреуі болмасаң сен,
Тілегім сол, төңірі, – жібер қаза!
(*Етпетінен құлайды.*)

К ө р і н і с

Досан мен Айша Байсалбайға барады.

Д о с а н

Мына істің есебін

Табыңыз, бай!

Б а й с а л б а й

Қайт дейсің!

Керейдің кегін күшейтіп

Кемелге жетем демеймін,

Сатып алдым тағы да

Бір пәлені басыма!

А й ш а

Ерден кетсе бар ғой ел.

Б а й с а л б а й (*қатыгезденіп*).

Табам ба ерді қазып жер.

Д о с а н (*күлімден*).

Бәкен ше?

А й ш а

Бұл тапқан сөз,

Бәкен, көн!

Әке, бата бер!

Д о с а н (*Бәкенге*).

Сен не дейсің?

Б ә к е н (*төмен қарап*).

Ұят қой,

Ерік бірақ әкемде...

А й ш а

Д о с а н

Бай сөз айтты, қосайық

Зайраны енді Бәкенге!

Б а й с а л б а й

Болды.

Әкел келінді!

Досан мен Айша Зайраны жатқан жерінен тұрғызып қолтықтап алып келеді. Байсалбай Зайраға Бәкенді нұсқап.

Мұнайма, балам жарығым,
Қайғыма тисін сауабың,
Қосылар таптым теңді,
Екі ұлға ортақ әкемін,
Сыңар көзім Бәкенім,
Қосылып, қоса ағарып
Болыңдар ұзын өмірлі!

(Бәкен мен жылап тұрған Зайраның қолын Досан екі қолымен тартып ұстатады.)

Б а й с а л б а й *(Досанға)*.

Той жасаттыр, ат шаптыр.

Көтерем өзім шығынын.

Д о с а н *(көпке)*.

Білдіңдер ғой, бастандар,

Болар тойдың ырымын.

Жұрт билей жөнеледі.

К ө р і н і с

Бірнеше кісі мен Ақан, Шолақ шығады. Би тоқтайды.

А қ а н

Зайраның тойы осы ғой.

Кеткені ғой шынымен.

Д о с а н *(айқайлап)*.

Ат шабар, ат шабар!

А қ а н *(Шолақтың кеңесіне құлақ салады)*.

Сынасайын бағымды,

“Ат шабар” да мұнымен!

Құлагердің аяғын

Тұсамас ақша Зайрадай,

Аман болса қолқасы,

Күлуі дара айнадай,

Қайын жұрттың алдында

Бақ сынар келді кезіме,
Оздырып атты, мырзаның
От тастайын көзіне!

Ш о л а қ

Бәрекелді, мұның мақұл! Қосылам мен сөзіңе.
(Екеуі шығады.)

А й ш а (Досанға).

Үмітті ме әлі де,
Бұлар неге келіп жүр?

Д о с а н

Ат шабарда бағымды
Оздырам деп сеніп жүр.

А й ш а

Ә, солай ма, қара сен
Кеудесінің зорлығын!
Көре қойман тіріде
Қу кедейдің қорлығын.

Құлагер тұлпар болғанмен
Тосқауылға шалдырар,
Бақ сынасқан сорлы Ақан
Ертең жаяу қаңғырар!

Теңдесіп бойы жетпесін
Содан кейін түсінер,
Біздің тұқым дегенде
Өкпесі оның үсінер!

Ш ы м ы л д ы қ

Алтыншы сурет

Ойлы-қырлы сары жота. Сахна сыртында шапқан аттын дүсірі. “Ұста, ұста!” “Сілейт, сілейт!”, “Қарауыл!”, “Керей!”, “Атығайлаған” шулар, ұрандар. Аздан кейін басы көрінген Құлагерді Досан шоқпармен бастан ұрып жығады. Үстіндегі Бөрібай сахна ішіне құлап түседі.

Д о с а н (*құлаған бала мен атқа қарап, кекете күліп*).

Кезегі келген жерлерге
Бар еді сондай ойыным.
Жат, жануар... Үзіліп
Түскен шығар мойының.

Сахнадан аттар өтіп жатады. Рамазан шығады.

Р а м а з а н (*абыржып Досанға*).

Танымай қалдым алдыңғы
Атты, үсті қара тер.
Өткен жоқ па қапыда
Бірінші боп Құлагер?

Д о с а н

“Жүйрікке томар” кездесіп,
Құлагер оңбай сүрінді,
Бірінші боп бәйгеге
Сіздің көкжал ілінді.

Р а м а з а н (*қуанып*).

Бар болғыр-ау ендеше,
Сүйінші десең болмай ма!..

Д о с а н (*мақтанып*).

Іс орнына келгесін,
Асықпасам болмай ма.

Р а м а з а н (*асығып*).

Сыбағаң даяр,
Енді аяр,
Ат жоқ екен,

Тұрма құр,
Мына бір
Шоғыр аттардың
Беттерін былай
Теріске бұр!

Рамазан мен Досан кетеді. Бөрібай сүйретіліп басын көтереді.

К ө р і н і с

Ақан мен Шолақ шығады. Сұлап жатқан Құлагерді, жылап тұрған Бөрібайды көреді.

А қ а н (*үрейленіп*).

Шатастым ба есімнен?

Сенейін бе көзіме?

Жануар-ай, мерт болар

Келіп пе едің кезіңе!..

(*Құлагерді құшақтап жылап құлайды.*)

Ш о л а қ (*Бөрібайды тұрғызып*).

Жарқыным, жишы есінді!

Не болды? Маған айтшы тез!

Б ө р і б а й (*жылап*).

Алдында едім аттардың,

Тосқан жауға болдым кез.

Ш о л а қ

Кім екен?

Б ө р і б а й

Тани алмадым.

Ш о л а қ

Кескіні қандай?

Б ө р і б а й

Сары сұр.

Ш о л а қ (*аз ойланyp*).

Рамазан жұмсаған

Дәуде болса Досан бұл.

(*Қамшысын білеп, айқайлап.*)

Шыдайсың ба қорлыққа,
Қайдасың, жинал, қарауыл!
(*Бұрқанып шығып кетеді.*)

А қ а н (*басын көтеріп күйінген пішінмен “Құлагер” әнімен елең айтады.*)

Құлагер, бойда қуат қанатым ең,
Өзіңді бар дүниеге балатып ең,
Сырласар серігім ең, жан қайғымды
Сіндірмей бойға талай таратып ең.

Ай, Бөрібай,

Ай, керім-ай,

Ай, Бөрім-ай, ай!

Жауымды жеңіп берер балуаным,
Мал түгіл жаннан басым әруағым.
Өмірде сен ең сеніп сүйген досым,
Не болар сенсіз күнім, жануарым.

Ай, Бөрібай,

Ай, керім-ай,

Ай, Бөрім-ай, ай! (*Атты қайтадан құшақтап жылайды.*

Зарлы күй тартылады.)

К ө р і н і с

Шолақ, Байсалбай, Ояз, Досан, стражниктер шығады.

Ш о л а қ (*оязға ашулы дауыспен атты көрсетіп.*)

Көрдің бе, тақсыр,

Мынау қиянатты. (*Байсалбай мен Досанды нұсқап.*)

Мыналар қастықпенен өлтірді атты.

Б а й с а л б а й (*Шолаққа.*)

Не оттап тұрсың өзің!

(*Оязға.*)

Тақсыр, мынау

Қып-қызыл,

Қарап тұрып жала жапты!

Тал түсте

Жаралайды қылды деп қас.

Аузыңнан қаның жақпа,
Көзіңді аш!

Ш о л а қ

Құныңды бір-ақ берем,
Жүзіқара,
Қаскүнем,
Жүрегі тас, ниеті нас!
(Сапысын суырып ұмтылады.)

О я з (Шолаққа қарап).

Көргенсіз ит!
(Стражниктерге.)

Арестоват!

(Стражниктер Шолаққа жабылып, сүйреп алып кетеді.)

К ө р і н і с

Зайра шығып, Ақанның қасына барады да, қайғылы қалпын көріп.

З а й р а

Қырқылды ма қанатың,
Өлді ме жалғыз керігің?
Алып кет мына қорлықтан,
Мен болатын серігің!

А қ а н (бір қарап).

Қолынан шығарғасын Құлагерді,
Ойлама тірі жан деп, Ақан өлді.
(Домбырасын талқандап.)
Тілегім тіршіліктен бітті түгел,
Бақыл бол, айтарым сол,
Кетем енді! (Ақан тұрып жүре береді.)

З а й р а (талмаусырап).

Жасаған-ау, осы мен
Бармын ба, әлде жоқпын ба?
Түсім бе, бұл өңім бе,
Әлде пері соқтың ба?

(Аспанға телміреді. Пері қызы аққу боп алдынан шығып билейді. Зайра желіге бастайды.)

Ей, пері!..

Кел бері!

(Құшағын жая ұмтылады. Пері алыстай береді, Зайра ұмтыла береді. Пері кеткенде, Зайраның алдынан Айша бастаған құлар тобы шығып билеп, Зайраны еліктіріп әкетеді. Біраз талықсыған қимылмен билеген соң Зайра қышқырады.)

Пері, пері... перінің
Мұнда екен ойнағы!..

Құтқар, Ақан,
Перілер қашсам да
Қамап қоймады!

(Құтыра бастайды.)

А й ш а *(билеушілерге).*

Тоқтаңдар түге,
Жынданды Зайра!
(Тоқтай қалысады.)

З а й р а *(қарманып).*

Қоршады пері,
Қайдасың, Ақан, қайда?
(Құлайды.)

А й ш а *(талған Зайраның қасына барып).*

Қол созған адам едің көкте айға,
Жетуге бірақ оған таппай айла.
Мерт болып, ұшып бастан бақыт құсың,
Түстің бе мұндай күйге енді, Зайра?

Кеуденді махаббаттан кернеп жалын,
Ұмтылып үмітіңе сусап жаның.
Ақан мен жеріп жердің жұмағынан,
Аз уақыт азап шегіп қудың сағым!

Жолыңа сағым қуған құрдым тұзақ,
Шырмалдың ол тұзақтан кетпей ұзап.

Тұзаққа түспей тура жолын табар
Аяғын сақ басатын мына біз-ақ!

Өмір мұз, мұқыл болдың басар таған,
Жолыңда тәлтіректеп тайғанаған
Сүйемей сүріндірген қылмысым бар,
Имандай сырым бұным, емес табам!

Ш ы м ы л д ы қ

**Муканов Сабит
Ауэзов Мухтар**



ДАЛА ДАСТАНЫ

**(“Степные были” или “Песни степи”).
Либретто оперы (в 4-х актах, в 6-ти картинах).**



Действующие лица

- А х а н С е р ы — поэт и певец
З е й р а — девушка из рода Керей, мусульмански образованная, читает чагатайских поэтов.
А л т ы н — ее мать.
Ш а й м а р д а н — опекун, родственник.
Б и р ж а н } поэты, певцы-импровизаторы.
И б р а й } Биржан старший из них.
Ш о л а к } Остальные молодые сверстники.
Н у р ж а н — книжно образованный, фанатичный.
Б а й с а л б а й — крупный богач, живет на полугородской манер, торговец.
Р а м а з а н — купец, сын богача Байсалбая.
А л и м а — первая жена Рамазана.
А й ш а — его сестра.
Б а к е н — младший сын Байсалбая, молчаливый, безвольный.
Т о р е — потомок Хана Аблая, бывший офицер, переводчик уездного начальника.
У е з д н ы й — начальник, друг купцов.
Б о т п а й — советник и родственник Байсалбая.
Д о с а н — книжно образованный, фанатичный поэт на положении слуги при детях купцов.
Полушуты, полускоморохи, приживальщики в ауле Байсалбая, увеселители его.
Женщины, девушки, свита, стражники.

Картина первая

Лунная ночь. Степь. Много аулов. Вдали чуть блестит озеро. Мерцают дальние огни, то потухают в одном месте, то возникают в другом.

Темнеют кусты. По временам доносятся крики ночных дозоров (табуншиков и пастухов), слышны песни девушек. Все эти звуки идут издалека, доносятся еле преодолевая степные просторы. Утомленные, полудремотные однообразные звуки. Так дышит степная ночь.

И вдруг, разрезая спокойствие ночи, раздается смех, веселье большой группы молодежи. Пестрая толпа поющих, смеющихся девушек и жигитов. В центре Зейра со свитой девушек и молодых женщин. С ними певцы с домбрами, жигиты—щеголи: Ибрай, Шолак. Отдельно, играя одну мелодию на своих домбрах, выходят Биржан и Ахан.

Зейра. Где же он? Почему не идет Ахан? Отчего так невесело нам?

Девушки. Где Ахан? Пришел бы Ахан, Ахан!

Зейра. Друзья веселья и забав певцы и поэты, поклонницы восторгов, юные девицы — все здесь. Давайте же порезвимся. А что же это?

Шолак (Биржану). По-моему, пока не развеселитесь вы, и другим не будет весело.

Зейра. Биржан-ага, уж не начинаете ли вы сдавать?

Голоса. Ахан! Ахан! Идет Ахан!

Биржан. Идет Ахан, значит идет красивая песня и веселье вам.

Зейра. Заставил долго ожидать, накажем!

Ахан. Зейра жан! Хочешь наказать, так даже и безвинный, приму безропотно.

Девушки. Пусть он споет в наказание, и веселой песнюю начнет наши игры. Песню Ахана, песню Ахана!

Ахан. Это серьезно? Чего ты хочешь Зейра?

Зейра. Как мила эта ночь!! Ночь-мечта... С кем на свидание спешит в полночной мгле этот бледнолицый жигит-месяц? Ночь, обворовывающая рассудок, но помни себя!

А х а н (*поет*). Ночь лунная – ночь мудрая. Пусть в ней дремлющий лог и грустные холмы, подышат нашей песней и бодрим весельем. Пусть начнется таинственная повесть ночного аула Зейры. С одиноко плывущим месяцем я делился своей тайной. Ему, как и себе, я пожелаю счастливой встречи. Одинокому пусть станет опорой одинокий. Он моя опора. Ты поняла его, пойми также и меня Зейра-жан! (*Шумно и радостно поддерживают другие*).

З е й р а (*Ахану*). Что если мы попросим вас найти новые забавы?

А х а н. Что-ж коли так, мы в таких случаях играли в “серек-кулах”. (*Толпа шумно одобряет.*)

З е й р а (*смеясь*). Ладно, тогда пусть Ахан будет волком, – он что-то очень тихий сегодня, может это его подбодрит.

А х а н. Хорошо, Зейра. Я и по своему положению ныне стал подобен отставшему от своей стаи рышущему волку. (*Смеется.*) Может, смилостивился мой бог и сулит добычу. Хорошо.

Ш о л а к (*бодро, весело*). Ну, тогда я стану молодым, серокуцым, Ахан.

Н у р ж а н (*быстро*). Волками стали караульцы, а вы керейцы, выбирайте собак.

Б и р ж а н. Я же буду на положении старика – дозорного, которому не спится на постели докучной старухи. (*Смеются.*)

Ш о л а к. В таком случае это место – логово волков. Ну, Биржан, пока целы твой козы и козлята, убирайся подальше отсюда.

Биржан с девушками и жигитами, изображающими собак, уходят, в танцах изображая группы коз, овец, собак. На сцене Ахан и Шолак, который успел две тубетейки привязать к вискам, изображая волка.

Я в л е н и е

А х а н. Ну, мой серогривый, я радовался твоему появлению на свет. Теперь я, старый, устроюсь у оврага, а ты постарайся накормить меня.

Ш о л а к. Начать с мелкоты, или как?

А х а н . Начиная как хочешь, но стрела твоего брата выбрала и метит только в одну. Помни это.

Шолак удаляется, Ахан наигрывает напев, отдаленно напоминающий вой волков, иногда подпевает. Шолак пробегает с одной девушкой. Сзади за ним — шум, гвалт. Второй раз он возвращается с Ибраем. Ибрай подходит к первой девушке.

И б р а й . Пусть бог благословит их — это самые лучшие из волков.

А х а н . Ну тогда пожелай нам счастливых набегов (*смеются*).

И б р а й . А как же иначе.

Вбегает Шолак, позади его снова шум. Он привел Зейру. Ибрай с девушкой уходят.

Я в л е н и е

Зейра и Ахан. Шолак отправился снова. Долго не возвращается. Шумят вдали. Теперь снова иногда слышны крики дозорных в аулах.

З е й р а (*смеется*). Серы, ты однако (битый) волк. Из среды Жанеке не многих, должно быть, оставишь.

А х а н (*встал, подходит*). Зачем мне многие, я искал только одну.

З е й р а . Если одну, то видно на выбор.

А х а н . Ты сейчас назвала меня волком и не напрасно, должно быть, судьба это продиктовала тебе. Я хочу стать волком по настоящему. Так неужели я возьму не ту, кого хочу, а кто подвернется.

З е й р а . Хочешь, чтобы из игры, из шутки — огонь вспыхнул.

А х а н . Не из игры огонь, а с огнем будем играть мы с тобою.

З е й р а . Пусть уж лучше не останавливается твой взор на мне. Веди свою игру.

А х а н . Ты только споришь, или это твое решение?

З е й р а . Это приговор над собою.

А х а н . Пусть рассеет этот приговор бег Кулагера. Я решил увезти тебя сегодня. У керейцев нет ни одного коня,

который смог бы настичь моего Кулагера – он стоит вон за тем кустом.

З е й р а. Неуместная игра. Обманчивая дружба сама сократила свою дорогу.

А х а н. Зейра, милая, к чему спрашивать у картежника о его азарте, у алкоголика о пьянстве, у неверного о верности. Сегодняшний его взор, его мольбы обращены к тебе. Что же еще надо.

З е й р а. Ахан, Ак-Токты была моей лучшей подругой. Ты разлучил нас как соперниц. Я разлуку с тобой приняла как решение судьбы. Не мучь снова.

А х а н. Это серьезно?

З е й р а. Окончательно. Прекратим этот разговор.

А х а н (*берет ее за руку, тянет*). Нет, ты пойдешь. Ак-Токты не стало. Теперь ты моя жена. Уведу.

З е й р а. Не уведешь, я не дам тебе своего согласия.

А х а н. Тогда я увезу насильно. Самое меньшее, ты рискуешь осрамиться. (*Тянет сильно.*)

З е й р а (*не поддаваясь*). Убери руку, довольно. (*Отдернула свою руку.*)

А х а н (*вытащил кинжал, приблизился*). Ты любила меня, а теперь решила покинуть. Так не быть тебе женой другого. Убью.

З е й р а (*с усмешкой*). Ахан, защити меня есть кому. Но ты поэт, я уважала тебя, не хочу, чтобы тебе было стыдно. Я скажу, что я думаю. Приди в себя.

А х а н. Что скажешь? (*Прибегает Шолак.*)

З е й р а. Шолак, приведи-ка сюда Биржана. (*Шолак уходит.*)

А х а н. Зачем он тебе?

З е й р а. Он старший среди вас, певцов. Пусть он нас рассудит.

А х а н. Послушай...

Входит Биржан. Вышел с другой стороны Досан, он подслушивает их.

Я в л е н и е

Зейра (*к Биржану*). Жанеке, недавно Ахан покинул меня и выбрал Ак-Токты. Ее теперь нет. Но тогда он причинил мне большое горе. Зачем увлек меня? Сегодня же он хочет начать все снова. Разве на одной свадьбе поют дважды “Жар-жар”. Он был в долгу у меня, но не я. Рассуди нас.

Биржан (*Ахану*). А ты что скажешь, дорогой.

Ахан. Что мне сказать? Вам все известно. Спорить я не могу. Рассудите по тому, как она сказала.

Биржан. Зейра-жан, если прошлое было испытанием для тебя, завтра его очередь. Здесь много поэтов. Пусть он вступит в состязание с ними. Если он победит других, значит такова воля судьбы – покорись.

Если за поступок ответят поступком, разве не разрешаются тяжбы.

Зейра. Я передала вам свои права. Так пусть будет, как вы решили.

Ахан (*притворно*). Я не нашел справедливости у Вас, Биржан-ага.

Биржан. Нет я решил без оглядки, этим кончено.

Выходят Нуржан, Ибрай, Шолак с домбрами. Зейра разговаривает с ними, смеется и передает о состоявшемся решении. Певцы начинают на своих домбрах веселый мотив. Биржан и Ахан в стороне.

Я в л е н и е

Ахан (*смеется*). Какая была трудная тяжба и как ловко вы ее разрешили.

Биржан. Да, родной, только вот не дают мне что-то судить и решать тяжбы. (*Смеется.*)

Выходит группа молодежи, передаются от одного к другому новые вести. Ибрай и Нуржан поют по одному куплету хвалебные песни, посвященные Зейре. Это легкий дуэт. Под звуки их домбр пляшут остальные. Танец общего веселья. Ибрай, Шолак поют вместе, их поддерживает хор девушек.

Нуржан. Любовь между молодыми дозволена шариадом. Об этом заповедал пророк. “Достаточный вправе

искать себе достаточного” – говорит народная мудрость. Оставлять друга вообще, или проявлять гордость – есть нарушение установления пророка. Любить нам завещали Адам и Ева.

И б р а й. Если ты благородна – выбери только одного и люби только его. Но я не стану молить, чтобы ты любила меня. Не понравлюсь, так можно отказать в любви даже и мне. Но, дорогая, умей ценить себя. Не стань достоянием того, кто первый схватит тебя.

Ш о л а к. Если имеешь достоинство, люби храбрых. Не зря меня хвалит народ. Я молод, я певец. Я батыр, мне ли бояться состязаний. Я испытываю свое счастье завтра. Этим я обязываю тебя. Значит, это испытание и для тебя.

Во время этой песни Ахан сидит поодаль. Зейра одна в центре группы. Ахана мучит ревность, он молчит. После хора выходят отдельно Айша и Досан, они в стороне.

Д о с а н. Зейра, кажется увлечена Аханом.

А й ш а. Это верно? Неужели все певцы и даже Ахан млеют только перед ней? Вмешалась бы я, разве уступила бы ей?

Д о с а н. Думаю не об этом... Разве забыла, что она невеста твоего дяди? Это оскорбление чести твоей родни!

А й ш а. Ах да! Так мы не дадим ей избрать другого. Пусть наша невеста не порочит род моей матери. Иди, я должна вмешаться. Увлекается поэтами, так разве они лучше тебя, должен разрушить.

Д о с а н. Я равный поэт, не дам превзойти себя. Все равно она не достанется чужому, не так ли?

А й ш а. Если задумала измену, пусть будет наказана... Ты прав...

Появляется особенно яркой пестрой группой свита Айши, девушки.

В центре она сама, рядом Досан. Группы незнакомы друг с другом.

Небольшая пауза.

Я в л е н и е

З е й р а. Хотя мы и не знаем друг друга, но мы ровесницы – будьте у нас гостями.

А й ш а. Ты возгордилась и не узнаешь. А ты будущая жена моего дяди. Для чего это ты собрала в свой аул всех певцов Арки?

З е й р а. А зачем тебе знать?

А й ш а. Себя с торгоа сбываешь, будто нет глазу за тобой.

З е й р а. Я еще у родителей, в недолгие дни своей юности никому не отдам своей воли. Не покушайся на нее. И ты, верно, не свекровь мне и напрасно следуешь старости, лучше оставайся в своем возрасте и познакомься вот с людьми.

А й ш а. А, я для вас чужая, незнакомая. Но неужели и ты, Досан, не узнал нас. Познакомь их со мной.

Д о с а н (*приветствует хвалебной песней*). Вещие певцы, слагавшие лучшие повести о героях, часто упоминают о солнечной красавице, идущей из страны солнца. А вы, явившаяся сюда ночью, будьте душою ее, дорогая Айша, сестра мирзы Рамазана. Желаю счастья тебе и твоему пути.

А й ш а (*Досмагамбету*). Досмагамбет, пусть лучше мы не будем посланными от солнца, а будем просто детьми земли. Мы должны рассказывать о себе друзьям толком. Расскажи ты.

Д о с а н. Мы едем из далекого Суюндукского рода. Там нагаши (*родственники со стороны матери*). Перед вами сестра мирзы Рамазан и высокочтимая дочь бая Байсалбая, Айша. Мы тоже любили веселье и нам не по душе скучные дальние переезды. Мы ночевали в соседнем ауле и, услышав ночные песни поэтов, Айша пожелала повидаться с вами. (*Показывая на Биржана*) Айша, вот ага-Биржан. (*Айша здоровается с ним.*)

Б и р ж а н. О других я скажу. Вот это серы Ибрай, а там молодой бурный Шолак, это же серы-Ахан...

А й ш а. Ахан!.. Значит мы явились сюда не напрасно. Правильно говорят: "Слышанное узрешь". Значит, это вы серы. Приветствую Вас.

А х а н. Благодарю. (*Не встает с места, посмотрел и отвернулся.*)

А й ш а (*чувствуя неловкость, к Досану*). Он всегда такой мрачный, или только сейчас?

А х а н (*не смотрит*). Да, больше раскаяния, чем удовлетворенности. Это стало моей привычкой. Не так-ли Зейра-жан? (*Долго смотрит на нее. В это время Ибрай, Шолак окружили Айшу и рассказывают ей о предстоящем состязании.*)

З е й р а (*Ахану*). Я никогда не осуждала твоей задумчивости.

А х а н. Я благодарен тебе, если бы ты не была такой, разве я мечтал бы о Зейре.

А й ш а (*не слушая жигитов, приблизилась к Ахану*). Не более ли присущи юности веселье и надежды. Неужели задумчивость лучше.

А х а н (*к Зейре, не отвечая Айше*). Только ты и суд властны надо мной.

З е й р а (*смеется*). Слыхала. (*Ибрай, Нуржан, Шолак снова окружают Айшу, что-то хотят сказать, она их не слушает, шагнула в сторону Ахана.*)

А й ш а. Я только что узнала о предстоящем состязании. Я поражена. Неужели вы, Ахан, не нашли себе достойной оценки и без тяжбы.

А х а н. Как это понять?

А й ш а (*нервно*). Не ставить себя в торг, а быть избранным тем, кто вами действительно дорожит. Или вы отвергли бы это?

А х а н (*оборачиваясь к Зейре*). Я предпочитаю добывать трудом, а не брать даром.

А й ш а. Не вижу утешенья для вашего самолюбия, когда ваши достоинства взвешивают на весах.

А х а н. Я испытываю свое счастье. В борьбе закаляются жигиты.

А й ш а (*овладев собой, спокойно*). В таком случае желаю вам удачи и даю свое благословение.

А х а н (*с иронией*). Скажите, казахи понимают благословение девушки, как благословение, или нет? (*Смех.*)

А й ш а. Вы считаете, что это много для меня.

А х а н (*отворачиваясь, быстро*). Если это не маневр, то может быть и немного.

Слабый смех. Зейра и Биржан уводят молодежь на новые игры. Снова веселье, пляска, песни. Слышны отдельные слова: “состязание, состязание, завтра состязание”. Молодежь уходит во главе с Зейрой и Биржаном. Она положила руку на его плечо. Последним уходит Ахан. Айша со своей группой осталась в молчаливом, грустном настроении.

Я в л е н и е

А й ш а (*Досмагамбету*). Когда не нужно, ты извергаешь потоки слов, а в нужном месте из тебя и слова не выжмешь. Почему не ответил за меня?

Б о т п а й. Певцы и бахсы (*шаманы*) — люди одного племени. Айша жан — это не обида, не урон для твоей чести.

Д о с а н. Ну, конечно.

А й ш а (*перебивая их*). Что мне в этом, когда он не получил достойного ответа с моей стороны. Ну коли так, и я буду состязаться. (*Уходит за теми, за нею ее свита.*)

Д о с а н (*один*). Да, если долго путешествуешь, всегда наткнешься на приключение.

З А Н А В Е С

II АКТ

Картина вторая

Большая юрта Алтын полна народу. В центре Биржан. Он певец судья. Вокруг него другие певцы со своими жигитами, свитой. Одеты пестро.

Домбры украшены перьями. Входит Айша. Молодые певцы встают, уступают ей место.

Я в л е н и е

1-й голос. Ну, теперь все в сборе.

2-й голос. Пора начинать, певцы.

3-й голос. Вон народ облепил юрту даже снаружи. Ждут с нетерпением.

Ж у с у п. Ну, пусть начинают.

Б и р ж а н (*исполняет зачин в двух куплетах*). Пусть моя звонкая песня раздастся как призыв, пусть удалые жигиты поймут ее как клич юной отваги. Своей песней я поднимаю знамя состязания в месте, указанном мне Зейрой. Скакуны вдохновенной песни, достойные жигиты помните,

что финиш сулит награду. *(Маленькая пауза, после которой начинает свою песню Ибрай.)*

И б р а й. Так зачем же нам задерживаться. Сказать свое слово мы обязаны, хоть я и не томлюсь ни о ком и не хожу просить дружбы у красавиц – они сами просят ее у меня. Но этот вызов для юности моей я принимаю. Но помни, дорогая, и при моей возможной победе я оставляю за собою право взять или отвергнуть доставшийся мне приз. *(Одобряющий смех среди собравшихся.)*

А й ш а *(Ахану)*. Это гордые слова. Они более к лицу Вам. Но если и Вы заговорите так, то высока ли будет цена состязания. *(Смех в ее группе.)*

А х а н. Другой я сказал бы также, но Зейре скажу то, чего не говорил никому в жизни.

Д о с а н *(Айше)*. Ахан со вчерашнего дня всячески избегает твоих сетей, как он боится их, Айша.

Б о т п а й. Да, убегает, как дикий конь.

А х а н *(не слушает их. Смотрит на Зейру, начинает свою песню. Айша вспыхнула в гневе)*. Соловей томился о розе. Бабочка тянулась к свече. Горемычный Меджнун плакал о Лейле. Все это не сказки. С ними я пою в унисон. Одни гордятся богатством, другие знатным родом. Я был бы горд моей Зейрой, притянувшей к себе мои незавидные скромные напевы. Если она удостоит вниманием, я спою песни не хуже черномазого арабчонка *(Меджнуна)*. Если бы превратились камыши в перья, а моря в чернила, они не смогли бы излить мою печаль.

Д о с а н *(Айше)*. Неудачно избрал он себе в пример Меджнуна.

А й ш а. Значит, он разочарован в настоящем и тянется к миру прошлого. Это ведь непохвально по-нашему.

Н у р ж а н *(к Зейре)*. Не думаю, чтобы вы согласились стать Лейлой, когда он выбирает себе удел Меджнуна. Это раскапывание могил противно и религии нашей. Я хочу быть признанным вами только как Нуржан.

З е й р а. О них пели и Физули и Навои. Весь мир поет о семи влюбленных парах. Неумно вы нападаете на них ради ваших расчетов. Ваша горделивость тоже противна религии.

Н у р ж а н. А что, я разве не могу критиковать? Чем я хуже других.

Зейра. Вы же Нуржан.

Нуржан. Ах так, ну попробуем и мы. (*Поет незвучным речитативом.*) Невеждам недоступны мудрые речи. Лжеучитель портит религию. Шариат требует меры и пределов во всем. Все чрезмерное — разврат. И Ислам, и обычаи предков учат уважать сильных, отличившихся в наше время. Они не завещали любить подобных Коркыту отшельников, знающих только пустыни и свой кобыз. Зейра-жан, если ты умна, поймешь меня.

Ахан (*быстро*). Человек создан так, чтобы он носил свою голову высоко, гордо. Он не из тех тварей, которым суждено только смотреть под ноги и пресмыкаться. Ты не ушел дальше стяжателей-фанатиков, если проповедуешь собирать зерна пропитания, рассыпанные по земле как корм для кур. Я отвергаю, что мне не по душе и возьму, что мне нравится, если это даже не предназначено для меня. (*Зейра улыбкой одобряет его, Нуржан молчит.*)

Досан. У них не состязание певцов, а ненужные прения о букве шариата, не так ли?

Айша. Да, вы, оказывается, любите говорить по книжному, на непонятном языке. Говорите понятным для всех языком, а то и мы умеем говорить по-русски. Конечно, что на самом деле.

Д ә у к е ң. Солай соқ, а біз әдепті, инабатты келін алатын шығармыз деп едік, комсомолдың агитпробшигін аламыз деген жоқ едік, солай емес пе, жеңеше!

Р а я (*ашуланым*). Пошлость! Қайдан ғана кеп оралды осы бір пошлость! Қайда, қайда әлгі Самат ағам! Самат аға! (*Жөнеледі.*)

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Бірінші көрініс

Оқиға сол бақшада, Самат, Әсия тұратын дачаның жанында болады.

Бұнда да алма, өрік ағаштары. Бірнеше беседка, кең аллея, екі шегі газон, көк шарбақтар. Дәукең, Жазкең, Жөкең беседкада отырысады. Үйдің террасасында Әсия, Апа әбігерде. Ыдыс-аяқ алып шығып, стол әзірлесіп жүр. Бір топ жас – Жұпар, Ғайныш, Қасым Апаларға жәрдем етісіп жүр. Осылар қасынан өте бергенде Дәукең сөйлейді.

Д ә у к е ң. Өзінде тіпті жөнді көлеңке де жоқ екен, мына алма деген итінде.

Ж ұ п а р. Біз көлеңкеге тығылмаймыз, күннің көзін жақсы көреміз.

Д ә у к е ң. Күнді керек қылсаңдар, ана Түркістанға барып пахта айдандар, қыздар. Күн сонда мол деседі. Рас айтам. Уау, осында көлеңкесі бар ағаш бар ма, Жазеке, қарашы айналанды.

Ж а з е к е ң. Кім білсін, ана біреу болмаса.

Ғ а й н ы ш. Ол алма емес, қараағаш.

Д ә у к е ң. Е, пәлі, пәлі, үндеме. Өзім сияқты көрі ағаш екен. Ей, балалар, соның көлеңкесі менікі. Мынадай жалпиған-талпиған, мегежін құсаған жаман, шардақы құсаған ағашты мәпелейсіңдер. Одан да Алматының сан әлзәлесін, талай селін, мың пәлесін көрсе де, айылын жимай, қыңқ етпей келе жатқан сол батырынды айтсаңшы. Өз заңы, өз бабымен келе жатқан. Бұл атасыз, тексіз емес, әлдебір оның өз дәстүрі бар. Сонысын күтсеңші, түге...

Қ а с ы м. А, осы ағай қызық кісі-ау, жарықтық. Байқаймысыңдар? Қалай дейсіңдер?

Ж ұ п а р. Иә, тым оригинальный көрінеді.

Ғ а й н ы ш. Ылғи “қыздар” дейді. *(Күледі.)*
Ж а з е к е ң *(күлін)*. Е, қыз емей кім едің, шырағым-ау?
Олай айтуға болмас, енді дұрысын өзің айта ғой. *(Күлін.)*
О несі екен?
Ғ а й н ы ш. Пәлі, мына кісінің сөзін қара.
Қ а с ы м. Қысқасы, бек сыпайы сөйлесіп, түсіністік
те сүйтіп. *(Бұлар тая береді.)*
Д ө у к е ң. Тұрған бойлары жастық емес, бір
күнтсыздық.
Ж ө к е ң. Маған да тіпті ажарлары бек ұнамайды.
(Ана келеді.)
Ж а з е к е ң. Ойбай-ау, әлгі келін болмыстың, Раяның
түрін көрдің бе жаңағы?
А п а. Немене, келін, тіпті сынап та қойдың ба,
шырағым-ау?
Ж а з е к е ң. Өл де маған қайтейін, тіпті жерге кіріп
кете жаздадым.
А п а. Түрлері де, сырлары да бөлек-ау, ендігі жастың.
Тек тірі болсын...
Д ө у к е ң. Өздерін шетінен тамырын ұстап, араларын
қағыстырып көріндерші. Сезіп отырмын: шикілері көп,
пәле де мол. *(Көрнебай шығады.)*

Екінші көрініс

Д ө у к е ң. Уай, азамат, бері тарт! *(Көрнебай келеді.)*
К ө р п е б а й *(Анаға)*. Уа, қайырлы болсын. Үбірлі-
шүбірлі болсын, құдағи.
А п а. Қайырлы болсын, мақұл-ақ, м!.. Құдағиыңа жол
болсын, шырағым. *(Күледі.)*
К ө р п е б а й. Е, қазақ сұраса келе қарын бөле шығады
дейді. Одан да сұраспай-ақ құда-құдағилыққа бітім қылайық
дейім.
Ж а з е к е ң. Әнені...
А п а. Оның да мақұл екен. *(Күлін.)* Иә, жаратқан ие!
К ө р п е б а й. Иә, пәруәрдиғар.
Д ө у к е ң. Уай, азамат, сен қай русың? *(Жұпар, Қасым
өтіп бара жатып тыңдай қалысады.)*
К ө р п е б а й. Уа, түү, түү, сонау түбі: тырнақ атар
Қаңлы, Сіргелі-Ноқталы, Ысты-Құрымды, Ошақты-

Тарақты, қазанаяқ-табақты... Ал енді Ботбай, Шымыр, Сикым, Жаныс, Әлім-Байыш, тартпа-қайыс – бәріне де тие берсін. Пісімлдә, алдау-әкпар!

Дәукең. Өй, арысым-ау, бұ не дегенің бұл?

Көрпебай. Сеңгірім-ау, осының бәрі бір туысқан дегенім ғой! (*Саңқ етін.*) Иә, Райымбек ата!

Жазекең. Құдай шұнақ!

Апа. Алдам шебер!

Қасым (*Жұпарға*). Көрдің бе, ана арысыңның жүрісін.

Жұпар (*жетіп кеп Көрпебайға қалжың ретінде*). Өй, ырымшыл, баяғыны айтса жаны кіреді. Жаңаны сөйтіп ұқсаңшы. Әлі күнге лекбезді бітіріп бола алмай...

Қасым (*Көрпебайға*). Ал, бәлем, енді қайттың?

Көрпебай (*Жұпарға*). Уай, дөйдірім, өй, дөйдірім.

Жұпар (*бастырмалатып күліп*). А, мынандай сөз болса, жабыса кетеді. (*Көрпебай басын қорғағандай. Өй, дөйдірім, дей береді.*) Гнилой либералсың. Өзің қалайсың осы?

Көрпебай (*саңқ етін*). Бостай, погади...

Қасым. Е, бәсе...

Жұпар. Тегінде саглашатель боп, гнилой либерал боп кетпе...

Көрпебай (*жарыса*). Бостай погади, нетушка, нетука, нету саған! Е, сен орысшалағанда мен қарап қалат деймісің?

Жұпар (*жақындап, шындап*). Немене, не қып жұмбақтап бұлдыратып тұрсың, Көрпеке?

Көрпебай. Үндеме, қызым. Бұлардың бәрі тақ осы қонақтан шықпасын.

Жұпар. Е, немене, бірдемесін көріп пе ең?

Көрпебай. Көрген ештеңем жоқ. Бірақ бағана әлгі Сәлім бала қоңырсиды деді ме, соны (*ішін көрсетіп*) осы арама түйіп қап ем. Өзге болмаса да тап осындай жақтан шыққан иісті Көрпебайдың мұрыны сезуші еді. Өз тіліммен сөйлесейін, кішкене еркіме жібере тұршы, айналайын әке!

Жұпар. Ал, құп. Мейлің.

Қасым (*Жұпарға*). Өй, Жұпар, жүр, қонақтар кеп қалады, әйдә! (*Ketisedi.*)

Дәукең. Өй, осы мына біреуің сау сиырдың жапасы емес?

Жазекең. Осы бақшаның тақ бар сырын осы біледі.

Өзің мұнда кел, мұнда отыршы. *(Апамен екеуін қасына отырғызады.)* Мынау бақтағы жастардың жай-жапсары, жақсы-жаманы сенің көз алдында, алақаныңда ғой. Айтсаңшы бізге, кімі қалай деймін-ау?

А п а. Е, айтады ғой, айтпай оны езіп ішсін бе?

Ж а з е к е ң. Ендеше, кәне айтсаңшы...

К ө р п е б а й *(саңқ етіп, екі көзін қылиландырып, қадалып)*. Траллай, трту, некене құмыр, аран-апшы, назнайқұм, өтегене шотайым-ау болды!

Ж а з е к е ң. Ойбай, нақұрыс!

А п а. Ойбай, құдай сығыр... Мынасы кім еді, бетім-ау?!

Д ө у к е ң. Е, ол айтам дегені ғой, ұқпайды екенсіңдер-ау!

Ж а з е к е ң. А, ал, ендеше сен аңдап, байқап сезгенінді бізге айтып тұр деймін. Сен бәрін білесің. *(Күліп.)* Мына шінде ит өліп жатыр ғой, кәпір. Айтасың, ә?

К ө р п е б а й. Тот дарога тода пайдот, тот дарога сода пайдот, таралейке кәрі пайдот, майсыз арба, жолсыз жерде шақұр-шұқыр кода пайдот? *(Кетуге айналады.)*

Ж а з е к е ң. Е, айтады енді.

А п а. Е, көнді ғой.

К ө р п е б а й *(кетіп бара жатып)*. Әггөй, әггөй-гөй! Әггөй, әггөй-гөй, бәсе, айтам ғой қоңырсыды деп. *(Кетеді.)*

Самат, Хасен, Мария Ивановна шығады.

Үшінші көрініс

С а м а т. А, міне, таныс болыңдар, біздің туысқандарымыз, қонақтар. *(Танысады, келгендер Апаға, басқаларға қайырлы болсын айтысады.)* Әсия қайда, Әсия! *(Әсия шығады.)*

Ә с и я. Немене, Самат, қонақтар кешікпес пе екен?

С а м а т. Келе жатыр, қаладан келетіндер де шығыпты. Ал, Әсия, балалар қайда? Маған неге келмейді олар? Мен екеуіне бірдей әке халындамын ба, қалай осы. *(Күледі.)*

Ә с и я. Болса қайтушы еді? Олар басқаны керек те қылмайды.

С а м а т. Е, мыналар ше? (*Дәукең мен Анаға.*) Қалай, жастарды көрдіңдер ме? Бұнда ылғи білімді, өнерлі жастар, оны білемісіндер.

Д ә у к е ң. Көрдік қой, Саматжан! Шетінен біртүрлі бір жақсы, уыз жастар... тәрбиелі, білімді, тіпті өзіміздің жаңа заман, жаңа салттың бір гүл атып тұрған жастары екен.

А п а. Тек өмір жастары ұзақ болсын.

С а м а т. Ну, жарайды, жарайды. Ол сиынуың өзіңе, ішінде болсын, білдің бе?

А п а. Ішінде болсын деп неге ішімде болады, қалқам-ау? Келінді-балалы боп мен де бір қуанайын да.

С а м а т. Алда жазған-ай! Келін-пелін дегенің әлі жүрмеді? (*Мария Ивановнаға.*) Ну, біздің аспиранттардың бақшасы қалай көрінеді? Араладың ба?

М а р и я И в а н о в н а. Ғажап, тамаша. Алматы неткен жақсы! А, таулар, таулар қандай, ә?

Х а с е н. А, жастар ше? Сондайлық мәдениетті, білімді, Мария Ивановна. Оны тіпті мен сөз қылуға да батылым бармайды. (*Күліп.*) Шыным, ол бір осал жерім.

С а м а т. Немене, айт! Әлде көзің қызыға ма?

М а р и я И в а н о в н а. Шетінен әдемі, тіпті қызығам да, қызғанам да. Өз жастығым есіме түсіп мас қылғандай әсер етеді. Тіпті, Хасен, маған қырын қарасаң да мейлің. Бірақ мына жерде, мынандай көктемде, тіпті екінші рет ғашық болса да обал болмас па еді деймін. (*Күліседі.*)

Х а с е н. Несі бар, әлде құдай бере ме!

Д ә у к е ң. Иә, айтарсың. (*Дәукең мен Жәкеңнен басқалары терраса жаққа аяңдап кетіседі. Жәкеңді түртіп.*) Жаным-ау, қанды басың бер тарт десеңші енді.

Ж ә к е ң. Үндеме дейім, Дәукең, тек ішің білсін.

Д ә у к е ң. Жоқ, мыналарды бірден-біріне жіп тағайық та, Жәке-ау! Қайсысын ұнатқандайсың тегі?

Ж ә к е ң. Өте орынды көтерілген мәселе-ау, ә? Өз құлқыныңыз қайсына шабады екен? Иба қылдық!

Д ә у к е ң. Қабыл қылдық ендеше анау Ғайнышын.

Ж ә к е ң. Біз онда қалғанын аламыз ғой, ана Мария Ивановна дей тұрайық. Таңғы тамақ тәңірден деп, тағысын тағы көре жатармыз.

Самат пен Хасен қайта келе жатады, қолдарында газеттер.

С а м а т. Ал өзің қалайсың? Мен сені бір үлкен ғылыми еңбек жазып жатыр деп естіп ем, рас па?

Х а с е н. Үлкеннің аулы алыс қой, кім боп шығар, көрерміз.

С а м а т. Е, сонда да қалай келеді?

Х а с е н. Әйтеуір, әйтеуір бір қос істеліп келеді, әзірше.

С а м а т. Жақсы, жақсы, тілеулеспін, ал мазмұнын айтшы. (*Өміп кетіседі.*)

Ж ә к е ң. Е, сүйтіп мына Хасен де бұнда боп шықты ғой, ә?

Д а у к е ң. Әй, осы бір кітап жазатын ушоный-пушоныйлардан және ана бір ақын, жазушы дегендерден аулақ болсам екем.

Ж ә к е ң. А, мен өзім онсыз да аулақпын. Тақ мына латын шыққалы бар ма, қазақ кітабы дегеніңнің ныспы бетіне қараған пенде емен.

Д ә у к е ң. Пәле, пәле-е, тап маған тартқан екенсің. Жауып қой, не бар дейсің сонда! Қарама.

Төртінші көрініс

С а м а т. Ә, бала бақты араладың ба? Қалай дейсің!

С ә л і м. Өз орнында, бүгін халы жаман емес-ау, Самат аға. Бірақ кешегі баяндама, кеше өздеріңіз жасаған нұсқау бағыттар бар ғой. Сол жағынан қарағанда қанағат қылмаймын.

С а м а т. Қанағатсыз болғаның жақсы.

С ә л і м. Мұнда жалғыз-ақ әуелден бір-ақ негізді жайларға толық келісуіміз қажет. Ол дұрыс белгіленген жаңа методика, екінші — содан туатын масштаб, үшінші — бата қимылдайтын жаңа тәжірибелер.

С а м а т. Міне маған осы екпіннің ұнайды. Бәсе, осы сендер тіпті, тас кешуді қарш-қарш басатын өрге басқан буын емеспісің? Сендер бізге келіп жас ұраныңды салып, жаңа шарт, талабыңды омыраулай кеп сөйлегенде, осы біз қысылып қалуымыз лайық қой. Сендердің лебің мен үніңнен өмір тізесін, өмір напорын сезінуіміз керек қой. Ал жалғанда оқуын оқып, жетеріне жетіп ап кеп, енді соның артынан тағы да “мен Қазақстан қазағы едім, мен артта қалған ұлттың баласы ем” деп кеп емініп, скидка сұрап, “өмір есігін ашып

бер” деп өз дәуіріне, өз келешегіне жас мысықша мияулап кірген жастан сақтасын. Ғылымды білдің бе, іске келдің бе? Ендеше, соның екеуінің де есігін иығыңмен серпіп ашып, буыныңды берік ұстап кір.

С ө л і м. Самат аға, жақсы, серпінің ұнайды. Өзім осы арадан, әрі айдаушы, әрі өзі тартушы болатын жақсы аға таптым ба деп отырмын.

С а м а т. Сенің екпінің жақсы, серпінің ұнайды. Мен саған тағы бір сыр айтайын, жалғыз-ақ өзің мақтаншақ емеспен, тегі, мұрның көкііп кетіп жүрмесін, сенің кешегі серпінің біздің наркомға да ұнады. Ал бақ туралы ұсынысың бар ма? Тығыз істейтін шараларың жоқ па?

С ө л і м. Бәсе, бар еді. Мен әсіресе мына гүлдеу алдында екі түрлі тығыз іс істер едім.

С а м а т. Айтшы, кәні. *(Жастар дауысы шығады.)* А, кішкене тұра тұр, мыналар кеп қалған екен...

Д а у ы с т а р. Жастар, жастар келеді! Жастар келеді.

Жастар шығады, ортада Рая, Әли, қастарында Зура, Халил, Катя, Файныш, Қасым, Жұпар. Үлкендер алдарынан гүлдер атып қарсы алады. Апа мен Жазекең шашу шашады. Құлкі, шу. “Қайырлы болсын, көп жасаңдар”.

Бесінші көрініс

А п а. Қайырлы болсын, қалқаларым, өмір-жастарың ұзақ болсын. Ата-енеңнің жөрелгісі. *(Шу, күлкі.)*

Р а я *(қолын көтеріп)*. Токтаңдаршы! *(Жұрт тына қалады. Жылдам ілгері басып кеп.)* Самат аға, қайда жоқ боп кеттің? Маған сен қажетсің.

С а м а т. Мен мұнда қонақтармен болдым, немене?

Р а я *(қолынан тартып Әли екеуін бері шығарады)*. Бері жүр! *(Артта жұрт ақырындап әндегіп жатады.)*

С а м а т. Жұрт қайырлы болсындар айтып жібермей жатыр. *(Жылдам басып Әсия келеді.)*

Алтыншы көрініс

Ә с и я. Қаладан үш машина келді. Қонақтар түсіп

жатыр. Самат, алдынан шық, бол. (*Әли мен Раяға.*) Сендер енді осында болсандаршы, жұрт қайырлы болсын айтады.

Р а я (*ызаланып*). Қайырлы болмай-ақ қойса екен осы.

Ә с и я. Не дейсің сен, Рая?

С а м а т. Не дейді?

Р а я (*Әлиге*). Сен де мақұл көрмейсің ғой, қояйық.

Ә л и. Нені айтасың, Раечка?

Р а я. Тоқтат дейім бәрін. Мезгілі жетпеген іс екен.

Доғарайық бәрін.

Ә л и. Ә, олай болса, мақұл шығар.

Р а я. Неге олай дедің? Сен не оймен айттың?

Ә л и. Ең әуелі сен риза болмағансын бітет те, Рая, тартып алам ба?

Ә с и я. Бұларың не? Жұртқа не дейміз? Рая, Әли, не айтып тұрсындар? Анау ел бетіне не деп қараймыз?

С а м а т. Қоя түр! (*Раяға.*) Шын ба осыларың?

Р а я. Шын.

С а м а т (*Әлиге*). Сөз осы ғой?

Ә л и. Осы болғаны ғой!

Ә с и я. Ұят-ай, біз ұялатын болдық қой!

С а м а т. Әсия, тыныштал. (*Жастарға.*) Ендеше, шын болса ықтиярларың. Піспеген сөз болса асығудың ешбір қажеті жоқ. Көңілдерінде биттей бір ақау болса, өздерінді зорлап қосылу санасыздық болар еді.

Ә с и я. Тым құрмаса ерте неге айтпадыңдар, ұятты қылмай.

С а м а т. Подумаешь, ұят! Ұят деп өмірлерін шірітпек пе екеміз? Болды. Бар ұятты мен өзім көтеріп аламын. (*Екі жасты құшақтап тұрып*). Жалғыз-ақ, жолдастар, бір ғана тілегім, мынау жәй іс жүзінде, қоғамдық еңбекте біріңе біріңді жау етіп, өш қылып жібермесін. Олай болса, заманыңның жастары бола алмағандарың. Ал (*екеуінің бетінен кезек сүйіп*) енді азатсындар, ренішсіз, шатақсыз айрыла беріңдер. (*Рая бұрылып кете барып, анадай жерде отырған Сәлімге оралып тұрып қалады. Әли басын ұстап, аяғын сандала басқандай. Артта халық молайған, Самат соларға бұрылып.*) Иә, қонақтар! Достар! Сіздерге бір шетін жәйді мәлім етейік. Әсия екеуміздің еркімізден тыс себеппен бүгінгі мәжілістің мазмұны өзгерді. Қысқасы, сіздер жәй қонақсыздар, тойшы емессіздер, той жоқ. Бастаған біз емес едік, тоқтатқан да біз емес. Жастардың қалауы солай болды.

Д а у ы с т а р. Не дейді? Бұ қалай? Бәрекезде, міне,
ҚЫЗЫҚ.

Жетінші көрініс

Самат, Сәлім, Рая, Әли, Жұпар.

С а м а т (*Сәлімге*). Сәлім, сенің жаңағы екі тығыз шара дегенің не? Аса тығыз болса мына қонаққа айналыспай тұрып, іс істете берейік. Өй, Көрпебай, бері кел! (*Көрпебай және Зура келеді.*)

С ә л і м. Тығыздығы сол, тіпті қазір де болса істете беру керек.

Ә л и. О неменелер?

С ә л і м. Біріншісі, мына бақтағы жасы біркелкі ағаштардың бәрінің бірдей бойы тең емес. Кейбіреуі өсуден кенжелеп қалған.

С а м а т. Онысы рас.

С ә л і м. Сондайларға, мына гүлдеу алдында азотпен удобрение жасау керек. Сернокислый аммоний жарайды.

Ә л и. Ал, тағы не бұйырмақсың?

С ә л і м (*күліп*). Әли, олай деменіз, бұйырмаймын, мәслихатым ғой. Екінші, ағаштардың бұтағы жиі. Көп алмаға күн тимей, бояуы нашар болады. Сортты төмендейді. Бұтақтардың бірталайын кесу керек! Бұл жөнде Американың лидерный системасы бұтақтар арасы 20 сантиметр болсын дейді. Неміс Гашек системасы бес сантиметр болсын дейді. Біздің тәжірибе бойынша бұтақтар арасы он-он екі сантиметрден болғаны әбзәл дейміз. Ертеңнен бастап, солайша күзеуге кірісуіміз шарт.

С а м а т (*Раяға*). Жә, бұны сендер не дейсіңдер?

Р а я. Мен осы баққа жасалатын жаңа тәжірибенің бәрін құптаймын. Бұнысы дұрыс.

С а м а т (*Әлиге*). Сен не дейсің?

Ә л и. Мен қарсымын. Ойлану қажет, талқылау керек. Келе сала оңды-солды жапырмай тұра тұрыңдар.

С ә л і м. Менімше, оған қарсы болу лайық емес.

Ә л и. Тіпті, бәрі де орынсыз, ұшқары ұсыныс.

С ә л і м. Жоқ, мен ұғынып, ойланып айтып тұрмын.

С а м а т. Мен Сәлімнің ұсыныстарын қостаймын.

Ә л и. Мен қарсымын, қарсымын деймін.

Ж ұ п а р. Әли, сенің осы арада жаңалық дегеннің барлығына тартыншақтық етіп тұрғаның қалай осы?

Р а я. Сәлімнің дұрыс сындарына, пайдалы ұсыныстарына қарағанда біздің бұрынғы тәжірибеге жабыса беруіміз бақ, бақ үшін деген сияқты ғана боп қала ма дейім.

Ә л и. Е, бақ, бақ үшін болмай, бақас үшін болушы ма еді?

Р а я. Бақ тәжірибе үшін болар, Әли!

Ә л и. Тәжірибе болса, міне, осы бақ бүкіл Алматы маңындағы бақтың тәжірибе бағы. Одан артық не тілейін деп ең?

С ө л і м. Одан ары ма? Одан ары бек көп тілейік деймін. Ғылым тәжірибесінің бар терісі, бар шама-шарқы Алматы маңы ғана болса, ол тіпті обал болар еді. Біз осы арада мына өскен ағаштарына жаңағы харекеттерді істейміз де, екіншіден тезінен кем қойса бүкіл Қазақстан көлемінде нәтиже беретін талап тәжірибелер жүргіземіз.

Ә л и. Оның бәрі әзірге фантазия. Ер болсаңдар, әуелі Алматы бақтарын қарқ қылып алыңдар. Аспандамай жерге түсіндер. Бұнда Америка маманымен тартысып тұрған жоқсыңдар. Мен де кеңес ұлымын. Құрғақ үгітке тіл беземей, ғылым мен тәжірибеде қараңдар.

С ө л і м. Бәсе, сол ғылым екпін мен масштабты тілейді.

Ә л и. Ғылым ең алдымен бес жылдық тәжірибеге түкірмеуді тілейді. Мен бұндай үстірт, асқақ, зорлық ұсыныстарға көнбеймін.

С а м а т. Бала, сен ақылмен шешіп тұрған жоқсың, ашумен айтып тұрсың. Сондықтан қателесесің. Көрпембай бар, жұмысшыларыңды түн бойы ана аласа ағаштардың айналасын қазуға сал.

Ә л и. Ал, ендеше маған десе өртеп жібер. *(Кете береді.)*

Ж ұ п а р *(Саматқа)*. Самат аға, мына жерде жан жүйесіне жүйрік адам керек боп қалды. Өзіңіз кіріспесеңіз болар ма екен?

С а м а т *(Әлиге)*. Әй, балам, жүр, бері жүрші. Екеуіміз бір аға, бір іні боп қабырғамызға кеңесейік. *(Қолтықтап ертіп кетеді.)*

Сегізінші көрініс

Р а я (*Сәлімге сөйлейді, бұларға Жазекен, Дәукең, Ана қарап тұрады*). Сәлім, біздің бақтан не күтіп едіңіз?

С ә л і м. Раечка, мен бұл бақтан “Күншығыс сұлуын”¹ көрем деп күтіп ем. Құмарым еді.

Д ә у к е ң (*Жазекендерге*). Есіттің бе ананы? Көрдің бе әні?

Ж а з е к е ң. Е, солай соқ жазған...

Р а я. Түңілдіңіз бе әлде?

С ә л і м. Әзірге жұбанышым, әйтеуір бұрын да болса бір көргендігім.

Р а я. Сонымен?

С ә л і м. Сонымен:

Я помню чудное мгновенье,
Передо мной явилась ты,
Как мимолетное виденье,
Как гений чистой красоты...—

деймін...

Р а я (*қоса*). Деймін деңіз. (*Екеуі де ха-ха деп күліп, қозғала береді.*)

А п а. Бәсе, сезіп ем осы сұмдықты, ойбай масқара-ай, жердің үстімен кеп, астымен қайтатын болдық-ау! Құдай төбеңнен ұрғыр, не деген ала көкек, сайтан еді мынау қыз, қуарғыр.

Д ә у к е ң. А, барлық жақсы бейіл, таза тілеуіңді жерге тастады ма? (*Өтіп бара жатқан Сәлімге.*) А, жігітім, сенің жолың болды білем, ә?

С ә л і м. Не дейсіз?

Д ә у к е ң. Құтты қонақ болдың ба деп ойлап тұрмын.

С ә л і м. Сіздің ойыңызбен менің жұмысым жоқ. (*Орысша өлең оқиды.*)

Дар напрасный, дар случайный,
Жизнь, зачем ты ему дана.

(*Күліп өтіп кетеді.*)

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

¹“Күншығыс сұлуы” дегені – Мичурин бағындағы алхорының бір сорты.

II АКТ

Үшінші сурет

Уақиға дача жанындағы аллеялар мен дачаның террасаларында кезек болып тұрады. Мезгіл түн еді. Алыста, түн аспанына созылған Алматы биіктерінің бастары көрініп тұр. Бергі жерде көгалға кілем, көрпе-жастық салғызып Дәукең отырып алған. Дачаның ар жағына таман созылған аландау бір жер өте жарық боп тұрады. Сол жақта көпшілік қалың сәнді топ болып мезгіл-мезгіл билеп, немесе екі-үштен сап өтіп жатады.

Бірінші көрініс

Д ә у к е ң (*қасында Ана мен Әли бар*). Бала, қай заман, қай ортаны алсаң да намыс деген нәрсе бар-ау.

А п а. Ойбай-ау, намыссыз адам, адам ба өзі? Бұрынғы күн болса өліп қалмас па ек осының намысынан.

Ә л и. Иә, сонымен не демексіздер?

Д ә у к е ң. Тіпті біздің жаңа қауымның өзінде де басыңның абырой, қадыры, жүрегіңнің махаббаты, жастық намысың деген сияқтыны кім жерге тастайды? Кім аяқпен таптайды екен, ойлашы!

Ә л и. Ендеше маған қанжар салу керек те, Раяны жару керек. Содан өзге жол бар ма?

А п а. Ойбай, қой, жарығым, құдай сақтасын, о не дегенің?

Ә л и (*Дәукеңе*). Сіз не дейсіз?

Д ә у к е ң. Қанжар біздің уақытымыздың құралы емес.

Ә л и. Неге? Қай заман, қай ортаның адамының болса да жүрегінен қан шапшыта алады ғой, неге ұсынбайсыз?

Д ә у к е ң. Ескірген аспап.

Ә л и. Олай болса, сіздер араласпаңыздар. Рая екеуіміздің арамызда сендер сырт кісі, бөгде адам боласындар. Ескірген жабу.

Д ә у к е ң. Сырт кісіні араластырмауға екі жағың бірдей қарасаң жақсы ғой?

Ә л и. О не деген сөз? Не демек боласыз?

Д ә у к е ң. Не дейін, тек Рая да сенше қарағай-ақ та.

Ә л и. Сіз Раяны білмейсіз, ол сіз ойлаған шамадан сонақұрым ірі де жоғары.

Д ә у к е ң. Иә, бөгде кісіні о да араластырмайды дейсің ғой!

Ә л и (*ашуланып*). Сіз не деп келесіз? Кімді оскарбляйт етесіз. Кім берді ол правоны? Ағам болмақ түгіл, әкем болсаңыз да жауап беріңіз қазір?

Д ә у к е ң. Ендеше, сенің білуің керек. Өзге айтпайды. Біз білдіруге міндеттіміз. Олай болса Рая, тойды ана Сәлім кеп қалған соң тоқтатты, ал.

Ә л и (*айқайлап*). Бұл жалған! Бұл пасықтық. Мен бұны Раяға айтуға да ұялам. Сіз қайтып қана, не деп қана осындай лас, нас сөзді менің бетіме айтасыз, ә? (*Зура шығады.*)

Екінші көрініс

Д ә у к е ң. Бала, қой. Тентек болма, сабыр ет.

Ә л и. Неге сөйлейсіз бұндай сөзді, жауап беріңіз деймін?

Д ә у к е ң. Ендеше, әй қарындасым, бері кел. Бер келші, сен керексің.

З у р а. О не? Немене, Әли? Сіз неғып, неге мұнша өзгеріп тұрсыз?

Ә л и. Мен тыныш едім, үнсіз едім, Зура, міне, мыналар! (*Дәукеңе.*) Сөзіңнің бәрін айт, дядя, не сұмдық таптыңдар?

Д ә у к е ң. Ал, Зура шырағым, олай болса сен бір шындықты айтшы. Сен Сәліммен жолдас боп бірге келдің, сенің байқауыңа керек. Осы Рая мен Сәлім бұрынғы уақытта нық таныс, өте жақын болған адамдарға ұқсамай ма?

З у р а (*өзгеріп*). Ал, ойпыр-ай, мынау менің күдігім ғой! Айтыңызшы, тағы айта түсіңізші!

Д ә у к е ң. Бәсе, сен сезсең керек. Міне, осылар бірін-бірі күтпеген жерден, оқыстан көргенде, соншалық қуанысып, ұмтылып табысқанын көрдің бе? Көзің бар ғой, көрдің бе осыны? Айтшы, көні!

Ә л и. Бұл сұмдық. Бұған сену түгіл, естуге де жүрек түршігеді. Өтірік, өтірік деші, Зуратай.

З у р а. Жалғыз сен емес... Бұл маған да сұмдық болып тиетінін білемісің, Әли?!

Ә л и. Өтірік де, өтірік деші, Зуратай, бауырым! Көні, айтшы.

З у р а. Өтірік дей алмасам қайтейін.

Ә л и (*айналып кетіп*). Не дейсің? Не дейсің? (*Осы кезде Сәлім мен Рая билеп келе жатады, бірігіп әндете билейді.*)

Үшінші көрініс

Сәлім, Рая (*әндетін*). Спасибо, сердце, что ты умеешь так любить! (*Тоқтайды. Жазекең бұлардың артынан бақылап ере келген.*)

Д ә у к е ң. Міне, мынандай қыр көрсетуге не дейсің? Ал! Ту, сарамас! (*Кетіп қалады.*)

С ә л і м (*Раяға*). Ешуақытта ешкіммен осыншалық үйлесіп билеген емес ем. Раечка, мынау күйдің ырғағы екеумізді, осы биде ескі достарша қайта табыстырып, туыстырып тұрғанын байқадыңыз ба? Зуратай, дәл бір романдағы сияқты емес пе? Қалай ойлайсың?

З у р а. Дәл романдағыдай болу үшін көпті, көлденеңді куә қылу артық болар. Айтыса бер.

С ә л і м. Зуратай, сен көп те, көлденең де емессің ғой. Әлде өзің билеймісің?

Төртінші көрініс

З у р а. Жоқ, Сәлім, қазір зауқым жоқ.

Р а я. Мен Әлимен, өзімнің Әлиіммен билейін. Әли, Әлитай!

Ә л и. Раечка, ренжіме, мен қазір билей алмаймын.

Р а я. Неге? Неғып тұрсың өзің?

Ә л и. Раечка!

Р а я. Айтшы.

Ә л и. Күлмеші!

Р а я. Оны қайдан таптың?

Ә л и (*бұрылып кетін*). Сол, сен билей бер. Шын айтам. Басқа ешнәрсе тілемеймін. Мен барып жатайын! (*Кетеді.*)

Ж а з е к е ң (*Раяға*). Сен әлгі жігітінді неге қоя бердің, бойжеткен-ау?

Р а я. Қай жігіт?

Ж а з е к е ң. Әлгі Сәлім ше?

Р а я. Сәлім жігіт пе?

Ж а з е к е ң. Е, сыбан, енді кім еді ол?

Р а я. Ол Сәлім, товарищ!

Ж а з е к е ң. Е, товарищтан жігіт шықпаушы ма еді? Бек шығар. Тіпті әдемі екен өзі...

Р а я. А, ол Сәлім ғой. Әрине, әдемі. Солай емес пе, Зура?

З у р а. Оның маған несін мақұлдатасың, Раечка? Өзің де танырсың.

Р а я. Жұмбақ қой бұның... Бұ не деген сөзің?

З у р а. Аңқаусуды да сүйемісің, қалайсың өзің!

Р а я. Мен ашық мінез, ашық шындықты сүйем.

З у р а. А, менің мұндай мінез, мұндай істерге ішім ауырады. *(Ойланып қалады.)*

Р а я. Өзің біл! Ау, әлгі Сәлім қайда? Сәлім! Менің жігітім, Сәлім, ха-ха. *(Жүгіріп кетеді.)*

Бесінші көрініс

Д ә у к е ң. Ішім ауырады, ә. Бұны түсіретін қақпан қызғаныш болар. Сол пернесін басу керек екен, ә? *(Жазекең келеді.)*

Ж а з е к е ң *(Дәукеңе жақындап)*. Не деп отырсың бал ашқандай. Айтсаңшы бізге де?..

Д ә у к е ң. Жоқ, әшейін бір болжал.

Ж а з е к е ң. Олжа дейт, не дейді? Өз құлқыныңды ойлап отырмысың, әлде?

Д ә у к е ң. Уа, енді мені ториын дедің бе, алжыпсың. *(Күліседі.)* Оны қой, әлгі Әли бала босқа томырылады. Ол үшін біз әрекет етуіміз керек. Соны біл. Жазеке, сен әлгі Зураға барып, Рая Сәлімді қағып алып кетті деп жағалат, білдің бе? Қызғаныш пернесін бас! *(Жазекең кетеді. Мария Ивановна шығады.)*

Алтыншы көрініс

М а р и я И в а н о в н а. Сіздер неге көңілденбейсіздер?

Д ә у к е ң. Бізде мына Жәкең сияқты сезімді бір адам бар. Бірақ бұның сорына, сол жәйін ұғатын жан жоқ.

М а р и я И в а н о в н а *(күліп)*. Иә, ол жан ашырлық хал екен.

Д ә у к е ң *(Жәкеңе)*. Тұр, қозғалсаңшы, бақыр-ау!

Ж ә к е ң *(жақындап)*. Мен бірнеше рет байқадым. Сіз табиғат көркін ақындарша тамашалап, жақсылап сезінесіз, Мария Ивановна! Мен өзім де сондаймын. Біртүрлі бір әсерлі түн.

М а р и я И в а н о в н а. Сіз де сезімді екенсіз ғой.
(*Күледі.*) Ендеше, біз бір-бірімізді түсінетін пара екенбіз!

Д ә у к е ң. Ұрдың ғой, Жәке, енді. Ну жүріп біраз қиял етіңіздер.

Ж ә к е ң. Жүріңіз ендеше, онда бізді түсінбейтін адамнан аулақ кетейік. (*Kemicedi.*)

Жетінші көрініс

Ж а з е к е ң (*Көрнебайды ертіп шығып*). Бағанағы шартты білесің ғой.

Д ә у к е ң. Мыналардың қызығын ақырын, ақырын байқа да бізге кеп айта бер. Оларға бәрібір шиырын қосылып жатқан жоқ. Одан да мына бізбен бол, арысым. Мә, мынаны қағып сал. (*Ішкізеді.*)

Ж а з е к е ң. Осы жіпке тізе бер де, осында кеп сайрай бер!

К ө р п е б а й. Ұрыны қарақшы ұрыпты деп, осы күргілей айта бер де тек.

Ж а з е к е ң. Қалдырма! Осы бірін қалдырма. (*Халил шығып бұларға келеді.*)

К ө р п е б а й. Жарайды, жел жетпесім, жарайды.

Сегізінші көрініс

Д ә у к е ң (*Халилге*). Бала, бері кел!

Х а л и л. Немене, мына Әли мен Рая не ғып шымшытырық боп кетті, осы. Түсіндіңіздер ме?

Д ә у к е ң. Сені біздің Әлимен жақсы жолдас деп естіп ем, Халил. Қайта өзің сөйлессеңші, қалқам-ау!

Х а л и л. Жолдас болғанда, менің Әлиден қымбат санайтын кісім жоқ. Бірақ мынаның мәні-жөнін сұрауға мен де әзірше батпадым. Жаңа жара ғой.

Д ә у к е ң. Біттелемейін дейсің ғой... оның мақұл. Өзі айтпаса сұрама. Бірақ жәйін сезген екенсің, достығың ғой.

Х а л и л. Менің өзіме батып тұр. Не мән боп қалды. Сездіңіздер ме?

Д ә у к е ң. Мәні сол, Сәлімді көрісімен Рая айни бастады. Осы күнде Әлиді тастап, Сәлімге қарай анық жалт берді. Сәлімнің де тегін келген жоқ. Әдейі осыған асығып келген сияқты. Келді де, Раяға “айны”, “тоқтат”, “бұзыл” деді.

Х а л и л. Ойпыр-ау, не дейсіз? Осыныңыз анық па? Өзіңіз естідіңіз бе?

Ж а з е к е ң. Құдай шебер-ау, енді, сақалды басымен саған өз келіні туралы өзі өтірік-өсек айтады деп отырмысың?

Д ә у к е ң. Анық, күмән жоқ, біліп отырмын.

Х а л и л. Мынау не деген иттік, бөтір-ау?!

Д ә у к е ң. Ол ғана емес. Шын иттік, тіпті оның да аржағында жатыр. Сәлімнің анау қасындағы Зураны да өртеп отыр. Өзі бұрын соны алам деп ертіп келген екен. Ал қазір міне, оны далаға тастап, өзі айнып, Әлиге тигелі отырған жерінен Раяны айнытып, соңына ертіп ап отыр.

Ж а з е к е ң. Е, тәңір, кінәлі жалғыз сол деймісің? Пәленің басы ана Рая сұмның өзі десеңші.

Д ә у к е ң. Онысы рас, пәленің шын үлкені Раяда.

Х а л и л. Мынау неткен барып тұрған, құдай ұрған сұм мінездер еді. Әли үшін күймеске болмайды екен. Бұндай иттіктің шындығына көз жетсе, жазалаудан басқа жол жоқ.

Д ә у к е ң. Шырағым, онысын енді өзің біл, өзің ойла. Біз өзіміздің жастан, кеңес жасының ортасынан бұндай мінез көреміз демеп едік. *(Халил қиналып кетіп қалады.)*

Тоғызыншы көрініс

Сәлім, Рая, Файныш, Қасым шығады.

Ф а й н ы ш. Сәлім, осы сізді маған тым құрмаса бір жол билеуге бұйырмады дегенді кім айтты? Мен ол халге көнбеймін.

С ә л і м. Менің де көнейін деген ойым жоқ, Файныштай! *(Екеуі билей бергенде.)*

Қ а с ы м. Сүйтіп тағы тастап кеттім де. Сен қыз, мен жігіт боп тұрған күннің өзінде осындай. Ойпыр-ай, екеуіміз ерлі-қатынды болсақ күніміз не болар еді? Тек орнынды сипалап қалар едім де отырар едім-ау, ә?

Ф а й н ы ш. Үндеме, үйрене бер. Бай бола білу оңай деп пе ең? Мен өзім тимесем де саған тиетін әйелге әдемі, көнпіс еркек әзірлеп берем. Қара мұны мені билетпей.

Қ а с ы м. Сонымен енді осы шетінен ұйпап баурай билей бересің, ә?

Дәукең (*Жазкеңе*). Бір сары ауыз десеңші онда.
Рая (*естіп қап күліп жіберіп*). Ха-ха. (*Күледі.*)
Қасым. Рас-ау, дәл сары ауыз екесің-ау өзің!
Ғайныш (*Сәлімді тастай беріп, ашуланып жетіп кеп*). О не деген сөзің.
Рая (*Сәлімге*). Қызық сөз екен! Не деген сөз!
Сәлім. Рая, таста ол сөзді, жаман сөз!
Рая. Не дейсіз, рас па? (*Екеуі кетеді.*)

Оныншы көрініс

Ғайныш. Не ол сөзің! Айт шапшаң. (*Бір жаққа ұмтылады.*)
Қасым (*Дәукеңе қарап*). Пәлеге қалмаса игі едім!
Дәукең. Саспа, бала, еншала, осы қыз сары ауыздай ағасы барын білмейді.
Ғайныш. Әй, Жұпар, мұнда кел! (*Жұпар келеді.*)

Он бірінші көрініс

Жұпар. Немене сендер? Шықты ма әйтеуір бір шатақ, айтып ем ғой!
Қасым. Әй, тәйірі, әшейін сөздің мәтелі ғой.
Ғайныш. Бола ма? (*Жұпарға.*) Сен сары ауыз деген пословица есіттің бе?
Жұпар. Жоқ, қызыл ауыз болмаса, ана ауыз жоқ.
Қасым. Е, ол өзі бір әшейін менің естуімше ақ көңіл, адамды жақсы көруі сондайлық күшті, тіпті кейде біреу бет-аузын тырнап, ұрып жатса да ол кісіні жақсы көруін қоймайтын бек бір абзал адам. Жас нәресте деген сияқты сөз, ал?
Жұпар. Ендеше мұнда оскарбление жоқ.
Ғайныш. Ну, болсын. Бірақ, Қасым, сен енді маған жолама. Сәлім, Сәлім. (*Жұпар, Ғайныш кетеді.*)
Қасым (*Дәукеңе*). Апырай, жаным зорға қалды-ау. Сіздер біздің ауымызға пәле сөз салып жібердіңіздер-ау.
Дәукең. Уай, ерім-ай, бәрінен шебер сен екенсің! (*Мария Ивановна шығады.*)

Он екінші көрініс

Ж а з е к е ң (*Қасымға*). Жалғыз қапсың-ау, қайным! Өзім қосайыншы осы біреуіне, кім бар екен? (*Мария Ивановнаны көріп.*) А, уа, бері кел! Сода, сода! (*Қасым екеуін қолтықтастырып.*) Сен мына Марияға жаңағы Ғайныштың қызығын айтсаңшы, білсін. Бар, барындар, айтып бер. (*Марияға.*) Уап, уап, уат әйето өнтересный слобы, уан! Бассаңшы аяғыңды, жүзіқара (*жүргізіп жіберіп*), тіпті мен үшін баратындай болғаны несі. Әйда, бопалам каварит.

Қ а с ы м. Әй, жүйрік жеңге, сіз не былжыратып, не былықтырып тұрсыз өзіңіз, ә? Сіздің әлдекімнің, қол жаулығыңыз емес бұл кісі. Байқап қойыңыз тегінде дейім.

Д ә у к е ң. Үндеме, тисін, күйсін.

Он үшінші көрініс

Д ә у к е ң (*Хасен мен Рабиға билеп шығады*). Айтам ғой, ана біздің қатынды иектеп жүргенін көрдің бе?

Ж а з е к е ң (*күліп*). Япырай, Рабиғаның өзі қандай биші. Екеуінің биінің жарасуын қарашы. (*Қасым шығып қарап тұрады.*)

Д ә у к е ң (*жалт-жұлт қарайды. Аналар билеп күліп келе жатады*). Қой, ол бір желөкпе қатын. Құтыртпа. Құтыруын қарашы кәпірдің, сайтанның. (*Тұрып барып, Рабиғаны оқты көзімен атып тұрады. Рабиғаны қағып тоқтатқысы да келеді. Күй бітеді. Бұл Рабиғаны барып ұстай алып, қолынан тартып.*) Сен, қатын, бері жүр. Мұнда шаруа бар. Қонақ күтісіп жүр десем мұнда ма едің?

Х а с е н (*Жазекеңе*). Мария Ивановнаны көрдіңіздер ме?

Ж а з е к е ң. Көрдік. (*Күледі.*) Знай!

Х а с е н. Ол қайда? Қайда кетті?

Ж а з е к е ң. Тастап кетті, тастап. (*Күледі.*)

Х а с е н. Е, жарықтық, әлде неге ұйғарып тұр екенсіз ғой. Бетіңізден жарылқасын. Бірақ біз абыржымай-ақ қояйық. (*Күліп.*) Солай, сол.

Ж а з е к е ң. Атың сыры өзіңе мәлім екен ғой. Ендеше сондайларға табынған бетіңменен тарта бер сол.

Х а с е н. Жазекең десе, Жазекеңсің-ау өзің! Түшіркене тұр. (*Кете беріп.*) Хайуан! (*Кетеді.*)

Он төртінші көрініс

Ғ а й н ы ш. Әй, ағай, әлгі пәлен ауыз деген не деген сөз осы?

Д ә у к е ң. Ол сөзді қайта сұрама, білдің бе?

Ғ а й н ы ш. Не дейсіз? Не деген сөз?

Д ә у к е ң. Ол өзі адамның бір пасығы. Әйел атаулыға қасқырдай тиген бір зорлықшы, өзі есалаң.

Ғ а й н ы ш. Е, оның менде не ақысы бар?

Д ә у к е ң. Ақысын қайдан білейін? Сені еркек көрінсе жабыса түсетін әйелдің сары ауызы дегені ғой!

Ғ а й н ы ш. Ойбай-ай, бұ не деген иттік! Не деген оскарбление? Көрсетейін, тұмсығын бұзайын мен олардың.

Ж а з е к е ң. Ана Раяның солай деп Сәлімді сенен шошытайын дегені ғой, білдің бе?

Ғ а й н ы ш. Шын ба, алдымен айтқан кім, Рая ма?

Д ә у к е ң. Әлбетте, Рая! Ол өзі Әлиді тастап, ана Зураны шетке қағып жіберіп, Сәлімді баурап алғанын көрдің бе? Саған Сәлім қызығып қап жүрмесін деп, әдейі маңыңнан жігітті үркітіп жүрген әдісін көрмеймісің?

Ғ а й н ы ш. *(арлы-берлі жүріп талқан боп)*. А, Рая, солай ма едің? Мысықша жымпиып жүріп осындай сұм, арам, зәлім бе едің? Жақсы, жақсы. *(Тепсініп.)* Жақсы емес, сұмдар! Қуарған, қуарған өңкей. *(Жөнеледі.)*

Ж а з е к е ң. Ал, енді бір өрттей қаптасын!

Д ә у к е ң. Жүлдеге жарайтын осы болады әлі, көрерсің. Бірақ енді, өзіңе қайта қаптаса да оңай емес. Онда тек, бетінен сақтасын де, мынау ма тек түңлігіңді ұшыра соқтығар. *(Жәкең мен Мария Ивановна шығады.)*

Он бесінші көрініс

Ж а з е к е ң *(көріп қалады, Жәкең қайта бұрылмақ болады)*. Ойбай, құдай төбеңнен ұрғыр, мынаны кім жапсырып қойған анаған? Әй, әй! Әлгі Қасым қайда?

Қ а с ы м *(келіп)*. Уа, мен мұнда ғой.

Ж а з е к е ң. Мынау қағып әкеткен бе? Әй, Мария, тоқта! *(Жәкеңе.)* Әй, сенікі не? Не бар бұның жанында саған?

Ж ә к е ң. Өй, қатын, қойсаңшы, жаным-ау!

Ж а з е к е ң. Осындай қу байталдарға құмарсың ғой. Шаңынды аспаннан шығарайын ба осы?

Д ә у к е ң. Уай, саған да тыным болмады-ау, жазған.

Ж а з е к е ң. Ендеше, жақсы болса көре қойындар, біз де желігейік! Жүр, Рабиға, жүрші. *(Ала жөнеледі.)*

Д ә у к е ң. Уай, өй, әй қатын, желікпе!

Ж а з е к е ң. Иә, болғаным-ақ. *(Рабиғаны жібермей сүйреп әкетеді.)*

М а р и я И в а н о в н а *(Қасымға)*. Неғыл дейді? Бәле ғой өзі! А, маған мына Жәкең дегенің бір түрлі жақпайды.

Қ а с ы м. Дұрыс айтасыз, Мария Ивановна. Сіздің аузыңыздан шыққан қалжың сөздің түймедейін түйедей қылатын сабаздар бұлар, сақ болыңыз.

М а р и я И в а н о в н а. Ендеше, тәңір жарылғасын, өзімнің Хасенімді тауып беріңізші, менің Хасенім қайда? Хасен, Хасен. Әлденелер айтқысы келе ме, жұмбақтай ма, немене? Мен енді аулақ кетейінші осы байынан да, қатынынан да! Хасен қайда? Хасен! *(Қасыммен кетеді.)*

Д ә у к е ң *(Жәкең)*. Қалай көрінеді?

Ж ә к е ң. Ымыраға кеп қап еді, көрдің бе пәлені. *(Күліседі.)*

Д ә у к е ң. Мә, ендеше қағып жібер!

Ж ә к е ң *(ішіп болып)*. Тұра тұр, мен басқа біреуін төңіректеп келейін. *(Кетеді, Дәукең тұрып қозғала бергенде Жәкең шығады.)*

Д ә у к е ң. Е, Жәке, әлгі қатын ше? Әлгі біздің қатынды қайда өткізіп жібердің?

Сәлім мен Рая келе жатады.

Он алтыншы көрініс

Ж а з е к е ң. Токтай қал, ананы қара! *(Екеуі көлеңкеге таман кетеді.)*

С ә л і м. Раечка, мен сенің шын досыңмын. Берік жолдасыңмын. Есінде ме, осы екеуміздің арамызға сол күнде, балалау кезіміздің өзінде де дақ салған, ақау түсірген бірде-бір жәй жоқ еді-ау. Тәтті еді-ау.

Р а я. Сәлім, қайта оралмас күндей айтатыныңыз не?

Тәтті болат та! (Күліп.) Жоқ әлде “Күншығыс сұлуын” таппағаның қинай ма?

С ә л і м. Е, ол қолда ғой.

Ж а з е к е ң (Дәукеңе). Ал саған керек болса, бетім-ай, мыналар неткен жүзің күйгір еді.

Д ә у к е ң. Мен мұндай кердеңдеген жігітті әкесін танытып тұрып сойып салатыным да болатын. Тұқымсыз, жұрағатсыз, кешегі панасыз... (Әли мен Зура шығады.)

Он жетінші көрініс

С ә л і м. Ә, мыналар екен ғой! Зура, Зуратай!

Р а я. Әли! (Аналар қарап алыстан қол бұлғайды да, бұрылмай өтіп кетіп, екінші шеттегі беседканың тұсына барады.)

С ә л і м. Осылар не ойлайды екен осы? Бізді түсіне ме екен?

Р а я. Түсінер. Мен Әли туралы жаңылмаспын. А, ол маған қымбат.

С ә л і м. Мен де Зураға жат көрінбеспін.

Р а я. Бірақ біздің жәйдің де өз орны, өз правосы бар.

Он сегізінші көрініс

З у р а. Көңілде әлдеқандай құлазыған жүдеулік бар. Неге солай екен?

Ә л и. Ол күйде мен сенің мұңдасыңмын, Зуратай!

З у р а. А, сіз де біртүрлі бір майдалық, жылылық бар бауырымдай ма, әлденендей! Әли, бұл қалай? Түсіңіз неге бұзылды.

Ә л и. Зура, өзінді байқаймысың? Өзің де өзгердің ғой.

З у р а (қушақтай алып). Әлитай, бауырым, қызғанасың ба әлде?

Ә л и. Қай себеп, неліктен бұлай, білмеймін, сен ше?

З у р а. Мен де! (Самат шығады. Қасында Сәлім, Рая, Халил және өзге барлық жастар, қонақтар да бар.)

Он тоғызыншы көрініс

С а м а т. Әй, жастар! Қайда жүрсіндер осы, әй,

балалар, жиылыңдар, келіңдер бері! (*Жастар жалғыз-жалғыз, солғын басады.*) Сендер немене өздерің, күндегіше қызықтап әндетіп рақаттанбайсыңдар! Салыңдар әндеріңді! Кәні! (*Жастар бастай алмайды.*) Бол, кәні, Рая, Әли, Катя, Халил, бастандар!

Р а я (*әндетіп шырқап*). Өмірдің жыр етеміз гүлді шағын. (*Басқалар азғантай қосылып барып біртіндеп тартынып қалады.*)

Түрлентіп, жайнатқандай алма бағын,
Бізді де камалатқа жеткізеді,
Күл болмас, беті қайтпас екпін жалын!

С а м а т. Әй, балалар, сендер ше? Әли? (*Әли бұрылып кетеді*). Халил! (*О да сүйтеді*). Файныш! (*Ол төмен қарайды, ызалы. Зураға қарағанда о да солай.*) Бұл қалай? Не болған? Бү несі?

Р а я (*Саматқа жетіп кеп*). Самат аға, маған қосылмақ түгіл бәрі де сырт қарайды, теріс айналады ғой! (*Өзіне.*) Мен не істеп, не жазғамын.

С а м а т. Бұлары несі? Не хал болған?

Д ә у к е ң. Саматжан, қандай әдемі жақсы жастар өздері. Тек өмірлі болсын.

С а м а т. Жә, қоя тұрыңызшы. Бұ қалай? Әй, бері қараңдар! Токтандаршы, жолдастар! (*Бар жас жиылады.*) Мен бір үш-төрт күндей қалада боламын. Сендердің ортаңа үлкен жаңа ұсыныстармен мына Сәлімдер кеп отыр. Ұғысып, түсіністіңдер ме?

К а т я. Ұғысамыз! Түсінісеміз...

С а м а т. Ертеңнен бастап уақытша шаралар есебінде лидерный системамен ағаш бұтақтауға кірісу керек болады. Оған не дейсіңдер?

Х а л и л. Келетіндер жаңа ұсыныспен келер-ау, бірақ бүлдіре, қирата келмей, ұғыса, үйлесе келсе екен!

С ә л і м. Сөз-ақ!

Х а л и л. Іс пен мінезден туып отырған сөз болмасын, жолдас!

К а т я. Халил, о неменең? Сөз емес бұның?

Қ а с ы м. Біз Сәлімді тыңдап көрерміз.

Ж ү п а р. Жаңа ұсыныстарын қостаймыз.

Ә л и. Бұл кісі біздің бақты жабайы бақ дәрежесінде түсінгісі келеді. Біздің бұл арада екі жылдың біріне қысырап қапотшыратып, апортты ондап, өсімтал алма, суыққа берік алма, жемісі мол алма, көп сортты алмалар өсіріп келе жатқанымыз іс емес те, үлгі емес сияқты.

С а м а т. Бірақ сонымен қатар, Сәлім, программының сарынын аңғарсаңдаршы. Кәні, менің көзімше соныңның бәрін айтып көрші осыларға.

С ә л і м. Бұл бақ жақсы бақ. Өнерлі, үлгілі, жаңа ғылым жолымен құрылған бақ. Бірақ бұл Алматының бай табиғатының ортасында ғана қалып отыр. Ендігі ұмтылатынымыз осындай әдемі бақтар сонау ебелек пен қаңбақ ұшқан, сар селеу басқан Сарысу, Нұрадан немесе әлі де көп жерін бойы күйкі баялыш, итсигек пен қу қамыс басып тұрған анау Сырдан, яки көкрек пен ермен иектеген Жем, Сағыздан, Есіл, Ертіс бойынан, Жайық, Шалқар жүлдесінен барып шықсын дейміз. Қазақстан картасында ақтаңба боп, бұлдырсыз қу тақыр болған далаларға, бұрынғы елсіз құба жондарға, ит кешудей құмдарға партияның ұлы еркімен Балқаш, Қарағанды, Ембі, Жезқазған орнады ма? Ірге тепті ме? Ендеше, біздің еңбегімізбен сол жерлерге хош иісті гүл, жеміс, саялы салқын көкорай бақ барсын дейміз.

С а м а т. Міне, сол бақтарға жарайтын жаңа сорттарды тудырып өсіруіміз міндет. Міне өріс те, нәр де осы.

Д а у ы с т а р. Солай, шөк жоқ, солай.

С а м а т. Ендеше, Қазақстанда алма-жеміс бақтарын ұлғайтудың планы ертең-бүрсігүн біздің Совнаркомде қаралатын бопты. Соған баяндамашы Сәлім сенсің. Ал мына тұрған өзге барлығың Сәлімге жергілікті тәжірибені толық білдіріп, сол баяндаманы бізге әзірлесіндер. Мақұл ма? *(Дауыстар “мақұл, мақұл” дейді. Халил үндемейді.)* Халил? Әли? Не дейсіңдер?

Ә л и. Болсын.

С а м а т. Баяндама болатын күні өзім хабар қып, машина жіберем. Сол. *(Кетеді, жастар да бытырай тарайды.)*

Рая, Сәлім бір бөлек кетіп бара жатады, көңілді Дәукең, Жазекең әңгімелесіп шығады.

Жиыrmасыншы көрініс

Ж а з е к е ң. Дерттен сүйеді дегенің кім?

Д ә у к е ң. Тақ Әли адам болса бар ғой, мыналардың кегі ғып, Зурамен табысу керек.

Ж а з е к е ң. Ендеше соған икемдеу керек те.

Д ә у к е ң. Тіпті болмаса, осы сұм сарыдан өзім де болса кек қуам. Бұның жанды жерінің бірі Зура ғой, олай болса бұл күймесе сол күйсін.

Жиырма бірінші көрініс

Көрпөбай шығады.

К ө р п е б а й. Әгәгөй, әгәгөй, әгәгөй, әгөй, әгәгөй-ау!
(*Мастау сияқты.*)

Ал ендеше мен боламын Көрпөбайың,

Тиын да, тебен де емес, сөлкебайың.

Ұрыны қарақшы ұрып, “қап” дегізген,

Кәнікі мен де неге кем болайын?

Уа. Бері кел, бері кел. Жел жетпесім! Сеңгірім!

Д ә у к е ң. Уай, арысым, бірдемені індеттің-ау,
тәрізің!

К ө р п е б а й. Қараңғы ағаш түбінде шөп-шөп, сыбыр-
сыбыр.

Д ә у к е ң. Бәсе, таныдың ба?

К ө р п е б а й. Жоқ, өзін білмейім, аттарын ғана
есіткенім.

Д ә у к е ң. Е, сонысын айтсаң, болады да...

К ө р п е б а й. Осы Рабиға деген кімнің қатыны?

Ж а з е к е ң (*күліп жіберіп*). Өй, төбеңнен ұрғыр, мына
кісінің қатыны емес пе? Ойбай сығыр! Ойбай, бетім-ай,
енді не дейін?

Д ә у к е ң (*жұдырығын түйіп*). Ойбай, ойбай-ай, не
дейді ойбай!

К ө р п е б а й. Ал Жәкең деген кімнің қатыны?

Д ә у к е ң. Ол мынаның байы, мынаның, ойбай!

Ж а з е к е ң (*безектей жөнеліп*). Өй, қуарғыр, өй,
төбеңнен ұрғыр! Қайда? Қайда? (*Дәукеңмен екеуі екі жаққа*
“қайда, қайда” десіп тарбақтай жөнеледі.)

К ө р п е б а й. Уа, аттан, аттан! Мұнда, мұнда! (*Айнала жүгіреді, аналар қайта ерсілі-қарсылы жүгіргенде біріне-бірі қақтығып жығылып жатады.*) Өй, солар да куә болды деймін! Жын қағып кеткен бе өздерінді? Солар да көрді деймін! Өй, қоңырсыған жазғандар!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Төртінші сурет

Сахна ортасында үлкен, кәрі қараағаш. Соның түбінде Дәукең жатыр. Жақын жердегі бір мол бұтақты алма ағашын Жұпар мен Көрпебай бұтап, тазалап жүр, біресе басқыш үстінде, біресе жерде жүріп сөйлеседі. Күн бұлыңғыр, төмендеп ұшқан бу, ағаш басын қоршай өтіп жатыр.

Бірінші көрініс

Ж ұ п а р. Көрпебай, өзің желісімен, жыл-жылымен айтып, сауатың ашылғанын көрсет дейім покрайнемер.

К ө р п е б а й. Ал, ендеше, қой жылы шыңыраудың пішенін үлестік.

Ж ұ п а р. Қай жылы?

К ө р п е б а й. Қой жылы дейім!

Ж ұ п а р. Әлде қошқар жылы шығар. Бұл экзамен покрайнемер.

К ө р п е б а й. Е, экзамен болса мен де экзамен.

Ж ұ п а р. А сен не былықтырып отырсың!

К ө р п е б а й. Уа, арғы қой емес көр сыбан, бергі қойды айтам. Арғыда заңғар соғыс, әгі Герман соғысы ғой... Содан келе сиырда Жүндібайды ұйпап алып, жер аудардық. Ал мешінде, астапыралла мешін емес. (*Өзіне өзі.*) Өй, көзелім, Көрпебай-ау, осы сенің жыл қайырғанда не ақың бар еді? Оған сен қашан ағып тұр едің? Бірақ енді бір тәйірі әйтеуір мынау білмейді... бұлдырат ... (*Жұпарға қарап.*) Қой, сиыр, мешін, тауық. Ал тауықта Ақеспеге қыстау салдық, колхоз болдық. Бірақ барыс... барыс па еді? Әй, сол жылдың аты барыс болар. Сол барыс кіре бергенде сөздің шыны керек, жаман ағаң колхоздан қалқақтап қашып берді.

Ж ү п а р. Жұмбақтама, жұмбақтама, білдің бе! Тап тартысын, бай-құлақтың үгітін айт покрайнемер!

К ө р п е б а й. Е, түп-тура өткөшнек боп кеттім.

Ж ү п а р. Асыра сілтеуді айт покрайнемер.

К ө р п е б а й. Е, енді асыра сілтемесе өзің ойлашы. Жар дегенде жалғыз балам (*көзін сипап*), топырағың торқа болғыр қарашығым. Әлгі күнге сай-сүйегім сырқырайды. Жас балам өліп, қу тамырдай боп сорайып қалған Арпабай мен мен ғана емес пе?

Ж ү п а р. Өй, сен лекбезді бітіреді, экзамен береді десе қайдағыны айтатының не?

К ө р п е б а й. Қайдағы, қайдағы, бола ма екен сол? Басыңа түспеген соң айтасың ғой. Ал енді бермен қара, Керман, Тальян, Жапон, бұл бір төбе. Одан қала берсе ағылшын, француз, әне бір шек-собелек, онан соң ана бірісі бар еді.

А, тағы, ана бірісі тағы бар. Қысқасы, олар бір сәрі, ал Қытай десең Қытай әні тағы бар. Онда қызыл әскер де бар. Ал, тоқтап тұра қал, ал енді бермен қара ... Бұл бүткіл-бүткіл жер жиян төрт тарапты алсаң оған күндей нұры жетіп тұрған Маркс, Энгельс, Ленин...

Ж ү п а р. Болдың ба?

К ө р п е б а й. Е, болат та енді осы да. Білесің ғой сөз деген сөйлеп берсе айтыла берет те, бәрінен де түйінін айтсаңшы... Дөйдірім, болар енді. Тағысын тағы көре жатасың ғой! Қалай екен?

Ж ү п а р. Мен әлі баға бермеймін. Ойланам, ылғи шетке бұрыла бересің.

К ө р п е б а й. Дөйдірім-ау, қасында-ақ отырдым ғой, қайда бұрылдым?

Ж ү п а р. Сол Қазақстанмен қатар, Көрпөбайстанның қалмайды екен. Қоспаң көп.

К ө р п е б а й. Япырай, солай боп шықты, ә? Болар, болар! Ал енді қайттік...

Ж ү п а р. Е, қайткеннен сақтасын. Күн бүгінгі, жыл биылғы деп пе ең? Әлі шикі жатырсың. Оның енді ап-ашық. Бірақ несі бар? Өзім әлі оқыта берем, сен оқи бересің... Сүйте-сүйте жалғасып, септесіп адам бола шыға келеміз.

К ө р п е б а й. Бәрекелде, дөйдірім, тіпті мынауың ат мінгендей болды ғой... Бәсе, бұл оқу деген инемен құдық

қазғандай деп неге айтты дейсің... (Қасым, Катя, Халил жұмысты істей шығады.)

Екінші көрініс

Қ а с ы м. Өй, Жұпар-ау, оны айтасың, сен пәлені білдің бе?

Ж ұ п а р. Иә, немене? Не пәле тағы?

Қ а с ы м. Біздің баққа құрт түсіпті, алма күйесі, міне. Міне, мына Катя ашып отыр.

Үшінші көрініс

Дәукеңді Жәкең келіп оятып, екеуі етпеттерінен жатып шүңкілдеседі.
Файныш шығады. О да жұмыс істеп келеді.

Ф а й н ы ш. Катя, сенің күдігің рас болды. Мынада зиянкес қоңыз да бар, мынау оленка ғой!

Ж ұ п а р. Не дейсіңдер, жаным-ау, қайсы? Самат ағам да болмады-ай! Ол әлі Алматыда. Қазір оған білдіріп, сол жақтан зиянкестермен алысатын адамдар шығыпты, шаралар істету керек қой... Алдымен ұясын табу керек қой.

К а т я. Бәсе, ұясы қайда? Және бұлармен алысудың жаңа шарасы бар ма екен? Сәлім қайда? Сәлімнен сұрау керек қой.

Х а л и л. Сәлімсіз-ақ білеміз, Сәлім емес, Әлиден сұра. Немене Сәлім, Сәлім деп аспанға көтере беріп?

К а т я. Халил, сен не айтасың өзің? Ол жаңа адам. Жаңа тәжірибелерді біледі.

Ж ұ п а р. Мүмкін біз естімеген жаңа раствор, жаңа шаралар бар шығар.

К а т я. Сұраса неменесі бар екен?

Х а л и л. Раяға еріп, шұбырған екенсің бәрің бірдей, соның соңынан!

К а т я. Өй, сен не дейсің өзің? Кешегі Самат ағаңның сөзін білемісің?

Х а л и л. Самат ағам айтқан жөн бір басқа. Шынға келсең, бұндағының бәрін кісі емес көріп, Раяша ит қыл, күйдір деген кісі жоқ. Ондай құнсыз, сұм мінездің ішкі

сырын Самат ағамнан жасырып қап отырсыңдар. Соны ашсаңдар етті.

К а т я. Не сандырақтайсың өзің?

Х а л и л. Сен сандырақтайсың? Раяға еріп, еліктеген маймылдың бірі сенсің ендеше, істемеймін мен сенімен. *(Кетіп қалады.)*

Қ а с ы м. Мынау не ғып тоңқылдап жүр өзі? Бү қалай, ә?

Ж ұ п а р. Мұнда бір мән бар ғой. Әйтпесе неге бүйтті.

Ғ а й ы ш. Мәнсіз болмас. Соны ойлаңдар.

К а т я. Ей, әшейін бір дерт пайда болған ғой бұған. Сәлімнің басшы болуын қызғанады ғой. Үндеме, тұра-тұр, бұл әлі сабақ болады оған. Үйрету керек. *(Жұмысына кірісін.)* Бәрінен де мынаны айтсаңдаршы. Қасым, сен тұрма, қазір телефонмен Самат ағамды тауып алып хабарла.

Ж ұ п а р. Талай жылғы еңбек... Істейтін шараларын тез білдірсін ал, бар. *(Қасым кетеді. Іске кіріседі.)* Я, айтпақшы Рая қайда осы? Рая! *(Рая келеді. Жұпар екеуі.)*

Төртінші көрініс

Ж ұ п а р. Сен мына жәйді білдің бе?

Р а я. Білдім. Енді анау Халил, Әли бар, барлығың қыңыратқымай, қиянкескі болмай, ана Сәліммен ақыл қосып, бірге алысыңдар деу керек.

Ж ұ п а р. Иә, рас, олар бірігіп істемесе мына пәлені тез жеңе алмаймыз. Ал бұлардың бірікпейтін себебі не? Қыңыратқитыны қалай? О неліктен? Білуші ме ең?

Р а я. Осы тұста мен Әлидің өзін түсіне алмай тұрмын. Ал шындап түсіне бастасам, түңіле бастар ма екем деп те қауіптенем.

Ж ұ п а р. Жоқ, сен қате айтасың. Менің ойымша, сен әуелі түңіліп алып, сонан соң түсіне алмай тұрған сияқтысың.

Р а я. А, не дейсің, Жұпар? Бү не дегенің? Айтшы!

Ж ұ п а р. Қарағым-ау, ендеше кешегі қан жиын, қалың топтың, сыншы топтың арасында тойыңды талқандағаныңды не деп түсінейік? Әлимен екі араңдағы уәденді жыртқаныңды не деп білейік.

Р а я. Ендеше, оның шыны менің өз басымның

комсомолдық намысыма тірелген мәселе болғандықтан солай боп шыққан.

Ж ұ п а р. Комсомолдық намысым дейсің де, өз басым дейсің. Сенің намысыңа тиген соққы, тағы біреудің арына тиген кесел, сонан соң біреудің басына жеткен оқ дейік – бұның азы да, көбі де бір – осының бәрі қоғам адамының өз басының ғана ісі ме?

Бесінші көрініс

Ғ а й н ы ш (*Дәукең, Жәкең жақындай бергенде*). Құрт, дерт. Қандай ақаусыз жас, мінсіз сұлу ағаштар еді? Өзінің ішінде тегі аманы, сауы бар ма осы? Бұ не пәле?

Қ а с ы м (*анадайдан*). Қара, зерттеп шық бәрін, тесіле қарашы.

Ғ а й н ы ш. Жә, мен сенімен сөйлесіп тұрғам жоқ.

Д ә у к е ң. Аманы бар ма дейсің, Ғайныш, мына тұргой, мінекей, айылын жимас қара ағашың.

Ғ а й н ы ш. Нә, ол аман болар...

Ж ә к е ң. Сорлы, осыны айтсаңшы.

Д ә у к е ң. Бәсе, сен зәлзәле, талай селін, мың пәлесін көрсе де міз бақпас осыны айтсаңшы.

Қ а с ы м. Ол қайта пәлең болса келе бер, ұялай бер дейтін шығар. Солай емес пе, Ғайныш?

Ғ а й н ы ш. Осы сен жамбастамай, жұмбақтамай менен аулақ бол дегенім қайда кеше?

Қ а с ы м. Әй, жарықтық сәби... сен солай дегеніңмен пәксің, өзің білдің бе?

Ж ә к е ң. Япырай, мына бала тағы шанышты-ау!

Д ә у к е ң. Қой, Қасым, сендер тіпті шетіңнен ылғи батыра айтады екенсің-ау.

Ғ а й н ы ш (*Қасымға жүгіріп барып*). Шығарма үніңді. Маңайласпа. Аулақ, аулақ менен... Мазқтап күліп, қорлап...

Қ а с ы м. Ал, қойдық, қойдық... Ал, ендеше, мейлің білсін.

Ғ а й н ы ш. Істемеймін осының қасында. Дәуке аға, ақыл айтшы. Ұқшы мені, болысшы маған.

Д ә у к е ң (*ертіп бара жатып*). Жоқ, ол сұм бала өзі кешеден солай. Жаман тіпті, Ғайныштай.

Ж ә к е ң. Кәні, өзің бізбен болшы біраз, айтшы жөн-жосығын. (*Бірге кетеді.*)

Дәрі-дәрмегі бар столды көтеріп Әли, Зура шығады. Екеуі де ағаш жанында жұмыс істейді.

Алтыншы көрініс

Ә л и. Бұл бақ біздің көп жылдық еңбек талабымыздың келешек күні, болашақ өрісіміздің бағы. Қымбаттығы сонша, шынға келсем бұның дерті менің өз басымның бар дертінен де сонауғрлым ауыр болар еді.

З у р а. Япырай, біз алғаш келген күні қандайлық гүл атып, маңайынан иісі аңқып тұр еді! Өнген менен өскенді күн шуақтап, күле жайнап қостағандай еді-ау.

Ә л и (*ойланып*). Кешегі түн мезгілсіз, керексіз бір дауыл соғып өтті. Артынан бұршақ болды. Күн лайсаң. Аспан қалай жүдеу, кірбің еді, Зура!

З у р а. Жүдеулігі біздің көңілдей ме, әлдеқандай.

Ә л и. Көңіл күйі де кірбің, жүдеу.

З у р а. Күн жарығы қайда тұр? Неткен күңгірт?

Ә л и. Бұлттар төмендеп басып тұр ғой. Алматы биігінің басы ашық-ау қазір. Оны күн құшақтап тұр-ау.

З у р а. А, мұнда болса іші жүдеу. Сыртында тұман.

Ә л и. Әлде содан ба, осы маңайға басқан сайын, мына құрттар жиілеп, көбейіп барады-ау. Зура, солай ма, қаталасам ба әлде?

З у р а (*қара ағаш түбіндегі төсек-орынды көріп*). Мынау кімнің ұясы?

Ә л и. Бұл осы қараағаш түбін мекендеген әлгі үлкендердің орны ғой. (*Қарап тұрып.*) Төсегі, мекені. (*Ойланып.*) Біздің тынышсыздығымыз бұлардың демалысын бұзбас. (*Рая шығып қалады, ол да ағаштарды қарап жұмыс істеп келе жатқан.*)

Жетінші көрініс

Р а я. Әли! Сен осы менен қашқалақтаймысың, немене? Сені іздеп табуым, көруім қиындап кеткені несі осы, Әли! (*Жақындай беріп ағаш артындағы Зураны көреді.*) А, сендер мұнда екенсіңдер ғой.

Ә л и. Іздеп пе ең әлде, Раечка?

Р а я. Жоқ, қазір сені іздеген жоқ ем. (*Жазекең шығып, қараағаш түбінде тыңдап тұрады.*)

Сегізінші көрініс

Ә л и. Сәлім, мына туралы не ойлап тұрсың? Не байқадың? Не айтасың?

Х а л и л. Бәсе, ұсынысын айтсыншы, көнекей?

С ә л і м (*ағаштан құрт ұстан*). Мына біреуісі дәл осы кезде гүлді жейтін қоңыз оленка ғой. Ал мына бірі жемісті болған кезде жейтін плодогорка. Тағы басқасы да бар ма?

Ә л и. Мен алма күйесін де тауып тұрмын. Тез өлтіретін жаңа шара білемісің?

С ә л і м. Сендер не қолданушы едіңдер?

Х а л и л. Е, тәйір, біз не білуші ек, сізден шығат та.

С ә л і м. Жолдас, сіз не демек боласыз?

Х а л и л. Омырауымен қағып, аса сермеп, асқақ сөйлегеннің бәрін де шын жәйің шырқ бұзар ма демек болам.

С ә л і м. Үйтіп шалуыттамай, қақтықпай жөніңмен сөйле.

Х а л и л. Біз өзіміз қақтықпаймыз, бірақ өзі тиіскенді қағып жібере де білеміз.

Ә л и. Халил, доғар, о неменең?

С ә л і м. Бұның ойының ба, сандырағың ба?

Х а л и л. Кісінің жанымен ойнауыңа жол бермеймін дегенім.

Ә л и (*ақырып*). Халил, сандалма! Жолдас болғаныңмен саған мұндай право берген кісі жоқ. Шығарма үніңді. (*Сәлімге.*) Мынау зиянкес құрттармен бар күшті біріктіріп алысқаннан басқа шара жоқ. Мышьяковстый препараттан басқа ұсынарың бар ма?

С ә л і м. Барлық жұрттың қолданатын жалғыз шарасы сол ғана. Сол жетеді.

Ә л и (*Халилге*). Бар, сол препаратты әзірлеп әкеліңдер.

С ә л і м. Бұның жаңағысы несі? (*Әли таңданған сияқты болады. Жауап қатпайды.*) Бұрынғы тәжірибелердің өзінен соншалық қымбат болғаны-ау, ә?

Ә л и. Болар. Ендеше, бұ да панатизмнің бір түрі шығар.

С ә л і м. Сол-ақ, ә?

Ә л и. Не демекке керек? (*Басқа ағашқа кетеді. Сәлім аз тұрып қап, Раяларды көріп, жұмыс істей жүріп солай жылжиды.*)

Тоғызыншы көрініс

С ө л і м. А, сендер мұнда ма едіңдер? (*Дәукең, Жазекен шығып жақындайды.*)

З у р а. Кімді көргің кеп еді? Рая шығар іздегенің?

С ө л і м. Соны енді осындай митинг жиып тұрып, айту қажет пе екен?

Д ө у к е ң. Е, жақсы жігіт, айта бер. Сендер онсыз да бүркеніп бұққан кісі көрінбейсіңдер ғой. Ашығы әбзел дейді ғой мына Жазекен.

Р а я. А, мына кісі де соны тілепті ғой! Олай болса, әлгіні айтуға қажет, құмарынан шықсын. Айт кімді іздеп ең?

З у р а. Жарайды, айтпай-ақ қой, білеміз. Раяға мақтан керек қой!

Р а я. Жаным-ау, осылар мені шалуыттауын қоя ма, жоқ па? Мені кім деп біледі осылар өзі?

С ө л і м. Рая сенің алдыңда жазықсыз. Ал сен ашулы көрінесің. Орынсыз ашуды жазалау керек.

Р а я. Сонымен?

С ө л і м. Сонымен болса, іздегенім Рая деймін. (*Рая бұған кеп қолтығынан алады, Дәукеңе қыр көрсетеді.*) Еріксіз қызықтырасың-ау өзіңе!

Р а я (*кетіп бара жатып*). Қызығам дейсің, тұра тұр, мен сені қызықтырған пішінімді көрейінші. Айна бар ма екен? (*Жазекене*). Бере тұрыңызшы. (*Айнаны алып, қаранып.*) Осыған қызығады, ә? Пәле, ну и рожа! Мен әкем мен шешеме тіпті риза емеспін!

С ө л і м. Е, неге?

Р а я. Осындай уродты туғызған-ақ екен, ә? (*Айнаны Жазекене лақтырып.*) Бірақ сен ұнаттың ғой. Сол үшін рахмет саған, әйдә! (*Кетіседі.*)

Оныншы көрініс

З у р а (*Әлиге жетіп кеп*). Не деп білейін? Не ойлайын? Мазақ па? Не істеуім керек?

Ә л и. Зуратай, әлде олай болмас. Бар тілек – менің қасымда болшы, Зура, Зуратай!

З у р а. Жоқ, Әли... Жоқ. Мен ойнай алмаймын. Құр көріп тұра алмаймын бұны. Қинайды. Жерлейді бұлар.

Д ә у к е ң (*келіп құшақтап алып, ертіп*). Зуратай, қалқатайым, қоя ғой, жүрші осы бір сөйлесейік те уанайық, жүрші, жүрші бермен.

Ж а з е к е ң. Енді қайтсін, іші күймесін бе? Өзіміз болсақ қайтер ек!

Д ә у к е ң (*сыртына бұрылып*). Жазеке, қоя тұр.

Ж а з е к е ң. Е, е, сүйт, сүйт. Өл де маған, о несі екен! (*Кейі жөнеледі.*)

Он бірінші көрініс

Әли қасына басқышын алып Қасым келеді.

Қ а с ы м. Бұл қалай болды, Әли-ау? Қайдан шыға қалды бұл ит? Самат ағамның тапсыруын орындап, екі күн ішінде таба аламыз ба, жоқ па?

Ә л и. Оны іздемекке керек. Қазір мына ағаштарды учаскеге бөліп, өзіміз сол учаскелерге жеке-жеке міндетті боламыз. (*Көрпебай мен жұмысшы стол мен препаратты әкеп қояды.*) Ал, жолдастар қайда? Қимылдайық.

Қ а с ы м. Бәсе тіпті. (*Рая шығады.*)

Он екінші көрініс

Қ а с ы м. Мен жолдастарды жинайын.

Р а я. Жоқ, Қасым, кетпе. Рас, бүгін бұны сөз қылатын мезгіл де емес еді. Бірақ мен ішімдегі үлкен күдік үстінде жұмыс істей алмай тұрмын. Осы бір Сәлімнен басқаң маған сырт қарап қалғанбысың немене осы? Аластау ма? Мені көрсе, бірі сөзден тиылады, үндемей қалады. Біреуі тұра жөнеледі. Бірі ашу шақырады. Тағы бірі пошlost айтады, жазғырады. Бұ не? Тегі мені реніш, намыс дегенді білмейді, сезбейді деп ойлай ма осы жұрт, қалай өзі?

Ә л и. Осы айтылған мінездің ешқайсысын менің өз басымнан көрдің бе, Рая? Бұл сұрақты маған қойғаның не қылғаның? Бұның нең? Бәсе, өзіңе айтайын, не боп қалды осы, Раечка?

Р а я. Ендеше, бір сұрақ, көңіліңде өзгеріс бар ма, Әлитай?

Ә л и. Бұл маған емес, өзіңе қойған сұрағың болар, Рая?

Р а я. Не де болса, жауабын сенен естігім келеді.

Ә л и. Оның әділет пе? Бұл шыншылдық бола ма?

Р а я. Түсінгің келмей ме, ойланбаймысың? Мен, мен емес пе ем, Раечқаң емес пе ем?

Ә л и. Ойланғанмен шеше алғам жоқ қой.

Р а я. Ендеше, мені тыңдау керек емес пе еді? Және сен кешірімдісің, қызғаншақ емессің, солай емес пе еді, Әли? *(Жақындай бергенде Ана мен Жазекең шығады.)*

Он үшінші көрініс

Ж а з е к е ң *(Анаға)*. Мына жәдігөйді қараңызшы. Енді тағы бір қырға мініпті. Өзінің жүрегін бір шайлықтырып жіберші, апа!

Р а я *(шегініп)*. Е, тағы шықты ма? Бұнда шеше, жеңге, аға көп. Сәлімдей тұлдыр ма, жалғыз ба бұл. Қамқор, жан-күйері үйірімен орала жүреді, біздей ме?

А п а *(Раяға)*. Қарағым балам, осы болары болып, бояуы сінді ғой! Анау жұрт та, өздерің де тойып болдыңдар ғой. Біріңнің бірің басыңды қатырмай қойсаңшы енді түге, жабулы қазан жабуымен.

Ә л и. Апа, түсінбейсіз.

Р а я. Ие, тағы? *(Әлиге.)* Әлитай, түсінбеу ғана ма екен? Қатаңды не дейін? Бірақ сол қатаңмен де...

Ж а з е к е ң. Оның қаталығынан сенің жапа шеккен жерің жоқ еді ғой, шырағым, несіне жағалатасың?

А п а. Осы бірің алма да, бірің тиме, қоямысың осы?

Р а я. Япырау, Әли-ау, мына кісі мен екеуіміздің ортамызда талқыда қалған ба сенің басың? Мына сөз не онымен, не менімен бол дегенге ұқсай ма қалай, жаным-ау?

Ж а з е к е ң. Жаратқан-ай, не дейді мынау сумаңдаған су жылан. Не шешеңмен бол, не менімен бол деп тұрған жоқ па, апатай-ау?

А п а *(Әлиді құшақтап жылап)*. Қарағым-ай, мен сенен өлі айырылмай, тірі айырылатын күнге жетіп пе ем? Көне, ендеше, берші жауабыңды... Оныкі мен менікі ме едің, Әлитайым?

Ж а з е к е ң. Екеуіңнің бірің-ақ болатын болдың ғой не болса да, ә құдая тәуба, бұ не деген сұмдық.

Р а я. Әли-ау, мынау қандай жат сөздер боп кетті. Мен сенімен сөйлескелі, түсініскелі келмеппем? Комсомол мен комсомолка боп сөйлескелі келіп ем ғой!

Ә л и. Рая, ешбір комсомол менің апаммен екі арамды қақ айыра кеп килікпейді.

Р а я. Ә, сенің де өреңнің бар жеткені сол-ақ болды ма? Әй, тәйір-ай, мен қайтейін енді... Әй, қойшы... *(Қиналып, жөнеліп кетеді.)*

Он төртінші көрініс

Қ а с ы м. Әй, әлгі Рая да ренжіп қынжылып кетті ғой. Әли! Бұ қалай өзі?

Ә л и *(Апаға)*. Сіз бен біздің арамыз шалғай. Бұдан бұлай өз басыңыздың салмағын өзгемен өлшестіруді қойыңыз, Апа. Ол қолжаулық емес қой. Мұндайдан тыйылыңыз. Соңғы өтінішім, ойланыңыз. *(Апамен, Жазекеңмен бірге сатыларын, дәрілерін алып, Әли, Қасым да кетіседі.)*

Он бесінші көрініс

Ғайныш, Жәкең шығады.

Ж ә к е ң. Қалқам Ғайныш, кәдір білетін біз емес пе? Ғ а й н ы ш *(мастау)*. Оныңыз шын болса билеңіз. Ж ә к е ң. Қалқатайым Ғайныштай, билей алмаймын ғой!

Ғ а й н ы ш. Жо-о-қ, биле деген соң билеңіз. *(Әндемін.)*

Е-е-й, жаным гүл Зәйнәп!

Жүр ме екен сағызын шайнап...

(Бір жағынан қатты ашуланып.)

Мен маспын.

Ашудан маспын. Билеңіз...

Е-е-й, жаным гүл Зәйнәп!

Жүр ме екен сағызын шайнап!

Билеңіз! *(Еріксіз билетін.)* Қатты, қатты билеңіз! Ау, әлгі Зура қайда? Соған да анау Дәукең арақ ішкізді, ә? Сіздердің осыларыңыз бір планмен істелді-ау, осы, ә?

Неге ұқсайды өзі? *(Зура ашуланып шығады, артынан Дәукең ұмтылып кеп, қолынан ұстайды.)*

Он алтыншы көрініс

З у р а *(ашулы)*. Ұстамаңыз! Кім деп жүрсіз сіз мені? Тапқан екенсіз.

Д ә у к е ң. Тыс-с! Шырағым, жанжал шығарма. Оның ұяты менде емес, сенде қалады. Ойла, қалқам Зуратай, тоқташы, ұғыншы өзің. Аналардың саған істеген қиянатын көрдің ғой?

З у р а. Бұл маған қорлық. Өлім артық. Не ойлайды, не істейді? Кім деп ойлайды бұлар мені? Мен неткен ақымақпын, жаным-ау.

Д ә у к е ң *(құшақтап)*. Қалқатайым, мен ағаң. Ренжіме. Ит болсам ұрыспа, жазалама. Бірақ тыңдап бол, айналайын. *(Сүйіп тұрады, Рая, Сәлім шығады.)*

Он жетінші көрініс

С ә л і м. Зура, Зура! Саған не болған? Бұның нең?

З у р а. Ойпырай, бұ неткен халдар? Не деген ұят, неткен ауыршылық?

Ғ а й н ы ш. А, біз реніштіміз, күйініштіміз. Дертті осылай айдаймыз. Нетуші еді.

Р а я. Сен екенсің ғой бастап жүрген, құдай ұрған! Ендігі жетпегені осы ма еді саған? Жоқты сылтау қылып қасқырдың аузына түсіп.

Ғ а й н ы ш *(бұлқынып, жұлқынып)*. Не дейсің, не дедің? Сен тағы қорлап, жерледің бе? Құлуің жетіп, енді табалауың, ит қылуың қалды ма?

Р а я. Ұятсыз, ақымақ!

Ғ а й н ы ш. Ойпырай, өлейін. Өлейін мен бүйткенше. Ал, мә! Жоқ болайын бұны естігенше мен! *(Пышақты жұлып алып өз білегіне салып жібереді. Қан ағады. Халил, Қасым ұстай алады. Ғайныш бүрісіп отырып қалады.)*

С ә л і м *(жетіп кеп Зураны көріп)*. Зура, мынаған жеттің бе? Оңбайын деген екесің. Кісі емес екесің ғой. Ішкен, мас. Компаниясын қара. Осындай ма едің? *(Жан-жақтан Әсия, Апа, Жазекең, Әли, Катя шығады.)*

Он сегізінші көрініс

З у р а (*шыққандарға қарамай, Сәлімге*). Жетті, болды. Маған ұстаз қажет емес. Доғар. Мен ұяттымын ғой. Мен мазақ болған адаммын ғой. Болсын. Бірақ сен үндеме! Өзіңмен өзің бол.

Р а я. Зуратай, кіналамашы өзінді, ұғысайықшы!

З у р а (*сөйлетпей*). Мен ешкімнің жаны ашуын да керек етпеймін, білдіңдер ме? (*Раяға.*) Мен үшін күйінбей-ақ қой, білдің бе! Мен өзімді өзім емдермін. Кетем сендерден. Кеттім бұл жерден (*Жөнеледі. Әли, Сәлім артынан кетеді.*)

Ә л и. Өзімді өзім емдермін? Ой түсіретін сөз-ау! (*Кетеді.*)

Он тоғызыншы көрініс

Ә с и я (*Раяға*). Бұ не болған? Кім ренжітті бұларды?

Р а я. Сұрама себебін.

Ә с и я. Неге сұрамайын, сенбісің?

Р а я. Мен себебін айта алмаймын. Бірақ Зура үшін мен қиналамын. Ал жарасын жаза алмаймын. Өзі, өзінің балалық шалалығы жазалы. Бұл менің күшімнен тысқары нәрсе!

Ә с и я. Не айтасың сен өзің? Бұ не маскара, Рая? Мына жұрттың сен туралы не сөйлей бастағанын есіттің бе өзің? Сен өзіңе жаман ат келтірейін дедің бе? Өзің ғана емес, білесің бе? Ойлаймысың? Сенің әкең, менің ағам кім еді? Ұмыттың ба? Соның атына таңба салайын дедің бе? Ол қазақтың ең саналы жұмысшысы, ең ерте оянған революционері еді. Біз нені ардақтаушы ек? Саған не болды? Қинама мені! Зураны ренжіткен сияқтысыңдар. Сен кінәлі сияқтысың соған, айт қазір!

Р а я (*қатты толқын*). Болдың ба? Иә, мүмкін, мен де кінәлі шығармын.

Ә с и я. Не дейсің?

Р а я. Бірақ тыныштал, тілеуің берсін, бүлінбе! Сен араласпа!

Ж а з е к е ң. Араласпа, а, мен бірді-бірге қосып былықтырайын де.

Р а я. Не дейсің, не дейсіңдер?

Х а л и л. Сол, айтты, қайтесің. Жеттің, әні. Сенің мінезің жұрттың бәріне жетті. Дертті қылдың мына жұрттың бәрін.

Р а я. Жаным-ау, сендер де айттыңдар ма осыны? Не боп еді сендерге? Шының ба, Халил-ау!

Ғ а й ы ш *(атып тұрып, қолының қаны өнебойын басып)*. Осы бақтың ішінде сенен сұрқия кісі озды ма? Бұзылдың, бүлдірдің, пәленің бәрі сенде, сенде.

Р а я. Жалған, жалған, жала бұл. Қайтып алыңдар қазір. Әйтпесе... Қайтем не деймін?

Д ә у к е ң. Шырағым қызым, қолыңмен істегенді мойныңмен көтересің. Сенен басқа кінәлі жоқ тіпті. Зураны күйдірген де, бұзған да, осы жерден қуған да сенсің!

Ж а з е к е ң. Бұзған, қуған, не дейді жаным-ау!

Р а я. А, солай ма? Осылай ма еді? Жабылдыңдар ма? Олай болса естіндер, біліңдер мені! Мен күйеуді өзім таңдап тием. Сендер теліп тигізбейсіңдер.

Ғ а й ы ш. Әрине, әрине, таңдайсың да құтырасың! Еркіңмен шалқисың?

Д ә у к е ң. Еркі емей, Мәскеуде тұрғызатын күйеуді біреу таңдайды.

К а т я. Доғарыңдар, жетті енді.

Ж а з е к е ң. Автомобильге мінгізетін күйеуді біреу таңдайды.

Р а я *(бұлқынып ортаға шығып, тасқа басып)*. Мен ондай моральный урод емеспін, ақмақ емеспін. Мен еркіммен сүйемін. Сүйдім. Сол сүйгенімнің жарымын. Жамылшыдан, телушіден, неше түрлі пошлостан таза күйде қосыламын. Ол менің махаббатымның правосы. Не деген жаза! Не деген сұмдық?!

Х а л и л. А, солай ма? Ендеше, сұмдық ол емес, есті, міне, барып тұрған сұм екенсің!

Р а я. Не дейсің? *(Әли, Сәлім шығады.)* Маған бірің емес бәрің жабылып, ұтылап қуып езгілеп, талап жүріп тигізбексіңдер ғой, Әлиге! Өзі жалынып тиетін болсын дейсіңдер ғой.

Х а л и л. Әли сені алмайды.

Д ә у к е ң. Сендейді Әлиге алғызатын кісі жоқ.

Ж а з е к е ң. Жалынсаң да тие алмассың...

Р а я. Сендер мені сонымен мұқатпақсыңдар да, майыстырмақ шығарсыңдар! Жоқ, шырақтар, мен сынсам сынармын, бірақ майыспаспын. Әли, осы сенің есің шығып кеткен бе немене? Сен қашанғы талата бермексің мыналарыңа мені? Түзетерің, тоқтатарың бар ма, жоқ па, мыналарды?

Ә л и. Кім бұзса соның өзі түзесін. Мен әдейі тіл қатпаймын.

Р а я. Олай болса, бұндай сын, ондай жақындық садағам! Садағам, ал!

С ә л і м. Рая, Раечка? Бұлар не тілейді сенен, неге жабылады, жаным-ау, осынша?

Ә л и (*ызамен ілгері басып*). Сен қорғаны, панасы болатын шығарсың ендеше!

С ә л і м. Иә, сен қорғауға жарамасаң мен қорғаймын...

Ә л и. Тарт аяғыңды. Жетті, қоздырма енді қанымды...

С ә л і м. Сен не дейсің, кімге ақырасың? Тартпағанда қайтпексің?

Х а л и л (*тепсінip шығып*). Тартпағанда жерге қағып жіберемін... Үн қатшы кәне... (*Жұпар шығады, асығып келеді.*)

Р а я (*ұмтылып*). Жұпар, мынадай сұмдық көргенің бар ма? Көрсеңші мынаны...

Ж ұ п а р (*қатты*). О не, әй, жолдастар? Бү не? Не болды? (*Үн жоқ.*) Не болса да оны кейін тексерейік. Қазір өте тығыз бір-екі жұмыс боп қалды. Сәлім, Әли! Екеуіңе Самат ағам машина жіберіпті. Жарты сағатта Совнарком заседаниесі басталады. Бірінші мәселе біздің баяндама депті, болыңдар. (*Сәлім, Әли сызданып барып түзелісіп, жүруге айналды. Жұпар Раяға.*) Кәне, бү не? (*Бұзып әжете береді.*)

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

III АКТ

Бесінші сурет

Баяғы қараағаш. Ол қазір сахнаның тап ортасын алып, бұтақтары үйдей болып қарауыта салбырап тұрады. Көп бұтағы жапырақсыз, жалаңаш.

Маңайда жас алмалар. Рая мен Әсия шығады.

Бірінші көрініс

Р а я. Жоқ айт, бәрін айт, ірікпе, ренжимін.

Ә с и я. Ендеше, Рая, ол емес. Менің саған айтпадым-ау дегенім өз өмірімнің бір халы еді. Соны тыңда да ойға сал, менің күйеуге тиген өмірімнің басы біртүрлі бір топас күйде

басталды. Саматпен қосылған соң біз соның еліне бардық. Қазақ ішіндегі өте бір шикі, надан ел екен. Мен өзім қырда бұрын көп болып та көрген жоқ едім. Саматтың жақын туғаны жоқ, ағайындары ғана бар. Сонда түстік. Киімім орысша емес, бірақ қалаша еді. Сөз қыла ма деп көздеріне өрескел болатын киім кимеп ем. Сонда да амандасуға ел жиылғанда бір тентек шал отырып маған қарап: “Мынаны құлағын кесіп құнтитып, мұрнын кесіп шүнтитып несіне әкелдің?” – деді. Қатындары мені дәл жансыз заттай жағалай ұстап, сипап қарап, әуре етті. Кейбір кемпірлер өзіме үн қаптастан отырып бешметім мен көйлегімнің етегін де қайырып қарайды. Мен қысылып Саматқа қарайым. Ол қиналып отыр. Әлгі шал сөзіне не дерін білмей булығыды. Бірақ бірдеңе десе, сөздер тағы асып кететін. Мені аяйды да қорғанады. Бірақ шал жаңағысымен тоқтаған жоқ. “Бұл өзі арзан ба екен? Жоқ әлде тегін бе? Онда осындайдың бірін маған да әкеп берші!” – дейді. Барлық үйдің іші лапыра күлді. Сүйтіп алып шал маған тағы бір төніп қарады да: “Жоқ, қоя-қой, мұндайдыңның маған тегін болса да керегі жоқ” деп бітірді.

Р а я. Сен неге үндемейсің? Самат ағам ше? Неткен қорсындар, тіпті.

Ә с и я. Сол күннің бірде-бір сөзін әлі күнге ұмытқам жоқ. Бірақ қайтейін? Өмірден күткенім не еді? Алғашқы күні көргенім не боп шықты. Пошлостың сондайын татсаң не дер едің, сен қайтер едің?

Р а я. Ол сенің заманың емес, ана шалдың заманы еді. Пошлост онда заң еді.

Ә с и я. Соны біз елемеп ек, енді әлдеқандай қалдығын сен елеймісің?

Р а я. Жоқ, ендігі заман менің заманым, өз заманым. Мен соғлашателствоға жол бермеймін, көнбеймін. (*Kemedi.*)

Екінші көрініс

Д ә у к е ң. Уай, арысым, тап осы жер менің кегім. Бүгінгі күнге барым. Енді бастауын бастаған соң, қалғанына да жәрдем ет.

К ө р п е б а й. Е, өзіңіз ше? Ендігінің орайы өзіңіздікі емес пе?

Д ә у к е ң. Жоқ, енді несі болса да сен арқылы болсын, кегім дедім ғой!

К ө р п е б а й. Бәсе, осы көшелі кісі, үлкенді айтсаңшы. Анау жастардікі не, ырың-жырың.

Д ә у к е ң. Өй, тәйір, табандап ұрып, тап жығатын көрі шөгел өзімізді айтсаңшы.

К ө р п е б а й. Ал, мақұл. *(Дәукең кетеді. Көрпебай бойлап қарайды. Жазекең келеді.)*

Үшінші көрініс

К ө р п е б а й *(еріп келе жатып)*. Тең теңімен, тезек қабымен дегені ғой.

Ж а з е к е ң. Сөзінің майдасын-ай өзінің.

К ө р п е б а й. Бәсе, кет әрі емес шығар деп едім-ау, Дәукең.

Ж а з е к е ң. Құрып қалғыр, бәрін өз ішің біліп тұр ғой енді. Жалғыз-ақ тақатым кетіп тұрғанын қарашы!

К ө р п е б а й. Үндеме, бәрінен өзің жүйріксің.

Ж а з е к е ң. Бәтір-ау, әлгі жастар ше? Оларды сөз қып жүріп пәленің басы өзіміз боламыз ба? Көрпебай-ау, оны қайтесің.

К ө р п е б а й. Өй, тәңір, жастың қолынан іс келуші ме еді? Тіпті шаңына ілесуге жарар ма екен Дәукең екеуіңнің!

Ж а з е к е ң. Е, жолды неге берейік де сүйтіп. *(Дәукең шығады. Көрпебай кетеді.)*

Төртінші көрініс

Д ә у к е ң. Жазеке, елден асқан, ақты-бозды қалаулым өзіңсің.

Ж а з е к е ң. Жалғыз-ақ енді, Дәукетай, ел құлағы елу ғой!

Д ә у к е ң. Жастар ма? Тәйір, ойға алма! Қайта өз араларына тағы бір шала тастайық дегелі тұрмын.

Ж а з е к е ң. Пышаққа түсіп, Раясы қырық пышақ төбелес шығара жаздап кетіп, айтқанындай-ақ быт-шыт болмады ма?

Д ә у к е ң. Ол епті істеліп еді. Енді бір сүзisetін кез келіп, қызыл кеңірдек болып-ақ қалып еді. Өне бір Жұпар кеп бұзып кетті. Сонымен Сәлім әлі үлкен жаза көрген жоқ.

Енді қалғандарының бәрін де осы күйінде шырмап жаңадан былықтырып, ұйқы-тұйқы қылатын тағы бір пәле керек.

Ж а з е к е ң (*күлін*). Сонда өзіміз де елеусіз қаламыз, ө?

Д ә у к е ң. Е, сөз бар ма? Әй, кәдір білетін кәрі асылым-ай, көмейдегіні болжайсың-ау, тіпті көңіл ауларды көрмей зарығып ем. Ескінің асыл көзі, жарықтығым.

Ж а з е к е ң. Сай-сүйегімді босаттың-ау, Дәукетай. Кәдірінді мен де білейін енді, жаным. (*Екеуі құшақтасқанда күлкі естіледі, барған сайын үдей берген мол күлкі.*) Ойбай, сығыр, бұнысы кім еді?

Д ә у к е ң (*бұрынғыша аймалай берін*). Е, ана жақтағы қағынғандар ғой, алаң болма! (*Күлкі үдей береді.*)

Ж а з е к е ң. Жерде ме, көкте ме өзі? (*Күлкі*).

Д ә у к е ң. Жын ба, сайтан ба?

Сол кезде бұлардың төбе жағынан қара ағаштың басынан төмен қарай сауылдап жастар күйылады. Әли, Қасым, Катя, Сәлім, Жұпар, Халил, Ғайныш, кейін Көрпебай да шығады.

Бесінші көрініс

Қ а с ы м. Жә! Астап Бендер айтқандай ендігі парадтың командирі менмін. Ал жасасын бұл бақтағы бірінші құшақ, бірінші сүйіс! Бұлдыр емес бірінші сортты, шын жақындық жасасын! (*Күлкі.*) Міне, міне сыншы, үлкен дәстүрлі, жол-жоралы аға, жеңгелер! Теңеліп көріңдер көні.

Ж а з е к е ң (*сасқалақтап*). Сығыр-ай, не бетімді айтайын енді!

Д ә у к е ң. Өй, сұм бала. Ата-еңеңнің жөрелгісі. Ай көрдік, аман көрдік деп бетті сипап жүре беріңдер, түгі. Бол енді, ей, қыздар!

Ж ұ п а р. Жоқ енді, жүйріктер, құр ғана көріп жүре бермеспіз.

Ғ а й ы ш. Бәсе, құр ғана көріп жүре бермеспіз.

Ж а з е к е ң. Мына жәдігөйлер қандай еді? Дәуке-ай, қой десе қоймайсың, қойшы әрі! Мыналардың түйін түйіп, өлденені ойлап тұрғанын көрсеңші.

К а т я. Айта беріңіз. Жоқ, бұнда түйін түйілмейді. Қайта көп түйіннің шешілетін жері болар. Өмір толқыны жағаны ұрып енді қайта серіпті. Лай судың түбіндегі ақпа, салындының бәрі енді ашылады.

Қ а с ы м. Өзеуреп, өзгеге жабам деген тондарың өз иықтарыңа қонды ма? Көрпебай, енді не айтасың?

К ө р п е б а й (*сыпыртқысын қағып әндетіп*).

Бұл дәурен жаңаныкі, а не твой!

Пәлеңмен көптен аулақ сен не свой!

Сұм тонын сүмелектің иығына

Жап-тағы, кел, Көрпебай, гони метлой!

(*Ду күледі.*) Бұл Қасым екеуміздің қоспамыз, өзіміз шығардық.

Ғ а й н ы ш. Шын ба? Япырай, бұл қалай боп шықты?

Х а л и л. Көзің ашылғыр, мыналар қандай емші еді, бөтір-ау!

К ө р п е б а й. Әггөй, әгә-гөй, әгә-гөй! (*Күлкі.*)

Д ө у к е ң. Қой, бұ не спектакль? Сендер түк білмейсің. Түк көрген жоқсыңдар.

С ө л і м. Иә, біз алдануға ғана бармыз, көргеміз жоқ дендер!

Х а л и л. Әрине, біз түк көрмедік.

Ж ұ п а р. Нені көрейік. (*Самат Раяны қолтықтап, ертіп келеді.*)

Д а у ы с т а р. Самат ағам да кепті-ау. Өй, Самат ағам, кара! Самат аға.

Алтыншы көрініс

С а м а т. Бұ не? Не шу?

Ә л и. Бәрінен бұрын бұл арада мына бақ дертінің түйіні шешілді. Біздің бағымыз құтқарылады пәледен. Жау құрттардың ұясын таптық, мінекей! (*Бағанадан өзі ұстай түскен, көп айналдырған нәрсесін көрсетеді.*)

С а м а т. Немене? Қайда екен?

Ә л и. Біздің бақтың зиянкес құрты мына көрі кара ағаштың қабығының астында екен. (*Дәукең, Жазекең сол ағашқа таңылғандай қатып тұрады. Жұрт соларға нұсқап сөйлейді. Олар барлық сөздерді өз бастарына тиген таяқша сезінеді.*) Зиянды ұя мына көрі кара ағаш боп шықты. Жаңа басына шыққанда соны таптық.

Р а я. Ендеше, құлату керек бұл кәрі ағашты. Бұл күнде ол шірік ескі індетті жақтаушы ағаш болған. Кем қойғанда, жас дүниеге зиянды әсерін тарататын балласт. Міне, бұның үкімі осы. Жаңа бақ, дүниемізге залалды кесірін жұқтыратын ескілік қалдығын аластаймыз, аямандар.

С а м а т. Ендеше, жығындар, білінбей, еленбей келген зиянкестің бірі екен, жойындар.

Д а у ы с т а р. Жық, құлат.

– Аластайық!

– Бітсін, өшсін!

Ж ү п а р. Ал, ендеше, осы кәрі қараағаштың іні-туғандары, салттағы, өмірдегі қара ағаштар мына тұрған кісілер!

С а м а т. Не дейді? Рас па?

Ж а с т а р. Рас, ашылып отыр, абыройы айрандай төгіліп тұрғаны!

С а м а т (*Дәукеңдерге*). Солай ма еді? Ендеше, жөнеліндер, жоғалт көздерінді. Бұдан былай бір-бірімізге жоқпыз. Енді қайтып қарамызды көрмейсіңдер. (*Аналар қозғала бергенде.*) Бұл бұл ғана емес. Сазайыңды өзге жолмен де тартқызамын!

Қ а с ы м. Өшсін тозған салттың кер кеткен мұралары! (*Жастар Саматты қоршаған, көңілді.*)

К ө р п е б а й. Бәсе, айтам ғой қоңырсиды деп.

Р а я (*оқшауырақ, Әлиге*). Сен жол тауып, өрге басып жазылдың-ау!

Ә л и. Бұны тануыңа рақмет.

Р а я. Ең болмаса, сенің жақсылығыңды айтып, мақтау керек қой! (*Сәлім жақындайды. Әли кете береді.*)

Қ а с ы м. Иә, Зурадан айрылуымыз жаман болды.

С а м а т (*естіп*). А, Зура деймісіңдер? Ендеше, балалар, бүгін бір қазақ қызы парашютпен зор биіктен затыажной прыжок жасап, аман түсіпті. Соның аты Зура дейді.

Д а у ы с т а р. Зура! Қай Зура екен? Біздің Зура ма, басқа ма?

С а м а т. Е, немене, Зура жараушы ма еді ондайға, жарамаушы ма еді? Білушімедіндер жолдастарыңды? Кім ғой дейсіңдер?

Ә л и. Менің ойымша, сол біздің Зура!

Ғ а й ы н ы ш. Ол басқа настроениемен кеткен еді ғой ө?

Х а л и л. Ол болмас, ол болса бұл бір тамаша ердің жолымен емденген екен!

К а т я. Бұл даусыз біздің Зура. Шын жігіт. (*Ғайныш, Халилге.*) Мінекей... басқа орнаған болымсыз, лас настроениені осылай лақтыру керек. (*Саматқа.*) Дядя, шын біздің Зура ғой? Айтыңызшы, шын сол емес пе?

С а м а т (*күліп*). Иә, шын біздің Зура. (*Ғайныш, Халилдерге қарап.*) Әлдекімге қолжаулық боп бықсып бүлінгенше, осындайды ойласаңдар етті, түге!

Ж ү п а р. Бұл екеуінің жәйі бізде бүгін кешке тексеріледі. Күн тәртібінде тұр. Сондықтан айтыс ашылмаса екен, покрайнемер!

С а м а т. Аэродромға мен өзім де барып ем. Көріп тұрдым. Зура біртүрлі ерлікпен әсем өнер жасап түсті. Парашютін жерге 200-ақ метр қалғанда бір-ақ ашты. Есі шығып аша алмай қалады-ау, өледі-ау деп зәрем кетіп еді. Бір түрлі берік те, ер де екен. Тамаша қуандым. Өзіне машина жібердім, қазір келеді.

С ө л і м. Зуратай? Қайда екен енді келмей!

Ә л и. Зура, қандай ардақты, асыл едің?

Қ а с ы м (*алысқа қарап тұрып*). Өй, әне машина келеді.

Д а у ы с т а р (*желікті, қуанышты айғайлар*). Өй, анау Зура ғой!

– Зура келеді, Зура қайтты.

– Жүгіріңдер, машинадан түсірмей тосайық!

– Зура, ур-ра!

– Ур-ра, Зу-р-а!

Тегіс қуана шулап, қол шапалақтап, жүгіреді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Алтынышы сурет

Терраса мен бақ. Күн шуақ. Сахнаның екі жағында қып-қызыл боп гүлденген персик, шапталы, маңайындағы алма ағаштарында толықсып кернеп тұрған ақ гүлдер. Жастар бұрынғыша жұмыс үстінде.

Бірінші көрініс

К а т я. Қазақстан жасының ішінде бірінші боп, Зура зор биіктен затыжной прыжок жасап отыр. Қалай канат қағады! Бәрі де қақ қасыңдағы, дәл өзіндей, өз бауырларыңның серпіні. Қандай қызу, қандай әсерлі, тәтті біздің күндер! Ех, мен сүйемін, сүйемін!

Қ а с ы м. Рас па, Катенька, шын айттың ба?

К а т я. Бар үнімен дауыстап, шырқап тұрып айтам: сүйемін!

Қ а с ы м. Айтшы, бәсе, айқайлап айтшы, кімді ... сүйесің?

К а т я. Өмірді сүйемін.

Қ а с ы м. Ойбай, тәңір-ай, алау ұрып жүріп, мені сүйіп қалды ма екен деп дәметіп қалсам, анау ма еді?

Ж ұ п а р. Е, құрамай қаптың ба?

К ө р п е б а й. Тәңір есіркесін, шырағым!

К а т я. Өмірді сүйемін. Көкке, биікке қайратым, қиялымды тартатын кристалдай таза өмір биігін сүйемін. Қайда жүр, қайда кетті әлгі Зура! (*Жүгіре жөнеледі.*)

Қ а с ы м. Е, бәсе, не қылып оңай бола қойсын-ау, Көрпеке, ойда жоқтан, дәметпестен дәметкен мені айтсаңшы.

К ө р п е б а й. Айтам-ау, не қылған батпан құйрық десеңші.

Ж ұ п а р. Жақсы айттың, Көрпеке!

К ө р п е б а й (*Жұпарға*). Жақсы дегенің рас па осы?

Ж ұ п а р. Рас.

К ө р п е б а й (*Жұпарға*). Ендеше, дәйдірім, әлгі лекбезді бітірді деп қағаз берші осы! (*Өтіп кетіседі. Рая, Әли, Сәлім, Зура жұмыста.*)

Екінші көрініс

Р а я (*Зураға*). Ал, Зура, ендігі бір көмескі түйін осы біздің арамызда. Соның шешілетін уағы жетті. Кәні, бәріміз бірге отырып ашысайықшы. Не сездің?

З у р а. Мен міне көңілдімін де саумын, Рая. Аэропланның қанатына басып енді секіргелі тұрғанда сендерді еске алып, бір түрлі сүйіп те, сағынып та кеттім. Бір ғана секунд, бірақ соның ішінде барлық сезімім мен ойларым асты-үстіне келіп өзгерді. Барлық анау-мынауы, ұсақ-ренішті, барлығын да кешіп, сендерге, өзімізге тіпті жаным ашып кетті. Қайтадан аман жетуге, бәріңді кеп, құшақтап сүйге асықтым.

Р а я. А, мен соның көбіне айыпты сияқты едім-ау.

З у р а. Жоқ, Рая, қайта мен барлық қатты сөздерім үшін сенен кешірім тілеймін.

Р а я. Жоқ, ол қажет емес, Зура? Енді бұрынғыдан біздің жәйлар қатты өзгереді.

З у р а (*қиналыңқыран*). Рая, қайдан білдің? Мен оны да, бәлкі (*тоқтан*), жаңағы айтқан көңіл халымда, бәлкі оны да саған еркіммен қиярмын... Бірақ бұл жәйді сөйлесу, маған бір түрлі ауыр.

Р а я. Жоқ, батыр бол, қорғанба! Шыннан жасқанбайық.

З у р а. Ендеше қалғанын өзің сөйлеші, барлық жәй саған мәлім ғой.

Р а я. Олай болса, Сәлім екеуіңе қысқа ғана бір сұрақ. Екеуіңнің араңда жүрекпен табысқан уәде, байлау бар ма еді? (*Тым-тырыс.*) Шыны керек қой. Айтыңдаршы, Сәлім, Зура!

С ә л і м. Зуратай, неге іркілесің? Бар еді.

З у р а. Рас еді.

Р а я. Ендеше, тағы бір шындық, Сәлім, ол сен екеуіміздің арамыз. Мен талай оқталып келіп, аяқтата алмай жүр едім. Білесіңдер ме? Сәлім, мен сені сүйген кісі емес едім. Жалғыз ғана таза, сау сезіммен кәдірлеп күткен жолдасың, досың едім. Шынды айтшы, сенің ішінде осыдан өзге күй болды ма?

С ә л і м. Одан артық не болады? Неге болады, Раечка? Өзгені тіпті ойға алған кісі бар ма әуелі?

Р а я. Ендеше мен ризамын! Екеуіңде әрі досым, әрі бауырымсың. Бірліктерің қайырлы болсын.

З у р а. Не дейсіңдер? Сәлім, Сәлімтай, Рая? Ендеше, мені кешіңдер. Мен айыпты екем.

С ә л і м (*қушақтан*). Пәле, Зуратай, қызық екенсің.

Р а я. Ал, Әли, осы енді екеуіміздің арамызды да анықтаған жоқ па? Сен қалайсың? Қайдасың?

Ә л и. Мен көп қобалжып, көп толқысам да сол өзің қойып кеткен жеріңнен көп ұзаған жоқ ем, Рая. Жалғыз-ақ қинағаны жұрт көзіне оғаш көрініп, әркімнің аузына сөз салған еді.

Р а я. Мен бізді қосатын ата-ене, пошлост болмасын дедім. Бірінші, Сәлім орынсыз сезікке түсті, біздің ортамызға келмей жатып ренжірлік сөздер есітті. Бұның басына деген жолдастығым, таза достығым үшін бір ашуландым. Екінші, өз басымның намысына тиген түрткі, соққы да аз болмады. Содан кейін қыңырлыққа бастым. Жиыны: көңілде қаяу, қабақта реніш тұрғанда жаңа өміріміздің есігін ашуға асықпайық дедім. Ал, енді міне, күнін өзің белгіле, ерік сенде.

З у р а } Рақат, тамаша, қандай таза.
С ә л і м } Қайырлы, қайырлы болсын.
 } Бақытты болыңдар, достар, бауырлар.

Самат, Әсия, Апа барлық жастарды ерте келеді.

Үшінші көрініс

С а м а т. Жә, балалар, сендер тамашаны білдіңдер ме?

Д а у ы с т а р (*Саматты жастар айнала қоршап алған*).

О не? Немене, Самат аға! Қандай тамаша, Самат аға-ау?

С а м а т. Кеше кешкі мәжілісінде Совнарком Қазақстанда алма-жеміс бақтарын молайтып, өркендетудің зор планын қабылдады. 1950 жылға дейін созылатын 1 жылдық жоспар бойынша бүткіл Қазақстан далаларына екі жүз мың гектар алмалы бақтар орнайтын болды.

С ә л і м. Уай, тамаша! Жарайды.

Р а я }
Ә л и } Жақсы! Істейміз, орындаушы бізбіз!

С а м а т. Мінекей, мына бүгін Алматыда (*айналада гүлдеп тұрған бақты көрсетіп*) мынадай боп гүл атып, нұр жайнап тұрған бақтар енді айдан ай, жылдан жыл өткен сайын

отанымыздың социалды бағы болып, Қазақстан картасының бетіне жемісі мен саясын жая, жая бермек! Бүгінгі еңбек табысы мынау, келешек күн шуақты, қызықты өрісінің даңғыл жолы анау. Қысқасы, құтты болсын, жолдастар!

Р а я (*жолдастарына*). Қысқасы, орындаймыз ғой, жолдастар, ә?

Ж а с т а р. Құтты, құтты болсын. Орындаймыз, өрлейміз.

Р а я. Ал, Сәлім, енді сенің қиялыңдағы Күншығыс сұлуын Жем, Сағыз, Есіл, Нұра бағынан көретін боламыз.

К ө р п е б а й. Қарағым-ау, сөйдегендерің кім еді осы?

Р а я. Ол слива деген жемістің бір сорты емес пе?

К ө р п е б а й. Ойбой, қаңғыған басым-ай, әлгі Дәукендермен бірге дәл осы бір сөзді мен де бір сұмдық көріп жүрмедім бе?

С ә л і м. Ал, Самат аға, енді сіз тыңдаңыз, біз айтайық. Тағы бір тамаша бар, оны сіз білмейсіз?!

С а м а т. Иә, о не?

С ә л і м. Бұл жайдағы сөзді Әли, Раяға бердік.

Ә л и (*Раяны қолтықтап алын*). Ал енді, Самат аға, Әсия, міне, енді шын тойды енді сұраймыз, бер тойды.

С ә л і м } Той, той болдырыңыздар, беріңіздер енді
З у р а } тойды.

Ж а с т а р (*шулап*). Шын ба? Рас па? Уай, дұрыс, уай, рақат. Уа Самат аға, бер, бер енді тойды.

Ә с и я. Шын айтасыңдар ма? Тағы алдамаймысыңдар?

С ә л і м } Шын, рас, алдау жоқ, рас! Рас!
Ә л и }

А п а (*Рая мен Әлиді қабат құшақтап*). Қалқаларым, мен бір жаман тілге ерем деп екеуіңнің шын жәйінді ұқпаппын. Адасыппын. “Елу жылда ел жаңа, қырық жыл қазан” деп еді. Жаңаның, өзгеше, басқаша жақсылығын көрі көзім тосаңсып танымапты. Екеуің де бақытты да атақты болыңдар. (*Беттерінен сүйеді.*)

С а м а т. Бұл ана ғой, мына сөзін талқыламай-ақ қабыл аларсыңдар, солай емес пе?

Ж а с т а р. Дұрыс, мақұл, жақсы, жақсы айтты.

С а м а т. Ал, бірақ ол сенсе сене берсін, мен өзім сенбейім әлі, сенгем жоқ.

Қ а с ы м. Уот, диуана, енді не дейік.

С ө л і м } Бәріміз кепіл, кепіл болайық сеніңіз!
З у р а }

С а м а т. А? Осыларың шын ғой, ендеше сыныма
шыдаңдар. Шыдаймысыңдар?

Ә л и. Шыдадық.

Ж а с т а р. Шыдаймыз, сендіреміз.

С а м а т. Олай болса шындарыңды үндеріңнен таныын,
әнеугі үзілген әндеріңді айтшы тегіс, бәрің!

Ж а с т а р (*тегіс әдемі, әсем хормен*).

Қуанышты қызықтай да білетін,

Тең достардың қызық,

таза ниетін.

Құрметпенен, шыныменен қадірлеп,

Біз боламыз шат жүзбенен

күлетін.

Жаңғыр, біздің

бағыстан,

Бақытқа қол

алысқан,

Екі жаспен табысқан,

табысқан.

Ән үстінде Раяның басына гүл-венюк киіле береді. Екеуінің де қолына
букеттер, омырауларына гүлдер береді. Екеуі ортада.

Бақытты бол, өмір болсын

гүлстан,

Сүйген сергек, нәрін ұқсын

гүлстан.

Жеттім ғой деп, қалғып қалмай орнында,

Қанат қосып беттей ұшсын

гүлстан!

Күтеді сізден

гүлстан,

Күндер өте жылысқан,

Гүл атат деп гүлстан,

гүлстан.

К ө р п е б а й (*Әли, Раяға*). Балбала. Майда қоңыр,
бақытты бол. Жаудыр көз, егіз қозым айналайын. (*Саматқа.*)
Ал, енді не дейсіз?

С а м а т. Ендеше, келесі подвыходной күні тойларың!
(*Әсия екеуі Әли, Раяның беттерінен сүйеді.*)

К ө р п е б а й (*осы уақытта*). Әг-гөй, әгә-гөй, әгә-
гөй, әгә-әгә-гөй-ау!..

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

**Ғылыми
түсініктемелер**



“Он превзошел всех героев эпоса”

Мақала 1938 жылы “Казахстанская правда” газетінің 20 желтоқсандағы санында шыққан. Қайта еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражай-үйінің архивінде мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

1938 жылы 15 желтоқсанда жаңа ұшақты сынау кезінде апатқа ұшырап, қонбастан ұзаққа ұшудан әлемдік рекорд жасаған, Мұзды мұхиттың үстімен Солтүстік полюсті басып өтіп Америка континентіне қонған В.П. Чкалов қайтыс болған. Совет Одағының Батыры атағын алған алғашқы ұшқыштардың бірі, әлемдік авиациядағы ірі тұлға Чкаловтың өлімі мемлекеттік дәрежедегі үлкен қайғылы қаза ретінде бағаланып, Кеңес Одағындағы барлық мерзімді басылымдарда қазанамалар, Чкаловтың өмірі мен қызметі туралы мақалалар, көркем шығармалар жарияланды. Дүние жүзінің көптеген елдерінен жіберілген көңіл айтулар берілді. М. Әуезовтің осы мақаласы шыққан газет номері түгелдей Чкалов қазасына қатысты материалдардан тұрады. М. Әуезов қысқа көңіл айту мақаласында Чкаловтың ерлік тұлғасына қатысты көңілін көтеріңкі стильмен, сол кездің аздаған идеологиялық сарынымен жазып шыққан. Жазушының 50 томдық шығармалар жинағының 9-томында шыққан “Нет больше Барсакельмес” мақаласындағы тақырыпқа келеді. Бұл томға газеттегі мәтін өзгеріссіз беріліп отыр.

Р. Әбдіғұлов

“Зор бағалы сый”

Мақала тұңғыш рет “Социалистік Қазақстан” газетінің 1939 жылғы 5 ақпанындағы 29-санында жарияланды. Содан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 17-томының 147—148-беттерінде (1985) басылды. Шығармаларының елу томдық академиялық жинағына газеттегі алғашқы басылым бойынша беріліп, текстологиялық анықтаулар жүргізілді.

Мақала бір топ ақын-жазушылардың советтік көркем әдебиетті дамытудағы еңбектері үшін арнайы берілген наградқа құттықтау есебінде жазылған. Аталған сыйлық туралы хабарландыру “Социалистік Қазақстан” газетінің 1939 жылғы 2 ақпанындағы 26-санында: “СССР Ұлы Совет Президиумының осы жылғы январьдың 31-ндегі Указы бойынша Советтік көркем әдебиетті дамытудағы көрнекті табыстары мен жетістіктері үшін әдебиет майданының қайраткерлеріне:

- 21 адамға Ленин ордені;
- 49 адамға Еңбек Қызыл Ту ордені берілді.

Олардың ішінде Қазақстанның ақын-жазушыларынан — Асқар Токмағамбетов бар.

— 102 адамға Құрмет Белгісі ордені беріліп, оған: Ә. Әбішев, Ж. Жабаев, Т. Жароков, С. Керімбеков, Ә. Тәжібаевтар ие болды”, — делінген.

Енді жиырма томдық шығармалар жинағындағы жариялануына келсек, бұл мақала аздаған қысқартулармен ғана берілген. Айталық, екінші абзацтың екінші сөйлеміндегі “ұлы данышпан Сталин жолдастың “деген сөйлем қысқартылып, оның орнына “партияның” деген сөз кіргізілген.

Міне, осындай екі сөз: бірінші абзацтың төртінші сөйлеміндегі “Сталиннің ұлы” деген сөз, сосын соңғы абзацтың ақырғы сөйлеміндегі Сталиннің есімі алынып тасталған.

Біз елу томдық академиялық жинақтың негізгі шарттарына сәйкес алғашқы нұсқасын ешқандай өзгеріссіз сол қалпында беруді жөн көрдік.

1. 7-б. “**Бұрын екі орден алған алып қартымыз Жамбылдан бастап**” — 1936 жылы 17—23 майда Мәскеу қаласында қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің бірінші онкүндігі өтіп, бұл өнер мерекесіне қатысушы Ж. Жабаев опералық театрдың сахнасында Ленин, партия, совет халқы туралы ұзақ жыр қырлады.

КСРО Орталық Атқару Комитеті Қазақстанның Халық ақыны Ж. Жабаевқа 1936 жылы 26 мамыр айында Еңбек Қызыл Ту орденін беру туралы қаулы қабылдап, оған М.Н. Калинин қол қойды.

Е. Қаныкейұлы

“Әбділда ақын”

Бұл мақала “Социалистік Қазақстан” газетінің 1939 жылғы 8 ақпанындағы санында жарық көрді. Сол бойынша 1985 жылы жиырма томдық шығармалар жинағының 17-томына (148—149-бб.) енгізілді. Қолжазбасы сақталмаған, бұл томға сол газеттегі басылымымен 17-томдағы нұсқасы салыстырылып беріліп отыр. Екі нұсқаның айырмашылығы жоқ.

М. Әуезов пен Ә. Тәжібаев 1933 жылы танысып, өмірінің соңына дейін достық қарым-қатынаста болған. Бұл жөнінде Ә. Тәжібаев: “Көп ұзамай-ақ мен Әуезовпен бірінші рет оның өз үйінде таныстым. Мұқаң сол жылы отыз жетіде ғана” (Ә. Тәжібаев. Жылдар, ойлар. 1976. 60-б.), — деп жазған еді.

“Әбділда ақын” — Ә. Тәжібаев пен М. Әуезовтің 1938 жылы бірлесе еңбектенген “Ақ қайың” пьесасы тұсында туған әсер-ықпалымен жазылған. Оған М. Әуезовтің “Мен Әбділдамен драматургияда аз уақыт бірге қосылып жазып көрдім. Соны, жаңа жанрда алғаш жазғаны сол болса да, осы бірге істескен еңбек үстінде Әбділданың шалым-орамын, талант-тәжірибесін толық танып, шын бағаладым”, — деп жазғаны дәлел. Сол жылдары театрдың әдеби бөлімін басқарып жүрген М. Әуезов жас қаламгерлерді драматургияға баулу мақсатында бірлесіп драмалық шығармалар жазған. 1938 жылдың 22 шілдесінде пьесаларға жарияланған конкурс нәтижесі бойынша М. Әуезов пен Ә. Тәжібаевтың “Ақ қайың” пьесасы жеңімпаз деп танылады да, 1939 жылдың 27 қаңтарында сахнаға қойылады. Осы тұста екеуі біршама шығармашылық ынтымақтастықта, достық қарым-қатынаста болғаны байқалады. Мұның қандай деңгейде болғандығын жазушының қолжазба қорында сақталған Ә. Тәжібаевтың 1938 жылдың 28 тамызында жазған хатынан анық көрінеді. (628-бума. 6—7-бб.)

1. 9-б. “...совет поэзиясының аса ардақты, әсерлі, ыстық отты ақыны Эдуард Багрицкиймен көп иық сүйескендей болады”

– Багрицкий (шын фамилиясы Дзюбин) Эдуард Георгиевич 1895 жылы 3 қарашада Одессада туып, 1934 жылы 16 ақпанда Мәскеуде қайтыс болған орыс совет ақыны. “Жеңімпаздар”, “Соңғы түн” жинақтарында Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа өмірді, кеңес адамдарын жырлады.

М. Ахетов

“Ленин ұлы идеясының ескерткіші”

Жазушының бұл мақаласы алғаш рет “Социалистік Қазақстан” газетінің 1939 жылғы 21 қаңтардағы санында жарық көрді. Кейін еш жерде жарияланбаған, М. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіште де (Алматы, 1972, 1984) аталмаған.

1935 жылдың 14 қазанында “Социалистік Қазақстан” газетінде Орталық партия комитеті баспасөз бөлімінің нұсқаушысы А. Құсейіновтің “Марксизм-ленинизм классиктерін қазақ тілінде шығарайық” деген көлемді мақаласы жарық көрді. “...Маркс-Энгельс – Ленин-Сталин еңбектерін Кеңес одағы халықтарының тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне аудару...” деген үндеуіне орай мемлекеттік саяси әдебиет баспасы В.И. Лениннің қайтыс болғандығына 15 жыл толуына арнап оның 1923 жылы жазған еңбектерінің жинағын қазақ тіліне аударып, басып шығарды. Жинаққа “1923 жылғы мақалалары”, Ленин ауырып жатқан кезде жазылған “Күнделік дәптері”, кооперация туралы алғашқы томдары және “Партия тарихы” қазақ тілінде жарық көрді. Бұл мақала осы аудармалардың жарыққа шығуына орай жазылған. Енді газеттегі мәтіндерінде кездесетін мынадай сөздер “қойу” – “қою”, “сифр” – “цифр”, “жана” – “және” сияқты болып өзгертілді.

С. Майлыбай

“Геройдың мол бейнелі образы”

Мақала 1939 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 28 қаңтардағы санында шыққан. Кейін еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында бұның түпнұсқасы жоқ.

Мақала “Амангелді” көркемсуретті фильмінің алғашқы көрсетілуінен кейін жазылған. “Социалистік Қазақстан” газетінің аталған санының бір беті осы фильмнің қойылуына байланысты жазылған мақалаларға арналған. Бұл бетте М. Әуезовтің мақаласынан басқа фильмнің басты кейіпкері Амангелді образын жасаған Елубай Өмірзақовтың “Зор бейне, күрделі мақсат” атты көлемді мақаласы, Амангелдінің ұлы Рамазанның, түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің шағын мақалалары бар. Е. Өмірзақов мақаласында актердің Амангелді бейнесін жасаудағы ізденістері, кино түсіру барысындағы қызықты оқиғалар жайында баяндалған. Фильмді “Ленфильм” түсіріп, режиссері М.З. Левин болғанмен, киносценарий авторы Ғ. Мүсірепов, рольдерде ойнаған актерлер түгелдей қазақ өртістері, шығарма тақырыбы қазақ топырағынан болғандықтан ұлттық кино өнерінің (көркемсуретті кинода) алғашқы қарлығашы деп айтуға толық негіз бар. Алматы облысының қазіргі Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ ауылының маңында және Ленинградта “Ленфильм” павильондарында түсірілген фильм өз уақыты үшін өте сәтті шығарма болып шыққан. Отызыншы жылдардағы әлемдік кино өнерінің даму дәрежесімен салыстыра қарағанда, әсіресе, актерлік ойын тұрғысынан алғанда үлкен көркемдік табыстарға қол жеткен. “Амангелді” фильмі түсында қазақ театрларында (драма, музыка театрлары) актерлердің ұлы шоғыры топтасқан болатын. Басты рольді атқарған Елубай Өмірзақов, Балым роліндегі Шара Жиенқұлова, Темірші роліндегі Серке Қожамқұлов, Жағор роліндегі Ф.А. Федоровский, басқа рольдердегі Қалыбек Қуанышбаев, Қ. Жандарбеков, Қ. Байсейітов, Т. Сәлменов, Қ. Бадыровтар өз рольдерін жоғары профессионалды деңгейде атқарып шыққан. Актерлер ансамблінің сәтті жұмысына қазақ мемлекеттік драма театрында іргелі дайындық жұмыстарынан кейін барып Б. Майлин мен Ғ. Мүсіреповтың “Амангелді” пьесасының 1937 жылы К.Г. Боровтың режиссерлығымен қойылуының игі ықпалы тигені

анық. Көркем фильм жұмыстары да осы 1937 жылы басталған. Кеңес Одағында С. Лазо, Н. Щорс, В. Чапаев сынды төңкеріс кезінде асқан ерлік, алғырлықтарымен көзге түскен ерлердің бірі қазақ халқынан Амангелді Иманов болатын. Қазақ тақырыбынан түсірілген алғашқы көркем фильмнің Амангелді тұлғасынан алынуы отызыншы жылдар үшін заңды таңдау. Бұл фильмнің түсірілуіне, көркемдік құрылымы мен табиғатына бұдан бұрын түсірілген “Чапаев” кинофильмінің әсерінің де болуы керек.

М. Әуезов мақаласында фильмді қоюшылардың образдар ашудағы табыстарына, актер ойындарына жоғары баға берген. Әуезовтің бұрынырақ жазылған театр тақырыбындағы мақалаларында фильмде ойнаған актерлер, олардың сахналық қызметтері жайында айтылған болатын. Мақаладағы негізгі геройға қатысты аздаған идеологиялық сипаттағы ойлары мақала жазылған кездегі идеологиялық талаптардың әсерінен туған. Фильм тақырыбы жайындағы ойлары да осы сипатта. Фильмнің жасалып бітіп, көрерменге жеткенін қуана құттықтай отырып, кино құрылысына байланысты аздаған сындар айтылған. Қазақ тақырыбына түсірілген тұңғыш толық метражды көркемсуретті фильмнің жасалып бітіп, көрсетіле бастағанына қуанышын білдіріп, фильм авторларын шығармашылық табыстарымен құттықтаған М. Әуезов аздаған сыни пікірлер де айтқан. Сыни ойларын суретші, операторлар жұмысындағы аздаған кемшіліктерден бастап, негізгі сынды фильмді монтаждау (құрастыру) жағындағы кемшіліктерге қатысты айтады.

Фильмнің құрылымдық, композициялық, фабулалық тұрғыдағы кемшіліктерін нақты мысалдармен қысқа қайырып көрсеткен. XX ғасырдың отызыншы жылдарында кино өнері алғашқы қадамдарын ғана жасап, кинотану ғылымы әлі толық қалыптаса қойған жоқ болатын. Ал көркем әдебиеттің прозалық, драматургиялық жанларында сюжет құру, композициялық шеберлік шарықтау шегіне жетіп, әдеби шығармашылықтың бұл қыры әдебиеттану ғылымында терең зерттеліп, тұжырымдалған теориясы жасалған болатын. М. Әуезов кинофильмге осы тұрғыдан сын айтып отыр. Мақалада ешқандай идеологиялық сын жоқ. Таза көркемдік талдау жасалған. Әуезовтің мұндағы айтқан ойлары қазіргі заманның маман кинотанушыларының бағасымен толық үндеседі.

Мақала газеттегі латын әріпті нұсқасынан кириллицаға түсіріліп, кейбір орфографиялық, пунктуациялық қателері

түзетілді. Кейбір септік жалғаулары мен жалғаулық шылаулардың жазылуы қазіргі грамматикалық нормаларға сәйкес алынды.

Мақаланың мәтіні толықтай беріліп отыр.

1. 15-б. **Қанабек** – Қанабек Байсейітов.
2. 15-б. **Құрманбек** – Құрманбек Жандарбеков.
3. 15-б. **Қалыбек** – Қалыбек Қуанышбаев.
4. 15-б. **Қапан** – Қапан Бадыров.

Р. Әбдіғұлов

“Эпос и фольклор казахского народа”

Мақала 1939 жылы жазылған. Алғаш рет осы жылғы “Литература и искусство Казахстана” журналының 8—9 сандарында (91—117-бб.) жарияланған. (“Очерки истории казахской литературы” деп аталған. 1-бөлім). Бұдан соң “Литературный критик” (1939. №10. 211—234; №11. 169—181-бб.) журналында басылған. 1961 жылы М.Әуезовтің “Әр жылдар ойлары” (қазақ, орыс тілдеріндегі зерттеулер, мақалалар. Құрастырушысы ф.ғ.к. Ы. Дүйсенбаев. Алматы: ҚМКӘБ, 1961.76—124-бб.) кітабында, 1975 жылы орыс тіліндегі бес томдығында (М. Әуезов. Собр. соч.: В 5 т. /Сост. и прим. Л.М. Ауэзовой. Т.5. М.: Художественная литература, 1975. С.28—79) жарияланды.

Мақала қазақ фольклорын зерттеуге арналған. Автор халық ауыз әдебиеті туындыларының идеялық-тақырыптық мазмұнын, негізгі жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін ашады. Зерттеу нысанына лирикалық, тарихи жырлар, эпос, поэмалар, аңыз, ертегі, мақал-мәтелдер, жұмбақтар алынады. Халық ауыз әдебиеті шығармаларын мұқият талдау арқылы қазақ тілінің байлығы мен өзгешелігін, халқымыздың ақындық шеберлігін, тарихи даму үрдістеріндегі жанрлар эволюциясын көрсетеді.

1. 17-б. **Соболев Леонид Сергеевич (1898—1971)** – орыс кеңес жазушысы. “Капитальный ремонт”, “Морская душа” шығармаларының авторы. М. Әуезовпен бірігіп қазақ әдебиеті туралы бірнеше мақалалар жазған, “Абай” пьесасының орысша вариантын бірге дайындаған. Оның “Десятилетия дружбы. Очерки и статьи о Казахстане” (Алма-Ата,1971) атты кітабы көпке мәлім.

2. 17-б. **“Мир—океан: времена, как ветры, гонят волны поколений, сменяющих друг-друга, и в этом круг — вечности”** деген үзінді Абайдың 37-қара сөзінен алынған.

3. 17-б. **“Китайские пагоды”**— Пагода (португалия тілінде — pagoda, санскритте — бхагават — “қасиетті”) – буддалық мемориалдық құрылыс, аса бағалы заттар сақталады, ғибадатхана. Ғибадатханалар павильон немесе мұнараларға (көбінесе көп қабатты) ұқсайды. Біздің дәуіріміздің бастапқы кезеңдерінде Қытайда пайда болды; Корея, Жапония, Вьетнамда бар. Эпос

(гр. epos – сөз баяндау) — көне тарихи-қаһармандық жырлар; лирика, драма сияқты әдеби тек, өткен оқиғаларды өлең сөзге қосу. Фольклор негізінде пайда болған (ертегі, эпопея, тарихи жыр, батырлар жыры, эпикалық поэма). Эпос сюжетін негізінен халық аңыздары құрайды.

1. Малые формы устной поэзии

а) Свадебные песни

4. 28-б. “**Домострой**”— XVI ғасырдағы орыс әдебиетінің туындысы, тіршілікке қажетті ережелер мен өсиеттердің жиынтығы. Патриархалды тұрмыс, жанұя басшысына сөзсіз бағыну мүддесі көзделеді. XVI ғасырдағы ел тұрмысы мен тілі кеңінен көрініс береді. Жорамал бойынша оның авторы—Благовещенскінің священнигі Сильвестр.

б) Лирические бытовые песни

5. 32-б. **Сабырбай Ақтайлақұлы (1775—1865)**— қазақ ақыны. “Үш қызыл”, “Шахар-ау, өлемін бе, өлмеспін бе” сияқты т.б. шығармалары кеңінен тараған.

6. 33-б. **Естай Беркімбаев (1874—1946)**— белгілі қазақ ақыны, әнші, композитор. “Сандуғаш”, “Қоштасу”, “Ақжалмаш”, “Юран-ай”, “Өмір”, т.б. әндер шығарған. Ғашығына арнап шығарған “Қорлан” (1894) әні арқылы халыққа кеңінен танымал болды. Бұл әнді М. Төлебаев “Біржан—Сара” операсында, Е. Брусиловский “Ер Тарғын” операсында, С.И. Шабельский мен Л.М. Шаргородский “Қобыз бен оркестрге арналған концертінің” екінші бөлімінде пайдаланған.

7. 35-б. “**Ақсақ-құлан, Жоши-хан**”. Жошы — әйгілі Шыңғыс ханның үлкен ұлы, ардақты моңғол қолбасшысы, Қытай мен Орта Азияны жаулап алуға қатысқан, 1224 жылы Жошы ұлысының (моңғол империясының батыс бөлігі) ханы болып сайланған. М. Әуезов “Кюи-легенды” деген тарауда (57-б.) “Ақсақ құлан, Жошы хан” күйі саятта жүріп қайтыс болған Жошы ханның ұлына байланысты туған деп жазады. Тәрізі, Шыңғыс хан есімін атағысы келмеген.

Бұл оқиға туралы екі түрлі болжам бар. С.Г. Кляшторный мен Т.Н. Султановтың (Казахстан: Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992. С.180.) айтуынша, Шыңғыс хан үлкен баласы Жошымен 1223 жылдың көктемінде Сырдария маңайында аңға шыққан. Күйдің тууына осы оқиға себеп болған. Қазақ КСР тарихында да (1-т.

Алматы, 1957. 230-б.) осы ой айтылады. Сонымен қатар “Ақсақ құлан, Жошы хан” күйін шығарушы — белгілі жырау, композитор, күйші Кетбұға (шамамен 1150—1225 жылдары өмір сүрген) деген де пікір бар. Жошы ханның анда жүріп қайтыс болғанын Шыңғыс ханға естірту ретінде туған күй делінеді. Бұл байлам қазақ совет энциклопедиясында (Алма-Ата, 1974. Т. 5. С. 406.), М. Мағауиннің “Қобыз сарыны” (Алматы, 1968. 5—10-бб.) монографиясында, “Труды общества изучения киргизского края” (Оренбург, 1922. Вып. 3. С. 169—170) атты басылымда келтіріледі.

Қай версияның дұрыс екенін тарихшылар жыға танымайды. Кетбұға 1225 жылы, Жошы хан 1227 жылдар мөлшерінде қайтыс болған.

8. 36-б. **Сере, серэ** — суырыпсалма ақын, әнші. Негізінен лирикалық жанрларға бейім. Сері сұлулықты сүйеді, ер жігітке тән мінездер көрсетеді.

9. 36-б. **Имам-Жүсіп** — Иманжүсіп Құтпанұлы (1863—1929), ақын, әнші, композитор. “Ерейментау”, “Иманжүсіптің әні”, “Сарыарқа”, т.б. әндерін халық сүйген.

10. 36-б. **“Жоқтау” отца Зәуреш** — Тәрізі, композитор, әнші, ақын Мұхит (Мұхаметкерей) Мералыұлының (1841—1918) отыз ұлының ішіндегі жалғыз қызы Зәурешті жоқтауы айтылса керек.

11. 36-б. **“... жоқтау девушки Бопы, оплакивающей смерть отца”** — Мәтін дәл берілмесе керек. М. Әуезов “Әдебиет тарихында” (Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. 24-б.) “күйеуі өлгенде Бопы төренің қарындасының жоқтауы” деген сөз айтады. Бір қызығы, 1939 жылғы басылымда “жоқтау дочери Бопы, оплакивающей смерть отца” деп жазылған.

12. 36-б. **“...плач жены казахского народного героя Амангельды”** — Амангелді Иманов (1873—1919) — қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің батыры. 1919 жылы өлтірілген. Әйелінің жоқтауы Бәбіш апайдан жазылып алынған. Жоқтау мәтіні “Песни степей. Антология казахской литературы” (М., 1940. С.345—346) атты кітапқа енген.

13. 38-б. **Ишан, эшон** — мұсылман қауымның діни басшыларының бірі, исламды насихаттаушы рухани қайраткер.

2. Сказки, легенды, пословицы и загадки

14. 39-б. **“Серия сказок из цикла “Тысяча и одна ночь”** — орта ғасырдағы араб әдебиетінің ескерткіші, негізінен XV ғасырда шыққан (қолжазба XVII—XVIII ғасырларда сақталған) ертегілердің жинағы.

15. 39-б. “**Цикл “Сказки попугая”** — орта ғасырдағы парсы әдебиетінің ескерткіші. Парсы ертегілерімен “Мың бір түннің” сабақтастығы бар.

16. 39-б. “**...древнетурецкий народный роман “Бахтияр” (“Бахтажар”)** — “Бахтияр-наме”, көне әдеби жәдігер. Мұсылман дәуіріне дейінгі соңғы ғасырдың төлі. Әдепкіде “Он уәзірдің тарихы” деп аталып, соңынан “Бахтияр-нама” деген халықтық романға айналған.

17. 40-б. “**...в известной фантастической сказке вместе с жалмаузом (людоедом-великаном) действуют пери и дивы арабиро-сказочной основы”** — Сөз халыққа кең тараған “Қара мерген” ертегісі туралы болу керек.

18.40-б. “**Русское географическое общество**” — 1845 жылы негізі қаланған. Ф.П. Литке, П.П. Семенов-Тян-Шанский сияқты ірі оқымыстылардың атсалысуымен ашылған. 1938 жылы КСРО Ғылым академиясының КСРО Географиялық қоғамы болып қайта аталды.

б) Сказки о животных

19. 43-б. “**Санскритский Панчатантра**” (санскр.— бес кітап) — санскриттік өуезі әдебиеттің ескерткіші (III—IV ғасырлар шамасы). “Панчатантрадағы” мысал, ертегі, аңыз, новеллалар — ақыл-өсиет сипатындағы дүниелер, көп қабатты повесть түрінде құрылған, Индия өмірін суреттейді, әлеуметтік қатынастарды сатиралық тұрғыдан бейнелейді. Азия мен Европа әдебиеттерінде бұл ескерткіштің 200 түрлі аудармасы мен желісі бар.

д) Легенды

20. 47-б. **Қорқыт, Қорқыт-ата** — шамамен VIII ғасырда өмір сүрген әйгілі ақын, сазгер, қобызшы, аңыз кейіпкері. Тарихи деректер мен халық аңыздарына қарағанда Қорқыттың анасы қыпшақ руынан да, әкесі оғыз тайпасынан. Ватиканның архивтік деректері бойынша Қорқыт VII—VIII ғасырларда, қасиетті Расулдың тұсында, Баят (Сырдария) өзенінің жағасында ғұмыр кешкен. Жазба мәліметтерге салсақ, Қорқыт, Инал, Қол-Еркін, Қаңлықожа хандардың кезінде дәурен сүріп, 95 жасқа (кейбір деректерде — 195 жас) келген. Соңына бай музыкалық мұра (“Қорқыт ата күйі”, “Қорқыт сарыны”), “Менің бабам Қорқыттың кітабын” қалдырған.

Легенда о Коркыте

21. 48-б. “**Тема богоборчества, идущая от мифа о Прометее**” — Көне грек мифі сөз болып отыр.

22. 48-б. “**...осетинское сказание об Амране**” — Осетияда арғы тегі орта ғасырдағы грузиннің қаһармандық повесі “Амиран-Дареджанианиден” бастау алатын даредзан аңыздары бар. Даредзан эпосы осетин халқының рухани қазынасы болып табылады.

Кюй-легенды

23. 52-б. **Саймақ** — туған, қайтыс болған жылдары белгісіз, шамамен XVIII ғасырда өмір сүрген белгілі қазақ күйшісі, сазгер. Халық арасында оның қобызбен тартатын “Сары өзен” күй-аңызы кең тараған.

3. Героический эпос

24. 55-б. “**...междоусобные бои в Крымском ханстве в XV—XVI веках**” — Қырым хандығы Алтын Ордадан бөлініп, 1443 жылы құрылған. 1445 жылдан Түркияның ықпалында болды. XVI ғасырдан бастап астанасы Бақшасарай қаласы саналды. XV—XVI ғасырлардағы Қырым хандарының арасы өзара соғысқа толы. 1783 жылы орыс-түрік соғысына байланысты жойылып, жер иелігі Россияға қосылды.

25. 55-б. “**...совместные выступления и набеги в XVI веке смежных родов — казахов и ногайлы**” — “Ноғайлы” сөзі 1360 жылы пайда болды. Сырдария жағасында жаңа хандық құрылып, оны Қара Ноғай басқарды. Соның атымен “ноғайлы жұрты” қалыптасқан. “Ноқай” аталымы біртіндеп Қара теңіз бен Ертіс жағалауына дейінгі қыпшақ тайпаларының этникалық атауына айналды. Маңғыт жұрты, қазақ және Сібір хандықтарының құрамындағы ел өздерін ноғайлымыз деп санады. XV—XVI ғасырлардағы қазақтың қаһармандық эпостарының кейіпкерлері Едіге, Тарғын батырлар ноғайлы жұртынан. XVII ғасырдың басында Солтүстік Кавказда Маңғыт мемлекеті құлаған соң, негізгі халықтан бөлшектеліп қалған топ қана “ноғай” аталды. Қазақ хандығының құрамындағы ел “қазақ” болып кетті.

26. 55-б. “**...в составе Золотой Орды... и Казанского ханств**” — Қазан хандығы Алтын Ордадан 1438 жылы бөлініп шыққан. Орталық Поволжье жерінде орналасты. 1487—1521 жылдары Россияның, 1524 жылдан Түркияның ықпалында болды. 1545—1552 жылдардағы соғыстан кейін хандық жойылып, Орталық Поволжье Россияға қосылды.

27. 55-б. “...вещего баяна” — Баян (Боян) — ежелгі дәуірдегі аты аңызға айналған орыс жырауы. Оның есімімен саз аспабы аталады.

28. 58-б. “Одиссея” — Одиссейдің бастан кешкен шытырман оқиғалары туралы көне гректің эпикалық поэмасы. Авторы— Гомер. Біздің дәуіріміздің VII—VIII ғасырларында гекзаметр өлшемімен жазылған 12100 жолдан тұрады.

29. 58-б. “**Шаһ-наме**” (“Патшалар туралы кітап”) — иран халқының қара сөз және өлең сөзбен жазылған мифтері мен тарихи хроникаларының жиынтығы. Олардың ішіндегі ең белгілісі — Фирдоусидің поэтикалық эпопеясы. Басқа жинақтардан жұрнақтар ғана қалған. “Шаһ-наманы” III—VI ғасырларда араб тіліне аударып бастаған; X ғасырда осылардың негізінде дари тілінде жинақтар жасалған.

30. 58-б. “**Слово о полку Игореве**” — XIII ғасырдың соңындағы ежелгі орыс әдебиетінің ескерткіші. Шығарманың сюжетіне Игорь Святославичтің 1185 жылы қыпшақ даласына жасаған сәтсіз жорығы алынған.

4. Лирические бытовые поэмы

“Козы-Корпеш и Баян Слу”

31. 66-б. **Е.А.Кастанье** — Кастанье Иосиф Антонович, Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы белсенді мүшелерінің бірі. Өзінің ғылыми қызметін екі бағытта жүргізген: қазба жұмыстарын жүргізіп, қазақ даласындағы көне мәдени ескерткіштер жиынтығын жасаумен айналысқан. Неғұрлым танымал еңбектері: “Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің көне кезеңі” (1910), “Қырғыздардың сенім-нанымдарынан” (1912), “Қырғыз даласындағы кесенелер”(1911) және т.б.

32. 66-б. **Тверитин Георгий Николаевич** — орыс ақыны. Ол “Козы Корпеш — Баян сұлу” жырын бірінші болып орыс тіліне аударған (Тверитин Г.К. Песнь о Козы-Корпеше и Баян-Слу. Казахская легенда. Кызыл-Орда, 1927).

33. 67-б. “...**параллель Микуле Селяниновичу русского эпоса**” — Микула Селянинович — диканшы әрі батыр, орыстың “Вольга и Микула Селянинович”, “Святогор и Микула Селянинович” атты батырлар жырының қаһарманы.

5. Исторические песни

34. 71-б. “...**о Бекете**” — Бекет Серкебаев — XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген халық батыры. 1855—1858 жылдардағы Есет Көтiбаровтың орыс самодержавиесіне қарсы көтерілісіне

қатысқан. “Бекет батыр”, “Ер Бекеттің мұңы”, “Ерназар мен Бекеттің ойы” тәрізді халық әндері көпке мәлім.

35. 71-б. “...о Жангоже” — Жанғожа (Жанқожа) Нұрмұхамедов XIX ғасырдың ортасында өмір сүріп, патшалық Ресей саясатына қарсы Сырдария қазақтарының көтерілісін (1856—1857) бастаған. Ол туралы өлең-жырлардың ішінде “Ақмырзаның өлімі туралы жыр”, “Он жеті жастағы Жанқожаның айқасы” сияқты шығармалар көпшілікке танымал.

36. 72-б. “... историческая песня об Ораке и Мамае” — XVI ғасырға таяу уақытта шыққан ноғайлы дәуіріндегі “Орақ-Мамай” жыры туралы сөз болып отыр. Бұл жырдың он нұсқасы бар. Сюжеттік негізі Ақ Орданың өмірі Едіге батыр (1352—1419) ұрпақтары, Орақ пен Мамайдың қалмақтарға қарсы жорығы, қайғылы өліміне байланысты өрістеген.

37. 72-б. “Песня о Карасе и Казы (Казы)” — Сөз Орақтың батыр ұлдары Қарасай мен Қазының ерлігін баяндайтын “Қарасай-Қазы” жыры жайында болып отыр. Жырда Отанға сүйіспеншілік, патриотизм тақырыптары көтеріледі. Ноғайлы дәуірінде туған.

38. 72-б. “...песня о Казтугане” — Қазтуған Сүйінішұлы Еділдің төменгі бойында XV ғасырдың 20-жылдарында Маңғыт жұртының отбасында дүниеге келген. Атақты қолбасшылардың бірі, талантты жырау әрі жыршы, ақын. Қазтуған қазақ эпосын тудырушылардың бірінен саналады.

39. 72-б. “Песня о Бекете” — Патша үстемдігіне қарсы Есет Көтібаров бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне (1855—1858) қатысушы “Бекет батыр” туралы тарихи жыр хақында айтылып отыр. Шығарманың кіріспе бөлігі қара сөзбен жазылған. Идеялық-көркемдік деңгейі әрқилы нұсқалары бар. М.О. Әуезов 1942 жылы осы туындылардың негізінде ақ өлең түрінде “Бекет” пьесасын жазды.

40. 72-б. “...вступил в борьбу с султаном-правителем Арыстаном” — Арыстан Жантурин — XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген қазақ сұлтаны, патшалық Ресейге қызмет еткен. 1855 жылы қарулы топ құрып, Есет батыр мен Жанқожа Нұрмұхамедов басқарған көтерілісшілерге қарсы аттанғанмен, жеңіліс табады, өзі мерт болады.

6. Песни-импровизации — айтысы

41. 74-б. “...Боздака с Акбалой” — XIX ғасыр шамасында шығарылған Боздақ пен Ақбаланың айтысы қайтыс болған қыздың зираты басында өтетін боп суреттеледі. Оның сөзін бірінші болып В.В. Радлов жазып алған. Бірнеше рет басылым көрген.

Айтыс нұсқалары ҚР ҰҒА кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

42. 74-б. **“...Сақау с Тоғжан”** — XIX ғасырдағы айтыс. Ол туралы М.О. Әуезов айтысқа қатысты үш томдық жинақта (Алматы, 1966. 3-т. 16-б.) толығырақ тоқталған.

43. 74-б. **“...Мұрата и Жантели”** — Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906) — белгілі ақын, сазгер, “Үш қиян”, “Сарыарқа”, “Ақ сұңқар құстың асылы”, “Бөкей сұлтан ханыңыз” сияқты т.б. шығармаларымен танымал. Мұрат пен Жантелинің айтысы XIX ғасырдың аяқ тұсында өткен.

44. 74-б. **“...Кулманбета с молодым Джамбулом** — Құланаян Құлманбет (1826—1903), көрнекті импровизатор ақын, Жамбыл, Жанақ, Бақтыбай, Түбек, Майкөт, Сүйінбай және т.б. ақындармен айтысқан. Оның Жамбыл Жабаяевпен айтысы 1897 жылы Ұлы жүз албан елінің жайлауға қонған кезінде, Шарипа қыздың ұзатылу тойында өткен.

45. 74-б. **“...спетая акыном Арипом”** — Әріп Тәңірберген (1856—1924), белгілі ақын, Абай шәкірттерінің бірі, “Зияда-Шаһмұрат”, “Қожа-Ғафан”, “Қалыбек биге”, “Тендік туралы”, т.б. туындылары бар. Біржан мен Сараның айтысын жазып алып, жариялаған.

1939 жылы “Литература и искусство Казахстана” (№8–9), “Литературный критик” (№10,11) және 1975 жылғы бес томдықтағы басылымдарды салыстырып қарағанда мақала ішінара өзгерістерге түскен. Оған мәтін мазмұнындағы ерекшеліктер, сөздердің аяқталуы, сөйлем құрылымы мен тыныс белгілеріндегі әркелкілік куә. 1939 жылғы нұсқаның кіріспе бөліміндегі М.О. Әуезов: “Но он оставил нам самые драгоценные памятники — памятники художественного слова” (91 және 210–66.), 1975 жылғы нұсқада: “Но он оставил нам самые драгоценные памятники художественного слова” (28–б.) делінген. Сөйлемнің мағынасы сәл өзгерген. Бірінде автор көркем сөздің ерекшеліктері аса бағалы екеніне үстем мән берсе, екіншісінде кейбір бағалы көркем сөздің ескерткіштері жайлы ғана сөз етеді. 1939 жылғы бірінші нұсқа және 1975 жылғы нұсқада “возможность записи и издания казахских эпических поэм и фольклора появилась только в половине девятнадцатого” (92 және 29–66.) деп, ал 1939 жылғы екінші нұсқада “...возможность записи и издания казахских эпических поэм и фольклора появилась только в середине XIX века” (211–б.) деп жазылған. Екінші нұсқадағы ой дұрыс сияқты. Бұл нұсқада “Попытку такой квалификации мы не предлагаем в настоящем исследовании” (211–б.) деген сөйлем жоқ. 1939 жылғы бірінші нұсқа мен 1975 жылғы нұсқада қысқарту бар.

1939 жылғы нұсқадағы “Героический эпос” деп аталатын 3-бөлімінде “Едіге” жыры сөз арасында келтірілсе, 1975 жылғы нұсқада ол түс кездеспейді.

1939 жылғы нұсқадағы “Малые формы устной поэзии” деген 1-тараудың “Свадебные песни” деген бөлігінде М. Әуезов: “Только один раз, в особо торжественной обстановке, в присутствии родных и самого жениха, перемена, которая ждет девушку, объявлялась ей именно через эту традиционную песню” деп ой түйсе, 1939 жылғы екінші нұсқа (алдағы уақытта бірінші, екінші, үшінші нұсқа деп келтіреміз.—*А.Т.*) мен 1975 жылғы нұсқада “Только перед самой свадьбой, в особо торжественной обстановке, в присутствии родных и самого жениха перемена, которая ждет девушку, объявлялась ей именно через эту традиционную песню” деп пікірін анықтай түседі. Бірінші нұсқада автор неке мәңгілікке қиылатынын сездіре тұрып, бұл жағдай бір-ақ рет айтылатынын баса көрсетсе, екінші нұсқада мұндай кесіп сөйлеу байқалмайды. Алайда бірінші нұсқадағы “Свадебные песни” бөлігінде басқа нұсқаларда бар, М. Әуезов мысалға алатын ән сөздері түсіп қалған.

“Беташар” тараушасында, бірінші нұсқада “...сама невеста должна только слушать и запоминать наставления и требования, которые раскрывает ей песня” (94-б.) деген жолдар екінші және үшінші нұсқаларда “сама невеста должна только слушать и запоминать наставления и требования, которые перечисляет ей песня” (216 және 36-бб.) боп басылған. “Раскрывает” деген етістік қалыңдықтың барағын үйіндегі дәстүр-салтпен таныс еместігін білдірсе, “перечисляет” деген етістік басқаша мағына үстейді: қалыңдыққа болашақ ерінің шаңырағында не күтіп тұрғаны белгілі, ал өлендегі уағыз алдағы талап-тілектердің сыр-сипатын тануға ғана жол көрсетеді.

Бірінші нұсқада, “Лирические бытовые песни” атты тараушада ұшыраспайтын қоштасу, естірту мәтіндері кейінгі нұсқаларда орын алған. 1939 жылғы нұсқаларда автор қоштасу туралы сөз қыла отырып, Күдеріқожа мен Досқожаның жырын еске алады. Бұл тұстар соңғы нұсқада кездеспейді. 1975 жылғы нұсқада алғашқы нұсқаларда автор мысалға келтіретін Мамайдың анасы Қара-Үлектін зары аталмайды. “Жоқтау” тараушасындағы XVI ғасырдың орта шенінде ғұмыр кешетін Ер Едігенің шөбересі Мамай мырзаға арналған бұл дүние — жоқтау жанрындағы ең үздік үлгілердің бірі. Жоқтаудың мәтіні “Песни степей. Антология казахской литературы” (М., 1940. С. 68) атты кітапқа енген.

М. Әуезов 1939 жылғы нұсқаларда “Сказки, легенды, пословицы и загадки” бөлімінде “Дополнительной обработкой, произведенной казахским фольклором, является привнесение в

эти сказки верблюда, овчара и других специфически казахских персонажей” (100 және 226-бб.) деген жолдардағы “овчар” сөзі соңғы нұсқада алынып қалған. Тәрізі, қойшы бейнесін қырғыз, орыс сияқты т.б. халықтардың ертегілерінде кездесетін болған соң, ол ұғымға қайыра мән берілмеген. “Бытовые сказки” бөлікшесінде 1939 жылы (екі нұсқада да) “В ряде бытовых сказок встречаются ханы... пытающиеся погубить героя сказки, обычно юношу, которому они дают всякие невыполнимые задания, пока герой не окажется победителем и освободителем народа от жестокого хана” (101 және 227-бб.) деп жазылса, 1975 жылғы нұсқада сөйлем “...пока герой не окажется победителем жестокого хана”(50-б.) болып келеді. “Освободителем” сөзінің алынуы батыр жеңгенмен, барлық жағдайда бірдей қатыгез ханнан халықты азат ете бермейтінін ескеруден болса керек. Кейбір мезеттерде хан тізе бүккенін мойындап, батырдың еркіне бағынады. “Детские сказки” бөлімшесінде ғалым “Қотыр торғай” ертегісінің мазмұнын баяндай тұрып, 1939 жылғы нұсқаларда “отомщенный воробей торжествует” (101 және 228-бб.) десе, 1975 жылғы мақалада айқындау сөз алынып қалған. Бұл сөйлем семантикасына әсер еткен. Бірінші жағдайда өзі үшін тікенектен өтіп қайырғанына масаттанса, екіншісінде оның тілегі мен мақсаты жүзеге асып отыр.

“Легенды” атты бөлікте М. Әуезов 1939 жылғы мақалаларында “Имя Жиренше стало нарицательным для обозначения людей, владеющих даром красноречия” (104 және 231-бб.) деп жазса, 1975 жылғы нұсқада “обозначения” сөзінің қалып қоюы ойдың мазмұнына біраз өзгеріс әкелген. Бірінде Жиренше шешендікке бейім адамдарды көтермелеу үшін аталса, екіншісінде ділмар адамдарға Жиренше әдеттегі құбылыс болып көрінеді.

1939 жылғы нұсқаларда М. Әуезов (“Героический эпос” бөлігі) батырлар жырының қаһармандарын атағанда Едіге мен Шора есімін келтіреді, сонымен қатар XIV ғасырдың аяғына қарай Тоқтамыс пен Әмір Темірдің тұсында Алтын Орданың құлағанына тоқталады (105 және 169-бб.). 1975 жылғы басылымда бұл жерлер, саясаттың әсерінен болу керек, қысқартылған.

1939 жылғы бірінші нұсқа мен 1975 жылғы мақалада бар мына сөйлем: “Однако коллективное участие эпических певцов многих поколений не нарушило стиля этих былин, который во всех их вариантах всегда торжественен и приподнят и особо, по-былинному, окрашен образным построением” (106 және 61-бб.) 1939 жылғы екінші нұсқада қысқартылып берілген, “и особо по-былинному, окрашен образным построением” (169-б.) деген жолдар қалыс қалған. Батырлар жырының стиліне тән басты бөлігі ұмытылған. Жоктауға мысал ретінде қаламгер 1939

жылғы нұсқаларда Нысанбай жыраудың “Кенесары-Наурызбай” дастанын алады. Бұл дастанның мәтіні “Песни степей. Антология казахской литературы” (М., 1940. С. 226—227) атты кітапта бар.

1939 жылғы басылымдарда “Едіге батыр” жырының сюжеттік желісі жайлы айта келіп, “Рүстем-Дастан” және “Манаспен” салыстыру жүргізеді: “Как иранская поэма о Рустеме, как киргизская о Манасе, как ряд других, сохранившихся полностью героических поэм, былина о Едиге рассказывает всю жизнь героя от рождения до смерти” (108 және 171-бб.). Рүстем, Рүстам, Ростастахм — алып диюларды жеңетін, сақ-соғды жырларындағы баһадүр. Рүстем туралы эпос тұтас Орта Азия, Иран және Ауғанстанның біршама жеріне тараған. Фирдоуси оны өзінің “Шах-нама” поэмасына бас қаһарман етіп алды.

1975 жылғы мақалада басқа нұсқаларда бар, “Ер Тарғынға” қатысты мына фразалар түсіп қалған: “Борьба Карт-Кожака и Таргына за Ак-Жунус приподнята до философской значительности высокой мыслью о чести и достоинстве человека” (110 және 174-бб.). Сөйлемнің қысқаруы ой әуезінің толымдылығына нұқсан келтіреді, суреттелетін жекпе-жектің жалпыадамдық мазмұнының мәнін кішірейтеді (66-б.). 1975 жылғы басылымда бұрынғы нұсқалардағы “Некоторые куски поэмы обладают настолько высокими художественными достоинствами...” деген тұстарда кездесетін “куски” сөзі “места” болып өзгертілген. Кейінгі сөз неғұрлым әдеби және контекстегі мағынасы орынды.

1939 жылғы басылымдарда “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырындағы Сарыбайдың өлімін баяндай келіп (“Лирические бытовые песни”), зерттеуші былай дейді: “...Сарыбай ... умирает на охоте, потрясенный видом убитой косули, в брюхе которой оказались два нерожденных детеныша” (111 және 175-бб.). Кейінгі нұсқада “в брюхе” сөзі “в утробе” боп өзгерген (69-б.). Соңғы сөздің алғашқы ауызекі сөзге қарағанда әдеби әрі кітаби реңкі бар. Әдепкі екі нұсқада тұрмыстық-лирикалық дастандар сөз болғанда айтылатын “Ханшаим и Наурызбай” (111 және 175-бб.) деп жазылған шығарма 1975 жылғы мақалада қалып қойған.

“Қыз Жібек” поэмасының мазмұны жайлы М. Әуезов 1939 жылғы бірінші нұсқада “...Жибек соединяется с Сансызбаем, победив все препятствия своей верностью, присущей идеальной невесте” (113-б.) деп; екінші нұсқада “...Жибек соединяется с Сансызбаем, победив все препятствия своей верностью” (177-б.) деп; 1975 жылғы нұсқада Сансызбай “соединяется с любимой” (72-б.) деп берген. Сөйлем мағынасы басқаша сипат алады. Бірінші, екінші мақалаларда Жібек образының мәні мен оның белсенді әрекеті көрінсе, үшінші мақалада Сансызбайдың ролі артқан.

“Қыз Жібектегі” көркем бейнелер жүйесін талдай келіп, М. Әуезов бірінші және үшінші нұсқаларда “Кроме главных персонажей поэма создает ... двойной образ любопытной пары друзей-акынов, посредников в любви Толегена и Жибек” (113 және 72-бб.) десе, 1939 жылғы екінші нұсқада “Кроме главных персонажей, интересен... образ любопытной пары друзей-акынов, посредников любви Толегена и Жибек” (177-б.) деп жазады.

1939 жылғы бірінші нұсқада: “Акын из рода Толегена Шеге сопутствует тому в поисках невесты, он же песней прославляет их союз и выступает заступником Толегена перед упрямым отцом. Акын из рода Жибек — Каршига также всячески способствует этому браку, расхваливая молодых людей поочередно одного перед другим. Он же устраивает их первое знакомство, описанное в поэме с изумительной поэтической силой: Каршига ведет Толегена по степям за откочевавшими караванами Жибек...” (113-б.); осындағы “толеу” сөзі екінші нұсқада “Толегену” (177-б.) боп түзетіледі; ал 1975 жылғы басылымда, мәтінді дұрыс термегендіктен болар, қайшылық байқалады: “Акын из рода Толегена — Шеге сопутствует этому браку, расхваливая молодых людей поочередно одного перед другим. Он же устраивает их первое знакомство, описанное в поэме с изумительной поэтической силой: Каршига ведет Толегена по степям за откочевавшими караванами Жибек...” (72-б.).

“Айман — Шолпан” дастаны жайлы сөз қылғанда автор алғашқы нұсқаларда Көтібар туралы тарихи дерек (114 және 177-бб.) берген, ал 1975 жылғы мақалада ол жоқ. Поэма мазмұнын аша отырып, ғалым әдепкі мақалаларда: “В этой бытовой поэме изложен частный бытовой эпизод из жизни Котибара” (114 және 177-бб.) деп жазса, соңғы нұсқада “В поэме изложен в основном бытовой эпизод из жизни Котибара” (73-б.) деп жазған. Бастапқыда поэманың тұрмыстық сипаттарына көп көңіл бөлінсе, кейінгіде автор “Айман — Шолпанның” мазмұны одан кең және кейіпкердің үй іші маңайындағы іс-әрекеттерін бейнелеумен шектелмейтінін білдіреді. 1939 жылғы нұсқаларда зерттеуші Көтібар бейнесінің ирониялық мәнін ашады: “А Котибар со всеми своими самодурскими, в данном случае, стремлениями и поступками, начавшимися с его набегов и кончающимися вынужденным возвращением Айман к ее жениху Алибеку, становится в поэме иронически изображенным образом” (114-б.) және “А образ Котибара со всеми его самодурскими стремлениями и поступками, начавшимися с его набега и кончающимися вынужденным возвращением Айман к ее жениху Алибеку, приобретает в поэме иронический характер” (78-б.); 1975 жылғы нұсқада Көтібар бейнесіне қатысты мұндай сипаттамалар жоқ.

1939 жылғы жарияланымда кейін алынып қалған, әйел образының мәнділігін баса көрсететін (“Айман — Шолпанға” қатысты) мынандай жолдар бар: “Среди бытовых поэм эта песня отличается именно таким особо оригинальным и волевым образом девушки-героини” (114 және 178-бб.).

“Исторические песни” бөлігінің 1939 жылғы нұсқаларында М. Әуезов XVIII—XIX ғасырлар кезеңіне баға бере келіп: “Почти вся вторая половина XVIII и вся первая половина XIX веков прошли в непрерывной вооруженной борьбе с угнетателями, собственными и пришлыми” (117 және 178-бб.) деп жазады. Кейінгі нұсқада халықты қанаушылармен күрес жайында айтыла тұрып, шамамен аса нақтылық саналса керек, “собственными и пришлыми” (74-бб.) деген сөздер алынып тасталған. Сондай-ақ XIX ғасырға қатысты айтылатын “о борьбе сибирских казахов в 30-40-х годах, “о походах Орака и Мамай” (114 және 178-бб.) деген жолдар да ұшыраспайды.

1939 жылғы бірінші нұсқаның “Песни-импровизации — айтысы” бөлігінде М. Әуезовтің “Согласно древней традиции, из соображений объективности, а также потому, что скромность и достоинство победителя не давали ему возможности пересказывать о своей победе, такая поэма должна была складываться побежденным акыном” (115-б.) деген сөйлемдегі “пересказывать о своей победе” деген жолдар “воспевать свою победу” (75-б.) боп өзгертіледі. Бірінде неғұрлым бейтарап аңғар байқалса, екіншісінде экспрессивті реңк үстелген. 1939 жылғы екінші мақалада М. Әуезов бұл тұста қысқартып жазады: “Согласно древней традиции, такая поэма должна складываться побежденным акыном” (179-б.).

Сонымен, М.О. Әуезов мақаласының үш түрлі нұсқасын салыстыра талдау және көрсетілген өзгешеліктер, бұл еңбектің бірнеше мәрте өңдеуге түскенін, автордың шығармашылық ізденістерін, оның өз ойларына мейлінше анықтық пен нақтылық беруге ұмтылғанын дәлелдейді.

А. Темірболатова

“Ақан — Зайра”

Бұл туынды Сәбит Мұқановпен шығармашылық ынтымақтастықта (соавтор) жазылған. Бірақ жазушы мұрағатындағы қолжазбаларынан және машинкада басылған нұсқаларының бірде-бірінен соавторлықтың ешқандай белгілері көрінбейді. Соған қарағанда пікір-ой алмасып, келісімге келгенімен әрқайсысы өз беттерімен, өз ұстанымдарымен еңбектенген тәрізді.

М. Әуезов нұсқасының араб әрпіндегі автографы мен латын әрпінде машинкада басылғандарының арасында (“Әуезов үйі” ФМО. 1/ 86, 88 бумалар) бірсыпыра айырмашылықтар бар. Ал автор пьесасын да, либреттосын да өзі орысшалаған. Оның қазақ тіліндегі үзіндісі 1936 жылдың 17 мамырында “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланғаннан қайтып, жиырма томдық шығармалар жинағына дейін (Алматы: Жазушы, 1982. 5—43-бб.) ешқайда басылмаған. Ойды аударатын бір нәрсе, қолжазбада да, машинкада басылғандарында да Зайра есімі екі-үш жерде ғана кездескені болмаса, қалған тұстың барлығында да Ұмсын, тек орыс тіліне аударылғаны мен араб, латын әріптеріндегі қазақша жазбаларының тақырыбында ғана Зайра.

Ұмсынның әкесі Жүсіп, оның әкесі Жансақал өз атырабындағы малды кісілердің бірі, Жүсіп исламның бес парызының бірі қажылық сапарында болып қайтқан. Ол жалғыз қызы Ұмсынға Бұхардан оқып келген хазіреттен сабақ алдырады. Аз уақыт ішінде “Кұран” мағынасын ұғынарлық халге жеткен зерек қыз өз бетімен көп оқып, көп іздену жолына түседі. Оны одан әрі оқыта беруге білімі жетпейтінін ұстазының өзі де мойындайды. Әрі көрікті, әрі білімді қызды қарсылығына қарамай Торсанның Шеріі алып қашады, бірақ бүкіл атырапта байлығы мен беделі Торсаннан асып түспесе кем соқпайтын Нұрқанның қызы Ақлима төркініме кетем деп қиғылық салады. Біріншіден, қаймығып, екіншіден, ондай құдадан айрылғысы келмеген Торсан Ұмсынды Шериден айырып, момын, босбелбеу кіші ұлы Бәкенге қосады. Мынадай қорлық, ар-намысты таптағандай мына кемсіту Ұмсынды үлкен психологиялық ауытқуға, оның ақыры барып ақыл-есінен ауысу халіне жеткізеді.

Ал Фабит Мүсіреповтің “Ақан сері — Ақтоқтысындағы” Ақтоқтымен осы Ұмсын әрі тату, әрі дос, сырлас, оның үстіне екеуі де білімді, екеуі де ескіше оқуға аса жетік құрбылар болған. Алдында өзіне көңіл білдіріп жүріп, ақырында Ақтоқтыны алып

қашқаны үшін Ұмсын Ақанға өкпелі. Әуезов пен Мұқанов өздерінің драмаларында олардың дәл осы хал, осы кезеңдегі сәттерін арқау еткенді жөн санаған. Соның нәтижесінде бұның драмалық та, опералық та нұсқалары және алдын ала мынадай түрдегі жоспарлары да дүниеге келді:

План

I

Айлы түн. Көп ауыл арасы. Жайлау түні. Алыста көл тұнжырайды, аздап шашыраған жас тоғай қарауытады. Жан-жақтан күзетші айтақтары, жылқышы айғайы, күзеттегі қыз-қатын әндері естіледі. Осындай түн тынысының ортасында көп жастың асыр салған ойын-күлкісі біліне қалады. Алыс-жұлыс жүгіріспен қатар әзіл-сыры неше алуан күлкілі, қызулы ойындары көрініп өтеді. Бір ойын серек құлақ. Көпшілік қыз-келіншек, жас жігіттер қой болып, екеу-үшеу қасқыр, тағы біреулері ит болып ойнайды. Бір қасқыр шолақ... Ұмсынды тобынан жырып алып қашып келген. Екінші жақтан Ақан шығады. Екеуі. Ақан “іздегенім сен, байлауыңды айт” дейді. Ұмсын бұрынғы күйде айтады: “Ақтоқты досым еді. Екеумізді күндес қып, мені тастап, оны өкетіп ең. Енді мен көзіңе ілінбей-ақ қояйын” дейді. Ақан сүйгенін, күйгендігін айта кеп: “Өкетемін, қазір өкетем. Құлагерді бір шалуға жарайтын керей аты жоқ” дейді. Қағыса келе Ақан ашуға салады. Зорлықпен өкетпек, ең болмаса масқаралап кетпек. Болмаған соң сапысын суырады, жарып кетпек. Ұмсын қорықпайды: “Мен айғайласам басымды қорғайтын ел табылады. Абиұрыңды төкпейін, жатқа ұятты қылмайын. Сен ақын ең, кәдірлеуші ем, екеуміз ана аға ақын Біржанға жүгінеміз” дейді. Біржанды шақыртып алады.

“Мені тастап Ақтоқтыны өкетіп еді, күйдіріп еді. Басында мені тек еліктірді. Менің қарызым бұның мойнында бар. Бірақ оның менде қарызы жоқ еді” дейді. Біржан сұрағанда Ақан дау айтады: “Ұмсын сөзіне қарап-ақ билік айтыңыз” дейді. Біржан Ұмсынға: “Ол күнде сенің басыңды бұл сарапқа салса, ертең бұны сен де сарапқа сал. Осында көп дәмелі ақын бар, солармен бәйгеге түссін. Ұрса дегенін қыл”. Ақан айламен бұл билікті ауыр көрмеген кісінің кейпін көрсетеді. Бірақ Біржан басқа билік етеді. Артынан екеуі екшелгенде күліседі. Әңгіменің аяқ кезіне келген көп жас ішінде Нұржан, Ыбырай, Шолақ бар. Бұның барлығы да бұл байлауға ырза болып, Ұмсынды даттап, әндер, жырлар айтып кетеді. Осы әндердің ырғағымен қой, қозы болған қыз-келіншек, жалпы жастар тобы билер билейді. Дәл осы думан ортасында

бір ерекше топ болып Айша шығады. Қасында Досмағамбет, Ботпай сияқты байырғы жолдастары бар және көп қыз-келіншек, нөкер ере келеді. Ұмсын қонақтарды қарсы алады, Нұржан өлеңмен амандасады. Айшаны аспандата көтере сөйлейді. Айша: “Білмейтіндер бар шығар қалай шыққан жайымызды айт” деп Досымға (Есенге) тапсырады. Ол әзіл-қалжың араластыра отырып, Айшаның жөн-жосығын айтады. Ол Сүйіндіктегі нағашысына барып келе жатыр. Шеридің қарындасы, Торсан қызы. Көрші ауылдан Ақандардың сазын естіп, “дидар көрсек” дейді. Бұл кезде Айшаға Нұржан жайды баян еткен. Айша атағын естіген Ақанға қомағайлана қарайды. Жанаса келіп, бауырына тартқандай емеурін жасайды, жылы шырай көрсетеді. Ақан мұнды Ұмсыннан өзге дүниеге бұрылмайды. Бұрынғы қызығуының үстіне енді өзге жас ақындардан қызғану күйі де бар. Бірақ Шолақ Айшаға үйіріледі. Оларды Айша көрмейді. Ішінде неше алуан толқын бар. Өзін-өзі ұстағысы келеді, бірақ бұрынғы асқақтығы шыдатпайды. Ақаннан соққы көргендей боп, сонда да еріксіз кеп тіл қатады. “Басыңды бәйгеге тіккен екесің, талассыз таңдап алатын тұғыр болса қонбапедің. Бұлдай алмай жүрмедің өзінді өзін” дейді. Ақан “Тегінінен алғаннан көрі теріммен алғанды тәуір көрушем” дейді. “Басыңды сарапқа салуың намыскерлігіңнен бе, жоқ намыссыздығыңнан ба?” дегенде: “бақ сынауым ер қайрағы егес деп білем” дейді. Ақан азғана мысқыл ете: қазақта қыз батасы да болушы ма еді? деп өзінен сұрайды. “Тілеулестігімді де көп көрдің бе” дегенде: сеп болмаса, көп болмас дейді. Ұмсын Біржанның иығына білегін аса топ бастайды. Мыналар да айрылысады. Жұрт артынан Ақан кетеді. Айша мұңлы, ойлы күйде толғанып қалады. Мен үшін жауап айтпадың деп Досмағамбетті сөгеді. Ботпай: тәңірі, ақын мен бақсы бағаңа сын боппа. Онымен бақ кетпейді, елеме, – дейді.

II

Жиын Ұмсын үйінде. Біржан би-ақын. Топ бастарын, ойын жолын айтады. Өңшең нөкерлі ақындар. Сал киімді, үкілі домбыралы, шетінен бәйгелердей баптанған сылқым серілер. Өз нөкерімен Айша шығады. Ол да қонақ – би тәрізді. Ақан да басында жарыса өлеңді бір-бір айтысып шығады. Нұржан Ұмсынға үйіріле береді. Бірақ оң қабағына іліне алмағандай. Сондықтан Ақанға жазықты. Жарыс өлеңде Ақанды қағыта сөйлейді. Ақан кітапшылай сөйлеген бірер ауызбен бұны іліп тастайды. Досмағамбет бар ақынды мысқыл қылып, Айша тобын күлдіріп

отырады. Шолақ ән айтып өткенде Ақанның оң көзіне іліне алмай, Айша сол Шолақты мақтайды. Қасына шақырып алады, сый бергізеді. Мен босам осыны қостар едім дейді. Жұрт “Шолақ оздыға” ұйғара береді. Шолақ өзі қанағат қылмайды, Біржанға билік айт дейді. Біржан іркіледі. Ақан баяғы ... көңілсіз сияқты. Сонда Ұмсын бөйге қызған жоқ, бап іздеп отырған жүйрік бар, шаппай отыр дегендей болады. Біржан ендеше: сен өлеңге ғана емес, әні мен өлеңін қоса шығарған ерсің дейді. Ақан “Нұржан сөйле” дейді. Нұржан тақпақтайды: “Ыбырай, жаяулап қалдың, мен бұндай жаяу жарыста табылар едім. Бірақ бөйге атанып жүріп тай өрісіне шаппайық, мен Біржан атаған үлкен өрісте табыла алмай қалдым, шаманды білген де даналық, тоқтадым” дейді. Сонда Ақан кетеді. Суырып салған өлең мен сол арада шығарған әні “Сырымбет” боп шырқайды. Жұрт ұйып қалады. Ұмсын иығына тон әкеп жабады, Айша да тал бойы ұйып қалғандай. Досмағамбеттің әзілін де, Шолақты да ұмытып кеткендей болады. Ботпайдың асқақ сөзін қағып тастап жақтырмайды. Бірақ бұны Ақан көзіне ілмейді. Соны байқаған және Ұмсынның мінезіне іші құйған Нұржан Ақанға ашық соқтығып, еліре шабуыл жасайды. “Пері қызы жақының бар. Балаңның тілін тылсыммен буып кеткен” дейді. Ақан жауап бермей қалады. Ұмсында түңілгендей қабақ біліне бастайды. Жұрт жауап тілейді. Ақан “Жұрт өсегін сол жұрттың өзі айтсын. Кім аузына қақпақ болайын. Өтірікші өсекшінің ақтаушысы емеспін” дейді. Жұрт қанағат етпейді. Сонда, Шолақ әсем өлеңмен Ақанды ақтайды. Нұржан “Айтқан мен емес, бізге бітпеген қасиет. Өлеңмен, әнімен пері түсіреді. Қазақта ондай кім туып еді” дейді. Біржан осыны байлау етеді. Ұмсын Ақанға қайта бой ұрып, елтігендей болады. Қасына шақырып алып, төсегіне отырғызады. Жұрт Ақанға ұйғарып кетеді.

Оқшауырақ екшелген Айша өз нөкеріне сөйлегенде “Бұл серілік заңнан асқан бір мінің екен, көргеніңнен көп екен көрмегенің дегендей дүниені алдым, қазақтан астым деген ағаларым қайда, Шери қайда? Мынандай еркелік-серіліктің шырқын бұзсын, осының бәрін үйіп-төгіп мына қыздың ауыл отанын және өзін мырзалықпен сөнге қақалтып осы қызды сол қағып әкетсін” дейді. Ботпай, Досмағамбет аса ақылды Айшаның ыңғайын байқап, соның аузына екі жақтап сөз сала отырып, айтысып шығады. Қыз ағасына сондай сөздің шетін Ботпай шығарып та қояды. Шери салған кісі бола сөйлеуге де айналды. Аға Торсан байлығына сырттан масая бастайды. Айша маңына келген Шолақты да, Нұржанды да құшағына алады. Бірақ көзі Ақанды іздеуде.

III

Түн. Жартас, көл жағасы.

Оңашада Ақан мен Ұмсын. Ұмсын “Кешегі жұрт айтқанды көзіме көрсет. Ол не? Білейін. Білдір анасы мен баласын” деп тілек етеді... Ақан арапшылай, кітапшалай “ғашық бағы” үлгісінде бәйіттерді ағытады... Өлең мен ән барған сайын үлкен мұңлы, шерлі назбен бір салқын сырлы сарынға қарай айнала береді. Бұнда символика, фатальность және ертегілік фантастика мазмұны бар. Қыз өстіп елгігендей талмаусырай береді. Көлге, түнге қарап елес көргендей тәрізденеді. Сонда көл үстіне бір жеңіл мұнар түсіп, бұның алдынан видение ашылады... Алыста бір аққу пайда боп, көл үстін сыза келіп жағаға тоқтайды. Сілкінеді. Пері қызы боп шығады. Ақан әні бұл кезде “Қорлан” сияқты бір тәтті, мұңлы, қоңыр, баяу лирикаға айналады. Қыз билейді, ымдар жасайды. Мың бұралып, паперипа музыка мұзасы сияқты қанат қағады, қол бұлғайды, алысқа шақырады. Ақанды жалғыз шақырғандай болады...

Сол кезде Ұмсын ояна береді. Ақанды бүре қысып, қымсына береді, жабыса түседі. Пері қызы ғайып бола беріп тұманға батады... Ән тоқтайды. Ақан сұлық түсіп, сұрланып қалады. Ұмсын тіксінеді. Мен бой тартам. Мынадаймен мен теңеле алмаймын. Сен азатсың дей береді. Ақан періні баян етеді: “Ол жел сезім, шер қиялым, ақындығым болу керек, мен ештеңе көргем жоқ. Мен қиналу, толғануды ғана білем және мен Құлагерді, ақ нажағайды (түйғынды) ғана білемін. Қызғансаң солардан қызған дейді. Оның сырын сұрағанда бірінің серіпкен қанаты, бірінің жұлде әперген тұяғы. Менің қасыма қанатым, менің қиял-шалығым сол. Жер үстінде күшім мен бағым да, нақ сүйерім де солар” дейді. Қыз дел-салда қалады...

Арттарынан жеткен ойыншы жастар тобының ішінде Ұмсынның ағасы. Ақын мен бақсы шықпаған тұқымбыз. Ұмсынның теңі бұл емес. Балалыққа жол жоқ. Теңі мен қосағынды басқадан күт дейді. Хабар келеді. Бас, бәсеке енді басталды деп Нұржан, Шери жайын баян етеді. Аспандатып көтеріп мақтайды. Ботпай, Досмағамбет және қыз ағасы боп ылғи Шериге арналған қошамет, мақтау жырын жырлайды. Ұмсын Ақаннан да жалғыз тұрып қалады. Ойда, дел-салдың күйін білдірген ән салады.

IV

Жүсіптің үлкен ұлы. Ауыл күтінулі, әбігер, ерекше қонақтарды тосады. Алдын ала сый-сияпат, ырым кәделерін алып жатқандар

өтіп жатады. Алай шапан, тон кигендер, бұл құшақтағандар бастап қант алған, пай құшақтап, өрік-мейіз шашқан бір молдық, мырзалық белгісі бар. Көпшілік. Көпшілік күлкілі, қуанышты, желікті, бөрінің аузында Шери, Шери мырза дескен сөздер. Сый алған, ырза болған топ та Жүсіпке, Ұмсынға қайырлы болсын айтқандай болысады. Ақан көп ақын ішінде, бұлар баяу. Нұржан ғана шырқатып ән салып, ескектетіп, суырып салма өлеңдер айтып, жұрттың қызуын асыра береді. Досмағамбет бүгін той иесі кісі сияқты. Ауылдың аузын алып, Шеридің жолын ашып, тазалап жүрген тәрізді. Бір кезде барлық топ аузында Шери сері деген сөздер шығады. Қасында төре, жай нөкерлері тағы бар Шери шығады. Бұл алғаш келгенде жұртшылық қақ жарылып, таңырқай жол береді. Ақындар да төменшік, бәрі де бойсұнған. Ақан ғана мұңайыңқы, дел-сал. Әзір үйде Ұмсын жоқ... Шери төремен сөйлеседі. Хан тұқымы, қазақ төресі. Ояз досы. Ояз Шери ауылында сайлауда жатыр. Бұл елдің болыс сайлататыны да, Шери төренің де әруағы үлкен. Досмағамбет ақындардың сөз айтуын шарт қылады. Ұмсын қыз нөкерлерімен келіп, амандасып отырғаннан кейін “Төре, ақындар бізге өз жолымен амандаспай ма, үндемейтіндері несі” дейді. Жүсіп (не қыз ағасы) бұны ақындарға мін қып, кінә қып айтады. Алудан, сендер беруден мырзалық кеткен жоқ қой, неменеңе бұлданасыңдар. Ұмсын намыс етіп қалады. Ақынға бір сын. Көптің бірі ме, жоқ өзгеше ме дейді, дөме қылады. Сол кезде Біржан мақтау өлеңді жосылтады. Кезекпен Нұржан айтады. Ыбырайға жағына жорғалай сөйлейді. Төре мен өзге жұрт Ақан айтсын дейді. Аналарға Шери екеуі қарамайды, бағаламайды, ұққысы да келмейді. Қайта дұрыс сөздерін теріс ұғынып келемеж ете, Ұмсынға естірте отырады. Қаңқуға түссе оңай ұтылатын айласы. Ақан ән шырқатады. “Мақтау өлең айт” дегенде төренің бетімен Шериді мақтаған қошамет өлең айтады. Шери бумажнікпен ақша тастайды. Ақындар ұмтылысып қалысып қала жаздайды. Ақан үлеске бермей өзі алады. Шери мен төре мазақ етіп күледі. Ұмсын тұтанып кетіп, Ақанды ұялтпақ болады. Досмағамбет қалжың мысқылмен күлкіге айналдырып жібереді. Айшаның ақылы неткен дана дейді. Ұмсынға Шери алғаш рет тіл қатады, қолын ұстайды, ұмсына ұсына береді. Нұржан іле жөтеліп, қайырлы болсын айтады. Ақан күйіп, домбырасын тастай беріп шыға береді. Арттағы Шеридің қошаметшілері күліп мазақ етеді. Шолақ сонда бағанадан үндемей отырған жерінен күйіп, серпіп, ашулана кеп, Ақан тастаған домбыраны алып, бұл домбыраның көмейіне тығылып, сынға алмай қалған сөз бар, соны айтайын деп, жосылтып айта жөнеледі. Ыбырай кей жерін көтеріп, сөз қосып жібере отырады. Шолақ Ұмсынға тие-тие, соқтыға кеп аяғында: “Қыздың байы жылқы екен айхай-ай” деген сөзге саяды. Жиын

елемейді, бұған да күледі. Шери тобы жар-жар айтып, Ұмсын мен Шериді құттықтайды. Төре мен Жүсіп Шолақты қағып, сөзін тоқтаттырады. Ән кезегін айтқызбайды.

V

Сахна бір отау мен бір үлкен үйдің жартыларынан құралған. Араларында алаң бар. Отау Шеридің үлкен әйелі Ақлиманікі. Сонда Айша, Ақлима. Ақлима Айшаға қатты шабуыл жасайды. Сен қоздырдың дейді. Айша ашуланбайды. Күле, қысыла жауап бергенде “ерегіспен айтып қалған ем, жеңгем сенсің, алсын дегем жоқ-ты. Жай ақындарды тұқыртып кетсін деп ем” дейді. Досмағамбет, хабаршы, жаршы. Ауыл келін келетінін білген, келіп қалады деп, қатын-қалаш Ақлимадан ығыса жүрсе де әзірлік жасамақ, қарсы алмақ. Сонда ашулы Ақлима Досмағамбет пен Нұржанды атасына салады: төркініме кісі жіберем бе, жоқ тоқтата ма дейді. Болмаса мен тұрмаймын, төркінім кеп алып кетсін дейді. Нұржан, Досмағамбет Торсанға кеп, сол үйде сөз боп жатады. Айша да кеп, алғызбағанды мақұлдайды. Торсан байлау жасайды. Бұл уақытта Ақлима, Ботпай мен өзге қатын-қалашқа Ұмсынды қалай қарсы алуды тапсырады. Ауылдағы көп қу: бірі сақау, бірі қыли, бірі сыбызғышы, жалған ақын, бірі дуана, бірі бәйітші суайт боп сұмпайы пішіндермен әзірленіп тұрады. Айша, Ақлима оңаша орында күле отырып қарсы алады. Бұл кезде Торсан Шериге “бұзық етіп қайырсын, керегі жоқ” дейді. Ұмсынның ағасы, әкесі, өз ат ұстаушылары келеді. Олар елеусіз қалады. Аздан соң шымылдығымен қыз келе жатады. Досмағамбеттің басшылығымен жаңағы көп қу қосылып, мазақ беташарды айтады. Ұмсын ұялып, шошынып, жерге кіргендей болады. Шымылдық ашылғанда нешеалуан күлдіргі құлар мазақтағандай боп әрқайсысы өз әуеніне салып, жындыларша қылжақ етеді. Ақлима күліп отырады.

Шери мен төре және ояз қыздары шығады. Оязға Торсан ашуы жеткен. Екі қатын алу лайық емес деп Ақлима сөзін қуаттай кеп “алма” дейді. Торсан бұйырық етеді, алғызбайым дейді. Шери Ұмсынға қарап: “Мен саған айыптымен, бірақ сөзімнен қайттым” дейді. Сонда Жүсіп пен ағасы “Мен жердің үстімен кеп, астымен қайтпаймын, есебін өзің тап, мына келініңді ал, мен міні кеттім” дейді. Кете береді егесіп. Ұмсын жанында жөнді кісі қалмайды. Шымылдық жерге басылып жатыр. Осы елдің итіне болса да тиемін, қорлатпа мені енді деп төре мен Шериге арыз етеді. Төре: намысы жоқ қор әйел, күң әйел деп, теріс айналып кетеді. Ұмсын зарлап отыра кетеді. Сонда әкесіне тіл қатып: “қор болмасын, Бөкен алсын” дейді. Торсан көнеді. Бөкенге бұйрық етеді, ол үндемейді. Досмағамбет пен Айша Бөкенді қолынан

ұстадады. Ұмсын Бөкеңнің пішініне қарамастан қолын береді. Бір қолымен көзін басып жылайды. Дағдарып тұрған жұрт. Торсанның емеурінімен Ботпай шашу шашады, той болады. Бұ да той... қызындар, желігіндер дейді. Жұрт жағасын ұстаған, жаны ашыған. Желіге алмайды. Қулар “той, той”, “ат шабады”, “шашу, шашу” деп, өздерінің мазақы ойындарын ойнап тарқаса береді. Ақан, Ыбырай, Шолақ шығады. Болған жайды білмейді. Жалғыз-ақ бәйге, той дегенді есітеді. Дел-салда Ақан бәйгесіне Құлагерді қоспақ. Озғызамын, ең болмаса Торсанға бір оқ атып, күйік тастап кетемін, басымның төмен емес екенін білдірем дейді. Досмағамбет бұл сөзді естіп тұрып, кейін шыққан Айшаға естіртеді. Айша Ботпайды шақырып алып “менің кегім олқы боп па? Бәйгеден Құлагер келе жатса да ұрып жық. Бәйгеден келтірме сол” дейді. Шеримен тағы таласатын кедейді мен көрейін дейді.

VI

Сахна ойлы-қырлы сар жота сияқты болса, артқы көк аспан заднигімен сол бергі жотаның екі арасынан бәйгеге шапқан аттар өтетін болса, авансценаға көк шалғынды кішкене бұлақ ағып түседі. Сахна ашыла бергенде “ұста, ұста, тоса бер, тоса бер” деген қаскөйлер үндері естіліп, шетінен Қарауыл, Қарауыл деген бәйге атқа шапқан бала Боранның ұраны естіліп, жақындап келеді. Баланың көк жіп байлаған басы және Құлагердің қос құлағы мен сүр, дулы кекілі көрініп келе береді. Сол арада жол кесушілер “сілейт, сілейт, қақ шекеден” деп екі жақтан шоқпар, сойылдарын көтеріп ұмтыла береді. Тегіс сермейді, Құлагер басы сар жотаға іліне бере құлап түседі. Нұрбай жотаның бер жағына ұшып түседі. Ботпай Қарқараға күледі. Сол кезде: Керей, Уақ! Керей, Уақ, Қыпшак, Қыпшак деген ұрандарды айтып 3-4 ат Құлагерше шауып өтеді. Аттар шанжау-шанжау өте береді. Әрқайсысының артын ала топ-топ болып, қалың ұран шақырған тартушылар дүрілдетіп өтіседі. Жылдамдатып Шери шығады. Алдында Уақтың екі аты екенін біліседі. Содан кейін Шери, Ботпайға жөнел енді, неғып тұрсың деп алып, ендігі аттарды ана сайға, анау тастаққа қарай салып жібер деп бұйырық етіп, екеу-үшеуі тегіс бөріктерін сол теріс жаққа қарай сілтей шауып, өзге аттардың бетін қиысқа бұрып әкетеді. Дүбір, ұрандар алыстап кетеді. Есін жаңа жиған Бөрібай сүйретіле келіп Құлагердің мойнын құшақтай жығылады. Аздан соң Ақан мен Шолақ шауып шығады. Ақан аһ ұрып кеп, талып жығылғандай боп, Құлагердің басын құшақтай, зар еңірей құлап түседі. Шолақ күйіп кеп, баланы тұрғызып ап, жөн сұрайды. Бала осы арада Уақ ұрып жықты деп, жылай отырып жайды баян етеді (екі-үш сөзбен). Шолақ: бәлем Уақ, осыны ата кек қылармын.

Қайдасың, Қарауыл, құрып кеттің бе. деп ашуланып, сапы суырып шабады. Ақан талмаусырап қалған. Ыңырсиді береді. Ыңырануы бір ерекше зарлы күйге таман айнала береді. Теңселіп, көзін жұмып, толғана отырып сөзсіз жыр терген тәрізді. Сол сағатта қартайып, жүдеп, өңі қуарып, ажымдары тереңдеп, таусылып, сөніп бара жатқан сияктанды. Анда-санда Бөрібай, Бөрібай деп қояды. Кейде Құлагердің осы басын сипағанда Бөрібай, Бөрібай дегенмен ұйқасып алмаса береді.

Аздан соң Шолақ серпіп, ақырып, тулап, тұттеп, бір топты бастап шығады. Ел естіген. Шолақпен келген топтың ішінде Торсан мен төре және ояз бар. Шолақ мәлім етеді. Торсанға қамшысын білеп тұрып, ердің құнынан асыра жоқтайым дейді. Ерегіс. Шолақ Торсан қасындағы соның сөзін сөйлейін деген Досымға бетті мырзабай қамшымен бір-ақ тартып, тымақтай ұшырады. Бар Уақ шықсын қазір, жалғыз өзіме қарсы. Өлігінді бір түйе қып үйіп кетемін дейді. Торсанды сабамақ болады. Төре мен ояз стражниктерін шақырып, бұны тұтқынға алғызады. Кетіседі.

Сенделгендей, есінен айрылғандай боп даланы өз бетімен кезген Ұмсын шығады. Жібек жібіндей ширатылған жіңішке ән, түпсіз терең шер, зар әнін о да сөзсіз термелеп келе жатқан сияқты, тіршілікке айтқан қош-қошы тәрізді. Жалғыз күңіренген Ақан енді үнін, зарын өрлете, өрлете, өсіре келіп, аяғында ботасы өлген нар інгендей әрі күшті, әрі суық, зарлы әнге басады. Даусы, үлі жасқа малынып азнағандай болады. Құлагердің өмірі және соның жоқтауы. Аттың басынан үздігіп, талмаусығандай боп тұрған. Ұмсын енді тал бойы ұйып, елти тындайды. Мағынасыз күлімсіреген жүзінде әлденеменеге, бұлдырға дөмесін артқанның белгісі бар. Онысында өлі мен тірінің арасындағы жанның кейпі бар. Көзі көк аспанға телміре береді. Соның бет алдынан машықты аққу шығады. Сілкінеді. Қыз болады. Құлагер зарына жетекші болған зар, жылау күйін билейді, шерменен мың бұралып, жүрегі пара-пара боп күйген жанның биі. Ұмсын Ақанға жақындай түсіп: қайғың мені алсаң басыла ма, мені мына қорлықтан әкетсең нетті дегенде, Ақан ыңырана, шерлене отырып: жоқ дейді. Сенен Ұмсын сұрай алмайды. Басы төмен түседі. Көзі қызда. Ақан Құлагер текке өлген жоқ, менің бағым қайтты, енді Ақан өлді деп әнін кенеттен үзіп, домбыраны тасқа бір салып талқан етеді. Сол секундтіне Ұмсындының көз алдында пері қыз жер астына батып кетеді. Ақан тұрып, жағасын қос қолмен ұстап, бір жаққа кете береді. Ұмсын шатасқандай алас ұрып дағдарып, қыз батқан жерге телміріп тұрғанда сар жотадан Айша бастаған топ шыға келеді. Айша кетіп бара жатқан Ақанды “Ақан, Ақан” деп бірнеше шақырады. Қызық қалпына шақырғандай болады. Ақан бұрылмайды Айша

айналып, Ұмсынға қарайды. Бұл кінәлі адам сияқты. Айша күледі, содан соң қасындағы құлар Ұмсынды жан-жағынан жын перідей қоршап, бет-ауыздарын неше алуан сұр гримасылар жасап, құбыжықтай құбылттып, сақылдап күлісе береді, қоршап алады. Ұмсын пері қызына, Ақанға деп алас ұрғанда мынандай гримасылар алдынан құлашын жайысады. Сонда Ұмсын кенет қышқырып (ышқынып) талып, шатыса бастайды. Өзі де сақылдап күліп, бет аузын тыржындатып аналардан асыра құтырып жөнеледі. Айша шошынып, өзгелері тиылып “жынданды, жынданды” деп шегіне береді. Ұмсын ойнақтап, ойнақтап келгенде жұрттың көз алдында шашы дудыраған, киімі дал-дал боп айрылған нағыз құтырған адам күйіне түсе қалады. Әрі-бері аласұрып кеп, үздігіп құлап түседі.

Адамдары:

1. Ақан – төрені мақтайды. Соның емеурінімен Шериді де мақтайды. Ескі хан тұқымының жыршысы. Күйректік, құлау белгісі негізгі сипаттары.

2. Ыбырай. Сыншы ақын. Екі жағына да өзінің еркін сынын айта жүреді.

3. Ботпай — Торсанның құлы. Епті де, кейде өздеріне шабуыл жасайды. Ұмсынды Торсан аулына әкелгенше дос, артынан наразы боп, ашуланып шығады.

4. Досмағамбет – жорға құл барлық жерде де.

5. Айша – оқығандау. Сондықтан қазақы қызды менсінбейді. Асқақтығының бір жағы ағаларының саудасы, ұлықпен араластығы... өзінің қала мен базар көргендігі. Сонымен қатар топастау, қатал, қомағай. Ақлимамен екі арасында шыншылдық жоқ, бірақ есеп бар. Ұмсынды ақындар алып кетпесін, бөтенге кетпесін деп те жырып алмақ болады. Шери алсын деп те ойлаған емес. Ақлимадан ығысып, Шери алмасын дейді. Нағашысын ойлап, жатқа жетпесін дейді. Ұмсынды әкеп тастап кеткенде нағашысы алмайтынын тағы біліп, енді Бөкен алсын дейді. Бұнда да Ұмсын қайтадан Ақанға кетеді екен деп сескенеді. Бұның мінезі көп құбылысқа ұшырау керек. Бірақ бұның ықтияры шын нәрсені шешпейді.

6. Ұмсын бектік пен капиталдықтың аралығында. Екеуі осы үшін тартысады. Бұл өзі кітапшыл молда қыз. Өзінше Ләйлі-Мәжнүн, Сейфулмәлік-Зылиқаларды көп оқыған, қиссаларды көп білген қыз. Діннің фанатизмінен көрі Науан, Бабырлар жағы бейім. Ақан сол қалпына дәл келген. Ылғи өлеңде осы жағынан басымдата сөйлейді. Көзі, қасын асыра мақтап, ғашықтарды көп айта кеп, оқымысты және сезімді ақын боп келеді.

7. Нұржан байлық өкілі болғанмен, бұл жағына келгенде ылғи шарқы кітаптың бес парызынан ары баса алмайтын жайдақ, фанатик ақын болады. Оның сөзін Ұмсын су татитындай көреді. Бірақ Ұмсын Шериге кетеді. Осының себебі Ақан жағының алыс та әлсіздігінен. Екінші ана жақ Ұмсын айналасын мырзалықпен, молдықпен қақалтады. Өзі де капитал салтанатына бой ұра береді, масаяды. Бірақ кете берсе де қос қыртысы көп, қайшылығы мол болады. Ақанды тастауы да қиын” (“Әуезов үйі” FMO. №1).

Енді бұл туындының араб әрпіндегі қолжазбасы мен кейінгі латын әрпінде машинкада басылған нұсқаларын салыстырып қарағанда бірімен бірінің арасында едәуір айырмашылықтардың барлығы көрінді. Соңғысы біраз қосымшалармен толықтырылып, жетілдіріле түсіпті. Ал жиырма томдықтағы жарық көруі мына сияқты бірсыпыра қысқартуларға ұшырапты.

“З а й р а (күлін). Жарайды ендеше, Ақан тым баяу көрінеді. Серігімнен қасқырлықты сол кісіге берейін.

А қ а н. Жарайды ендеше. Мен өзім де тобынан айрылып, жалғыз жортқан көк бөрі тәрізді ем (күлін), оған да қуан, бірдемені нәсіп етейін деген шығар. Төреңе құлдық.

Ш о л а қ (ойнақыланып, күліп кеп). Олай болса жас бөрі, көкжал шолақ мен болайын, сері...

Н ұ р ж а н (іле жөнеліп, күлін). Е, ата ұлына үлесе келгенде қасқырлықты Қарауыл алды. Ал, Керей итіңді шығар.

Б і р ж а н. Мен өзім кемпірімнің төсегінен суынған, ұйқы қашып, кірпігі қатқан қартаң шал, көрі күзетші болайын. (Күліседі.) (Жиырма томдық шығармалар жинағы. 1983. 11-том. 8-б.).

“З а й р а (күлін). Шери қомағай қасқырмысың қалай? Жанекем қызынан сау-тамтық қалдырар емессің қой.

А қ а н (тұрып, жақындап кеп). Көбін не қылайын, іздегенім бірің де...

З а й р а (кекетіңкіреп). Бірі болса іріктісін лайық деген шығарсың?

А қ а н. Ойын қасқыр десең де аузыңа құдай салған шығар. Шын қасқыр болмақ ойым бар. Сондықтан тілегенімді алмай, ілгенімді алушыым” (9-б.).

“А қ а н. Ендеше қазір зорлықпен алдыға салып, ап қашамын. Ең болмаса масқаралап кетем. (Жұлқынып сүйрейді.)

З а й р а (бұлқынып). Тарт енді, жетті. (Қолын жұлып алады.)” (10-б.).

“Зайраға телміре қарайды. Бұл уақытта Нұржан, Ыбырай, Шолақ тегіс Айшаға үйіріліп, жайды баян етіп жатады. Біржан мен Зайра Ақанға жақын оқшауырақ.)

З а й р а (Ақанға). Мен мұңды күйінді сөккен кісі емеспін-ді тегінде.

А қ а н. Алдияр, үйтпесең Зайра дермем...

А й ш а (*ана жігіттердің сөйлеп тұрған сөздерін тастай беріп, Ақанға жақындап*). Жастық үміті күлкілі болса жарастықты емес пе. Мұңдылы кісі сүйсінетін күй емес шығар.

А қ а н (*бір қарайды да, жауап бермейді. Айша қиналып, тұтанып қалады. Ақан Зайраға.*) Қазым да, төрем де өзіңсің” (12-б).

А й ш а (*Досмағамбетке*). Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас... Неге жауап айтпадың мен үшін.

Б о т п а й. Ей, тәңірі, ақын, бақсы бір. Со да бағыңа сын боп па, Айшажан.

Д о с м а ғ а м б е т. Бәсе десеңші.

А й ш а (*жарыса екеуін де қаға беріп*). Бағы бар бұ сын, еселі сөзім кеткен соң. Ал мен де сынға түстім. Өйтсе алдыңғыларға қарай... (*Аналардың артынан ұмтыла жөнеледі. Ботпай мен қыз-келіншектері ере кетеді.*)

Д о с м а ғ а м б е т (*жалғыз қала бере*). Бәсе, жүрген аяққа жүргем ілінбей тұрушы ма еді?

Ш ы м ы л д ы қ (13-б).

Б о т п а й. Көргеніңнен көп екен көрмегенің деген” (19-б.).

Б о т п а й. Осының бәрін үйіп-төгіп, осы қыздың ауыл-отанын алса нетеді. Шериге кім таласар екен.

Д о с м а ғ а м б е т. Ауыл-ауданына қыздың өзін қоса мырзалықпен сәнге қақалтып, осы қызды сол қағып әкпетсе қайтеді?

А й ш а. Болды, осы байлау болсын. Шериді осыған қызықтырып көріңдер. (*Жүсіп жақындайды.*)

Д о с м а ғ а м б е т. Сізге айта алмай келген бір сөзім бар еді? Зайраны көре келген қыз көрушілердің көруші бастығы Айша еді.

Ж ү с і п. Қарағым, шын айтамысың? Кімге? Ағаңның бірі ме?

Д о с м а ғ а м б е т. Иә, Шери еді.

Ж ү с і п. Шери мырза ма? Ойпыр-ау, мені бұрыннан неге куантпадыңдар?.. Мен құдай көктен тілегенімді жерден берсе... Сүйсінгеннен басқа не айтатын едім. (*Досмағамбетті ертіп кете береді. Қуанышты. Сол арада айттыру жай емес. Сайлау. Жүсіп соған қызығады. Досмағамбет Жүсіпке Шеридің сайлаушы оязбен бірге больштарды сайлап келе жатқанын, бұны біі қойғанын айтады. Сайлау. Сайлау. Жүсіп мәз. Бұның айналасы қуанады. Ақсақалдар, рубасылар хоры.*)” (20-б.)

К ө р і н і с

Н ұ р ж а н. Досмағамбет, іркілме. Мырзаның алдын аршы, жолын тазалай бер. Алғандарың құтты, құтты болсын, құдалар. Бұл заман жаман заман деп кім айтады. Ірбіт шапқан, ой-қырды алған ояз-жандаралмен бастас боп, кезек қонақтасып бас силасқан заман бегі Шери бай, Шери мырза, соның шашқан шашуын терген аға-жеңге, қоңсы-қолаң текке қуанып жүр ме? Қай заманың осыдан артық екен. Осы сөзім рас болса, көде алушы көрі-жас, Жүсіпке, Зайраға қайырлы болсын айтыңдар.

Д о с м а ғ а м б е т (*жұртқа сый беріп жатып*). Алыңдар, келіндер. Аتكөпір қып жүретін біздің мырзаның дағдысы. Ақыным, соға бер. Көдеге жарайтын өзің ғанасың. Сенің еңбегінді мырзаның өзі ақтайды. Уай, жұрт, жаңағы мына Нұржанның соңғы айтқанын ұмытпаңдар.

Б і р і н ш і б ө й б і ш е (*Жүсіпке*). Қуаныш құтты болсын. Қол артқан жерің олқы емес.

Е к і н ш і б ө й б і ш е. Тек ұзағынан сүйіндірсін. (*Оқшауырақ тұрған Зайраға бірнешеуі жиылып келгенде.*) Шырағым, сен талғаған болсаң ол таңдаған алтын айдар, шоқ белбеу жар осы болады.

Д а у ы с. Издегеніңе сұраған деген осы. Болмаса кімнің қолы жетіп еді Шер биіңе.

Е к і н ш і д а у ы с. Ірбіт шапқан, Макаржы барған бай.

Б і р і н ш і б ө й б і ш е. Осы дуан-дуанның бар ұлығы аулына қонған, асына мөз боп жатады деген рас па екен?

Д а у ы с. Рас емей. Осы күнде де, осы алты болыста сайлауға шыққан Оязың Шери ауылында он күннен бері қонақтап жатыр дейді.

Е к і н ш і д а у ы с. Ендеше, ояз ұлық емес, Шери ұлық та.

Е к і н ш і б ө й б і ш е. Е, Керейдің бар болысын Шери сайлайды. Сол атаған кісі болады деп отырған жоқ па?

Ж ү с і п. Тек қазағымның өмір жасын ұзақ қылсын.

Б і р і н ш і б ө й б і ш е. Бәсе, қуан, Жүсіп, Зайра шырағым, сен де қуан.

З а й р а (*қысылған, толқуда*). Не деп шырық көбелек айналдырып барады мына жұрт. Не дермін, не істеймін. Менің ырзалығым сұралмай-ақ далада қалғаны ма?..

Д а у ы с. Қасында баяғы Абылай тұқымы, қазақ төресі, ояз, тілмәші, бір төре тағы бар дейді.

Ж ү с і п. Келсін ол да. Өзі ылғи Шеридің емеурінімен жүреді десетін. (*Зайра кетіп қалады.*)” (25-б).

Т ө р е. Қан жеген? Оны неге жеген?..

Д о с м а ғ а м б е т. Ас болат дейді ғой, төре-ау” (25-б.).

“Т ө р е. Уа, уа, бұ не шу ... Керек, керек, ә, өзі неге келмейді?”

Ш е р и. Е, белгілі ғой... Ол да бір қараңғылық белгісі. Біресе топыр жиып, ойын-сауық құрады. Онда ұялмайды. Біресе ұятты кісім болғансып тығылады. Бетін жасырып, көрінуден қашады. (Күледі. Жолдастары қошаметтейді.)” (26-б.).

“Ж ү с і п. Су толтырып алғандай. Бәсе, ақындар сендерге не болды, жарқындарым-ау...”

Д о с м а ғ а м б е т. Өздері бүгін кірбең бе, қалай? (Күліседі.)

З а й р а. Біреудің пысы басып отыр деймісіндер? Айтар.

Б і р ж а н. Бәсе, тіпті бізді қууға айналды ғой мына жұрт” (26-б.).

“Н ұ р ж а н. Мен сенің арқанда қалтаңдап тіршілік етіп жүрген жақыныңмын. Сенің көзің ғана емес, сыртыңнан да жолыңа жанпида деген қарашымын. Біреуді хан, біреуді би, біреуді батыр деп мақтаған заман ұрлық-қарлық заманы болатын. Адал жолмен, шарифат жолымен, абиұрмен мал алған, жаһаннан асқан қас батырым сенсің. Сауда атағы, имам ағзам бұғына тері шалбары қатып, иығын қап шекпені қажап жүрген қазақты да би мен текке бөледің. Өлігіме ақырет бердің, тазалық кіргіздің. Сенің еңбегің ер еңбегі. Шарифат та, жаннат та осы.

Ш е р и (*төреге*). Көрдің бе, бізге ақша ғана, пайда ғана керек дейсің. А, ел өзі не дейді. (Күледі.) Жігіт қадірін біледі.

Д о с м а ғ а м б е т. Атамаңыз, міні елдің сөзі осы да...” (26-б.).

“Ы б ы р а й. Е, бүйрегің солай бұрып тұрса өзіңнің. Шөре-шөреде мен-ақ қалайын тіпті” (27-б.).

“Д а у ы с т а р. Бұл таластан тайқып шықты.

Д о с м а ғ а м б е т. Е, әдін білмеген әлек деп неге Ыбырайшыласын.

Б о т п а й (*Зайраға қаран*). Бәсе, иесі келсе қоңсысы орын босатады деп, осылай болса керек қой” (28-б.).

“Б о т п а й. Ұят-ай...”

Д о с м а ғ а м б е т. Япыр-ай, Айшаның данасы-ай.

Ш е р и (*Зайраға*). Мені батыр қылғаныңызды қоясыз ба?

З а й р а (*күліп*). Жатырқасам бүйтерме ем, о не дегеніңіз.

Ш е р и. Ендеше ықыласың мен шырайыңыз бізге ауса екен.

З а й р а. Мен сіздің ықтиярыңыздан қайда кетеді дейсіз.

Т ө р е. Уат, уат, бұны мен түсінемін.

Н ұ р ж а н (*Досмағамбет иек қаққанда*). Бәрекезде, қуаныш құтты болсын. Екі асыл шырақ жаратқанға біз де маспыз, мына отырған жұрттың, ала көңілі жоқ. Тегіс қуанады, есіктен

төрге сүйінші. Тұғырынды жаңа тауып қуандық асылым, Шери мырза...”(29-б.).

“А қ л и м а (*ашулы*). Асайын деген екен сенің ағаң. Тәубасынан жаңылған екен.

А й ш а. Женеше-ай, атты алысқа айдадың ғой. (*Күледі.*)

А қ л и м а. Менің енді іркетін дәнекерім жоқ. Қайда әлгі Досмағамбет! Ай, Досмағамбет. (*Досмағамбет келеді.*)

А й ш а (*Досмағамбетке*). Немене, келе жатқаны шын ба?

Д о с м а ғ а м б е т (*Ақлима жаққа жалтақтай қарап*).

Ия, болар іс боп қалып еді құрғыр. Келіп қалды тіпті, несін жасырайын” (30-б.).

“А й ш а (*күліп, қысылып*). Ашу алдында, ақыл соңында демеппе еді. Неге мұнша тарылдың, жеңешетай. (*Досмағамбеттер Торсанға кеп сөйлесіп жатады.*)

А қ л и м а. Жалтарма, сөзіме жауап бер. Саған да менің қадірім тозған екен. Солай ғой тегі.

А й ш а. Еркелікпен айтып қап ем.

А қ л и м а. Сондағы ойыншықтарың мен ғой.

А й ш а. Жоқ, жеңгем сенсің, басқаның керегі жоқ.

А қ л и м а. Көлгірсіме, алдама” (31-б.).

“Д о с м а ғ а м б е т (*мойнын теріс бұра беріп*). Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар... Е, сорым бар басым.

Н ұ р ж а н (*Бәкен мен Досмағамбетке*). Мына құдалар бай үйінің өзіне кіретін шығар, әлде. (*Дағдарыс, аналар үндемейді. Құдалар солай қозғала береді.*)” (32-б.).

“Т ө р е. Көп қатын алған дейсің.

О я з. Нука, мечту, глупость. Көп қатын алудан кашсаң сені біздің бәріміз справедливо істеді дейміз, культурный поступок дейміз.

Ш е р и. Чепуха! Өздері ақымақ болмасын...

О я з. Мало ли бывает шуток” (34-б.).

“А н а ү ш е у і. Күп-күп дегеніңше. (*Жорықтарымен бекінгендік белгі жасады.*)” (37-б.).

“Маған бірде бір жол оң қабағыңмен қарамай кеткенің бе? Жарайды мені танымағаның көзіңнің қарайғаны, тіршілікте тұйыққа қамалғаның ғой. Өмірді сүйсең маған сүйенер едің... Оған да дәрменіңнің жетпегені ғой. Мен құр тұлыпқа мөңіреп жүргенім ғой” (41-б.).

Міне, бұлар тұтас-тұтас қысқартулар болса, кейде жалғыз-жарым мәтіндер мен сөз-сөйлемдерінің де енгізілмей қалғандығы көрінеді.

Т. Әкім

“Ақан – Зайра” (либретто)

Бұл либретто алғаш рет елу томдық басылымнан орын алып отыр. Бұның машинкада басылған жалғыз данасында (86-бума, 1—56-бб.) авторы мен туынды атауы жазылған алғашқы беті жоқ. Ал осымен бірге түптелген өзге даналарында (қазақ тіліндегі пьесасы және орыс тіліндегі либреттосы мен пьесасы) авторлары да, шығарма атаулары да, нақты көрсетілген. Енді Халық ағарту комиссариатының авторлармен жасаған мына төмендегі келісім шартына қарағанда бұл туындының операсын Асафьев жазбақ болыпты:

“Договор

Мы, нижеподписавшиеся, Народный Комиссариат просвещения в лице зам. Наркома Джантлеуова, именуемый в дальнейшем Казнаркомпрос и Ауэзов Мухтар, Муканов Сабит, именуемые в дальнейшем авторами, заключили настоящий договор о нижеследующем:

1. В целях содействия созданию казахской национальной оперы мы, авторы Ауэзов М., Муканов С., обязуемся написать либретто для нее. Тема либретто “Ақан-Серы”.

2. Тема либретто, составленная авторами для музыкального произведения композитора Асафьева Каз. Наркомпросом в основном одобряется.

3. Основательная поэтическая обработка принятого Наркомпросом текста либретто производится после совместного обсуждения и одобрения композитором Асафьевым, в месячный срок.

4. Дальнейшее изменение отдельных мест текста или дополнения его производится автором текста и Асафьевым при их совместной творческой работе и согласовывается с Наркомпросом; расходы, связанные с поездкой авторов в Ленинград и Москву, берет на себя Наркомпрос.

5. Окончательно одобренный Наркомпросом и принятый Асафьевым текст авторов пьесы является основой, ведущим текстом всего музыкального произведения.

6. Авторы либретто обеспечивают подстрочный перевод на русский язык как либретто, так и поэтически обработанного текста.

7. Допустить возможность ввода отдельных песен и мелодий, исторически связанных с именами действующих лиц, причем композитору предоставляется право переработки их или дополнения к ним с тенденцией создания большой музыки.

8. За указанные выше работы Наркомпрос выплачивает авторам гонорары всего в сумме пятнадцать тысяч рублей.

9. Из них 30% при подписании договора, остальные 70% при окончательном одобрении Наркомпросом и композитором поэтически обработанного текста.

10. Права авторов, не перечисленные выше, но связанные с постановкой их пьесы в театрах, определяются согласно действующих законов по управлению по охране авторских прав.

Зам. Нар. Просвещ. Джантлеуов

Ауэзов, Муканов”

(ЛММА. Кпр-1. № 273.С. 11).

“Париж жалыны”, “Кавказ тұтқыны”, “Бақшасарай фонтаны” сияқты белгілі шығармалар мен музыканың тарихы, теориясының проблемалары жөнінде көптеген еңбектердің авторы және КСРО Композиторлар одағын басқарған Борис Владимирович Асафьевтің (1884—1949) өмірі мен шығармашылығы жөніндегі деректерден “Ақан — Зайра” операсына қатысты ешнәрсе кездеспейді, бұл жұмыстың қандай дәрежеге жетіп тоқтағаны да, оның аяқталып-аяқталмағаны да белгісіз. Сахнаға шықпауына қарағанда оның өз деңгей-дәрежесіне, жетер жеріне жетпеген болуы да мүмкін.

Енді осындағы Ақан да, Зайра да ескіше оқуға жетік, білімді жандар ретінде елес береді. Содан болар, автор олардың аузына мына сияқты кітаби сөздерді жиі салады:

Нұр төккен самауаттан сен бір шамшы,
Мен арзы шұғылаңмен фитнәні аршы.
Қол созам қиядағы құшағыңа,
Рақым ғып, ғаламатпен тартып алшы.

Мен Жүсіп, сен Зылиха, мен бір Мәлік
Іздеген Баддигұлды жер айналып.
Сен Ләйлі, мен Мәжнүн, ғашық отын
Егер де сөндірмесең кетем жанып.

Тосырқап тұрсындар ма мұны кім деп,
Есімін осылай адам білу сүндет.
Тағрипың танымасың пәһәм ойлап,
Баяндау халін, ахуалын бізге сүндет.

Қол жетпес мәкәни жоқ төрт ағасы,
Тұрады гираттағы күпец байша.

Ауызекі айтуында ғана емес, Ақанның шығармашылығында да осы алуандас сөздер, ұғымдар кеңінен көрініс береді. Бұл жерде драматург солардың бірлікте, тұтастықта бейнеленуіне күш салады.

Т. Әкім

“Дала дастаны” (“Степные были”)

“Дала дастаны”— “Ақан — Зайра” пьесасының орысша нұсқасы. Пьеса орыс тілінде машинкаға басылып, бірнеше данасы 86- бумадағы “Ақан — Зайраның” қазақша нұсқасымен бірге тігілген. Көлемі машинкаға басылғанда 34 бет. Бірінші беттің жоғарғы тұсына “Муканов Сабит, Ауэзов Мухтар” деп жазылған. Сәбит Мұқановтың аты-жөні үстіңгі жағында бірінші болып орналасқан. “Дала дастаны” асты сызылып, ірі әріптермен терілген. Жаңа жолдан пьеса аты орысша жақша ішінде (“Степные были” или “песни степи”) деп жазылған. “Либретто к опере (в 4-х актах, в 6 картинах)” деп берілген анықтамалардан соң пьесаға қатысушы адамдар тізімі беріледі. Пьеса қолжазба кітаптың 197-бетінен басталып, 224-бетке дейінгі аралықты қамтиды, оның арасында жазушының өз қолымен оқушы дәптеріне жазып қосқан қосымша, өзгерту, түзетулері әр жердегі керекті тұсына бірге тігілген. Ондай қосымшаның саны 11 бет. Қатысатын адамдар да жазушының өз қолымен сызылып, көк сиямен кейбіріннің аты-жөні өшіріліп қайта жазылған. Кейбір негізгі кейіпкерлердің қазақша нұсқасындағы аттары басқаша болып келеді. Мысалы, Шери — Рамазан, Торсан бай — Байсалбай, Жүсіп — Шаймардан, Досмағамбет — Досан. Ескішіл ақын, кітапшыл, пәлсапашы Нұржан мен Досан. Бұдан өзге кейіпкерлер қазақша нұсқадағы қалпында. Пьесадағы алынған оқиғалардың реті, берілетін көріністер, басты кейіпкерлер арасында болатын негізгі тартыс, оқиғаның аяқталу шешімі бірдей. Екі нұсқада да Ақан серінің Құлагері мерт болып, сүйгеніне қосыла алмаған Зайра Рамазан саудагердің алдауына түсіп, соңында есінен ауысады. Көптеген аңыздарда айтылатын Ақан серінің перінің қызына арбалғаны туралы шындық пьеса басталған кездегі, соңында қайғылы халмен аяқталар сәттегі көріністе елес түрінде алынады. Пьесаның бірінші суреті қазақша нұсқадағыдай алты көрініс. Жазушы Зайраның “Ахан! Ахан! Ахан идет!” деген сөзінен бастап “шумно и радостно поддерживают другие” деген жерге дейін қолмен жазып қосқан. Қосымша бет кітап ретімен 198-бет болып саналады. 201-бетте

Шолақтың “он молчит” деген сөзінен кейін “После хора выходят отдельно Айша и Досан. Они в стороне” деп басталып, Айшаның сөзі: “Если задумала измену пусть будет наказана... Ты прав...” деп аяқталатын қосымша бар. 203-беттегі Зайраның сөзінен кейінгі қосымша 202-бетте. Басталуы: “А й ш а. Ты возгордилась...” Аяқталуы: “...в своем возрасте и познакомься вот с людьми”. Бірінші суреттегі жеті көрініспен пьесаның алғашқы актысы бітеді. Алғашқы актының орны түнгі көп ауылдар, дала. Екінші акты Зайраның шешесі Алтынның үйінде басталып, қыз бен Ақанның тіл табысып көңіл қосуына Айша, Досандардың бөгет жасауымен аяқталады. Байдың қызы Айша Зайраны өз ағасына алдырмақ болып Шаймарданды би сайлаттырып, оқиғаны өз аулына бұрып әкетеді. Екінші, үшінші суреттегі көріністер аз болғанмен оқиғасы қоюлана түседі. Мұнда да 208-беттің соңғы жағындағы “он отводит Шаймардана говорит с ним” деген жерден 207-беттегі қолмен жазылған бет қосылады. Басталуы: “ Д о с а н (*Шаймардану*). По выбору волостных... Аяқталатын жері: “А л т ы н. ...Только не вергни ее в несчастье. (*Уходит.*)”

211-бетте. “А х а н. Тебя не одолевает” деген жерде Зайраның Аханға арнаған сөзі бар. Шаймардан, Зайра сөйлеседі. Бұл сөздер 210-беттегі қолжазбада.

Пьеса сюжетіндегі төртінші суретте ақындар екінші рет өнер жарысына түседі. Атақты әнші, ақын, серілер алғаш Зайраның алдында өнер көрсетіп, Ыбырай, Шолақ, Нұржан, Біржандардың арасынан Ақан озады. Үшінші актыдағы екінші рет болған өнер сайысына берілген тақырып бойынша қонаққа келген Абылай ханның ұрпағы төрені, онымен бірге оязды, соларды қолпаштап ертіп жүрген Рамазан саудагерді мақтап топ алдында ақындар өлең шығарып орындайды. Шолақ пен Ыбырайдан басқасы төрелердің мақтауын асырады. Зайраның малға сатылып торға түскенін айтқан — Шолақ. Төртінші акты 1-2 көрініс болса да, мазмұны ұзақ. 216-беттегі Зайраның сөзінен кейін 214-бетте қолмен жазылып Рамазан мен Шаймарданның сөздері берілген. Рамазан Шаймарданға бидің знагін тағады. Ол бұл жақсылығын еле-өлгенше ұмытпай адал қызмет қылуға ант ішеді. Ақындарға сенімен тартысу қайда, масқара боп қалды емес пе деп оны көтермелей түседі.

217-беттегі Шолақтың Зайраны жақтап, байлардың сатым-сақтығын әшкерелеген сөзінен кейін 216-беттегі қосымшада Рамазан, Шаймардан, Ыбырай, Досан, Төре, Зайра, Алтынның сөздері қолмен жазылған. Рамазанның “Что он плетет. Выведите его” деген сөзімен басталып, “Но тревожно на душе. Ниспошли счастья ей” деген Алтынның сөзімен аяқталады.

Әрбір көрініс, сурет, актыда күрделеніп, қоюлана түскен оқиға желісі, бесінші суретте шарықтау шегіне жетіп, шешілуге бет алады. Мұндағы көрініс саны сегіз. Бұрынғы актыдағы көрінбейтін Рамазанның әйелі Әлима мен әкесі Байсалбай шығады. Рамазанның Зайраны алуына екеуі де қарсы. Әлима мен әкесіне қарсы келе алмай, әлгіндегі мақтаудың күшімен алмақ болған Зайрадан Рамазан бас тартады. Айша да Әлиманы жақтай кетіп, Досанмен бірігіп, Зайраны топ алдында кемсітіп, керексіз, артық қып ауыл қуларына беташарын айтқызады. Шаймарданның салмақ салуымен Байсалбай Зайраны ұлы Бәкенге қосады. Бесінші суреттің соңғы жағындағы көріністе Шолақ пен Ақан сөйлеседі. Сөздері осы тойда Құлагерді бәйгеге қосып, озып шығу. Оны Досан мен Айша тыңдап тұр. Әрекет дайын. 221-бетте Алтынның сөзінен кейін Зайраның күйінішпен айтылған шағын монологы 225-бетте қолмен жазылған.

Соңғы төртінші актының алғашқы көрінісі ат бәйгесін суреттейді. Құлагер Досанның соққысынан өледі. Ақанның жанында қалған топтан бұл жерде бала Бөрібай мен Шолақ қана. Ақан, Шолақ, Бөрібай үшеуінің арасындағы сөздер бір көрініс. Одан кейінгі көріністе Ояз, Байсалбай, Шолақ, Досан қосылады. Ояз атты кім өлтіргенін түсінбей сұрап тұр, “айтсын” деп Шолақ Бөрібайды көрсетеді. Баланың көргенін Досан беттетпейді. Шолақ шыдамай қамшымен тартып жіберіп, Досан құлайды. Ояздың бұйрығымен Шолақ тұтқынға алынады. Көріністің соңғы жағында – қайғыға батқан Ақан, үміті алданып, көз алдына перінің қызы елестеген Зайра. Ақан мен Зайраның жолын кесуге себепші Айша Ақанмен сөйлеспекші. Ақанның өз қайғысы өзінде. Ауыл қулары Зайраның төңірегінде билеп, Айша оны сезіп, тобырды тоқтатпақ боп, қасына келе бергенде Зайра есі ауып құлайды. Бұл пьесаның ең соңғы көрінісі. 224-беттегі Айшаның сөзіне қосымша, 223-беттегі біраз сөздер қолмен жазылған. Онда Айшаның Ақанға деген ашуы қалың. “Не удостоилась я благосклонного взора твоего. Ты вообще не видишь ничего. В жизни твой путь пройден. Любил бы жизнь, опирался бы на меня. А тебя не хватало и на это. Я обманывалась чучелом” деп аяқталады. Айша өз істеген істеріне өкініп, оның дұрыс-бұрысын ажыратпайды. Жазушы Айшаның жан дүниесінің жұтаңдығын қолайсыз әрекеттері арқылы білдірген. “Ақан — Зайраны” қазақшадан орыс тіліне М. Әуезов өзіне тән стильмен аударып, кей жерінде қысқартып, түзетулер енгізген, ондай жазулар пьесаның бірінші бетінен бастап, соңғы бетіне дейін ұшырасып отырады. Кейіпкерлердің аты-жөні өзгертіліп, кейбір жерінде машинкаға басылған күйінде бір адам кейде екі түрлі аталады. Соған қарағанда жазушы пьесаның орысша нұсқасын

баспаға түбегейлі әзірлеуге асықпай, әлі де өңдей түсу үшін кейінге қалдырып қойған тәрізді. “Дала дастаны” бұрын баспасөзде жарық көрмеген. Алғаш жарияланып отырған пьесаның кейбір сұрақ тудыратын тұстары жөнделіп, қазақша нұсқамен салыстыра отырып тексерілді.

К. Рахымжанов

“Ахан — Зейра” (либреттоның орысша нұсқасы)

Қай жылы жазылғаны анық көрсетілмеген. Оқырманға белгілі “Ақан — Зайра” пьесасының машинкаға басылған нұсқасымен жазушы архивінде бір бумада сақталған (“Әуезов үйі” ҒМО. 86-бума. 187-б.). Осы бумада либреттоның қазақша нұсқасы тігулі. Оның көлемі орысша нұсқадағыдан сәл ұзақ. Либреттоның орысша-қазақшасын салыстырып қарағанда біраз өзгерістер кездеседі, қазақшасындағы бірінші сурет орысша нұсқасында тұтастай қысқартылып кеткен. Либретто бірден екінші суреттен басталады. Оқиға желісі қазақшаға қарағанда біраз қысқартылып, бір көрініске сыйғызылады. Онда ақындардың топқа түсіп өнер жарыстыруы, осы кеште Ақан мен Зайраның оңаша жолығып табысуы айтылады. Бұл суреттегі айтылатын әңгіме қазақшасында да бір көріністе беріледі. Мұндағы кейіпкерлердің ішінде Ақан, Біржан, Шолақ, Алтынның сөздері оқиға шындығына сәйкес. Орысшаға да жатық еркін аударылады. Екінші сурет басталғандағы сахна көрінісі қазақша нұсқада былай суреттеледі:

“Зайраның үйі. Қалың жиын. Іштерінде Біржан, Ыбырай, Ақан, Шолақ, Зайра. Шымылдық ашылғанда Айша мен Досан шығып, топқа қосылады”. Орысшада бұл сөздер алынып қалған.

Үшінші сурет оқиғасы Ақан мен Зайраның оңаша жолығу сәті. Ақан әнімен аққу бейнесіндегі пері қызы шығады. Осы сурет либреттоның соңғы жағында қайталанады. Үшінші сурет екі көріністен тұрады. Екінші көріністе Шаймардан мен Досанның сөздері арқылы Зайраның келешегі шешіледі. Қазақшасында кезігетін:

“Түн. Биік таудың құшағындағы көлдің жағасы. Сәулесі суға түскен ай. Көрініс. Ақан мен Зайра шығып, жартаста қатар отырады” деген жолдар орысшаға аударылмаған.

Төртінші сурет басталатын тұстағы сахналық көрініс суреті алынып қалған. Мысалы:

“Жасаулы жазғы үйдің іші. Аузы ашық сандық. Басында Досан. Көпшілік кездеме, шай, қант алып жатады. Топ ішінде Ақан, Біржан, Шолақ, Ыбырай, Алтын”. Бесінші суреттің басталуындағы:

“Қайың, қарағай аралас өскен орманның алабы. Оң жақта үлкен киіз үй, ішінде Байсалбай, қасында қымыз сапырып беріп отырған Бәкен, сол жақта отау, ішінде Айша, Әлима, Досан” деген сурет те орысшасында алынбаған.

Төртінші суретте қозғалатын оқиғаның дамуына Шаймарданның үйіндегі жиын себеп. Рамазанмен бірге қонаққа келген төрені мақтап, ақындар өлең шығарады. Оған ақындардан Ыбырай, Ақан, Шолақ, Досан қатысады.

Бесінші суреттің өзге суреттерден өзгешелігі — мұндағы айтылатын оқиға алты көрініске бөлініп берілген. Мұндағы әңгіме әлі даму үстінде. Рамазан аулына Зайра келін боп түсті. Оны Әлима Рамазанға алдырмайды. Не істерін білмей дағдарған Байсалбай Зайраны ұлы Бәкенге қосады. Кейіпкерлердің сезім күйінің суреттелуі, оқиғаның даму ізі, іс-әрекеттердің дәлелділігі орыс тілінде аударылғанда қазақшадағыдан осал боп әлсіреп қалмай, ширап, күшейе түседі. Орысша нұсқада авторлық ремарка өте аз. Қазақшасында жиі кезігіп отыратын кейіпкерлердің сөзіне орай іс-әрекет, қимыл-қозғалысты білдіретін сөздердің бірталайы түсіп қалған. Ауыл қуларының Зайраны кемітіп Әлиманың зорлығымен беташар айтуы, Рамазанның төре мен ояз алдында дағдарып жауаптан жалтарып кетуі, төренің көпшілікке “бізге бүйтіп қарамасын” деп аспаннан түскендей болуы — әртүрлі күлкілі, аянышты, сәт сайын ауысып отыратын сезім халдарын бай тілмен жеткізе алған. Шығарманың алтыншы суреті Ақанның ең соңғы сүйеніші Құлагердің мерт болып, Зайраның ақылдан адасуымен аяқталатын шағын екі көрініспен бітеді. Ең соңында берілген Айшаның монологы либреттоның аяқталар кездегі қайғылы сезім күйіне өзі әкелген бақытсыздық үшін кешірім өтінетін аяушылық қосқандай болады. “Ақан — Зайра” либреттосының орысша нұсқасы бұрын жарық көрмеген. Сахнаға қойылғандығы туралы деректер кездеспейді. Либреттоның машинкаға басылған нұсқасы жазушы мұражайының қолжазба қорында сақталған. Орысша нұсқаның кейбір түсініксіз, қате басылып, жаңсақ кеткен тұстары қазақша нұсқасымен салыстырылып, түзетіліп берілді.

К. Рахымжанов

“Алма бағында”

Жазушы мұрағатында бұл пьесаның араб (90-бума. 1—166-бб.), латын (89-бума. 1—90, 91—152-бб.) әрпінде жазылған қолжазбалары мен машинкада басылған бір-бір данасы бар. Бұлардан басқалау нұсқасы 1937 жылғы “Әдебиет майданы” журналының № 2—3-сандарында жарияланған, оған жаңағы машинкада басылған данасы негіз болғанмен оның да біраз тұстары қысқартылған, редакцияланған және жеті беттей тыңнан текстер қосылған. Осылармен қатар шығарманың жоспары да жасалынған. Жоспарының “сценарий” деп аталуына қарағанда қаламгердің бұл туындысын көркем фильмге айналдырмақ та ойы болғандығы көрінеді. Сондағы жоспары мынау:

“С ц е н а р и й

I АКТ

Бірінші сурет

Бірінші көрініс алма бағында күн шуақты, көрікті бір май күнінде басталады. Айналада алма, өрік, сирень, грушалардың гүл атып тұрған шағы. Әр жерде ән сала жүріп, жұмыс істеп жатқан жастар көңілді, қалжыңқой. Бүгін Әсия, Саматтар келіседі деп Әли, Раялар күтеді. Уақиға солардың дашысының жанында. Ол дашының әдемі террасасы мыналар жұмыс істеп жүрген жаққа шығады. Рая жастарға ойнай қалжыңдар айтады. Катя мен Зура бақты барынша мерекелі түрде тамашалап, сүйетіндерін айтады. Әсия мен Сабыр, Зина келеді. Бір мәшинеді қатарынан Дәукең, Жәкең, Жазекендер келеді. Олар көрші дашыда тұрады. Ерулік, жазда қош уақыт өткізу жайында сөздер, әзілдер болады. Сабырға жастарды таныс қылады. Әсия бұлардың осы бақтағы екі жылдан бергі еңбегін, Саматтың келмей жатқанын сөз қылады. Демалысын да пайдалана алмайды дейді. Зина өте тамашалайды бақшаны. Поэзия қандай көп дейді. Николай Иваныч пен Мария Ивановна қуанар дейді, Дәукең қыздарға қалжың айтады. Қызық көретін жер екен... дейді, Жәкең, Жазекен дашы үйі бұл жер ойнас туы

гой дейді. Гүлдерді, табиғатты тамашалауды Дәукең сүймейді. Бие байласа, қымыз сапырылса дейді. Жерге киімін жайып жатады. Бір қараағашты өзім сияқты екен, соның түбінде жатам дейді... Көлеңкесі көп дейді. Алма жақсы дегенге ішті ауыртады дейді. Күн жақсы демалысқа десе, ендеше колхозға барып, бақты айдаңдар дейді, күн сонда мол болса керек дейді. Қара ағашты керексіз дегенге осыны мен сұраймын, тимеңдер дейді. Жәкең екеуі әйелдерді сөз қылып таңдай бастайды. Мария Ивановна, Николай Петрович, Самат келеді. Бақшаны тамашалағанда Зина жастардың өзі де осы алма бағындай қандай жақсы гүлдеп тұрған жастар дейді... Александра Михайловна, Рая, қысқасы, Алексаша деп күлкі етеді. Самат сен әлі қалай болса солаймысың дейді. Рая, мені выставкаға апарушы ма ең. Әншейінде қандай болсам сондаймын дейді. Жастарға сұрақ беріп биылғы машықтарын, табыстарын біледі. Демалыстарыңды да кешіре біліңдер дейді. Қасым шығарған өлеңін оқиды. Жастар хормен алма бағында, алма бағында деп қайырып тұрып жырлар айтады. Сабыр мен Самат әңгімелесе тұра бақты мысал етіп, өздерің де осы бақсың, қашан жеміс беретін болады деп ап сол таудан жабайыдан өңделген тұқым ауыстырумен түзілген суға күніге жарығандақтан алма ағаштарының мысалы өздеріңсің, өмірлеріңді сүйе біл, мағыналандыра біл деседі. Жастар өмір жеңіл, оңай дейді. Олай емес. Іс үшін, білім үшін алыса жүріп, өз іштеріңді анықтап ұғып бағыныңдар. Өмір арзан ойын емес, бұдан кешіксеңдер кім боларыңды байқамай, бағаламай өткізсеңдер кейін өкінішті болар деседі. Дәукең бұл балалар қу шұнақ, барды біледі. Білмейтіндері бит ішінде, әлі көрерсің, қызықтың бәрі осыларда дейді. Мадина, Мария Ивановнаға Дәукең мен Жәкең белгі қағысады. Олар Әлиді тамашалайды. Ол қашқалақтайды. Рая бұлардың қызыққанын көріп, Әлиді шақырып әкеп береді. Қашпа дейді. Хасен келеді көрші баудан. Барлық жұрт, әсіресе Самат, Әсия жақсы қош алады. Таныстырады. Еңбек етіп жатыр. Хасен де жастар өміріне тамашалауын айтады. Жәкең бұған сыздана қарайды. Жастардың бұның еңбегін кәдірлейтініне қызғана қарағандай. Бұл әйелді алғыш дейді. Бүгін кездесу кеші болсын деседі. Самат, Хасен жастар арасында болғанын өздеріне жақсы уақыт санайды. Дәукең, Жәкең, Жазекең бұл орыннан тамашалар көреді екем дейді.

II АКТ

Екінші сурет

Айлы түн бақша мен террасада көңілді кеш. Дәукең жерге киіз салғызып, әдейі сонда отырған. Жарым жұрт осында бірден бірге араласып жатысады. Зина: жастар, қызықтарыңды көрсет, көңілдене, рахаттана билеңдер, қандай рахат сезім түні дейді. Дәукең, Жәкең ұрдың дейді. Жәкең мұны айналдырады. Жазекең жаңағы сөзді өзінше жориды, қызғана бастайды. Хасен Катямен сөйлеседі. Дәукең Халилді сөзбен қытықтайды. Ол қызғанып, кейпі бұзыла бастайды. Мадина Әлиді ториды. Мадинадан Дәукең дәме қылады... Ол сергіп Әлиге бой ұра кетеді. Қасым Мадинаны бұрып алады. Файнышты күйдіріп кетеді. Николай Петрович Файнышты айналдырады. Жазекең қазақ жігіттері өз қатындарын тастап, орысқа жақын болғыш қой, сотың кең болсын, жанаса бер дейді. Файнышты тәуір көреді. Мария Ивановна Сәлімді тәуір көрген сияқты. Қалжыңқой ойыншы Сәлім көзге көбірек түседі. Ол жақсы билейді де. Дәукең кең қатыссын дейді. Рая Әли мен Мадина арасын байқап тұрып күлімдейді. Әли өзіне таман келгенде анаған қайта жібереді. Өзіне де сын сияқты. Сыртынан Сәлімді қызғанған сияқтанады. Зура іштей мұңайды. Дәукең Сәлімнің Мария Ивановнаны айналдыруын бұзық түрде түсіндіреді. Зура жылап жібергендей боп кетеді. Жәкең бұны қызғаныш арқылы түсінуге болады екен дейді. Екеуі бір шарт байласады. Жазекең Халил мен Катя арасын түсініп, Халилдің қызғаныш қытығын қытықтап, Хасен мен Катя ұғысқан екен дейді. Сол үшін алуды үндейді. Жамал Хасеннің әйелі, бір жақтан өртенгендей болысады. Жамал жылайды. Ұялу, шығыс таба алмақ. Хасен өміріне өрт әзірленеді.

Халил қызғаныш күйігін Раяға айтқанда оның жаны ашиды. Зина, Ася биледі. Рая: Әли, ақын емессің, әлі сондай уайымшылсың дейді. Самат, Сабыр қорытынды жасайды. Ақындық біраз дарашылыққа жағдай жасайды деп Жәкең, Дәукең бұл арада өте үлкен салмақты кісі боп үлкен сөздер сөйлейді. Аты болдырып қойғаны есеп емес. Қызғаныш ешкімге керек емес, пендеміз деседі. Зина, Асия бұларды мақтайды. Жазекең бұл сөздерді алыстан тыңдап отырып кекетеді. Жамалдың құлағына қызғаныш отын құяды. Өзі де Зина мен Жазекең арасын қызғанған болады. Сабыр Рабиғамен билейді. Дәукең қызғанып ішкілікке, шатаққа таман айналдыра бастайды. Рая разаблашайт (разоблачать) еткенде осының өзі ізденіп жүрген қыз дейді. Жігіттерге жаным-ау осыны ұрсандаршы дейді. Жәкең Зинамен билеп, тартпақ болғанда Зина қалжың айтып, оны дал қып кетеді. Дәукең, Жазекең бүгін

жаппай шатақ болды дейді. Мадина Әлиден жарымайды... Сабырға ұрынады... Хасенге де шабуыл жасайды... Файныштан Николай Иванов бой тартады. Файныш Әлиді айналдырады... Рая Әлиге жаңа табылды, әйтпесе анау не, кәрі албасты дейді. Өзі күледі. Әсия ұят болмасын деп қысылғанда бұл күле береді. Мына Жазекен, Дәукең қызық адамдар деп күледі.

II АКТ

Үшінші сурет

Алма бағында зиянкес құрттар белгісі көрінеді. Зиянды торғай. Дрозд сияқтылыр гүлдерін жей бастайды. Осыны сезген жастар жұмыла алысады. Варшилов мерген болмаққа өзірленіп жүрген Катя мен Халил мергендік етеді... Жастар жұмылып іс істесіп жүрсе де, ешқайсысы үндемей істейді. Көңілсіз ән де жоқ. Хасен келеді. Ән неге жоқ дейді. Рая жақсы әңгімелеседі. Сабырмен де Халил, Рая әңгімелесіп, оның ақындарды көп оқитынын, музыканы жақсы білетінін, қазақ өнерінің жайын мақтап, ойланатынын көріседі. Жәкеңдер қазақ кітабын оқымайтынын айтады. Мақтан сияқты. Самат та шала, Әсия, Қасен кінәләйді. Қол тимейді. Уақыт жетпейді дейді. Одан бұрын шығарады. Ендеше, біз бәріне... *(оқылмады.— Т.Ә.)*. Артымыз қандай. Сендер төрт тарапы сай болыңдар дейді жастарға... Бірақ жастар арасы дүмбілез. Зура мен Сәлім ұғыспай қалады. Сабыр Раямен тәуір сияқты. Ол көңілді. Рая бұны ұнатқандай. Дәукең сырттан қошемет етеді. Халил Катямен жөнді емес іс жөнінде қатты таласады. Ағаш күтімі жөнінде Қасымдікі қата болады. Ол одан сайын шамына тиеді. Ашу, торығу өлеңін айтады. Файныш Әлиге талап етеді... Әлиді Мадина шақырады... Рая манаурайды... Мазақ етеді... Әлиді барлайды, қолы тимейді дейді. Әли ыза болайын дегенде, қой сөзді деп тоқтатып, Файша екеуін тастайды... Зура мұңды... Қасым айналдырғысы келеді... Дәукеңдер Зураны айналдыр дейді. Жазекеннің баққаны бұлардың ісі емес, айналаларынан шықпайды. Ермек тапқан... Жамал мен Рабиғаға осы жайларын айтады. Анау мен анау бірыңғай екен деп, одан шатасып, кімді-кімге таңарын білмейді. Рабиға түңіледі... Хасен мен Жамал сахнасы. Жамал дертті. Зина, Қасым, Халил қиналады... Өз бетінде Зура уайымда. Екеуі де Жазекен, Дәукең текке айтпайды, біледі дейді. Рая Зураның жайын ұққысы келеді. Зура бұны жат көреді. Бойын тартады. Рая ыза боп, Сәлімді құшақтап кетеді. Сәлім қызығады. Бірақ сол жұрт көзінше өзінің пішінін өзі мазақ етеді. Мария Ивановнаға Қасым ой жіберіп екеуін телиді

Жазекең. Өзі солардың жақындығына ынтық. Николай Иванның Марияны сұрап келгенде: кетті, тастап кетті деп күлкі етеді. Ғайныш сені іздеп жүр дейді. Ғайнышқа сені Николай іздеп жүр деп байланыстырады... Мария Ивановна мен Жәкең, Қасым бір жүреді... Қасымды қасынан жібермейді. Мария Ивановна, Дәукең алыс қалады... Алдандырып ана екеуімен жібереді. Жазекең мәз боп отырғанда Қасым мен Дәукең бір боп, Мария Ивановна мен Жәкең жоқ боп шығады. Қызалақ ойнайды. Мария Ивановна мен Николай Иванның арасы суысып қалады. Зина кеп олардың ұрыстарын құрғатады. Жәкең, Жазекең сапшение (сообщение) жасайды. Бала тауып отырғанмен... қу байталдарға құмар салды. Шаңнды Әсияменен шығарамын деп қаптайды. Мария Ивановна тіпті сау... Ол жек көреді... Бірақ Жәкең, Дәукең болып мұны өтірік мақтайды.

II АКТ

Төртінші сурет

Рая мен Сәлім арасы... ашық күлкі, көңілді... Жұрт бізді жақында біледі дейді. Рая аңқаулықпен жақынбыз дейді. Сәлім жақындап шынын айтпақ болады. Рая онда ... деп, ондайды қой деп кейінге тастап, сөйлеспей кетеді. Зура Сәлімге қызғанышын сездіреді. Сәлім оны тыңдаңқырамай, сөйлетпейді. Меншіктік жоқ дейді... Табалайды. Катя мен Хасен арасы. Хасен ұнатқанын айтады. Катя: ол сөздің орны емес. Мен ешнәрсемен есептеспеймін. Бірақ сіздей адамның үй тұрмысын бұзғым келмейді. Сіз бен біздің арамыз алыс дейді. Жасынға жанар отым бол... Картайтпа дегенде тастайтын, морально сүйейтін болады. Ғайныш өкініште сияқты. Жәкең мен Дәукең Зура екеуін іштіреді. Болысып кетеді. Зураны Дәукең жаман айналдырады. Масаяды. Мастығын сылтау етіп, зорламақ болады. Шатақ шығады. Зура мастығынан айығып, бұны қатты серпеді. Аскарбит етеді. Қасым Зурадан өзі атказ алған мына суреттің үстіне Шалымды алып келеді. Ол жиреніп, ашуланып тастап кетеді. Зура айығып жылайды. Кетемін... Бұл ұяттан өлгенім артық дейді. Рая таңданады... Қиналуда... Сәлімге де, Әлиге де бой ұрған сияқтанады. Әли Ғайныштан қашады. Солаймысың деп Рая бұны да елегендей болады... Катя мен Халил арасын ұғады... Зина бұның мұң жайын ұғады... кінәлайды... Дәукең өсекке таңып жіберген. Зураның қызғанышы үдейді. Әсия келіп Раямен оңаша сөйлесіп сырын сұрайды. Табалайды. Сенің өкең менің ағам деген мәселені айтады. Мен кеттім деп Зура кетеді... Қайғыда Жамал. Араз болған Николай Иванның. Жазекең құртып жіберген Ғайшаға

кейіп серпеді. Мария Ивановна Жәкеңді ұрсып жіберіп, Қасымнан да бойын аулақтатады. Қасым жабысады. Дәукең қызғанышын шегелейді. Сақ бол, бұл жер жаман деп, жастар көзінен қызғанады. Жәкең, көзің ұры екен... дейді. Рая да кетем дейді... Қайда дегенде киналыңқырай отырып: Алматы биігіне комсомолдар шығады, сонда кетем дейді... Сәлім мен Әли екеуі де ермек болғанда... Сәлімге сен барма дейді. Әлиді ертеді. Жолмен барабан ұрып жастар бара жатады... Әзірлеген Рая Әлиді ертіп кетеді. Арттары тұнжырап қалады. Өздерінде ән өшкен... Шетінен Жәкең, Дәукең, Жазекең көзінен қорыққан, бүққаны бар.

III АКТ

Бесінші сурет

Қаладан Самат келеді. Алматы биігін жастар алыпты деген хабарды айта келеді. Рая келді ме дейді. Ол әлі жетпеген. Екінші хабар мұндағы жастардың бәріне жаңалық Зура деген қазақ қызы парашютпен үлкен секіру жасапты дейді... Мұндағылар аң-таң. Зура болу керек.

Сәлім бар, Халил де бір түрлі ойға қала қуанады. Самат неге қуанбайсыңдар... Өздерің неменесің деп үңіле қарайды. Сәлімнен жауап сұрағанда ол бағымызға біраз құрт түсті... Содан еді дейді. Түзендер, алысыңдар деп салқын, қатты бұйрық етеді... Қара ағаштан көреміз... Ескі ағаш ұясы болу керек дейді. Құлату керек еді деседі... Ым сияқты сөздер. Одан емес дейді. Самат құлатыңдар дейді. Дәукең қалқалайды... Одан емес дейді. Самат қуаныңдар, біз көңілді кеш өткіземіз дейді. Билесендерші, өзіміздің Зура секірген дейді. Машина жібердім, келеді дейді. Сол уақытта Әли мен Рая келеді. Зура жетеді. Бұларға жастар үндемей қалғанда Сабыр мен Зина қошемет еткізеді. Бақшада көңілді түн. Ән-сауық. Би. Катя мен Сәлім бәсеке ретінде түнде ұшқан дрозды атып түсіреді... Жастар көтеріле бастайды. Дәукең ішіп алып қызады... Жастардан Әсия мен Зина шындырын сұрайды. Халил көңілсіз. Сәлім де қызбайды. Ғайнышқа Қасым сырт қарайды. Мария Ивановна мен Николай Иваныч қырын қабақ. Хасен әйелінен именеді... Сабырлар көңілдендірмек боп қызады. Мадинаны Дәукең ұстап ап желік ретінде бұмен бой ұра бастап, артынан Дәукең қатты жабысып, сүйремек боп, көлеңкеге шақырғанда Сабыр келіп биге қағып әкетеді... Раяны бұл уақытта Жәкең айналдырып жатады... Дал болған Дәукең сыртына қараса, Жазекең мазақ етіп, Қасым мен Жәкеңнің арасында ішіп отырған Рабиғаны көріп күйеді...

Талқан боп кеп, өзін жұмалап сөйлетпей ұрмақ болады... Жанжал шығады... Рая табалайды. Самат, Сабыр бұның ұсынысы бар дейді. Төгіле бастайды. Рая: ұсыныс кенде емес, басқасы да бар дейді.

Әсия Жазекен мінездерін көріп, оның жаман сөз сөйлеп жатқан жайын естіп кеп ұсады. Өзің қайтер едің дегенде: мен байсыз, баласыз қу қатын емеспін, 4 балам бар. Қатын болса мендей болсын, ылғи ойнас қуған қу аяқ емеспін дейді. Әсия шынға келсек сені кім керек қылады. Керек етсе табылмассыз дейді. Ерегес... Зура мен Рая осыны естіп Қасымды айдап салады... Қасым жұрттың сөзінің керегі жоқ деп Жазекенді өзі айналдыра бастайды. Анау ойнас қылған қатын мақтаулы екен. Осы мен де істейінші дейді. Екеуі келіседі... Осы бақшадағы бірінші сүйіс осы дейді Қасым, анау ұқпайды.

Өкінішті Файныш. Николай Иванычқа Зина ұрысады. Мария Ивановна бұның жаман ойы үшін жазалап сырт қарайды. Әсия өзін кінәлайды... орта екен дейді Дәукеңдер жағын... Қасым мен Дәукең уәдесі. Дәукең кек ретінде Жазекенді түсіріп бер дейді.

VI АКТ

Алтыншы сурет

Рая мен Зура сахнасы. Зураның трагедиясы. Сәліммен уәдесінің барлығы, айығуы, екеуінің ұғысуы. Рая Сәлімді өзіне бейім күйінен ықтырып жібереді... Зураны қинайды. Өзі де біраз қиналды... Жазекен мен Қасым... Жазекен Қасымға жалынады. Аузыңнан шығара көрме сәулетайым дейді. Сені тілеймін дейді. Бірақ Қасым Дәукеңді жақын етуін айтады. Әбден құмартып алған. Жазекен ол да болса келсінші. Келші, жаным, айтпашы, жаным деп жүргенде Дәукең шығып, соны құшақтап алып, екеуі жанасып тұрғанда жұрт ду күледі... Қайта қайта күледі. Неқыларын білмей, Дәукеңнен айрылмай құшақтай береді. Дәукең өтірік бірдемені қылжак етіп сылтауратпақ болады. Күлкі. Айналада ешкім жоқ... Сөйткенде төбелерінен қара ағаштың басынан жастар ағылып түсе бастайды. Жанынан ағаш артынан Рая, Сәлім, Зура шығады. Рая: шірік мына ағашты осында құлату керек дейді. Дәукең өзіне приговор жасалғандай көзі шарасынан шығып сескенеді... Жастар: басына шықтық, көрдік, осында құрт бар. Құлату керек деседі. Мағыналы, сырлы, сахна... Жастар ұғыныса бастайды. Қабақтары алма бақтарының ашпал дерті табылғанға ашылып қуанысады. Сабыр мен Хасен келіп ұққандарын айтады... Өмір қиын, бірақ шешіле біліңдер деседі... Бұлар ойда жоқтан Дәукең балласт немесе морально азған адам, ортадан айдату керек дейді.

Жазекең жасиды да, артынан көк айылданады. Дәукең де ғаламат өлім әркімде болады... Өз халы мекер ұшты... Бірақ өзін аяйды. Өткен үшін және өз басымның өмірде қағылып қалғаны үшін мен ашулымын дейді. Ұялып кешу, өз өзімен алысып кету... Тұра тұр бөлем деп кіжіне кету...

VII АКТ

Жетінші сурет

Алма піскен шақ. Алынып, экспортқа әзірленіп жатыр. Самат кеп бақтарың плодоносный бақ деп танылды. Күтім жақсы болыпты. Мезгілінен екі жыл бұрын табысын беретін бопты, сендердің коллективіңе алғыс айтылады дейді. Алманы іріктеп салғызып жатқан жастар әндетеді. Рая, Зура, Катя алмамыз қиыр шығысқа, суық терістікке, Мәскеу, Ленинград жұмыскеріне барсын. Біздің қолымызбен әзірленген, біздің білімімізбен жәй алмадан социалды бақ алмасына ауысқан алмалар деп өздері поэзия жасайды. Зура мен Сәлім ұғысқан... Ғайныш жылайды. Қасым да тастап кеткен Зина оны сөгеді, ұялтады... өсудің адамы болып дамуыңа бөгет бұл мінезің дейді. Бұрынғының бұ да қалдығы. Бір буын бостандықты осылайша түсінген жаман дейді. Катя. Хасен. Хасен жастықты сүйер дейді. Айрылу қиын. Катя, мен сізді әрқашан жас жүрегіммен қостаушымын. Бірақ одан арғы жоқ деп Халилді тартады... Екеуі де келіп Халилге еш нәрсенің жоқтығын айтады. Халил қуанышты, жерге симайды... Катя мазақ етіп күледі. Рая Әлиге шақырып алып не білдің, не ойладың дейді. Әдейі қойдың ба дейді. Анау ақымақ деп күледі... Мен айығар емеспін дейді. Ендеше екеуіміз шарттасайық. Ер жеткен соң бір-бірімізге тиісеміз. Жалғыз-ақ бұл парыз емес. Бұзуға әркімнің ықтияры бар. Бірақ бүгін осы тілек болсын дейді. Әли ұялып күліп қалады. Біздікі таза деп Рая ананың шашын сипайды. Содан кейін айқайлап сүйем дейді. Жұртқа Әли де нені, кімді дегенде өмірді дейді. Алматы биігін, алманы, Комсомол биігін көкке, биікке жанды, қайратты ойды тартатын кристалдай таза өмір биігін сүйем дейді” (“Әуезов үйі” ҒМО. 80-бума. 90—97-бб.).

Енді осы туындының қазіргі қолда бар үш данасында айтарлықтай алшақтықтар болмағанымен, үшеуі де өздерінің кейбір өзгешеліктерімен кішігірім нұсқаларға ұқсайды. Жалпы бұлардың мәтіндерінде ғана емес, қосылған-алынған, қысқартылғандарының өзінде де өңдеулер, жаңартып-жаңғыртулар байқалады. Латын әрпіндегі қолжазбасының үшінші актысының ең соңғы жетінші суреті түгелдей дерлік журналдағы жарияланымына енбей

қалған. Араб әрпіндегі автографы, латын әрпіндегі автографы мен машинкада басылғандарының арасында да бірсыпыра өзгешеліктер бар. Осы журналдағы басылымына негіз болғаны жаңағы машинкада басылғаны; бұлардағы көңіл аударарлықтай өзгерістер – ықшамдалған, редакцияланған, жеті беттей тыңнан текстер қосылған. Араб әрпіндегі қолжазбасымен бірге оның алдағы енгізілер өзгерістерінен хабардар етер мына сияқты жазбалары да қоса түптелген:

“Түзетулер, қосымшалар 1-суретке: Раяның ашуын Сәлімді кекетумен шақырады. Дәукең өзі де өкініп қалады.

Екінші суретке: 1. Мария Ивановнаның шығысы... Николай оқушылары емес. 2. Дәукең, Жазекең Халилге Раяны жамандайды. 3. Зураға жамандайды. 4. Ғайнышқа жамандайды. 4-ншіде Қасым мен Әли әңгімесінде апаны пережиток деседі. Көрпөбай әннің аяғын әгигөй, әгигөймен бітіреді.

Үшінші суретке: 1. Дәукең Мария мен Жәкенді және сызады. 2. Дәукең, Жазекең арасы. 3. Дәукең Халилді қызғанышқа айдады. 4. Дәукең Ғайныш пен Николайды тыңдайды. 5. Мадина, Сәлім биі. Рая, Жазекең, Зура, Әли. 6. Рая. Зура. (Түйіндеп Дәукең ұстанады.) 7. Дәукең Зура жайындағы болжамы. Жазекең. 8. Жамал Халилді Қасен Катямен шатастырады. 9. Дәукеңнің Райханды қызғануы. 10. Жәкең, Мария Ивановна (бұрынғы үшіншіден). 11. Рая, Зура арасы (екі жерде). 12. Бұларға Сәлім қосылғаны. 13. Мария мен Қасымды Жазекеңнің телуі. 14. Ғайнышты Николайға телуі. 15. Мария Жәкеңмен шыққанда Жазекеңнің талқан болуы. Мария тайкиды. Жәкең Дәукеңдерге өтірік мақтанады. 16. Әли мен Дәукең арасындағы... 17. Әли мен Раяның сахнасы. 18. Зура, Әли, Рая комплексі. 19. Жұпар. 20. Көрпөбай. 21. Апа. 22. Қасым мен Ғайныш, Жұпар.

7-суретке: 1. Зура, Рая. 2. Зура, Рая, Сәлім, Әли. 3. Әли, Рая. (Рая сырын шешеді.) 4. Катя, Халил. 5. Ғайныш, Қасым, Көрпөбай. 6. Көрпөбай – бәріне ат қояды. 7. Самат. Әсия (елдің бәрі Дәукең, Жәкең емес)... 8. Әли, Рая енді тойды созады. Білдіріндерші... 9. Жастар әні.

5-суретке: 1. Жазекең, Көрпөбай. 2. Ғайныш, Қасым, Жұпар. 3. Халил, Катя, Жұпар. 4. Дәукең – Көрпөбай, Қасым – Көрпөбай. 5. Әли, Сәлім, Рая қасында. 6. Рая есін жияды. Сүйінші – сырттағылар есітеді. Жазекең Әлиді шығарады. Сәлім мен Әсия кіреді. Әңгімесі. Жастар кіреді. Апа кешірім сұрайды. Қуанышты Самат кіреді, бұйрық...

6-суретке: 1. Дәукең – Көрпөбай. 2. Жазекең – Көрпөбай. 3. Дәукең – Жазекең. 4. Сыр ашылуы. Қасым, Халил, Ғайныш, Көрпөбай, Әли. 5. Самат, Рая келеді. Әли қарағашты ашады. Приговор. Рая, Әли. 6. Рая, Сәлім, Самат, Зура хабарын айтады. 7. Зураны көптің құттықтап қарар алуы...

Алма бағында. Алма пісер шағында.

Көрпөбай – бұны Жазекең, Сукең анды деп жұмсайды. Анау білмеген боп Жәкең мен Рабиғаны сөз қып келеді. Тағы бір орайда екеуіне (...) шайын ішкізеді. Жазекеңмен Дәукең арасын теліді.

4-суретке: 1. Жұпар – Көрпөбай. 2. Халил, Катя. 3. Қасым, Ғайныш. Ғайнышты Жәкең қағып әкетеді. Жаны ашыған болады. Әли, Зура, Сәлім, Рая, Жазекең куә. Зура, Әли, Дәукең тағы жетіп келеді. 4. Әли, Қасым. Әли мен Рая келгенде Жазекең Апа... Зура, Сәлім, Әсия (Зура кетеді). 5. Ғайныш, Жәкең, Дәукең, Зура. 6. Зура, Рая, Сәлім, Рая (екі жерде). 7. Рая, Әсия, Сәлім, Дәукең, Жазекең, Апа Раяға” (90-бума. 22—23-бб.).

Енді осы туындының араб әрпіндегі алғашқы қолжазбасында қатысатын адамдар саны жиырма бір де, кейінгі автографы мен машинкада басылған данасында және журналдағы жарияланымында оның саны он тоғызға дейін қысқарған, алғашқы нұсқасындағы Зина, Жамал, Мадина, Райхан, Николай Петровичтер соңғы автографы мен журналдағы басылымына енбей қалған, олардың орнын Көрпөбай, Жұпар, Апа сияқты жаңа кейіпкерлер алмастырған. Енді алдын ала жасалған әрі шағын, әрі ықшам жоба-жоспарынан қаламгердің өзіндік ізденістерінің ерекшеліктері елестейді. Осы тәрізді бірде толық, бірде қысқа қайырған жазбалары да оның шығармашылық белестерінің қилы-қилы сырларына батыра түседі. Дәл осы сыпаттағы көріністер, әсіресе, драмалық шығармалары мен мақалаларына, ғылыми-зерттеу еңбектеріне тән болып келеді. Қазіргі ұсынылып отырған екі түрлі жоспары да осы айтылғандардың мысалы бола алады.

Ал бұл туындының театрдағы қойылымы И.Боровтың режиссерлігімен 1937 жылдың жазында жүзеге асты. Ол өз сахналауын автордың “Бұл пьесаның барлық қаһармандарын бұрынғы барлық шығармаларымыздағыдай тек сырт тұлғасымен ғана көрнекті етпеуді мақсат тұттым. Әр геройымның ішкі жан-күйін көрсетуге тырыстым” (Социалистическая Алма-Ата. 1937. 13 маусым) деген ойларымен сәйкестендіріп, жастардың жалынды өмірін, көтеріңкі көңіл-күйін екпінді жағдайда көрсетпекті ұстанады. Сондағы автордың мақсаты жаңа заманды жастардың өмірі арқылы елестету еді. Онысы оқиғаның гүл шашқан алма бағында өтуінен де байқалады, декорация мен ондағы әрбір көрініс заманның шуақты өмір ағымына лайықты етіп жасалған.

Алғашқы қойылымнан бастап-ақ баспасөз беттерінде оның табысы мен кемшіліктері жөнінде айтылған көрермендердің пікір-ойларында негізінде кемшілігінен гөрі табысты жақтарына тоқталған ойлар басым болды. “Пьеса о молодежи” (Социалистическая Алма-Ата. 1937. 13 маусым), Е.Ысмайыловтың “Кілең жастар” (Лениншіл жас. 1937. 17 маусым), В. Орловтың “Талантты коллективтің табысы” (Лениншіл жас. 1937. 17 маусым),

Қ. Аманжоловтың “Алма бағында” спектаклі туралы” (Лениншіл жас. 1937. 18 маусым), Е. Ысмайыловтың “Менің байқағандарым” (Социалды Қазақстан. 1937. 24 маусым), Қ. Байсейітовтің “Алма бағында” туралы “(Социалды Қазақстан. 1937. 24 маусым), Қ. Дәукеновтың “Алма бағында” пьесасы туралы” (“Қазақ әдебиеті”. 1937. 30 маусым), Қ. Сатыбалдиннің “Алма бағында” кімдерді көреміз” (Қазақ әдебиеті. 1937. 30 маусым), Б. Орловтың “Постановка пьесы М. Ауэзова “Алма бағында” (Казахстанская правда. 1937. 28 қыркүйек) деген сияқты қазақ, орыс тілдеріндегі жарияланымдар әрбір қойылымның артынан іле-шала шығып тұрды. Бірақ театрдың екінші маусымдағы шымылдығын осы қойылыммен ашқанымен, көпке бармай ол сахнадан мүлде шығып қалды.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР	3
Он превзошел всех героев эпоса.....	5
Зор бағалы сый	6
Әбділда ақын.....	8
Ленин ұлы идеясының ескерткіші	11
Геройдың мол бейнелі образы	15
Эпос и фольклор казахского народа.....	17
II. ПЬЕСАЛАР	77
Ақан — Зайра.....	79
Ақан — Зайра (либретто).....	123
Дала дастаны (Степные были)	171
Ахан и Зейра (либретто)	215
Алма бағында	247
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР.....	315

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

14-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде мақұлданып, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 19,7.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1177.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-156-2



9 786012 941562